

Светлана  
СМАҒҰЛОВА



АЩАРШЫЛЫҚ,  
ҚАСІРЕТІ

Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ  
АҚТӨБЕ ӨНІРЛІК МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

СВЕТЛАНА СМАҒҰЛОВА

# АЩАРШЫЛЫҚ ҚАСІРЕТІ

Ақтөбе  
2019

ӘОЖ 94 (574)(063)

КБЖ 63.3 (5 Қаз)

С 52

Баспаға Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік  
университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған.

**Ғылыми редакторы:**

Б.А. Ердембеков, *филология ғылымдарының докторы, профессор*

**Пікір жазғандар:**

Х.М. Әбжанов, *ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы,  
профессор*

Р.А. Бекназаров, *тарих ғылымдарының докторы, профессор*

**Смағұлова С.**

**С 52 Ашаршылық қасіреті / С.Смағұлова. 1-кітап. – Ақтөбе, 2019.  
– 272 бет.**

**ISBN 978-601-7959-89-0**

Монографиялық еңбек мұрағат материалдары мен ғылыми зерттеу, баспасөз материалдары негізінде қазақ жерінде XIX ғасыр мен XX ғасырдың 20 жылдарына дейінгі аралықтарында болған түрлі жұттар мен ашаршылықтар жайлы айтылады. Автор осы кезеңдердегі қазақ қоғамындағы саяси жағдайларға, 1921-1922 жж. аштықтың шығу себебі мен салдарына, аштықпен күрес барысындағы үкіметтің жүргізген іс-шаралары мен қазақ зиялыларының, шетелдік ұйымдардың аштықты ауыздықтаудағы қызметіне жан-жақты тоқталады.

Кітап гуманитарлық ғылымдар саласы мамандарына, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, студенттеріне, магистранттар мен докторанттарына, сондай-ақ көпшілік оқырман қауымға арналады.

ӘОЖ 94 (574)(063)

КБЖ 63.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-7959-89-0

© Смағұлова С., 2019

## АЛҒЫ СӨЗ

*Жылдар жылжыған сайын, өткен өміріміз артта қалып, тарих беттеріне қаптала беретіні белгілі. Кейбір уақиғалар ұзақ уақыт бойы ел аузында сақталып, қайта-қайта еске түсіп отырса, ал бір жағдайлар айтуға ауыз барғысыз. Жүрек сыздап, көңіл құлазиды. Қазақ халқы тағдырдың талай тәлкегіне түсіп, көптеген қанды оқиғаларды, қиын да, қасіретті жағдайларды басынан өткерді. Сан ғасырлық қайғы-қасіретке толы тарихында небір нәубет, зұлматтардан арып-ашып, қажып-қаңсыраса да, ұлттық рухын, қадір-қасиетін жоғалтпай, арнамысын, абыройын, салт-дәстүрін берік ұстап, тәуелсіздігіміздің туын биік желбіретті.*

*Қазақ жеріне қатты қасірет тигізген – бұл жұт пен ашаршылық нәубеті. Тарихқа көз жүгіртсек, жұртымыз ХІХ ғасырдың басынан бастап ХХ ғасырдың 30 жылдарына дейін бірнеше жұтты басынан өткізген. Бұл жұттан көшпелі мал шаруашылығы құлдырады. Қазақ байлары мыңғырған малдарынан айырылды. Оның арты аштыққа ұласып, адам шығыны көбейді.*

*Бұл зұлматтардың шығуына табиғи-климаттық жағдайдан басқа екі бірдей жүйенің, патша үкіметінің отарлау саясаты мен большевиктік сұрқия билік әсер етті. Ресей империясының отарлау саясаты біріншіден, қазақты шұрайлы, көк шалғынды, шүйгінді, суы мол, көшіп-қонып мал бағуға арналған жерінен айырды. Екіншіден, отырықшы және жартылай отырықшы халықты күн көріп отырған құнарлы егістік жерінен ығыстырды. Жерінен айырылған қазақ шаруасы қоныстанушыларға кіріптар болды. Сөйтіп, жер кетті, күй кетті.*

*Қазақстан тарихында халқымыздың демографиялық жағынан құлдырауына ХХ ғасырдың 20-30 жылдары болған ашаршылық қатты әсер етті. Бұл екі бірдей нәубеттен халық шаруашылығы ақсады,*



әлеуметтік жағдай толықтай төмендеді. Аштықтың зардабын тартқан халық басқа елдерге пана іздеп, боса көшті. Азық іздеп, шетел асты. Ауылдар азып, тозып өлген адамдардың сүйектері далада шанылып, жинаусыз қалды. Аштықтың соңынан қоса еріп келген жұқпалы аурудан адамдар баудай қырылды. Санитарлық және дәрігерлік көмек ауылдық жерде мүлдем болмады. Оның үстіне білімді дәрігерлер, фельдшерлер мен дәрі-дәрмек жетіспеді. Ауылдарға жіберілген азық-түлік керуендерін жолда ашыққандар талап алу немесе келген тамақты асхана жұмысшыларының өздері қолды еткен деректер жиіледі. Адам етіп жеу, өз баласын жеу сияқты сұмдықтар кеңінен орын алды.

XX ғасыр 20-30 жылдарындағы ашаршылық нәубетінен халқымыздың жартысына жуығына қырылып қалу қауіп төніп, орны толмас зардап шекті. 1921-1922 жж. Қазақстанның Орынбор, Ақтөбе, Орал, Қостанай, Бөкей губерниялары мен Адай уездері аштық құрсауында қалды. Батыс өңірде аштық белең бере бастаған кезде ашыққандар жөнінде жоғарғы билік басындағылар ләм деп жақ ашпады. Ашқысы да келмеді. Керісінше Ресейдегі аштықты ауыздықтауға көмек сұрап, қазақтың қолындағы бар жиган-тергенін тартып алды.

Халықтың басына қайғы түсті. Аштық қасіреттің жантүршігерлік зардаптары миллиондаған адамдарды тағдыр талкегіне ұшыратты. Толықтай қаншама отбасының түтіні түтенбей, қырылып қалды. Туған жерін тастап жат жерге кеткендер қаншама.

Екі аштық жылдары да қазақ ұлт зиялылары оны тоқтатуға бар күш-жігерін салды, елді жұмылдыра білді. М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, Т. Рысқұлов, С. Меңдешев, Ұ. Құлымбетов, С. Сейфуллин сынды қазақтың таңымал азаматтары, қайраткерлері аштықпен күрестің бел ортасында жүрді. Зұлмат ауыздықталғаннан кейін де ел экономикасын көтеруде, өнеркәсіпті ілгерілетуде, мәдениетін дамытуда елеулі үлес қосты.

Ұзақ жылдар бойы халықтың жадында өшпестей болып сақталып қалған, үлкен қайғы-қасірет әкелген нәубет кезеңі әлі де болса толықтай зерттеліп, лайықты биғасын алған жоқ. Оның бірі, осы қасіретті кезеңдегі жазықсыз көз жұмғандардың нақты саны жайын анықтау

(себебі ашыққандар жайында ғалымдар түрлі мәліметтерді келтіріліп жүр). Екіншісі, қазақ жерінде болған ашаршылықтарды геноцид деп бағалау. Әрине бұл уақыттың еншісінде.

Бұл ұсынылып отырған бірінші кітаптан ХІХ ғасырда қазақ жерінде болған жұттың қазақ қоғамына тигізген әсері, 1916-1918, 1921-1922 жылдарда республикамыздың саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени жағынан дамуына аса кедергісін тигізген, халықтың демографиялық өсуіне керісінше әсер еткен ашаршылықтың болу себебі, оның салдары, осы нәубетті ауыздықтаудағы кеңестік жүйенің жүргізген үкіметтің іс-шаралары мен оның нәтижелері, аштықпен күрестегі ұлт зиялылары мен шетелдік ұйымдардың көмек қызметі жөнінде толымды мағлұмат ала аласыз. Еңбек сол қасіретті кезеңнің тарихын таныта түсері сөзсіз.

Аштық азабы, қасіретінің тарихын келер ұрпақ ұмытпауға, аштық құрбаны болғандардың рухына тағзым етуі тиіс.

**Бауыржан Ерлембеков,**  
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік  
мемлекеттік университетінің ректоры,  
ф.ғ.д., профессор

*Ашаршылық құрбандарына арнаймын.*

Автор

**КІРІСПЕ**

Қазақ халқына зор нәубет әкелген ашаршылық пен жұт жайы Қазақстан тарихында зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі. Кейінгі жылдары ұзақ уақыт бойы «ақтаңдақ» болып келген бұл мәселелер ғалымдар тарапынан қолға алынып, зерттеліне бастағаны белгілі. Дегенмен, әлі де терен ғылыми талдау жасап, концептуалды тұрғыда зерттеп, зерделеуді қажет етеді. Әлі де болса бұл тақырып нақты өзінің ғылыми бағасын ала қойған жоқ. Осы уақытқа дейін екі бірдей ашаршылық құрбандарының нақты саны анықталмай отыр. Мәселені зерттеген ғалымдардың еңбектерінде құрбан болғандардың саны әртүрлі көрсетіліп келеді.

Жұт пен ашаршылық – қазақ тарихындағы ең қасіретті нәубет. Тарихи деректерге сүйенсек, 1826-27, 1829-30, 1833-1834, 1838-39, 1844-45, 1848-49, 1853-1854, 1873-1876, 1879-80, 1888-89, 1891-92, 1897-98, 1902-03, 1907-08, 1911-12, 1916-17, 1918-19, 1921-22, 1924-25, 1926-27, 1927-28, 1931-33 жылдары болған жұттар мен ашаршылықтардан халқымыз үлкен зардап шеккен екен. Жұт пен ашаршылықтың туындауына екі себеп сәйкес келеді. Оның бірі – табиғи апаттан (қуаңшылықтан шөптің күйін кетуі, қыс кезіндегі қиындықтардан астықтың шықпай қалуы және т.б.) туындаған жұттан малдың қырылуы ел арасында аштықтың өршуіне алып келсе, екіншісі – екі апат тұсындағы өлкені билеуші үкіметтің солақай саясатының салдары.

Жұттың соңы аштықпен ұласып, мал да, адам да қырғынға ұшырады. Қазақ жерінде халықтың басына қайғы тудырған, бұл 1916-1918, 1921-1922, 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтар. 1916-1918 жылдардағы ашаршылыққа елде болған ұлт-азаттық көтеріліс тұсында егіннің салынбауы, салынған егіннің жиналмай қалуы, қазақ малдарын патша үкіметінің бірінші дүниежүзілік соғыс есебіне алуы, караусыз қалуынан қырылуы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 ж. төңкеріс кезі себеп болды. 20-жылдардың басында қазақтардың басына ауыр соққы болып

тиген ашаршылықтың түбі Кеңес үкіметінің реформалық саясатында, Азамат соғысы жылдарында жатыр.

Жалпы ашаршылыққа қатысты Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында мынадай анықтама беріліпті: «Саяси-әлеуметтік процестер мен табиғаттағы қолайсыз ахуалдар салдары болып табылатын әлеуметтік апат. Оның ашық және жабық түрі бар. Біріншісі – мүлдем үнемсіз қалу да, екіншісі – үнемі шала құрсақ болып жүру. Екеуі де ауруға, індетке, өлімге әкеліп соқтырады. Ашаршылық жеке адамның не отбасының ашынғуы емес, бүтін бір аймақтың, халықтардың, мемлекеттердің басына түсетін нәубет» [1, 582-б.] .

XX ғасырдың 20-30-жылдарда ашаршылық Қазақстанмен қоса бұрынғы Кеңестер Одағының құрамында болған Повольже, Орал, Сібір, Дон, Солтүстік Кавказ, Қазақстан, Украинаның территориясын жайлаған. «Большая советская энциклопедияға» жарияланған С. Мстиславскийдің мақаласында XX ғ. 20-30 жылдары «90 млн. халқы бар 35 губернияда 40 млн.-ға жуық адам ашықты» деген мәлімет келтірілген [2, 463-б.] .

Аштық тақырыбын зерттеген А.Н. Коганның жазуынша 1921 жылы жас Кеңес республикаларында 32 млн. адам ашыққан. Бұған себеп ретінде ол Кеңес өкіметінің жеті жылдай әскери қимылға қатысуын, соның нәтижесінде өнеркәсіп орындары мен ауылшаруашылығының құлдырауын, егіс көлемінің азаюы мен өнімнің шықпауын, мал басының кемуін көрсетеді [3, 3-б.] .

1922 жылдың 12 қарашасында Орталықта жарық көрген «Завод и пашня» газетіне қазақ жеріндегі аштықты көрген журналистің хабарламасы басылып: «Повольжеде болған аштық жайында көп айтылады, ал Қазақ республикасын жайлаған аштық жайлы естілмейді де, Самара мен Симбирскіде ашыққандарды көрдім, бірақ бұл жердегідей көп ашыққан балаларды бұрын-соңды көрмеппін», – деп келтірді [4, 443-444-бб.] .

XX ғасырдың 20-жж. басындағы республикадағы ашаршылық зардабы қазақ халқына оңай тиген жоқ. Шетелдік басқыншылар республикадан аластатылғаннан кейін 1920 жылдың аяғында Кеңес өкіметі жана экономикалық саясатты әзірлеуге кіріскен кезде ашаршылық белгісі біліне бастады. 1921 жылдың қысының ұзаққа созылуы, қарлы боран,

жаңбыр жауып, жердің көк мұз болып қатуы, ел ішіндегі соғысқа байланысты мал азығын қажетінше жинап үлгермеген шаруаға ауыр тиді. Жем-шөп қорының жетіспеуі мал басының түгелдей қырылып қалу қаупін туғызды. Қарсыз қыстың соңы жаңбырсыз қуаншылыққа алып келді. Қаһарлы қыста бар малынан айырылған кедей шаруаның егін егуге шамасы жетпеді. Алыпсатарлық күшейді. Әсіресе нан саудасы алыпсатарлардың негізгі баю көзіне айналды.

XX ғасырдың 20 жж. аштық Қазақстанның барлық өңірін қамтыды. Әсіресе Орынбор, Ақтөбе, Орал, Қостанай, Бөкей губерниялары мен Адай уезі аштық зардабын қатты шекті. Бұл кездерде Ресейдің Астрахан, Царицын, Саратов, Самара және т.б. бірнеше губернияларында аштық жайлаған болатын. Башқұрт АКСР-де 70-90% халық ашығып, жаппай босқыншылық басталды. Жоғары билік осы губернияларда орын алған аштықты ауыздықтауға жұмысшыларды жұмыла көмек көрсетуге шақырған Бүкілодақтық Орталық Атқару комитетінің төрағасы К. Калининнің және оның хатшысы К. Енукидзениң қол қоюымен үндеу жариялады [5].

Қайғы-қасірет әкелген 1921-1922 жылдардағы аштық нәубеті 30-шы жылдары жалғасын тауып, халқымыздың тең жартысы қырылды, басқа елдерге босып кетті. Шет мемлекеттерге кеткен көпшілік қандастарымыз ұзақ уақыт бойы туған жеріне оралмай, еріксіз сол жақта тұрақтап қалуга мәжбүр болды.

Аштықтан азық іздеп босып, даланы, ауыл-ауылды аралап, қалаларды кезіп жүрген шалажансарларды көру күнделікті әдетке айналып кеткен еді. Станцияларда азық таба алмай аласұрғандардың жатқан жерінде жан тапсыруы саны көбейе түсті. Бұл қасірет санада ұзақ сақталып қалды.

Кітабымызда қазақ даласын жайлаған жұттар мен ашаршылықтың салдарын зерттеу, ақиқатын ашу, бұл біріншіден, сол нәубеттің көмескі, белгісіз болып келген тұстарын ашуға мүмкіндік берсе, екіншіден, аштық құрбандарының рухына тағзым болар еді.

1921-1922 жылдардағы ашаршылық мәселесін жазу барысында мұрағат деректеріне, сол кездерде шығып тұрған мерзімді баспасөз ма-

териалдарына, ғылыми жинақтар мен еңбектерге сүйендік. Негізгі дерек ретінде Қазақстан Республикасының Президент архивінің (ҚРПА) РК (б)П Қырғыз өлкелік партия комитетінің (139-қ.), Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің Саяси зерттеу институтының (811-қ.), Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивінің (ҚРОМА), Қазақ АКСР-нің Орталық Атқару комитеті (5-қ.), Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің жанындағы өкілеттілік (196-қ.), Губерниялық төңкерістік комитет (72-қ.), Қазақ Орталық Атқару Комитетінің жанындағы аштықты жоюдағы Орталық комиссия (1215-қ.) және Ақтөбе Орталық мемлекеттік архивінің (АОМА) Ақтөбе губерниялық жұмысшы, шаруа, және қызыләскерлер депутаттарының атқару комитеті (Р-3-қ.), Ақтөбе губерниялық статистикалық бюросы (69-қ.), Қостанай Орталық мемлекеттік архивінің (ҚОМА) Қостанай губерниялық кеңес жұмысшылары мен шаруаларының және қызыләскер депутаттарының атқару комитеті (72-қ.), Қостанай губерниясының Азық-түлік комитеті (620-қ.), Қостанай губерниялық төтенше аштарға көмек комиссиясы (670-қ.), сонымен қатар Орынбор облыстық мемлекеттік архивінің (ООМА) 1 қорының құжаттары қолданылды. Аталған архивтерден алынған құжаттар мен деректік материалдар 20-жылдардағы саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайды нақтылауда жергілікті партия, кеңес органдарының, билік құрылымдарының жүргізген саясатын талдап, оған ғылыми баға беруге мүмкіндік жасады.

Осы қорлардағы бар деректермен Кеңестік биліктің жүргізген азық-түлік саясаты, Қазақстандағы әскери коммунизм саясатының жүзеге асырылуы мен Халық Комиссарлар Кеңесі декреттері, Қырғыз революциялық комитетінің азық-түлік бөлімі, азық-түлік саясатын орындалу барысы, сонымен қатар Қазақ Орталық Атқару Комитеті жанындағы ашыққандарға көмек Комиссияның орталығы мәлімдемелерінен, есепті баяндамаларынан ашаршылық себептері, басталуы, барысы, ашыққандар саны және ашаршылықты жою шаралары жан-жақты талқыланды.

Екінші дерек көзі ретінде қолданылған – бұл мерзімді баспасөз материалдары. ХІХ-ХХ ғасырда болған жұттар мен аштық барысына бірден-бір дерек болған «Айқап», «Қызыл Қазақстан» журналдары мен «Қазақ»,

«Ақ жол», «Қазақ тілі» және т.б. газеттері аштық мәселесін айқын түрде жазып, онымен күрес жүргізу барысын ұсынған көлемді мақалалар мен статистикалық материалдарды, партия мен үкіметтің осыған байланысты қаулы-қарарларын жариялап отырды. Ұлт зиялыларының аштық зардабына қатысты жанайқайы осы баспасөз беттерінде басылды. Бұл құжаттарды, материалдарды алып, пайдалануға мүмкіндік жасап, көмек көрсеткен архивтердің басшылығы мен қызметкерлеріне және Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы мен Ғылым Ордасы Орталық ғылыми кітапханасының қызметкерлеріне ризашылығымызды білдіреміз.

Кітап ел тарихында зобалан тудырған ашаршылықтың зұлматты жылдарын, зардаптарын білсем деген зерттеушілерге септігін тигізсе, ел-жұрт тарихын танимын деген барша оқырман қауымның назарына іліксе, онда біздің мақсатымыздың орындалғаны.

**I-ТАРАУ****XIX ғ. – XX ғ. БАС КЕЗІНДЕГІ  
ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ ЗҰЛМАТТАР****1. Қазақ даласын жайлаған жұттар  
(XIX ғ. - XX ғ. басы)**

Жұт пен аштық барлық кезеңдерде болған. Оның туындауына түрлі себептер әсер етті. Архив құжаттарына, жазылған ғылыми еңбектерге сүйенсек, жұттың шығуы, біріншіден, табиғи апатқа тірелсе, екіншіден, жеткілікті молшерде малға қажетті жем-шөптің дайындалмауынан деп келтіріледі. Көп жағдайда жұттың басымы табиғаттан туындағандығын жазбаша деректермен қатар ауыз әдебиеті үлгілері де растайды. Қақаған қыста жаңбыр жауып, оның арты боранға ұласуы жем-шөпсіз малдың қырылуына алып келді.

Жұтқа «ауа райының аса қолайсыз құбылыстары (қуаңшылық, жерді көк мұздың басуы, тағы басқа да) салдарынан белгілі бір аймақ тұрғындарының экономикалық күйзеліске ұшырауы» деп анықтама берілген екен [1, 84-б.].

«Жұт – жеті ағайынды» деген нақыл сөз бар. Оларға жұт, құрғақшылық, өрт, індет, сел, зілзала, боран жатады. Тарихшы, ғалым З. Қинаятұлы жұт жайында: «...көшпелілерде «жұт» деген ұғым бар. «Ер – бір октық, бай – бір жұттық», – дейді қазақ. Қамсыз бір жұттан аспайды, қамданған жеті жұтқа бой бермейді. Қазақ ұғымында жұт жеті ағайынды. Олар: қар, аяз, үскірік боран, қоражайсыздық, сусынсыздық, мал мен адамның аштығы және жалқаулық. Мұнан бастапқы төртеуі табиғаттың үкімі болса, қалған үшеуі тікелей адамның өз іс-әрекетіне, қамдығы мен сақтығына байланысты. Жұт айналымы әр өлкеде әртүрлі. Мысалы, қазақ жерінде жұттың цикілі көбіне жылқы мен тауық жылына, мұңғыл жерінде көбінде мешін жылына сай келеді. Мұңғылдар «мешін жылдың алдында» десе, қазақтар «жылқы жылдың ілгері» деп зар еңірейтіні сондықтан. Бұл дінге емес, жұрттың табиғи срекшелігіне байланысты болса керек», – деп жазған болатын [2, 248-249-бб.].



Жұтқа қатысты «Жұтаған жұртын мақтайды», «Жұт жылдын жазышан болар, кесірлі кедей паң болар» деген мақалдар бар. Бұл мақалдардың әрқайсысының өз мағынасы бар.

Сырдария губерниясындағы жұтты зерттеген П.В. Иванов «бұл жем-шөптің жоқтығынан малдың жалпай қырылуы» деп, оның шығу себептерін былайша келтірді: 1. Қыстың қарлы болып келуі. Осы кезде шоп терен қардың астында қалып, малдың оны жеуіне қиындықтар туғызды. 2. Суық уақытта қардың еруінен көк тайғақтың болуынан малдардың шөпті жей алмауы. 3. Көктемнің кеш келуінен малдар көтерім болып, құлауы. 4. Көктемнің суық болуы мен жаздың жанбырсыз болуы, әрі күзгі суықтың ерте түсуінен малдарға жем-шөптің жеткіліксіз болуы [3, 145-б.].

Әр жұттың өз атауы болған. Мысалы, 1879/80 жыл – ұлу-қоян, 1890 ж. – сиыр, 1892 ж. – кіші қоян, 1903 ж. – барыс, 1905 ж. – ұлу, 1910/11 жж. – ит, 1917 ж. – ұлу, 1919 ж. – жылқы, 1923 ж. – ит. Халық қоян жылғы жұт, мешіндегі немесе ит, доңыз және т.б. жұттардың бір-бірінен ерекшеліктерін жыр кылып айтқан. Мәселен, 1907 жылы Орал губерниясында басталған құрғақшылық 1910-11 жылдардағы жұтпен аяқталған. Бұл жылдар «ит-доңыз» жылы деп аталған екен [4, 13-б.].

Қазақтардың бақылауы мен кейбір статистикалық мәліметтерге қарағанда жұт әр 12 жыл сайын қайталанып отырған. Бұл жұт Қазақстанның кейбір облыстарында, кейбір жылдары бүкіл қазақ даласын шарпыған. Алапат жұттың арты ашаршылыққа ұласып, мал шығынынан басқа, адам шығынын да гудырды.

XIX ғасырдың басында қазақ жерінде жұттар жайында нақты деректер болмаса да халыққа үлкен апат әкелгенін растайтын мәліметтер жетерлік. Тарихшы В. Шахматовтың жазуынша, 1833-1834 жылдың өте аязы, боранды болуынан жем-шөбі жоқ қазақтардың малдары қырылып қалған. 21-23 наурызға дейін созылған бұрқасылнан Оралда 15 мыңнан астам жылқының ондаған мыңы жалпай қырылып, орта шаруашылықтардың көпшілігі малсыз қалған. Астық бағасы 32 сомға дейін көтеріліп кеткен [5, 42-б.].

Шербинаның материалына сүйенсек, ең ауыр жұт 1839 жылы Семей облысында болған екен [6]. Г.А. Тимченконың жазуынша, 1840-41 жылдың қысында Семей өңірінің оңтүстік округінде болған жұт қазақтардың ерік-

сіз орыс әскерлеріне бөлініп берілген Ертістің оң жағалауына көшіп баруына алып келген [7, 10-б.]. Жұтқа қазақ даласындағы барлық облыстар іліккен. XIX ғасырдың екінші жартысында бұл көрініс жиі қайталанатын болды.

1861 жылы 19 ақпандағы Ресей патшасының «Басыбайлылықты (крепостнойлықты) жою туралы» заңы орыс шаруаларын жерінің бес-тен бірінен айырды. Күнкөріс жағдайы ауырлаған шаруалардың қазақ өлкесіне қарай ағылуы, қазақ даласында отарлау саясатын жүргізіп жатқан патша үкіметіне қоныстандыру есебіне қазақ жерін одан сайын алуға жол ашты.

Патша үкіметінің 1867-1868 жылдардағы әкімшілік реформаларды іске асыруы – қазақ шаруаларының ежелгі жерлерін «мемлекет меншігі» деп жариялауына алып келді. Отарлау саясатының нәтижесінде біріншіден, малмен күнелтіп отырған қазақ шаруаларды бірте-бірте шалғынды, шүйгінді, шұрайлы, суы мол, көшіп-қонуға арналған жайылымдық жерінен айырылып, құмдақты, тастақ жерлерге қарай ығыстырды. Екіншіден, отырықшы және жартылай отырықшы халықты күн көріп отырған құнарлы егістіктік жерінен қуды.

1937 жылы қуғын-сүргін құрбаны болған көрнекті ғалым Телжан Шонанұлы қазақ жерін отарға айналдыру, талау тарихын екі дәуірге бөліп көрсеткен: «1. Орысқа бағынғаннан бастап XIX ғасырдың 80 жылдарының басына дейін. Бұл атты казактардың пайдасына, әскерлік кісілердің пайдасына деп жер алу дәуірі; 2. 80 жылдардың аяғынан, 90-жылдардан бастап бері қарай Николай құлағанға шейін қарашекпенділер үшін жер алу дәуірі» [8, 13-б.].

Ресейдің ішкі аудандарынан келген орыс шаруалары отарланып алынған Жайық пен Ертіс бойын жайлап, онан кейін Еділ бойы мен Акмоланы, одан әрі Жетісу, Семей, Орал, Торғай облыстарына қоныстана бастады. Сөйтіп, қазақ жерлерінің біртіндеп патша үкіметінің меншігіне айналуы бұрынғыдай бір жерден екінші жерге еркін малын бағып жүрген казактардың жағдайын ауырлатып жіберді. Бұған әр кезеңде туындап отырған жұт та үлкен кедергі келтірді.

Әр болған жұттан кедейленіп, малсыз қалған қазақтардың жағдайы тым ауырлай түскен. А. Баймұрзин 1865 жылы болған жұттан Семей

облысының үш болысында кедейленген жатақтардың қатары 25-30 пайызға көбейгендігін келтірген [9, 102-б.].

Семей губерниясына қарасты Қарқаралы уезінің 12 болысында 1897/98 жылғы жұт (Шербина экспедициясының мәліметі бойынша) 65 844 жылқы, 22 519 бас ірі қара мал, 191 972 қой мен ешкі, 3 917 түйе қырылып қалды.

1879-1901 жж. жұтқа Торғай облысы қатты ілікті. Төмендегі кестеден осы жылдар аралығында мал басының қанша пайызға өзгергенін байқайық:

| жылдар  | жылқы | қой   | ірі қара | түйе  | ешкі  | барлығы |
|---------|-------|-------|----------|-------|-------|---------|
| 1879/80 | 44    | 44    | 30       | 30    | -     | 42      |
| 1891/92 | 42    | 33,21 | 32,12    | 22,13 | 32,76 | 36      |

1879/80 жылдар аралығында облыстағы 3 662 737 бас малдың 1 528 679 басы қырылып қалды. 1891/92 жылдың ішінде 3 355 743 бас малдың 1 198 451 басы шығынданды.

Бенькевичтің есепінше, Торғай облысы 1879/80, 1891/92, 1897/98, 1902/03 және 1911/12 жылдары жұтқа ұшырады. Осы жылдардағы мал басындағы өзгерістерді төмендегі кестеден көруге болады:

| жылдар | жылқы   | қой       | ірі қара | түйе    | ешкі    | барлығы   |
|--------|---------|-----------|----------|---------|---------|-----------|
| 1879   | 868 292 | 2 316 000 | 275 130  | 201 539 | 742     | 3 662 737 |
| 1881   | 568 285 | 787 000   | 264 698  | 125 023 | 43 106  | 1 788 683 |
| 1885   | 597 114 | 1 100 200 | 300 704  | 132 577 | 77 555  | 2 011 305 |
| 1890   | 705 114 | 1 992 154 | 382 909  | 157 241 | 146 034 | 3 313 825 |

1879 жылдағы мал басына тек 10 жылдан кейін қол жеткізді. 1891 жылы мал басы 3 355 973-ке жеткен. Кейінгі жұт жылдарындағы мал басының қалай кемігендігін төмендегі кесте айқындайды:

| жылдар | жылқы   | ірі қара | қой       | ешкі    | түйе    | шошқа | барлығы   |
|--------|---------|----------|-----------|---------|---------|-------|-----------|
| 1891   | 717 589 | 395 435  | 1 975 450 | 127 138 | 95 417  | 236   | 3 355 973 |
| 1893   | 416 305 | 289 635  | 1 237 197 | 83 868  | 128 974 | -     | 2 155 979 |
| 1896   | 451 850 | 332 302  | 1 260 931 | 98 221  | 140 942 | 1647  | 2 286 903 |
| 1901   | 507 339 | 45 44    | 972 584   | 120 006 | 115 006 | 2647  | 2 169 005 |

1891 жылы 3 355 973 бас мал, 1901 жылы 2 169 005 баска дейін кеміген. Ірі қара мал басы 395 435 бастан 1901 жылға қарай 45 44-ке түсіп кеткен [10]. Бұл кестелерді беруіміздің себебі, зерттеушілерге немесе оқырманға 1879-1901 жылдар аралығындағы жұттың қазақ экономикасына қаншалықты зардал шектірткенін салыстырмалы тұрғыда қарауына және қорытынды шығаруына мүмкіндік беру.

Торғай облысының Ырғыз уезінде 1879/80 жылдардағы жұттың қарапайым шаруаларға қиындық тигізіп отырғандығын уезд басшысы облысқа жазған рапортында ашық жазып, көмек қолын созуды сұраған [11].

Бөкей Ордасындағы жұттан П.В. Ивановтың көрсетуінше, 1844/45 жылдары  $\frac{1}{2}$  қой мен 500 000 түрлі мал қырылып қалды. Бұдан кейінгі жылдары болған жұтта бұл көрсеткіштер кеми түсті. Мәселен, 1849 жылғы жұттан түрлі малдан 400 000 бас өлсе, 1873/74 жылы 225 418 бас түрлі мал, ал 1875/76 жылы 160 000 түрлі мал, 1879/80 жж. 1 120 000 бас, 1888/89 жж.  $\frac{1}{2}$  бас мал қырылған екен [12].

Ғылым академиясының 1926 жылғы экспедициясы жинаған зерттеу мәліметтер бойынша, Адай округінде 1879/80 жылғы жұттан қой-ешкінің 70%-і, жылқының 60%-і, түйенің 50%-і, ал 1891/92 жж. 280 000 бас қой мен ешкі, 33 000 түйе, 19 000 бас жылқы қырылған. 1916/17, 1918/19, 1920/21 және 1924/25 жылдары 15-тен 35 пайызға дейін малдар шығыптанған [13]. Әрине, мал басының үлкен шығынға ұшырауына жұттың ғана емес, қыстық жем-шөптің дер кезінде дайындалмауы да себепші болды.

1879-1880 жылдың қысында Ақмола облысындағы жұттан қазақтардың малдары жаппай қырыла бастады. 1904 жылы берілген есепке сүйенсек, осы жылы 2 346 983 бас малдың 818 995-і қырылған. Осы жұттан қазақтар ұсақ малдың 31,4%-нен, жылқының 50%-нен, ірі қараның 18%-нен, түйенің 8%-нен айырылды [14, 24-б.].

Негізінде, қазақ даласы XIX ғ. 90 жылдары жұтқа қатты ілікті. 1891-1892, одан кейінгі 1897-1898 жылдары болған нәубеттен қазақ малы көп қырылды.

1892 жылы 9 қаңтарда Торғай облыстық басқармасына 12 бөлімшесінің ветеринарлық дәрігері Б. Кучинскийдің жіберген рапортында Николаев

поселкесінен Қостанайға дейінгі, одан әрі Сарыойдан Аманқарағайға дейінгі аралықты аралаған кезінде казактардың ірі кара малдарының қырылып жатқандығын, бұған дайын жем-шөптің жоқтығы себеп екендігін келтіреді [15]. Мәселен, Шынгелді болысындағы 1-ауылының Шынгелді, Шарбақты, Сарықамыс, Жұбаныш елді мекенінде, 2-ші ауылының Астаушы, Киікөлген, Қонақбай, Шолан, Жаманқұм, Қабырға мекенінде, Толағай болысындағы Басбайыншық, Сарбұлақ, Айғырбай, Мәмбет, Түсбұлақ, Сабырсай мекенінде, Темірастау болысында Ырғыз ө., Қарасай және т.б. жерлердегі малдар жем-шөптің жоқтығынан өліп қалған. Шынгелді болысында түйеден – 91 бас, жылқыдан – 327 бас, ірі кара малдан – 152 бас, қойдан – 547 бас, ешкіден – 220 бас өлген. Барлық болыстарда жылқы мен қойлар көп шығынданған. Ырғыз уезінің бес болысынан 658 түйе, 6276 жылқы, 760 ірі кара мал, 17 070 қой мен ешкі қырылған екен [16].

1892 жылы 27 наурызда Торғай облыстық әскери губернаторға Елек уезінен жіберілген рапортта жұттан Қаратау болысының 7-ші ауылында 300 жылқы, 50 бас сиыр, 100 қой, 8-ші ауылында 4064 бас жылқы, 150 ірі кара мал, 500 қой, ал 9-ші ауылында 480 бас жылқы, 160 ірі кара және 270 бас қой қырылып қалғандығы келтірілді. Аралтөбе болысында да 2500 бас жылқы мен 250 қой өлген. Ал Қобда, Қаратоғай, Бестамак пен Ақтөбе болыстарында да малдардың қырылуынан казактардың ашығуы басталған [17].

Архив құжаттарына сүйенсек, жұттан шығынсыз шыққан бірде-бір ауыл болмаған. Мұны Торғай облыстық басқармасына 13-бөлімшенің мал дәрігері Квержиковскийдің жазған мәлімдемесі растайды. Оның жазуынша, жұт 121 қазақ шаруашылығын шарпып, малдарын толықтай шығындатқан [18].

1891-1892 жылдардағы аштықтың алдында Жетісуда тамыз айында болған қыраулы суықтың нәтижесінде егістікті үсік шалып, шаруалар астықсыз қалды. Мұның алдында да жаз кезіндегі табиғаттың тосын сыйынан үсік жүріп, жұрт астықсыз қалған болатын. 1887 жылы Жетісу облысына қарасты Сергиополь уезінің Герасимов болысында 16-17 тамызында болған қарлы суықтан жергілікті тұрғындардың барлық егістігі

үсіп кеткендігін Дала генерал-губернаторының жоғары органдарға жіберген рапортында нақты келтірілді [19]. Бұл сөзсіз болыс тұрғындарының ашығуға алып келді.

1891-1892 жж. жұттан Ақмола облысында малы мен астығынан айырылып, ашыққандардың қатары көбейген. 1891 жылы 13 ақпанында Верныйдан Омбыға жіберілген телеграфта тез арада ашыққандарға көмектесу үшін астық, ақша жинауға кірісу керектігі айтылады. Дала генерал-губернаторының 1891 жылы 3 қыркүйекте Д.И. Смолинге жіберген хатында Петропавл мен Көкшетау уездерінде климаттық жайсыздықтан шөп пен астық шықпай қалып, нәтижесінде аштық пен жұттың нышандары байқалғандығын, ірі қара малдардың оба мен Сібір топаланынан өліп жатқанын айтылды. Осыған орай Сібірдегі ашыққандарға арналып халықтан азық-түліктей және малдай жылу жиналып, түрлі театрланған қойылым, ойын-сауықтар ұйымдастырылған [20].

Жұттан эпидемиялық аурулар туындады. Қырылып қалған малдардың өлекселерінің күн жылынғанда сасуы, құрттауы түрлі аурулардың тарауына алып келді. Дала өлкесінде тырысқақ ауруының көбеюі облыс губернаторларын қатты алаңдатты. Сонымен қатар XIX ғасырдың 80-90-жылдардағы Орталық Азия (Аравия), Кавказ, Сібірден тараған жұқпалы аурулар да қазақ даласын айналып өтпеді. Мекке, Мединеге зиярат етіп барушы діндарлардың арасында жұқпалы аурумен ауырғандар көбейді. Әсіресе обамен (чума) аурғандардың қатары ұлғайып, ауру тез тарап, өлім жиілеп кетті.

Жұқпалы ауру қазақ даласына қалай келді? Архив құжаттарында көбіне қажылыққа барғандар жұқтырып алып келген деген мәліметтер кездеседі. Шындығында да тырысқақ ауруының ошағы 1881 жылы Аравияның Геджас деген жерінен басталып, XIX ғасырдың 90-жылдары Кавказ бен Орта Азияға жайылды. Бұл ауруды қазақ даласына Мекке мен Мединеге барған қажылар алып келді. Архив құжаттары бойынша, Ақмола облысында тырысқақ ауруына 1717 адам шалдығып, оның 891-і қайтыс болған, Семей облысында 370 адам ауырып, 205-і қайтыс болған, Жетісу облысында тырысқақ жұқтырған 46 адамның 28-ы өлген, Торғай облысында ауырған 296-ның 167-ы көз жұмған. Оралда да жұқпалы ау-

румен ауырған 6138 адамның 3121-і қайтыс болған. Тырысқак ауруы ең көп тараған Сырдария облысы болып, онда 12455 адам ауру жұқтырып, 8785-ы өлген екен [21]. Бұл өлгендердің басымы сол қажылыққа барып келгендерден жұқтырып, дер кезінде медициналық көмекке жүгінбегендер елі.

XIX ғасырдың 90-жылдар басында Араб жерінен келген оба, тырысқак аурулары барлық облыстарға тарап кету қаупі туындады. 1892 жылы 2 шілдеде Торғай облысының Елек уезінің болыс басқарушыларына жіберілген хатта уезде оба ауруының пайда болып, адамдардың құрысып, тырысуы, құсуы және іш өгу сияқты ауру белгілері біліне бастағанын, мұның арты өлімге әкеліп жатқаны айтылды. Осыған орай уезд қазақтарынан аурудың алдын алу тәртібін ұстану талап етілді. Өзеннен немесе таза емес құдықтардан су ішпеу, үй ішін таза ұстау, Сырдария облысынан немесе соған жақын аймақтан келген аурулармен қатынаспау, керуен өтетін пошта жолдарына жақын киіз үйлерін тікпеуді ұсынды [22].

Торғай облысының губернаторы Барабаш 28 шілдеде Петербургқа Ішкі Істер министрлігіне жіберген хатында Торғай облысындағы, Елек уезіне және Ақтөбе ауылына жақын Түзтөбе болысының 5 ауылында жұқпалы оба аурумен ауырғандардың барлығын айтып, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіп, дәрігерлер, фельдшерлер жіберсе деген отініш жасаған [23]. 24 мен 31 шілде аралығында осы уездің 5-ші ауылынан 30 адам жұқпалы аурумен ауырып, бұлардың арасынан Белжан Құсиев, Жұмағаша Тұқышева, Тілеуқұл Айғажин, Есентай Қазиев, Нұрғали Шәріков, Биссбай Түркістанов, Бана Мұрзина, Дәулетияр Бисенғалиев, Балман Жолдыбаев, Есжан Қоңыршин және т.б. қайтыс болған. Сонымен бірге 31 шілде мен 6 тамыз аралығында берілген тізімде 9 адамның бірнешеуінің жұқпалы аурудан өлгендігі расталды. Елек уезіне қарасты Қаратоғай болысында обамен 48 ауырып, 31-і өлген, 5 адам жазылып, ал 12-сі әлі ем-дом қабылдау үстінде болған. Бестамақ болысында ауырған 7 адамның 5-уі өліп, 2-уі дәрігерлердің қарамағында қалды. Негізінде бұл болыстан келген мәлімет бойынша 27 шілде мен 10 тамызы аралығында 26 адам ауырып, 12-сі қайтыс болса, 14-і ем-домның нәтижесінде жазылған [24].

6 қыркүйектегі Торғай облыстық Әскери губернаторына Елек уездік басшысынан келген рапортта да 25 тамызда Ақтөбеде оба ауруынан 19 жасар жігіттің қайтыс болғандығы келтіріледі [25].

Тырысқақ ауруы Семей уезіне қарасты Әлжан-Әуре станциясында шығуына орай, осы жылдың 3 маусымында Жетісу облысы Әскери губернаторы аурудың облысқа тарап кетпеуінен қауіптеніп екі облыстың ортасында тұрған Сергиополь станциясына 6-шы Батыс Сібірдің әскери батальонының емшісі Бакитықоны жіберген [26]. Мұндағы негізгі мақсат – аурулардың облысқа қарай аяқ басуын тоқтату, ауырғандарды тіркеуге алып, дәрігерлік көмек көрсету болды.

Жұқпалы аурудың жайлап бара жатқанына орай 1892 жылы 13 желтоқсанда дәрігерлердің съезі өткізіліп, оған дәрігерлерден Орынбор губерниясынан П.М. Шагаев, Ақмола облысынан А.А. Полубинский, Оралдан Летуновский мен И.А. Григишкис қатысып, парсы жерінен жұқпалы ауруды ауыздыққауға барлық күшті жұмылдыруды, қажет болған жағдайда карантин жариялаудың маңыздылығын айтып, оба ауруымен күресу жұмысына алдын ала кірісуге шақырды.

Бұдан кейінгі Әскери губернаторы А.Ф. Карпов 19 желтоқсанда Семейде жиылыс өткізіп, Семей облысының көктемнің келе жатқанына орай облыста жұқпалы аурудың алдын алу шараларын қолға алуды міндеттеді [27].

1893 жылы тырысқақ індетінің Жетісу облысына жайылуынан сақтандыру шараларын жүргізу мақсатында Жетісу облыстық қоғамдық денсаулық сақтау комитеті облыстың уездерінде бақылау мен емдеу пункттерін ашуды қолға алды. Түркістан өлкесі үшін басқа облыстармен шектес болған Қарабалта ауылында екі бақылау-емдеу пунктін, ал Семей облысына шектес Сергиополь станциясында да осындай пункттер ашты. Бұл пункттерде арнайы түрде 1 фельдшер, 1 мейірбике, 5 түрлі қызметкерлер қызмет көрсетті [28]. Дегенмен жұқпалы аурумен күресте ауыздыққауға дәрігерлік көмек жетіспеді.

Арнайы медициналық мамандардың жоқтығы, оның үстіне қажетті дәрі-дәрмектің тапшылығы үлкен қиындықтар туғызды. Тырысқақ ауруының алдын алу мақсатында 1895 ж. 7 қаңтарда Жалпы Семей облыстық Басқармасының дәрігерлер бөлімінде болған жиылыс бары-



сында Сібір казак әскеріндегі 4 дәрігердің Семей облысын толықтай медициналық көмек көрсетуге мүмкіншілігі жоқтығы айтылып, өлкеге маман дәрігерлер жіберу жайы көтерілген [29].

1895 жылдың 1 мамырында Ақмола облысының әскери губернатор Дмитриев-Мамоновтың төрағалығымен өткен қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің мәжілісі тырысқақ ауруының ошағы бар жерлерден келгендерді 5 күндей ұстап, санитарлық тексерістен өткізу, медициналық көмек көрсету, ауру шықғы деген жерлерді (барак, лазарет) дезинфекциялауды жолға қою мәселесін көтерді [30]. Осы өңірге қатаң бақылау орнату қолға алынды.

«Степной край» газетіне жарияланған ақпаратта көрсетілгендей, Қытаймен шекаралас Семей облысында және Жетісуда оба ауруының өршіп бара жатуына орай саудагерлер көп топталатын Қоянды жәрменкесі қатаң бақылауға алынып, Қытайдан келетін малдар арнайы карантиннен өткізіле басталды. Дегенмен, жәрменкеге әкелінетін қойларды ұстап тұру мүмкін болмады [31].

1897-1898 жылдары да Дала өлкесінің кейбір губерниялары жұтқа ұрынды. Ивановтың «Түйе және оны зерттеу» (Верблюды и его изучение) атты еңбегіне сүйенсек, көрсетілген жылдар аралығында Семей губерниясына қарасты Қарқаралы уезінде жергілікті халық жұттан 35,8% жылқыдан, 43% қойдан, 23,4% ірі қара малдан, 21% түйеден айырылған. Бұл жылдарды жұтқа уездің 12 уезі ілікті. Шербина экспедициясының есебі бойынша, жылқыдан – 65 844, ірі қара малдан – 22 519, түйеден – 3 917, қойдан – 184 941, ешкіден – 7031, басқа малдардан – 70 399, барлығы жылқымен есептегенде – 125 000 бас мал қырылған. Жұттан кейін Қарқаралы уезінде жылқыдан – 181 406 (35,8%), ірі қара малдан – 94 983 (23,4%), түйеден – 18 657 (21%), қойдан – 583 956 (43%), ешкіден – 57 247 (16,7%), барлығы жылқымен есептегенде – 319 945 ғана бас мал қалды [32]. Бұл жылдары да жұқпалы ауру өршіді. Аурудың тарауына қажыдан келгендер себепші екендігін айтқан хаттар губернияларға жіберілген хаттардан аңғаруға болады. Қажылықтан қайтып оралғандарды медициналық тексерістен өткеннен кейін ғана, мекеніне жіберу қатаң бақыланды. Мәселен, 1897 жылы 31 мамырда император ағзамның Жарлығына орай құрылған обаға қарсы күрес жүргізу комиссияның

төрағасы А.П. Ольденбург Жиддада оба ауруының өршуінен қажылықтан қайтқандардың денсаулығын, әкелген жүктерін қатаң түрде тексерістен өткізу жөнінде барлық өңірге жеделхат жіберді. Онда: «Оба – бұл ең қауіпті, жұқпалы және зиянды ауру, абайсыздықта бүкіл қалалар мен ауылдарды жоқ қылуға бар», – деп келтіріле отырып, уезд әкімшілігіне Мекке мен Мединеге қажылыққа барып келгендерді ұзақ уақыт бақылауға алу, жұқпалы аурумен ауыргандары біліпсе, бірден жоғары жаққа хабарлау және ауруларды оқшаулап ұстап, қажетті ем-дом жасап, қажыға барам деушілердің арасында қауіпсіздік турасында әңгіме жүргізуді міндеттеді [33, 269-270-66.]. Аурудың тұрғындар арасында өрши түсуіне орай уақытша қажылыққа баруды тоқтату мәселесі де көтерілді. Ішкі істер министрлігінен облыс губернаторларына уақытша қажыға баруға тыйым салған бұйрықтар жіберді. Жұқпалы аурумен күрес жүргізуге қатысты комиссия құрылып, 1898 ж. 3 қаңтардағы мәжілісінде мұсылмандардың қажылыққа баруын тоқтата тұру мерзімін ұзартып, осылайша ауруды ауыздықтауға тырысты [34].

Адам мен малға тез жұғатын аурудың бірі оба (орысша «чума» – С.С.) ауруы болған. Оба ауруы қазақ жерінде әр жұт, аштық сайын қайталанып отырған. Қазақ зиялысы М. Дулатов бұл ауру жөнінде: «Чумадан қазақ жерінің біразында көптен бері зарарын шашып, талайдың басын жұтып келе жатқан ауру. Сондықтан жаман ауру жоқ. Чума Орал губерниясында 1904-нші жыл басталды. Сол жылы Сарайшықта 406 адам өлді. 1907-нші жыл Қызылмолада 11 адам өлді. Жымпитыда 1909 жылы 218 адам, 1910-ншы жыл 5 адам, 1911-ншы жыл 14 адам, 1912-нші жыл 55 адам өлді. 1913-ншы жыл 405 адам, 1914-ншы 17 адам өлді», – деп жазған [35, 3-б.]. Бенькевичтің мәліметінше, жұқпалы аурудан 1908-1911 жж. аралығында Торғай облысынан төрт уезінің малдары азайып кеткен. Мұны төмендегі кестеден байқауға болады [36]:

| Уездер   | жылдар | жылқы | ірі қара мал | кой, ешкі | түйе  |
|----------|--------|-------|--------------|-----------|-------|
| Ақтөбе   | 1910   | 3,45% | 3,04%        | 3,30%     | 1,48% |
| Қостанай | 1909   | 3,67% | 2,58%        | 3,64%     | 3,58% |
| Торғай   | 1908   | 7,05% | 7,45%        | 13,41%    | 4,43% |
| Ырғыз    | 1911   | 2,04% | 0,84%        | 1,99%     | 0,65% |

1909 жылы Семей облысында сүзек (тиф) пен құрқұлак (цинга) аурулары жайлап, ауруларды емдеуге өзге облыстардың дәрігерлері тартылды. Келер жылы осы ауру Павлодар уезінде байкалып, бір жылдың ішінде үш мыңнан астам адамдар ауырып, өлім көбейген. Жұқпалы аурудың кең етек жайып бара жатқандығынан сескенген облыстық әкімшілік қалаларда ғана емес, ауылды жерлерде де емдеу және тамақтандыру пункттерін ашуға мәжбүр болды. Жұқпалы аурумен адамдар ғана емес, малдар да ауырып, нәтижесінде көбі қырылып қалды. Қарқаралыға мал ауруы Ақмола облысынан жайылып, бірнеше мың бас мал қырылған. Ауру малдар оқшауландырылып, өзге малға жұқпас үшін өлтіріліп, өртелінген [7, 16-6.].

1903-1904, 1907-1908, 1910-1911 жылдардағы қазақ жерінде орын алған аштық жөнінде құжаттық деректер жоқ десек те болады. Дегенмен, осы жылдарда болған жұттан мал басының қырылуынан ашаршылық нышанының байқалғандығы жайында облыстық шолулардан (обзор) білуге келтірілген. Мәселен, Жетісу облысында 1903 жылы болған жұттың нәтижесінде 6 197 291 мал басының 1 249 024 басы қырылып қалса, ал 1907 жылы 326 162 бас, 1908 жылы 1 050 970 мал басы өлген екен [37, 49-50-бб.]. Бұл жұт егіншілік, бау-бақшалықпен айналыспайтын, тек малмен күнелтіп отырған қазақтардың күнкөрісін қиындатып жіберді. Орыс шенеуніктері есептері мен баспасөз бетіне жариялаған мақалаларында қазақтардың күнкөрісінің қиындауын көшпенді өмірмен ұштастырды.

XX ғасыр басындағы жұттан туған ашаршылық қазақтың барлық облысын қамтымаса да белгілі бір аймақта адам өліміне әкелген деректер тіркелген. Ашығып тамақ таппай, иістенген малдың етін талғау еткендердің белгісіз бір ауруларға ұшырап өлгендер, тамақ іздеп басқа облыстарға немесе көршілес елдерге шұбыра кошкендер жайында жоғары орындарға мәліметтер жиі түсе бастаған. 1907 жылдың қыркүйегінде Жетісу облысындағы Атбалық жерінде көшіп жүрген қазақтардың арасында өлім-жітімнің болғандығы анықталған. Тіпті Шаштөбе болысында белгісіз бір аурумен толықтай отбасы қырылып қалды [38, 92-93-бб.]. Қазақ даласында түрлі жұқпалы аурулардың кең етек жаюы, оны ауыздықтауға дәрмен бермеді.

1911 жылы да қазақ жерінде жұт, аштық нышаны білінді. Жауын-шашынның болмауынан шөп қурап кетіп, малдың арықтауына алып келді. «Айқап» журналына басылған ақпарларға сүйенсек, Манғыстау жері мен Орал облысының күншығыс-оңтүстік арасындағы жерлерде жаздай жауын болмағандықтан шөп қурап кетіп, күзге қарай мал арықтай бастаған соң шаруа қолдағы малын арзан бағаға сатқан. 80 сомдық түйелер 15 сомға, жылқы 10 сомға сатылған. Ақмола мен Семей облыстарында егін, пішен шықпағандықтан, Семей қаласында бидайдың пұты 1 сом 20 тиынға, ал Ақмола облысында пішен пұты 50 тиынға түсіп кеткен [39, 3-4-бб.].

Торғай өңірін малы жұтамаса да жүденкіреп, жәрмеңкеге шығарылған қойдың алды 10 сом 50 тиынға шейін барса, сиыр мен жылқы арзанға сатылды. Түйе жүнін 7 сом 50 тиынға, жабағы 3 сом 65 тиынға саудаланды.

Атбасар жәрмеңкесінен келген хабарларға қарағанда семіз, ірі өгіздің бағасы 120-140 сомға бағаланған. Мұнда түйе жүнін 8 сомға, қой жабағысын 4 сомға ғана сатып алған. Троицкіде шөптің пұты 50-60 тиынға жетіп, астықтың бағасы күннен-күнге көтерілген [40, 12-б.].

Қостанай уезінде де жағдай ауырлай түскен. Мамыр айының ортасында қатты үскіріктің өтуінен, жазда жаңбырдың болмауы қара шаруаны егінсіз, шөпсіз қалдырды. Осыдан өткен жылдан қалған шөп пен астықтың бағасы шарықтап кетті. Мәселен, 30 пұт шөптің бағасы 10 сомға, тіпті одан да жоғары бағаға көтерілген [41].

Ішкі істер министрінің міндетін атқарушы Миллерустың 1911 жылы 26 маусымда Орынбордан Петербургқа жіберген жеделхатында Торғай облысының халқы аштыққа ұрынып, малдарға жем-шөптің жетіспеуінен қазақтар мен қоныстанған орыс шаруалары малдарын арзан бағаға сатуға мәжбүрленгендігін айта келе, осындай ауыр жағдайда қоныстанушы орыс шаруаларының қазақ жеріне легін уақытша тоқтата тұруды ұсынды [42].

1911 жылы 6 шілдедегі Ордан Орынбордағы Торғай губернаторына жіберілген жеделхат та 1910 жылмен салыстырғанда астықтың өте төмен шыққандығын растады. Петербургке жіберілген жеделхатта Ақтөбе,

Қостанай уездерінде жаңбырдың жаумауынан егістік жерлерге астық шықпай қалғандығы, шөптің күйіп кеткендігі айтылып, екі уездегі 260 мың қоныстанушы шаруаларға көмек көрсету үшін қаржы бөлу мәселе сұралынды. 8 шілдеде Петербургтан Орынборға қайырымдылық комитетінен облыстағы жағдайды анықтау мен қамқорлық көмек жұмыстарын жүргізу үшін И.М. Поярков жіберілді.

Малдың арып кетуі, оның үстіне асырауға жағдайы жоқ шаруалар базарда еріксіз малдарын арзанға сатты. Бір кездерде 150 сом тұратын ірі мал енді 30-35 сомға ғана бағаланса, 200 сом тұратын екі пар жылқы 24-40 сомға әрең өтті. Жіберілген бірнеше жеделхаттардан кейін 17 шілдеде Жерге орналастыру бас басқармасы Ақмола, Торғай, Орал облыстарын жем-шөппен, азық-түлікпен қамтамасыз етуге ішкі шешім шығарды [43]. Бұл қоныстанушы орыс шаруаларына ғана көрсетілген көмек-тің.

1911 жылы 20 тамызда Қостанай уездік шаруа басшыларының съезі болып, уезіндегі аштық пен жұтқа іліккен болыстарға, оның ішінде қоныстанған шаруаларға көмек көрсету мәселесі талқыланды. Ашаршылық тырнағынан көшпеліктен отырықшылыққа көшіру арқылы құтқаруды маңызды санады [44].

Торғай-Орал қоныстандыру аудандарының меңгерушісіне осы ауданның агенті Картавцевтің мәлімдемесінде 3-19 тамыз аралығында Қостанайдан Ақтөбе қаласына дейінгі аралықты аралап шыққан кездегі көзімен көрген жағдайды былайша суреттейді: *«Алексеев поселкесі. Астық өсімі өте нашар. Бидайдың өсімі тіпті тұқымдықты қайтара алмайды, сұлы мен тары мүлдем шықпай қалды...*

*Викторовский поселкесі* (3 тамызда барған). Бидай егістігінен десятинадан 0-ден 2-пұт қана өнім алған. Сұлы мүлдем шықпаған, тары күйіп кеткен. Ауыл старостасы 22 десятинадан бар-жоғы 30 пұт қана астық жинап алған. Ал шөп әр десятинадан 5 пұт қана шыққан. Тұрғындардың айтуынша көктемнен 1 тамызға дейін жаңбыр жаумаған. Шөп күннің ыстығынан күйіп кеткен. Шыққан астықты сарпұнақтар жеп қойған.

*Тургенея поселкесі* (8-ші тамызда барған). Құрғақшылықтан егістіктер мен бақшалар шықпай қалды.

Адамоя поселкесі (12-ші тамызда барған). Картоптан басқа бау-бақша өнімдері жақсы шыққан. Картоп 31 шілдеде болған қатқақтан үсіп кеткен. Астықты саршұнақ жеп тастаған. Саршұнақтар бұл жерге Ақтөбе уезінен 3 жыл бұрын ауып келсе керек. Қазақтардың айтуынша, осы саршұнақтардың кесірінен десятинасына 20-30 пұт алып жүрген астықтан енді 8 ғана пұт алған» [45].

«Земщина» газетінің 14 қыркүйектегі санындағы мақалаға жүгінсек, Қостанай облысына қоныстанған шаруалардың арасында аштық басгалып, қолдарындағы барлық азықтары біткен, туған жерлеріне қайту жөнінде әңгіме қозғалған [46].

14-нші қарашада Түркістан жағында болған қатты қара суық лауылда Маңғыстаудағы елдерден 80 мың шамалы түйе, жылқы, қой үсіп өлген. Қостанай уезінің Шұбар болысында 15-нші желтоқсанда жаңбыр жауып, қардың бетінде пышақтың сыртқы қалыңдығындай мұз болып, қойдың тебіндеуіне қиындық туғызған [39, 3-4-66.].

«Айқап» журналына жарияланған уақиғалар айдарында «Закаспийски облысы Манғышпалак уезінде қыстайтұғын адайлардың 1910 жылы шөбі шықпай, малының арық болуы себепті қыста малдары жұтап, халық мұқтаждыққа қалып, ішерге тамақ таппай қиналғаны жөнінде ақпар басылды. «Адайда аяқты малға байлығыменен атағы шыққан «Сағындық» есімді бір байдың сегіз жүз жылқы, мың жарым қойы, үш жүз түйесі бар еді. Февралдың басына шейін әлгі Сағындықтың жылқысынан 30, қойынан 100 шамалы, түйесінен 21 нары ғана аман қалды, қалғандары бәрі де жұтаған. Февраль айы біткенше бейшараның мүлдем пақырлыққа қалуы ықтимал. Малы сонша көп болса да өзі ақша жимаған екен», – дей келе, аштық халық арасында өршіп бара жатқандығын жеткізді. Қаңтардың 29-нан ақпанның біріне дейін төрт күн соққан бораннан Каспий теңізінің жағасында қыстаған Кете халқының қойлары есепсіз қырылып, жағдайлары қиындап, қолда бар қойдан айырылып қалу қауіпі төнген. Жүзге келген шал-кемпірлер мұндай қатты қыстың бұрын болғандығын айтады.

Хоженд уезі мен оның маңайындағы елдерде мал көп жұтап, дала мал өлімтігіменен толған. Қазақтар малдардың терісін сыпырып алып, етін тастап отырған [47, 8-6.].

Қостанай уездерінде жанбырдың жаумауынан егістік жерлерге астық шықпай қалғандығы, шөптің күйіп кеткендігі айтылып, екі уездегі 260 мың қоныстанушы шаруаларға көмек көрсету үшін қаржы бөлу мәселесі сұралынды. 8 шілдеде Петербургтан Орынборға қайырымдылық комитетінен облыстағы жағдайды анықтау мен қамқорлық көмек жұмыстарын жүргізу үшін И.М. Поярков жіберілді.

Малдың арып кетуі, оның үстіне асырауға жағдайы жоқ шаруалар базарда еріксіз малдарын арзанға сатты. Бір кездерде 150 сом тұратын ірі мал енді 30-35 сомға ғана бағаланса, 200 сом тұратын екі пар жылқы 24-40 сомға әрең өтті. Жіберілген бірнеше жеделхаттардан кейін 17 шілдеде Жерге орналастыру бас басқармасы Акмола, Торғай, Орал облыстарын жем-шөппен, азық-түлікпен қамтамасыз етуге шешім шығарды [43]. Бұл қоныстанушы орыс шаруаларына ғана көрсетілген көмек-тің.

1911 жылы 20 тамызда Қостанай уездік шаруа басшыларының съезі болып, уезіндегі аштық пен жұтқа іліккен болыстарға, оның ішінде қоныстанған шаруаларға көмек көрсету мәселесі талқыланды. Ашаршылық тырнағынан көшпеліктен отырықшылыққа көшіру арқылы құтқаруды маңызды санады [44].

Торғай-Орал қоныстандыру аудандарының менгерушісіне осы ауданның агенті Картавцевтің мәлімдемесінде 3-19 тамыз аралығында Қостанайдан Ақтөбе қаласына дейінгі аралықты аралап шыққан кездегі көзімен көрген жағдайды былайша суреттейді: «*Алексеев поселкесі*. Астық өсімі өте нашар. Бидайдың өсімі тіпті тұқымдықты қайтара алмайды, сұлы мен тары мүлдем шықпай қалды...

*Викторовский поселкесі* (3 тамызда барған). Бидай егістігінен десятинадан 0-ден 2-пұт қана өнім алған. Сұлы мүлдем шықпаған, тары күйіп кеткен. Ауыл старостасы 22 десятинадан бар-жоғы 30 пұт қана астық жинап алған. Ал шөп әр десятинадан 5 пұт қана шыққан. Тұрғындардың айтуынша көктемнен 1 тамызға дейін жанбыр жаумаған. Шөп күннің ыстығынан күйіп кеткен. Шыққан астықты сарыпұнақтар жеп қойған.

*Тургенев поселкесі* (8-ші тамызда барған). Құрғақшылықтан егістіктер мен бақшалар шықпай қалды.

Адамоя поселкесі (12-ші тамызда барған). Картоптан баска бау-бақша өнімдері жақсы шыққан. Картоп 31 шілдеде болған қаткактан үсіп кеткен. Астықты саршұнақ жеп тастаған. Саршұнақтар бұл жерге Ақтөбе уезінен 3 жыл бұрын ауып келсе керек. Қазақтардың айтуынша, осы саршұнақтардың кесірінен десятинасына 20-30 пұт алып жүрген астықтан енді 8 ғана пұт алған» [45].

«Земщина» газетінің 14 қыркүйектегі санындағы мақалаға жүгінсек, Қостанай облысына қоныстанған шаруалардың арасында аштық басталып, қолдарындағы барлық азықтары біткен, туған жерлеріне қайту жөнінде әңгіме қозғалған [46].

14-нші қарашада Түркістан жағында болған қатты қара суық дауылда Маңғыстаудағы елдерден 80 мың шамалы түйе, жылқы, қой үсіп өлген. Қостанай уезінің Шұбар болысында 15-нші желтоқсанда жаңбыр жауып, қардың бетінде пышақтың сыртқы қалыңдығындай мұз болып, қойдың тебіндеуіне қиындық туғызған [39, 3-4-бб.].

«Айқап» журналына жарияланған уақиғалар айдарында «Закаспийски облысы Маңғышлақ уезінде қыстайтұғын адайлардың 1910 жылы шөбі шықпай, малының арық болуы себепті қыста малдары жұтап, халық мұқтаждыққа қалып, ішкерге тамақ таппай қиналғаны жөнінде ақпар басылды. «Адайда аяқты малға байлығыменен атағы шыққан «Сағындық» есімді бір байдың сегіз жүз жылқы, мың жарым қойы, үш жүз түйесі бар еді. Февралдың басына шейін әлгі Сағындықтың жылқысынан 30, қойынан 100 шамалы, түйесінен 21 нары ғана аман қалды, қалғандары бәрі де жұтаған. Февраль айы біткенше бейшараның мүлдем пақырлыққа қалуы ықтимал. Малы сонша көп болса да өзі ақша жимаған екен», – дей келе, аштық халық арасында өршіп бара жатқандығын жеткізді. Қантардың 29-нан ақпанның біріне дейін төрт күн соққан бораннан Каспий теңізінің жағасында қыстаған Кете халқының қойлары есепсіз қырылып, жағдайлары қиындап, қолда бар қойдан айырылып қалу қауіпі төнген. Жүзге келген шал-кемпірлер мұндай қатты қыстың бұрын болғандығын айтады.

Хоженд уезі мен оның маңайындағы елдерде мал көп жұтап, дала мал өлімтігіменен толған. Қазақтар малдардың терісін сыпырып алып, етін тастап отырған [47, 8-б.].



1911 жылдағы жұт пен аштықтың қазақ үшін ауыр болғандығын қазақ ақыны Міржақып Дулатов «Жұт» деген өлеңінде растайды. Бұл өлең «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 30 наурыздағы санына жарияланды.

Кетер ме көпке шейін доңыз естен,

Былтырғы қанды боран қыстайғы ескен.

Жетпіс пен сексендегі қариялар,

«Көрмедік сұрапылды мұндай» дескен.

Міржақып «доңыз» жылғы жұттан жылқылардың жаппай қырылып, сан байлар тақырға отырып, кедей боп қалғандығын келтіреді [48].

Ақмола облысында да қыс қар аз болып, жаз жаңбыр болмаған соң, шөп қурап кетіп, егін салған орыстардың сепкен тұқымынан астық шықпай қалды. Сауын сиырлары суалып, әрі шөптің жоқтығынан сатуға мәжбүр болды [49, 9-б.].

1911 жылы Том губерниясының Каин уезінде тырысқақ ауруының шығуы сол өңірдің және көршілес Омбы өлкесінің халықтарын қатты алаңдатты. Аурудың тез таралу мүмкіндігінен қауіптенген Омбы генерал-губернаторы Шмит Ақмола губернаторымен жазысқан хатында Омбыда жұқпалы аурудың өршуінен өлімнің де барлығын келтіре отырып, сақтандыру шараларын жүргізуді талап еткен [50]. Астрахан жағында «Қосай» деген жерде оба (чума) ауруы шығып, екі қазақ опат болған [39, 4-б.].

1911 жылдағы жұт пен аштықтың қазақтарды әбден қажытып жібергені «Айқап» журналына жарияланған Ф. Сатыбалдиннің «Біздердің бұрынғы һәм қазіргі халіміз» деген мақаласында айқын айтылды. «Осы заманымызда кенет соғып кететұғын сұрапыл боран, жел, жауын, ағын, сұр күндер ол заманда болып тұрған. Сол сұрапылдарда шаруа бар малынан айрылып, ақ сирақ болып, жұтқа ұрынды. Бар күн көрген тіршілігі малдың арқасында болған үшін, ондай жалпақ жұт қазақ үшін тым-ақ қатты соғылған. Мінетұғын көлігінен, сауатұғын сауынынан айрылған жұрт, шұбырын тамақ асырау үшін шаһарларға келген. Араларында тамақ асыраулары қиындыққа қалған соң өздерінің газиз балаларын бір пұт ұнға сатушылар да көп болған.

Кедейшілік деген тас бауыр пенденің еркелігін көтере ме? Құр ат мініп, қазы қарта, жал, жая жеп, қымыз һәм айран ішіп шайкалып, мас болып, нанды «шөптің басы» деп менсінбей жүрген мырзалар да ашаршылық деген деспей, қара жерді тырнап, әлгі менсінбей жүрген, «шөптің басын іздеуге желкеледі», – дей келе, табиғаттың оқта-текте жіберген осындай сұрапыл сынағынан сендей соғылып, естерін шығарып жіберетіндігін, тек казактар ғана емес, «жұт қояндар» ішкі Русиядағы мұжықтарын да аман қоймай жатқандығын айтып, осы халден құтылудың екі түрлі жолын ұсынды. Біреуі, жерлері тар елдің бірсыпырасын кен жерге көшіру, екіншісі, егін шаруашылығын бұрынғы қалыппенен жүргізбей, өнерлі (неміс, француздар) елде секілді жаңа тәртіппенен жүргізу [51, 11-13-бб.]. Автор өзінің ұсынысын казак жеріндегі аштық зардабынан құтқаруды бірден-бір жолы деп түсіндірді.

«Айкап» журналының 1912 жылғы №2 санында жарияланған материалдарға көз жүгіртсейік:

\* Орал уезінде қаңтардың 14-нші күні ерте сағат 7-де жауын басталып, күніменен, түніменен жауып, даланы сел қылып жіберген. 15-16-ншы қаңтарда далада қар қалмай, масалы жаз секілді мал далаға жайылып кеткен. 17-қаңтарда түнгі сағат 2 шамасында қатты боран, суық жел соғып даланы көк мұз қаптаған.

\* Торғай облысының Қостанай және Ақтөбе уезіне қараған казактарға, ер адамдарға 30 қадақтан, балаларға 20 қадақтан жәрдемге астық беріліп, қаңтар, ақпан айларында да бидай таратылды.

\* Сарой уезінің управителі Бірмұхамед Алдияров өз қол астындағы пақырларына қойдың өкпе-бауырларының үш мың төрт жүз дәнестін және үш жүз пұт шамалы бидай, ұн үлестірген.

\* Көкшетау уезінде 19-қаңтарда болған боранда көп мал көлге түсіп ағып кетіп, мыңнан артық қой қырылған. Аман, Қазанбасы деген жерлерде шаруа өте күйзелген. Қостанай уезіне қараған Сарой және Шұбар болыстары малдарын Торғай жағына айдатып жіберген [52, 44-46-бб.].

Осындай ашаршылыққа қатысты жағдайлар журналдың 3 санына да жарияланды. Мәселен, Семей облысына қарасты Баянауыл халқы бек ашаршылық, зор жоқшылықта болып, малға берер пішен таусылған.

Сатып алуға пішен таппаған. Боранда үсіп өлген кісі де көп, қырылған жылқы менен сныр да көп. Адамдардың халдері нашар, жәрдемге мұқтаж болды. Кейбірі малдан толықтай айырылған.

Семей уезінде де халық шаруасы жақсы болмай, қараша ішінде жаңбыр жауып, жер мұз болып, бие құлын тастап, мал арықтап кеткен. Ашыққандарға көмек сұрап қазынадан ақша сұралынған. Қатты бораннан Павлодар уезінде мал шығыны мен үсіп өлген кісілер көп болды [53, 80-6.].

Семейдегі жұт пен ашаршылықтың басталуына 1911 жылдың күзінде жауған жаңбырдың әсері де болған. Малдың жайылымының жер тоң болып қатып, оның үстіне қар қалың, қыс салқын болып, халыққа жайсыз соққан. 7-ақпанда қатты жаңбыр жауып, даладағы мал жайылыстан қалып, азықтың жоқтығынан қырыла бастаған. Малды өлтірмеймін дегендер қолдағы аз ғана ақшасын бітіріп, қарызға ақша алып, борышқа кіріп кеткен. Ақшаның жоқтығынан күздігүні бір сом, бір жарым сомдық пішеннің шапасы 80 тиын, сұлы 90 тиын, бір сом болып қалды. Ілгергі күнді ойламаған, қам қылмағандардың қамы қиындай түсті. Бір Семей уезінен мыңдаған жылқы қырылды. Қойлар да жұттан қырылып қалды [54, 83-84-66.].

1911 жылдың соңы мен 1912 жылдың басында Шығыс өңіріндегі Өскемен уезінде аштық басталды. Н. Сағитов «Семипалат облысы Өскемен уезіне қараған қазақтардың аштықтан зарлықтары» деген өлен кітабында уезде қар қалың жауып, оның соңы жаңбырға ұласуын, артынан қатты аяздың жүруін, жем-шөбі жоқ малдың қырылуына алып келгендігін, мыңғырлаған малдары бар байлар тақыр кедейге айналып, ал кедейлер аштықтан өліп жатқандығын айта келе, халықтың ауыр халін мынадай жолдармен келтіреді:

Бұл күнде жұт болды ғой көңілге арман,  
Кедейде мал кеткен ақша болмас,  
Ағалы ғарып болып көзінен жас,  
Іштеріне тамағы жоқ һәм мал өліп,  
Өледі осы күнде бір ғұрып бас.  
...Байларда мың жылқы бар биылғы жыл,  
Аштықтан бәрі өлді, бір жылқы жоқ.

Кетті ғой бұл уақытта халдеріміз,  
Күш-қуат, сүйеу болған малдарымыз.

Аштықтан халық мойындарына дорба іліп, ауыл-ауылды кезіп кетті.  
Әсіресе жылдың басы, қаңтар мен ақпан айында ашыққандардың қатары  
көбейе түсті.

Мойнына қоржын салып ғарып болып,  
Бүкшендеп жаяу жүрді шалдарымыз.  
Мал тұр ғой біз тоналдық аузымыздан.  
Аштықтан жас ағады көзімізден.  
Ғинуар, февралмен жаман басы,  
Һәм боран, Һәм қар жауып, жаңбырлатып.  
Көкпенбек дүние жүзі мұздақ болып,  
Мал өліп, бай-кедейден сатырлатып [55, 6-8-бб.].

Зайсан өңірде жұт қатты болып, жұқпалы ауру тарап, балалардың  
өлімі көбейген. Бұл жайында «Қазақ» газетінде жарияланған ақпарда:  
«Үстіміздегі қыста мал шаруасына жай болса да, халық арасында неше  
түрлі ауру-сырқау болып, әсіресе балалар арасында қызылша деген дерт  
бек көбейіп, жас балаларды сыпырып алып кеткен көрінеді. Тұзтөбе,  
Елек, Қаратоғай болыстарында 200 бала қызылша, сүзек ауруларымен  
ауырып, олардың 150-і өлген», – деп келтірілді [56].

Жетісу облысында жұт 6-7 жыл сайын байқалып тұрды. 1911 жылы  
Жетісу облысында Верный қаласы мен Үлкен Алматы станицасында  
жұқпалы шешек ауруы жайлаған. Аурудың көктем шыға үдеу мүмкіндігі  
барлығын «Семиреченские областные ведомости» газеті дабыл қаға  
жазып, қала мен станица тұрғындарына ауру тарамаудың шараларын  
алдын-ала жүргізу мәселесі көтерілді [57].

1911-1912 жылы Жетісу губерниясының екі уезінде жұттан 416 000  
мал басы қырылған. Оның бірінде мал басы 35%-ке, ал екінші уезде  
30%-ке кеміген. Келесі 1913 жылы да губернияда 107 000 бас ірі қара,  
1 000 000 ұсақ малдар қырылды [58].

Көктем шыға мал өлекселерінің шіруі жұқпалы аурудың жайылу  
қаупін тудыратындығы ұлт азаматтарын алаңдатпай қоймады. Сүзек,  
шешек, қызылша, оба сияқты аурулардың алдын алу жолдарын халыққа

түсіндіруде мерзімді баспасөз кеңінен қолданыла бастады. «Қазақ» газеті жұқпалы ауру мәселесін көтеріп, онымен күресу шараларына қатысты кеңес бере білді. Газетке студент Есенғали Қасаболатовтың оба (чума) ауруының жайылуына қатысты «Шума» деген мақаласы жарияланып, аурудың зарары түсіндіріліп, обаның көзге көрінбейтін микроб екендігін, адам баласына ауру тышқан, қоян, саршұнақ, мысық, түйе, сиыр, қой және басқа хайуандардан жұғатындығын, бұл ауруды бит, бүрге, маса, шыбын, кене секілді жәндіктер тарататындығын айта келе, ол аурудан құтылу жолдарын ұсынды [59].

Дәулетшах Күсепғалиұлы да оба (чума) ауруының 1899 жылы Бөкейле, 1904 жылы Орал облысына қарасты Гурьев уезінде тарап, осы аурудан адам шығыны болғандығын, сол уақыттан бері бұл аурудың қанша рет қайталанып келе жатқандығын айта келе, оба ауруынан сақтануға шақырды [60].

1914 жылы бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуы қазақ шаруашылығына есепсіз зиянын тигізді. Қазақ шаруаларына соғыс есебіне бірнеше салықтардың салынып, оларды қолындағы барлық мал-мүлкін үкіметке беруге мәжбүр етті. Соғыс есебіне қазақтар Қызыл крестке 170 киіз үй жинап берді. Атбасар уезінен – 23, Петропавл уезінен – 49, Петропавлдан – 5, Көкшетаудан – 14, Ақмола уезінен – 25, Омбыдан – 54 үй жіберілген. Киіз үйдің бағасы 200-ден 450 рубльге дейін көтерілді. Көмек ретінде ақша да жинастырылып, жиналған 1142 рубль губернаторға берілген. Уездік қайырымдылық ұйымдары 10 000 рубльге дейін көмек берсе, қазақтардан тері, жылқыдай жылу жиналған [61].

XIX ғасыр мен XX ғасыр басында қазақ даласын жайлаған жұттардың арты ашаршылыққа ұласып, біріншіден, қазақтардың шаруашылығына үлкен кесірін тигізіп, мал шаруашылығының дамуына кедергі болса, екіншіден, жұқпалы аурулар тарап, адам шығынына алып келді. Жұттарды ауыздықтауда түрлі іс-шаралар жүзеге асырылса да қазақ халқына есепсіз зиян шекті.

## **2. 1916-1918 жж. Қазақстандағы ашаршылық**

1916-1918 жылдардағы болған аштық халқымызды әлеуметтік және экономикалық жағынан тұралатып тастады. Бұл аштықтың ауыртпалығы қазақ халқына оңай тиген жоқ. 1916 жылы патшаның маусымдағы бұйрығымен ер азаматтарды қара жұмысқа алуға қатысты қазақтардың жерін, еккен егінін, баккан малын тастап, көрші облыстар мен елдерге қарай босуы, азық тапшылығы – ашығуға алып келді. Бұл астық бағасының нарықтағы құнын көтеріп жіберді.

1916 жылдың желтоқсанында қара жұмысқа майданға жіберілген қазақтардың арасында жұқпалы ауру тарады. Омбы әскери округінің әскери-санитарлық инспекторының берген анықтамасы бойынша Семейден Омбыға қарай шыққан бұратаналар тиелген эшалоннан бөртпе сүзегімен, іш сүзегімен ауырғандар шығып, қайтыс болғандар анықталды. Омбыда осы аурумен ауырғандардың вагондары қоршауға алынып, ішіндегі адамдар медициналық тексерістен өтті. Ауру шыққан вагондағы қара жұмысқа алынғандар Жетісу өңірінен келгендер болатын [62].

Петроградқа жіберілген хат бойынша Семей губерниясына қарасты Қарқаралы уезінде 15-29 қараша аралығында іш сүзегінен 338 адам ауырып, олардың 101-і қайтыс болған екен [63].

Аштық 1917 жылғы қос революциядан кейін қатты білінді. 1917 жылдың қысы аязды, ал көктемі мен жазы жаңбырсыз болуы бұрындары болмаған қуаншылыққа алып келді. Ашаршылықтың аса қатты белең алған жері Оңтүстік Қазақстан мен Түркістан өлкесі болды. Аштыққа Түркістанның барлық көшпелі және жартылай көшпелі аудандары толықтай, отырықшы аудандарының едәуірі ілініп, елдің жағдайы ауырлай түсті. Өсіресе Сырдария, Жетісу облыстары ілігіп, ашыққан ауылдардың саны арта түсті. Осы кездегі аштық туралы М. Дулатов «Ақжол» газетіне жариялаған «Ел күйзелді» деген мақалада былайша келтіреді: «17-18 жылдарда Түркістанда ашаршылық болып, жұрт малынан айырылып, адамы босып, Сырдария қазақтары шыбындай қырылды. Бала-шағаларын, қатын-қыздарын сатты» [64].

Осы жылдың ортасында астықтың зәрулігі анық байқалып, қазақ-

қырғыздардың жағдайының өте нашарлығынан ашыққандардың саны күннен күнге көбейе түскендігі белгілі болып, мерзімді басылым беттерінде түрлі хабарлар жариялана бастады. Өлкедегі аштықтың зорайып бара жатқандығын өз көзімен көрген ұлт зиялысы Хайретдин Болғанбаев «Бірлік туы» газетіне: «Түркістан қазақ-қырғызының арасына ашаршылық бәлесі кіріп, қырылып жатқан үстіне, Русиядағы большевик кесалаты тағы қоса беткей болып, жығылғанның үстіне жұдырық болды. Күздің ана басынан бері қарай ашаршылықтан шұбырып қала-қалаға жиналған сорлы алаш балаларының есебі жоқ. Олардың нағыз ажалсыз болып бір-бір себептен аман қалғандары болмаса, көбі-ақ шыбын есебінде қырылып жатыр. Осы күні Түркістан аймағының қай шаһарында болса да көше-көшені толтырып, қайыр сұрап жүрген сорлы алаш балаларынан адам аяқ алып жүре алар емес», – деп, елдегі алмағайып саяси билік тұсында аштықпен күресерге дәрмен болмай отырғандығына қынжылса, [65]. «Қазақ» газетінде Сырдария облысында аштық белгісі біліне бастағандығын, астық сұрап келіп жатқан, ағылып жатқан адамдардың саны күннен күнге артып отырғандығы жөнінде хабарлама басылып, онда: «...айына беріп тұрған 60 вагон астық 240 мың халыққа жұмасына 2 қадактан келмейді. Жұртқа қиын болып тұр. Аталары балаларына нан тауып бере алмай зар еңіреуде, халық ашаршылықтан жанжал шығаратын түрі бар» деп келтірілді [66].

Түркістан өлкесіндегі ашаршылықтың орын алуының бірден-бір себебі астық өсіріліп келген суармалы жерлердің басым бөлігіне мақта егіліп кетіп, егіс алқаптары қысқарып, өлкені астықпен 30%-ке ғана қамтамасыз етіп, тұрғылықты халық Ішкі Ресейден әкелінген астықпен қоректеніп келуінен еді. Алайда Ресейдегі төңкеріс, ішкі соғыс барысы астықты өлкеге тасмалдауға кедергі келтіріп, оның мөлшерін бірден қысқартса, ал майданды етпен қамтамасыз ету мал басынын кемуіне алып келді.

Т. Рысқұлов «Социалды Қазақстан» газетінде Түркістанды жайлаған аштық турасында: «1916-1918 жылдарда Түркістанда құрғақшылық қатты болып, егін шакпай қалды. 1916 жылы дәл егін орағы кезінде басталған жергілікті елдің көгерілістері жазалаушы отрядтардың

елді қырып, шаруашылықты жайпап бүлдірген әрекеттері, ұлт-тап күресінің бұрынғыдан да әрі шиеленісуі жалпы шаруашылық жөніндегі қиыншылықты онан сайын асқындырды. Осылардың салдарынан өлкедегі шаруашылық шайқалып, күйзеліп кетті. Керек-жарақ бағасы 3-4 есе қымбаттап кетті. Түркістан бұрын болып көрмеген адам айтқысыз үлкен ашаршылықтың құшағына кіруге айналды. Ашаршылыққа Түркістанның барлық көшпелі және жартылай көшпелі аудандары түтесімен, отырықшы аудандарының едәуірі ілінді. Ашыққан қазақ пен қырғыз топ-тобымен шұбырып қалаларға, селендерге қарай ауа бастады. Олар барған жерінде жүздеп, мыңдап қырылды. Баска жақтан келген астық пен тауарлар қаладағы Еуропалық жұрттың кезегін зорға-зорға қанағаттандырып отырды. Жергілікті жерлер (ескі қаладағы біраз байлар болмаса) баска жерден келген бұл азық-түліктен нәр татқан жоқ. Бұрын болып көрмеген шаруашылық кризисі мен ашаршылықтың салдарынан қала және селен халқы ортасындағы тап тартысы ерекше шиеленісті», – деп жаза келе, бұл ашаршылық алыпсатарлықты, талтық қанауды (байлардың кедейлерді жұмысқа жегуін), ұлттар арасындағы өшпенділікті күшейткенін айқын келтірген болатын [67, 118-119-бб].

1917 жылдың күзіне таман басталып, 1918 жылдың қыс айларында үдей түскен ашаршылыққа алдымен Әулиеата уезінің көшпелі халқы ұшырады. Ауылшаруашылығының күйзелуіне байланысты астық нарқы сұрапыл қымбаттады. 1916-1917 жылдары бір пұт астықтың бағасы 2 сом 50 тиыннан 81 сомға дейін бірақ көтерілді [68, 53-б.].

Ашаршылыққа ұшыраған Әулиеата уезінің көшпелі халқының арасында сүзек, іш аурулары, тырысқақ, құрқұлақ, оба аурулары тез тарап, уезд қазақтары аштық пен аурудың құрбанына айналды. Аш-жалаңаштан, індеттен қырылған адамдардың саны күннен-күнге көбейіп, өліктері далада шашылып қалды [69, 226-б.].

Түркістан Орталық Атқару Комитетінде жасаған баяндамасында Т. Рысқұлов аштық пен аурудан өлгендердің қатары әр уездерде 25-тен 50 процентке дейін жеткендігін, әсіресе Әулиеата уезінде адам өлімінің аса көптігін, тіпті аштықтан тұтас қырылған ауылдардың да барлығын, тұрғылықты халықтың азайғандығы сонша, кейбір жерлерде 2-3 тіпті



4 болыстан тек бір болысты эзер құруға болатындығын, бұл уезде жүздеген мың мал басының қырылғандығын, аштықпен күресті бастамаса, адам шығыны бұдан да зор өсетіндігін айта келе, тез арада ашыққандарға арнап арнайы тамақтандыру пункттерін, панасыз қалған балаларға пункттер мен колониялар мен жұқпалы ауруды ауыздықтауға дәрігерлік бөлімдер ашу, сонымен қатар ашыққан аудандарда экономикалық зерттеулер жүргізу мәселесін ұсынды. Сойтіп ол аштықпен күресте көптеген іс-шараларды қолға алды [70, 67-68-66.].

Өлкедегі жергілікті ұлттардың жағдайы ауыр күйге ұшырады. Елдің бұл жағдайын алыпсатарлар мейілінше пайдалануға тырысты. Әбден ашыққандар тіске басар тамақ үшін түрлі бағалы заттарын айырбастауға мәжбүр болды. Т. Рысқұлов ашаршылықты халықты қанаушы тап өкілдері мен шаруасы күйлі орыс шаруалары пайдаланып қалуға тырысқандығын: «Мұны сол жердегі халықтың эксплуататорлары пайдаланып кетіп, спекуляцияны мейілінше күшейтті, орыс әкім иелерімен қосылып алып, халықты аяусыз талады. Ашыққан жұрттың мүлкі сутегін сатылды. Ашаршылықтың салдарынан кей жерлерде тіпті кісі алып сату да болды. Байлар ашыққан елдің әйелдері мен балаларын сатып алып, алыпсатарлық та істеді», – деп келтірді [71].

1917 жылы Түркістан Республикасында астық нарқы қымбаттап кетті. Бидай мен нан бағасы күннен-күнге өсіп, орыс шаруалары қолында бар астықтан пайда табуды көздеп, үстемге бағамен сатуға тырысты.

1917 жылы 26 қарашада Қоқанда өткен IV-ші жалпымұсылман съезінде М. Шоқай Түркістан өлкесі астықсыз қалғандығын, Орынбордан нан әкелу тоқтатылғандығын ашық айтқан. «Вольный горец» газетіне жариялаған «Түркістан туралы шындық» (Правда о Туркестане) деген мақаласында да аштықтан қазақтар ауылдарын тастап, қалаға қарай шұбырғандығын, оларға сол жақта тосқауылдар қойып, тіпті қаланың ішінде жүрген аштарды күштеп шығарғандығын қынжыла жазған [72, 23, 83-84-66.].

Аштық тырнағына астықты Жетісу өңірі де ілікті. Торғай, Орал облыстарының бір бөлігі мен Астрахан губерниясының Бөкей Ордасындағы халықтар да ашықты. Бұған Уақытша үкімет еш шара

қолдана алмады. Бұл жайында «Туркестанский курьер» газетінде жиі акпарлар жариялап тұрды.

1917 ж. аяғына қарай Әулиеата уезінің 44307 шаруашылығы аштыққа ұрынды. Сонымен қатар Перовск уезіндегі – 24 810, Түркістан уезіндегі – 12 296, Шымкент уезіндегі – 3 618, Қостанай мен Ақтөбе уездеріндегі – 62 275 шаруашылықтар ашықты. Жетісу губерниясына қарасты бір Верный уезінің өзінде 220 мыңдай адам аштық дәмін татты. Уақытша үкіметтің облыстық комиссариатына Павлодар, Верный, Әулиеата, Атбасар, Перовск, Қазалы, Түркістан, Шымкент, Ақтөбе, Жаркент, Лепсі, Темір, Орда, Қостанай және тағы басқа қалаларда азық-түлік қиыншылықтарына байланысты жағдайларының аурылығын айтқан көптеген жеделхаттар түскен. Барлығында «аштыққа қатысты бүлік» болуы мүмкіндігі айтылып, тез арада төтенше шараларды қолдануды өтінген. Қалаларда берілетін нан мөлшері азайып, оны тұрғындары күнделікті ала алмаған. Қыркүйек-қазанда Қазақстанда азық-түлік мәселесі одан сайын тапшылыққа айналып, Павлодар, Петропавл, Жаркент, Пішпек және тағы басқа қалаларда «аштық бүлігі» басталды [69, 226-6.].

Сырдария облыстық Азық-түлік комитетінің төрағасы Петроградтағы Мемлекеттік мәжіліс төрағасына жіберген жеделхатында «ай сайынғы үш жүз вагондағы азық-түлік тұрғындардың тек отыз пайызын ғана қанағаттандыра алады», – дей келе, азық-түлік жағдайы күннен-күнге төмендеуі халықты «аштық бүлігіне» алып келуі мүмкіндігін ескерткен [73, 125-126-66.].

Жағдай ушыға бастаған кезде республиканың барлық зауыт, фабрика, ауыл мен қышпақ жұмысшылары мен шаруалары, солдаттары астық монополиясын енгізу, алыпсатарларға тосқауыл қою арқылы аштықты ауыздықтауды талап етті.

Түркістандағы ашыққандарға азық-түліктей көмек Қазақстанның көптеген аудандарынан түсті. Түркістан өлкесінің уәкілі Саблин жергілікті Кеңестердің көмегімен Ақтөбе уезінен 27 мың пұт нан, 325 пұт сары май, ондаған вагон картоп дайындаса, 1917 ж. аяғында Әулиеата Кеңесінің арнаулы өкілдері Хоменко мен Жужин Ақмола облысынан 100 мың пұт нан сатып алған.

Ел ашығып жатқан кезде Ақмола облысының орталығы болған Омбыдан, Петропавл, Семей және Солтүстік-Шығыс Қазақстанның басқа қалаларынан Москва мен Петроградқа күнде эшолон астық жөнелтіліп отырды. Мысалы, Семейден Орталыққа 1 716 мың пұт астық жөнелтілген [74, 196-197-бб.].

Ақтөбе облысынан Москваға 99 вагон астық пен басқадай азық-түлік жіберілсе, Батыс Сібірден 47 вагон бидай жөнелтілген. 1918 жылдың мамырына дейін толық емес мәліметтер бойынша Ресейдің өнеркәсіптік аудандарына Ақмола, Семей, Торғай және Орал облыстарынан 20 млн пұт астық пен ет жіберіліпті [69, 479-480-бб.].

Уақытша үкіметтің халықтан жинақтал алған азықты жергілікті тұрғындарға емес, Ресей губернияларына жіберуі қазақ комитеттерінің ашу-ызасын туғызды. Азық-түлік қоймаларын, жеке дүкендерді бұзып, азықты таратып алу сияқты деректер тіркеле бастады.

«Сибирская речь» газетінде 7 қазанда Верный облыстық Азық-түлік комитеті Жаркент, Верный және тағы басқа уездерде аштық нышаны сезіле бастағандығы, Верныйда нан дағдарысы қалыптасқандығы жөнінде акпараг жариялады. Сол күні Верныйдағы Азық-түлік комитеті Уақытша үкімет комиссары Шкапскийдің үйіне тінту жүргізіп, қанша мөлшерде ұн сатып алғандығын анықтамақ болған. «Үкіметке қарсы үгіт-насихат жүргізді» деген желеумен комитет мүшелері тұтқынға алынған [69, 232-233-бб.].

Түркістандағы, әсіресе Әулиеата уезінде аштық мәселесі 1917 ж. соңы мен 1918 жылдың басында Әулиеата уездің Кеңесі атқару комитеті мәжілісінің күн тәртібінен түспеді. 1917 ж. 2 желтоқсанында Әулиеата Кеңестерінің уездік съезінде азық-түлік мәселесі қаралып, азық-түлік пен малды уезд аумағы мен Әулиеата қаласынан шығаруға тыйым салынып, азықты біркелкі мөлшерде бөлу, ашыққандар үшін байлардың артық азықтарын тәркілеп алу жөнінде қаулы қабылданды. Ашыққандар үшін жергілікті халықтан салық жинау, жаңа тамақтандыру орындарын ашуға қажетті қаражатты анықтауға тырысты [75, 286-291-бб.].

Уездегі аштық барысын ауыздықтауға Т.Рысқұлов белсене кірісіп, аштыққа ұшырағандарға көмек ұйымдастырды. 1918 ж. сәуірінде ол

Әулиеата уездік кеңесінің атқару комитеті төрағасының орынбасары болып сайланып, күйзеліске ұшырап отырған шаруашылықтарға егіс құрал-саймандарын, тұқым беруді сияқты мәселелерді қолға алды. Саяси қызметке араласқан ол елде белең ала бастаған келенсіз жағдайларға тосқауыл бола білді. Дегенмен байлар үкіметке белгіленген баға бойынша астық сатудан бас тартуынан көптеген егіс алқабы егусіз қалды. Оның үстіне Түркістан Республикасына жіберілген Азық-түлік халық комиссариатының кейбір басшылары көмекке келген азық-түлікті таллан-таражға салған. Осы жағдайға орай Т.Рысқұлов арнайы комиссия құрып, ашыққандарға жәрдем беру ісін қатан қадағалап, өрескел бұзушылықтарды анықтап, дер кезінде әшкерелеуге тырысты.

Уездік Кеңес мүшелері зор жауапкершілікпен ауылшаруашылық күйзелісіне ұшырап отырған қазақ шаруаларына жәрдем беру, көктемдегі егіс жұмыстарын ұйымдастыру сияқты мәселелерді қолға алды. Ол Қытайдан қайтып оралған босқын қазақтарды орналастыру ісін өз қалына алып, оларға арнайы қоғамдық тамақтандыру орындарын аштырып, ашыққан адамдарды азық-түлікпен қамтамасыз етуге басшылық жасайды [76, 11-12-бб.].

1918 жылы 21 сәуірде Т. Рысқұлов пен Т. Жанұзақовтың ұйымдастыруымен Әулиеата қаласында уезд қазақтарының тұңғыш съезі өтеді. Осы съезд барысында ашаршылықпен жұқпалы аурулармен күрес жайы талқыланды [77, 33-б].

Аштықпен күресу барысында қайраткер орыс шаруаларынан астық сатып алу, оны ашыққандарға бөліп беру, ыстық тамақ беру пункттерін ашу шараларын жүзеге асырды. Ол уездік съезд, жиындарда ашаршылықпен күресуді батыл көтерді. Оның төрағалығымен Әулиеатада 1918 ж. 11 мамырында өткен уездік съезде аштықпен күресуде орын алып отырған кемшіліктер сынға алынып, қазақ ауылдарын тонаушылыққа ұшыратып отырғандығы айтылып, қазақ ауылдарына орыс шаруаларының тарапынан жасап келген шабуылдарын тоқтату, бір-біріне айдап салатын арандатушылыққа жол бермеу шаралары белгіленіп, қазақ пен орыс арасында осындай кикілжіңдерге дем беріп отырған кейбір мекеме басшылары орнынан алынып, жауапқа тартылды [78, 30-31-бб.].

Дегенмен аштыққан босқандардың қатары күннен күнге көбеймесе, азаймады. Тамақ іздеп, бір губерниядан екіншісіне қарай жаяу-жалпы шұбырғандар санын анықтау мүмкін болмады. Оның үстіне Қазақстанға Ресей губернияларынан тамақ іздеп келушілердің қатары толастамады. Бұл тұрғындарды азық және жұмыспен қамтамасыз етуде бірталай қиыншылықтар туғызды. Жергілікті кеңестер шеттен келген босқындарға арнап ондаған тамақтану орындары мен асханалар ашуға мәжбүр болды. Мысалы, 1918 ж. 20 наурызда Арал Кеңесі «ашыққан кедей шаруаларға арнап тегін асхана ашу» жөнінде қаулы қабылдаса, ал 23 мамырында Семейде босқындарға арнап асхана ашылып, облыстық кеңес 5000 сом ақша бөлген. Сонымен қатар Кеңестер жұмыссыздар мен босқындардың жағдайын жақсартудың басқа жолдарын іздеді. Аса қажетті азық-түліктің сату бағасын төмендетті. Семей қаласындағы кәсіподақ орталық комитетінде жұмыссыздар ісі жөніндегі бөлім ашылып, оның құрамына жұмыссыздардың үш өкілі және кәсіподақ пен еңбек биржасының бір-бір мүшесі еніп, қаладағы барлық кәсіпорындар мен мекемелерде бар бос орындарды анықтау және оған жұмыссыздарды орналастырумен айналысты. Дегенмен бұл іс-шаралар академик К. Нұрсейістің тұжырымынша ашыққан халықтың бар мұқтажын шеше алған жоқ [74, 196-198-бб.].

Аштықтың арты жұқпалы ауруларға ұласып, 1918 жылы да Әулиеата уезіндегі көшпелі қазақтардың арасында сүзек, іш аурулары, тырысқақ, құркұлақ, оба аурулары тез тарады. Аш-жалаңаштан, індеттен қырылған адамдардың саны күннен-күнге көбейіп, өліктері далада шашылып қалды. Түркістан атқару комитетіне жолданған жеделхаттың бірінде: «Әулиеатада шірі бастаған өліктерді жинап алуға мұрша жоқ», – делінді [78, 46-б.].

Уездегі ауыр жағдайға байланысты әрі жұқпалы аурулардың жылдам тарауын тежеу мақсатында жергілікті кеңесте жасалған баяндама бойынша 1918 ж. мамыр-маусым айларында уезде үздіксіз учаскелік емханалар, Грозный, Мерке және Шудағы Новотроицкіде эпидемиялық пункттер ашылып, уезд бойынша тырысқаққа қарсы 5000-дей егу жұмыстарын жүргізіп, тағы да 5000 адамды егуді жоспарлады. Сонымен бірге уездегі барлық халыққа медициналық және ветеринарлық көмек

көрсетудің алдағы жоспары жасалып, Ташкентке бекітілуге жіберілген [69, 231-66.].

Түркістан республикасындағы ішкі қиыншылыққа қарамастан Орталық комиссиясы аштықты ауыздықтауға бар күшін салды. Т.Рысқұловтың басшылығының нәтижесінде аштарды тамақтандыратын арнайы пункттер, асханалар ашылып, ашыққандарға азық-түлік таратыла бастады.

1918 ж. 3 маусымында Түркістан өлкелік кеңесінің азық-түлік бөлімі Сырдария облысынан ашығып Ахтөбе уезіне босып барған қазақтар үшін 100 мың сом ақша жіберсе, мамыр-маусым айларында бір Мерке уезінде 1200 адамды тегін тамақтандыратын асхана ашылып, 700 мың сом ақша бөлінді. Әулиеата уездің кеңесі осы жылдың жазында ашыққандарға көмек ретінде меркілік ірі байлардан 109 900 сом ақша, 912 қой, 133 бас ірі қара малын алған. Сонымен қатар 1918-1919 жылдар аралығында ашыққан тұрғындарға арналып мемлекеттік егістікке тұқым себуге 500 мың сом жұмсалған [69, 497-6.].

1918 ж. 15 маусымында Шевченконьң төрағалығымен өткен солдат, шаруа және мұсылмандар депутаттары кеңесінің съезінде Т.Рысқұлов тамақтандыру орындарына байланысты сөйлеген сөзінде ашыққан қазақтарды өз болыстарына жіберіп, оларды ауқатты туыстарына тамақтандыруды жүктеу және оны ауыл, болыс комиссарларына қадағалауды тапсыруды, өз жеріне қайтарылған, бірақ ауқатты туыстары жоқ босқын аштарды қоғамдық асханалардан тамақтандыру қажеттігін көтерді. Ол сонымен қатар тез арада қала ауқаттыларынан 50 000 сом қарызға алып, ашыққандарды орналастыру ісіне кірісуді де талап етті.

Қала милициясының өз қызметіне салақтықпен қарауының нәтижесінде көшелерде аштан өлгендердің сол қалпында жатқандығын сынға ала, оларға ашыққандарды дер кезінде тамақтандыру орындарына жеткізу, ал туыстары бар бірақ әлсіздіктерінен өздерінің тұрған жерлеріне жете алмай қалған аштарды уақытша орналастыру бюросына жеткізуді міндеттеуді көтерді.

Ашыққандар қорында қаражаттың жоқтығынан базарда сатылатын малға салық салуды ұсынды. Мәселен, ұсақ малға 50 тиын, ірі қараға 1 сом мөлшерінде салық салу қажет деп тапты. Т.Рысқұлов сонымен қатар театр-

лар мен көңіл көтеретін сауық орындарынан түскен каражаттан да салық төлесту керектігін баса айтты. Уездегі ашыққандардың ауыр жағдайына байланысты Орталық Үкіметтен 1 000 000 сом сұрау қажеттігін және уездік комиссариатқа азық-түлік секциясы ұйымдасқанша ашыққандарды орналастыру мәселесін міндеттеу, медициналық қадағалауды күшейту, байлардан киіз үйлер алып, оған аштарды орналастыру және оларға берілетін тамақ мөлшерін көбейтуді де атап өтеді [79, 82-83-66.].

Т. Рысқұловтың ұсынысымен съезде қаулы қабылданып, атқару комитетінің жанынан құрамында екі мүшесі бар комиссия құрылып, аштарға арналған орындардағы меңгерушілер мен қызметкерлердің қызметін тексеруді қолға алды.

Съезде қаралған екінші мәселе аштықтан босып, тұрғындары азайған екі немесе бірнеше болыстықтарды қосу еді. Қабылданған қарарда бір немесе екі болыстарды оның шаруашылығына нұқсан келтірместей қосу қажеттігі айтылды. Т.Рысқұлов бұл мәселеде де пікірін білдірді. Ол кейбір болыстардың тұрғындарының саны қатты азайып кеткендіктен бірнеше болыстарды қосудың маңыздылығын айта отырып, қазақтар мен отырықшы орыс шаруаларын қосу барысында тәртіпсіздіктерге, күштеуге жол бермеуге шақырды. Ашыққан барлық мұсылмандар мен орыс шаруалары салықтан босатылды.

Т.Рысқұлов өлкедегі аштық қасіретін Войтинцев төрағалығымен өткен Түркістан Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде жасаған баяндамасында нақты мысалдармен келтірді. Ол аштық пен аурудан өлгендердің қатары әр аудандарда 25-тен 50 процентке дейін жеткендігі, әсіресе Әулиеата уезінде адам өлімінің аса көптігін, тіпті аштықтан тұтас қырылған ауылдардың да барлығын, тұрғылықты халықтың азайғандығы сонша, кейбір жерлерде 2-3 тіпті 4 болыстан тек бір болысты әзер құруға болатындығын, бұл уезде жүздеген мың мал басының құрылғандығын айтты.

Денсаулық сақтау комиссариатының аштыққа назар аудармауының нәтижесінде жұқпалы аурулардың өршіп отырғандығын сынға алып, ашыққандарға көмек берудің жоспарын ұсынды. Оның біріншісі, ашыққандарды тамақтандыру орындарына орналастыру, балалар үйі

мен колониялар ашу, медициналық көмек көрсету, жұкпалы ауруларға қарсы түрлі шаралар қолдана отырып күрес жүргізу сияқты тікелей көмек көрсету болса, екіншіден, ашыққан аудандардың экономикалық жағдайына зерттеу жүргізу болды [70, 368-66.].

Т.Рысқұлов сөз соңында әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау, азық-түлік, қаржы және т.б. комиссариатының өкілдері кіретін арнайы ұйым құрып, оны «Аштықпен күресетін ерекше Орталық Комиссия» деп атауды ұсынды және өзін денсаулық сақтау комиссары қызметінен босатуын, аштықпен күрес жұмысына тағайындау жөнінде өтініш білдірді [70, 12-6.].

Түркістан Республикасының азық-түлік комиссарының бұйрығымен 1918 жылы 21 маусымнан бастап астықпен еркін түрде сауда жасауға тыйым салынды. Түркістан Республикасының әскери-транспорттық қоршау жағдайында халықтың өмірі ең төменгі деңгейге дейін төмендеді. Сот орындарында аштықтан адам етін жеу фактілерінің болғандығы жайында істер ашылған. Әулиеата уезінде адам өлімі күннен-күнге ұлғая түсті.

1918 ж. 28 қарашада Т. Рысқұловтың өтініші қабыл етіліп, республикада бірнеше комиссариаттар құрылып, ол аштықпен күресетін ерекше Орталық Комиссиясының төрағасы болып тағайындалып, ОАК-де қабылданған қаулы-қарарларды жүзеге асыра бастады. Сырдария губерниясының Ферғана, Самарқанд, Жетісу және т.б. уездерінде Орталық комиссияның бөлімдері ашылып, әр уездерде ашыққандарға арнап асханалар мен тамактандыру орындары ашылып, азық-түлік таратылды. Комиссия мүшелері әр апта сайын атқарған қызметтері Орталық Атқару комитетінің мәжілісінде баянлап отырды.

13 желтоқсанда Богоявленскийдің төрағалығымен өткен Орталық Атқару комитетінің кезекті мәжілісінде жасаған баяндамасында Т. Рысқұлов аштықтың республиканы толықтай жайлап бара жатқандығын, тұрғылықты халықты аштық пен өлімнен аман сақтап қалу үшін қолмақты қаражаттың қажеттігін, бірақ қанша қаражаттың керектігіне ашыққандардың нақты санын анықталмағандықтан білмей отырғандығын баса келтірді. Комиссияның қолында бар мәліметі бойынша республиканың



уездерінде 384 635 адам ашығып, тек олардың 20 022 адамы ғана асханаларда тамақтана алған. Орта есеппен әрбір адамның тамақтануына 2 сом 23 тиын бөлінгендігі анықталып, жаппай ашыққандарды киіндіру үшін 29 млн. сом ақша қажеттігі нақтыланды. Сонымен қоса Аштыкпен күрес комиссиясының штатын камтамасыз етуге 278 000 сом, жалпы республиканың бір айына 80 789 769 сом керектігі де ашық көрсетілді.

Тұрар Рысқұлов Азық-түлік директориясының ашыққандарды толық камсыздандыра алмайтындығын, сол үшін азық-түлік даярлайтын шаруашылық жасап, алғашқы уақытта 6 млн. ақша, шаруашылық орында тұрғын үйлер салуға 15 млн. ақша жұмсалатындығын айқын айтты. 5 желтоқсанға дейін тек 25 млн. ақша бөлініп, оның 5 млн. ұсталған. Ол бұл қаражаттың республика халқын құтқаруда жетпейтіндігіндіктен 40 млн. ақша бөлуді талап етті. Бұл ұсынысы ұзақ айтыс-тартысқа түсіп, Орталық Комитет талап етілген ақшаны бөлу жөнінде қаулы қабылдады [70, 103-104-бб.].

1918 жылдың соңына қарай қайраткердің айтуынша, республикадағы ашыққандардың саны 1 миллионға жеткен. Әр уезде уәкілдер тағайындалып, ашыққандарға арнап тамақтандыру орындарын аша бастады. Алайда бұл орындарға қажетті ақша болмағандықтан жабылып қалу қаупі төнді. Бұл жөнінде әр жерлерден жеделхағтар түсіп, қаражат болмаған жағдайда басталған іс аяғына дейін бармайтындығын ескерткен.

Лев Троцкий 1918 жылы 9 маусымда Сокольникидағы халық жиналысында сөйлеген сөзінде «ашығудың себебі қордағы бар астықты жеп қоюда емес, осы астықты дұрыс қолданбаудан және оны орынды бөлетін мықты қолға бермеуден емес пе» деп тұжырымдады. Ол Торғай мен Семей облыстарында әлі де болса қолданылмаған 1914 жылғы астықтың барлығын ескертіп өтті [80, 10, 12-бб.].

Аштыкпен күресте Орталық Комиссия ауыр жағдайда жұмыс жүргізді. Себебі азық-түлік қымбаттап, алыпсатарлар мен байлар бар тауарларын тығып, кедейлерге көмек беруден бас тартты. Сондықтан ұлт зиялылары республикадағы аштыкпен күресудің жолдарын қарастырып, ашыққандардың өзіне мал, егін шаруашылықтарымен айналысуға бар

мүмкіндікті жасауды, кедейлерді ұйымдастыру арқылы алысатарлар мен байлардың тығын қонған тауарларын тауып, тәркілеп алу қажеттігін көтерді. Мәжіліс барысында оның бұл ұсыныстары талқыға салынып, ұлттар ісінің комиссары Жорабаев алысатарлар мен буржуазия өкілдерін толықтай құртуға рұқсат беруді ұсынса, Трофимов кедей мұсылмандар арасында байлар мен алысатарларға қарсы төңкеріс ұйымдастыруды жөн санады.

Т. Рысқұловтың қоғамдық-саяси қызметін зерттеген ғалым О. Қоныратбаев оның басшылығымен Орталық Комиссиясының ашаршылықты ауыздықтаудағы жұмыс жоспарын былайша көрсетеді:

- республика көлемінде ашыққан халыққа жедел көмек ұйымдастыру үшін арнайы қоғамдық тамақтандыру орындары мен жетім балалар үйлерін ашу, оларға дәрігерлік көмек ұйымдастыру;
- өлкелік Азық-түлік директорысымен бірлесе отырып қоғамдық тамақтандыру орындарын етпен, нанмен және басқа да азық-түліктермен қамтамасыз ету үшін азық-түлік даярлайтын бөлімдер құру.

Тұрардың аса көңіл бөлгені – аштықтан жас ұрпақтарды аман алып қалу болды. Республиканың ашыққан, ауруға шалдыққан қорғансыз жетім балалары үшін мемлекеттің арнайы қамқорлығында болатын арнайы балалар үйлерін ашуды ұйымдастыру туралы уақытша ереже даярланды.

Оның ұйымдастыруымен, басшылығымен 1918 жылдың қарашасынан 1919 жылдың наурызы аралығында мынадай істер жүзеге асырылды:

- республика көлемінде аштыққа ұшырағандарға қоғамдық тамақтандыру орындарын ашу арқылы жедел көмек көрсетілді, қоғамдық тамақтандыру орындарында қатаң тәртіп орнатылды;
- ауруларды емдейтін арнайы дәрігерлік бөлімшелер ашылып, жұқпалы ауруларды алдын алу шаралары іске асырылды;
- балалар мен жетімдер үйі ашылды;
- аштыққа ұшыраған халықтың экономикалық мүмкіндіктері зерттелініп, еңбекке жарамдылары үшін кең көлемде жергілікті, ұсақ тауарлы өндіріс орындары ұйымдастырылды;
- аштыққа ұшыраған отырықшы халық арасында түрліше еңбек

коммуналары ұйымдастырылып, оларға егістік жер үшін мемлекеттік қордан көп мөлшерде жер үлесі бөлініп берілді, коммуналар ауыл шаруашылығы еңбек құраларымен, тұқыммен қамтамасыз етілді;

- көшпелі малшы қауымдарына мал шаруашылығын қалпына келтіруі үшін мүмкіндіктер жасалынды;

- еңбекке жарамды ашыққан адамдар ішінен түрліше қоғамдық жұмыстар үшін іріктелініп арнайы құрылыс бөлімдері ұйымдастырылды, бұлардың табысы басқа ашыққандар мен балаларды қосымша тамақтандыруға жұмсалды [78, 56, 68-69-66].

Т. Рысқұловтың басшылығымен аштықты ауыздықтауға көп іс-шаралар жүргізілгенімен де 1918 жылы да Әулиеата уезіндегі казактары аштық зардабын тартып жатты. Осы жылы тамақтандыру орындарында 3 млн-дай ашыққандарға түстік тамақ берілсе, бұл көрсеткіш 1919 жылы ондаған есеге көбейді. 5 ай ішінде 3,2 млн ашыққан адамдарға түстік ас берілген [81, 129-66].

Түркістан республикасындағы ішкі қиыншылыққа қарамастан Орталық комиссиясы аштықты ауыздықтауға бар күшін салды. Дегенмен 1919 жылы да халық арасында ашыққандардың саны азайған жоқ. 1919 жылдың қыркүйегінде болған Түркістан Республикасының VIII-ші Төтенше съезінде республикада сәуірі мен мамырында ашыққандардың саны 922 010 адамға жетіп, қыркүйек айында 17 334 ашыққандар тіркеліп отырғандығы, оларды тамақтандыратын 40-тай ғана пункттердің барлығы баса айтылды [70, 343-6.].

1919 жылы да халық арасында әлі де болса ашыққандар бар еді. Т. Рысқұлов аштықпен күрес барысы кезек күттірмейтіндігін жоғарғы үкімет орындарына айта отырып, онымен күресте Орталық комиссияның қабылдаған қаулыларын мүлтіксіз орындаудың маңыздылығын әр мәжілісте айтуды, дәлелдеуден болды. Аштықтан өз мекенінен босып кеткендерді өз жеріне қайтып оралуына, олардың орналасуына және жұмыспен қамтамасыз етілуіне барлық жағдайды жасап бақты. Оның табандылығының нәтижесінде босқындардың еңбекке жарамдылары жұмысқа орналастырылып, туралап қалған шаруашылықтарды қалпына келтіруде бар күш-жігерлерін салды.

1919 жылы 4 қаңтарда Т. Рысқұлов Денсаулық сақтау халық комиссариаты жанындағы дәрігерлік алқасының мәжілісінде баяндама жасап, әрбір қоғамдық тамақтандыру орнында жергілікті дәрігерлердің тұрақты жұмыс істеуін талап етті [78, 56-б.].

Семей облысында 1918-1919 жылдары болған жұттан, мәселен бір Қарқаралы уезінде 1658 түйе, 5485 бас жылқы, 1285 ірі қара мал және 26028 қой мен ешкілердің қырылған [7, 10-б.]. Бұл сөзсіз өңірдегі халықтың ашығуына алып келді.

Түркістандағыдай ашаршылыққа Қазақстанның басқа өңірі ілінбегенімен жұтқа тап болып, малдары қырылды. Түркістан өлкесіндегі ашаршылықтың шығуына саяси жағдай тікелей әсер етті. Патшалық биліктің кеңестердің қолына көшуі, ел ішінде қиын-қыстау жағдайларға қарамастан аштықпен күресте көп келелі істер жүзеге асырылды. Бұл біріншіден, ашыққандарды өлімнен құтқарды, екіншіден, жетім, қаңғып қалған балаларды паналыққа алды. Үшіншіден, үкіметке ауылшаруашылығын қалпына келтіруге назар аударудың маңыздылығын көрсетіп берді.

## II-ТАРАУ

### 1921-1922 жж. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ

### АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫМЕН КҮРЕС

#### 1. XX ғ. 20 жж. ашаршылықтың

#### алдындағы қоғамдық-саяси жағдай

XX ғ. 20-жылдарының басында Қазақстанның ауылшаруашылығы аса күрделі жағдайда болды. Бұған республикада болған Азамат соғысы өз ізін қалдырды. Азамат соғысы кезінде басталуы халықтың шаруашылығын әскери жағдайға бейімдеу мен азық-түлік салғырты халықты әбден титықтатты. 1918-1919 жылдары республика территориясының кейбір уездері мен болыстары біресе «ақтардың», біресе «қызылдардың» қолына көшуі себебінен 1920 жылы егістік пен шабындық алқабын азайтып жіберген болатын. Оның үстіне ауылшаруаларының егістікті өңдейтін құрал-саймандарының болмауы дер кезінде егін егуді кешеуілдетті. Мал шаруасы да күйзелді. Болшевиктерден қашып бара жатқан ақ әскерлері мыңдаған малды айдап әкетті немесе қырып тастады.

Академик Манап Қозыбаевтың бұл турада: «Азамат соғысы жылдары да айтарлық проблемалар баршылық. Біріншіден, революция мен контрреволюция лагерлерінің болғанын қалай айтпауға болады. ...қазақ елі, әсіресе, ауыл қызылдардан да, ақтардан да бірдей жапа шекті. Соғыс зардабын, азабын ел көрді. Ауылы ортеніп, малы қарға-құзғынға жем болды. ... социализм идеясы, міне, осылай бұрмалана басталды. Күш, зорлық жүрген жерде әділдік кетеді, әділдік кеткен жерде сыбыр, өсек-аян, сырттан ғайбаттау басталды», – деп жазуы, сол кездің шындығын ашқандай [1, 207-6.].

Азамат соғысы мен одан кейінгі кезде де халық шаруашылығы толықтай құлдырады. Төменде Батыс Қазақстандағы бір шаруашылықтағы мал басының 1911-1920 жж. аралығында қалай өзгергенін байқайық.

| Зерттеу жылдары | І шаруашылықты жылқымен есептегендегі мал басы | Соның ішінде |      |              |                    |
|-----------------|------------------------------------------------|--------------|------|--------------|--------------------|
|                 |                                                | жылқы        | түйе | Ірі қара мал | Қойлар мен ешкілер |
| 1911 ж.         | 23,1                                           | 8,2          | 0,8  | 8,6          | 5,5                |
| 1917 ж.         | 23,0                                           | 9,3          | 1,0  | 9,3          | 5,4                |
| 1920 ж.         | 5,7                                            | 2,3          | 0,3  | 3,1          | 1,0                |

Кестеден көргеніміздей, Батыс облыстарда 1920 жылы мал басы бір-неше есеге азайған. Жылқы өсіру, ірі қара, қой мен ешкі өсіру аштықтың алдында бірден құлдырап кеткен екен.

1920 жылы Батыс Қазақстанда егістік көлемі 77%-ті құрады. Алайда 1911 жылмен салыстырғанда егін алқабы 1917 жылы 14%-ке қысқарды. 1920 жылы шаруашылыққа орташа есеппен 2,6 десятина егістік келді. Соғысқа дейінгі уақытпен салыстырсақ, егіс көлемі 55% ғана болды [2].

Азамат соғысы халықты азық-түлік салғыртымен жаныштап, шаруалардың маңдай термен тапқан азығын күшпен тартып алу саясатын жүзеге асырды. Азық-түлік салғырты «Әскери коммунизм» тұсында, 1919 жылғы қаңтардан 1921 жылдың мамырына дейін жүргізіліп, шаруа өзіне талшық етерлік азық қана қалдырып, қалғанын белгілі бір бағамен мемлекетке өткізуге тиіс болды. Армияның мұқтаждығы үшін басы артық ауылшаруашылық өнімдері түгел дерлік алынды. Ауылшаруашылық өнімдерін өндірудің қысқаруы мен азық-түліктің Қызыл Армияны жабдықтауға жұмсалуды халықтың жағдайын тураландырып жіберді. Салғыртты жүргізуде өнімдей беруге қарсылық білдірген қазақ шаруаларын малдарын басқа жаққа айдап, ауа көшіп кетуіне соқтырды.

Негізінде «Әскери коммунизм» саясаты лажсыз туындаған еді. Себебі елдегі соғыстан шаруашылық күйреп, ел күйзеліске ұшырап, аштық нышандары біле бастады. Босқыншылық басталды. Жергілікті үкімет шарасыз кейіп таныта бастаған кезде осындай саясат аса қажет болды.

Әскери коммунизм саясатын жүргізудегі бірден-бір мақсат – азық-түлік мәселесін шешу болатын. Осы саясат арқылы кулактардың қолындағы

бар тауарлы астықтың артығын алу, жалданып жұмыс істеуге тыйым салу, еңбекшілерді бір орталыққа бағындыра отырып, жабдықтау тәртібі енгізілді. Дегенмен «Әскери коммунизм» атанған жылдарда Қазақстандағы ірі шаруашылықтар саны мен жалдамалы жұмысшылардың саны азайды.

Кеңес үкіметі Сібір мен Қазақстанның солтүстік-шығыс ауданындағы шаруаларға 1920 мен 1921 маусымына дейін 110 мың пұт астықтай салық төлеуге міндеттеді [3, 35-б.]. 1918 жылдың басында ашығып жатқан Мәскеу мен Петроград және Ресейдің өнеркәсіптік аудандарын құтқару үшін В. Ленин А.Г. Шлихтерді астық қоры бар Сібірге астық әкелуге жіберген болатын. Осы жылдың алғашқы айларында Омбы облысы мен Петропавл уезінен 4 млн. пұт астық әкетілді. Колчак әскерлері де Сібір мен Ақмола губерниясына қарасты бірнеше уездердегі шаруалардың астықтарын күшпен тартып алды. Қарсыласқандарын атып тастады. 1919 жылдың сәуірі мен мамыры аралығында Атбасар уезіндегі Мариновка селосында қарсы шыққан 150 шаруаны атып өлтірді [4, 19-20-бб.]. Сөйтіп шаруалардың бар астығын кеңестер мен ақ гвардияшылар кезектесе тонады.

«Ақ жол» газетіне жазылған мақалада: «Қазалы уезіне түскен 100 мың пұт астықты азық-түлік бөлімі болыс-болысқа бөліп, салып, тоқтаусыз жинауға бұйрық беріп еді. Қазақ халқының надандығын пайдаланып келе жатқан болыс испокомында отырған «сел камкорлары» бұйрық-жарлықтарды халыққа түсіндіріп білдірмей һәм өздері де қолданбай түскен астықты үй басына тегіс бөліп салып, астықты барлардан зорлап болса да алып, жоқтардан саттырып алып, елді бүлдіре бастаған.

Екінші жақтан елге шыққан прокурордың болмауы, отрядтар елде зорлық-зомбылықтар қылып, қатын, балаларды қорқытып күздік астықтарын тартып ала бастаған. Түркістан тұрмысымен таныс емес отрядтағы орыс жолдастар қазақтың ұраға көмген бидайларын жасырылған деп, бір түйір де қалдырмай алып кеткендер де болған», – деп келтірілді [5].

Үкіметке қарсылық көрсету барысы да белең алды. Ел арасында шыққан бандалық топтардың күнін әрең көріп отырған кедей ауыл-

дарын тонауы, малдарын айдап әкетуі, егіндерінің тапталуы немесе өртелінуі, оның үстіне азық-түлік салғыртының үстемелеп салынуы, астық пен еттен тапшылық көріп, онсыз да әзер жанын сақтап отырған кедей шаруалардың арасында наразылық туғызып, Қазақстанның уездерінде шаруалардың толқулары белен алаң бастады. Архив құжаттарына сүйенсек, республикасындағы халықтың 50 пайызы кеңес өкіметіне қолдау көрсетсе, 25 пайызы қарсылық танытқан, 25 пайызы екі жүзді саясат ұстанған, яғни бірде кеңестерді жақтаса, бірде қалыс қалып отырған. Үкіметке қарсылық танытушылардың арасында қызметтегі ұлт зиялылары әлдері келгенше кеңес үкіметіне қарсы үгіт-насихат жұмыстарын өрістеткен [6].

Салғыртқа қарсы Атбасар, Орал, Қарқаралы және Қазақстанның басқа уездерінде шаруалардың толқулары байқалды.

Азық-түлік мәселесіне байланысты шаруалардың толқуы 1920 жылдың тамыз айында Қостанай уезінде де орын алып, Қарауыл, Святогорский, Петропавловск поселкелерінде жалғасты. Көтерілісшілер қолдарында бар қару-жарақпен, тіпті аша, айырлармен де қаруланып, бес болысты басып алды. Орынбордан 110 найзамен және пулеметпен қаруланған әскер күші жіберіліп, 28 қазанда көтеріліс басылып, оған қатысты деген желеумен 170 адам қолға түсті [7].

Ауылшаруашылығындағы ауыр жағдайға байланысты шаруалардың арасында туындаған толқулардың басым көпшілігі кулактардың үгіттеуімен болды. 1920 жылы қараша айында жұмысшылар мен шаруалардың ірі толқуы Оралда орын алып, оны 22 кавалерия дивизиясының бұрынғы командирі шаруа А.П. Сапожников басқарып, Кеңес өкіметінің жүргізіп отырған билігіне қарсылық ретінде теміржол бойында поездарды тоқтатып, оның жүруіне кедергі жасаған. Алайда Новая Казанка селосына жақын манда кеңес әскерлері оларды талқандап, Сапожников аздаған шаруалармен Павлодар мен Сосновский аудандарына, Том губерниясының Змейногород уезіне, кейбірі бас сауғалап Қытайға қарай қашуға мәжбүр болған. Жасырынып жүргендерді қолға түсіру ерекше тағайындалған бөлім (ЧОН) күштерімен іске асырылды.



Кеңестерге қарсы қозғалыстар Қазақстанның барлық аумағында, оның ішінде Жетісу жеріндегі Верный мен Ақсуда болды. Сондай-ақ солтүстік өңірде де шаруалар толқуларының болып жатқандығы жөнінде жоғарғы орындарға жеделхаттар түсті. Мұндай толқулардың жиілеуі Кеңес өкіметін алаңдатпай қоймады.

20-ж. Қазақ автономиясы туралы тағы да көтеріліп, әзірлік жұмыстары жүргізіле бастады. Дегенмен оның жолында кедергілер де кездесті. Қазақ революциялық комитеті Қазақ АКСР-і Кеңестерінің Құрылтай жиналысының қарауына қою үшін бірсыпыра маңызды мәселелерді қолға алды.

1920 ж. 14 ақпанда қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі ревкомның мүшесі С. Меңдешев Түркістан майданы Революциялық Әскери кеңесінің уәкілі Мюраттың және Қырғыз (қазақ) өлкелік әскери комиссариатының инспекторы Ивановтың қатысуымен өткізілген комиссия отырысында Алашорданың батыс тобын тарату туралы қаралды. Комиссия өздеріне берілген міндет – Алашорданың Батыс бөлігін тарату жөнінде Жымпитыға келген кезде, Ревком мен I Армия революциялық әскери кеңесінің уәкілдері Бегімбетов пен Наумов Алашорданың мекемелерін таратып, Қызылқоға қаласында Алашорданың белсенді өкілдерінен ревком құрып қойған еді, Алашорда жетекшілері Орынбор қаласына бет алған Комиссия Алашорда басшыларының Орынбор қаласына шығып кетуіне байланысты мүшелеріне, уақыт кетірмеу үшін Қызылқоғаға сапарға шығудың қажеті жоқ екендігін ескертті. Бұл турада ревкомға хабарлап, Қырғыз (қазақ) ревкомы мен Революциялық Әскери кеңестің келісімімен Қызылқоға ауданындағы жағдайды анықтау және Алашорданың бұрынғы дүние-мүлкін алып келу үшін ерекше комиссия жіберу туралы қаулы қабылдады [8, 406-407-бб.].

1920 жылдың 9 наурызында Қазақ революциялық комитеті Алашорда үкіметін толықтай жою туралы бұйрыққа қол қойды. Оның мүшелері кеңестік қызметке тартыла бастады. Бұған 1920 жылдың 3 маусымдағы БОАК-нің Алашорда үкіметінің бұрынғы мүшелерін кеңестік жұмысқа тарту жөніндегі қаулысы септігін тигізді [9, 8-9-бб.].

Кеңес қызметіне Алаш зиялыларын тартудың маңыздылығын кеңестік билік түсінді. Н. Сырғабекұлы былай деп жазған екен: «...біз, алашордашыларды іске тартуымыз керек. Бұлардың жәрдемі болмаса, саяси жағдайлар жөнінде біз жетімдік көреміз. Алашорда адамдарының тәжірибесі күшті. Түрлі даулардың шешілуі жөнінде олар айтқанын берік ұстанып, дегендерін істетеді».

Орыстар өздерінің үстемдігін күшейту үшін алашордашылармен біздің арамызды ашуға тырысады. Алашордашыларды біздің республикамызда зиянды адамдар сияқты көрсеткісі келеді. Орыстардың мұндай ұлы ұлтшылдығына қарсы Кенжеұлы, Бөкейханұлы Абдолла, Әуезұлы Мұхтар тағы басқаларының күшін пайдалануымыз керек, әсіресе соңғы кезде көзге түсіп жүрген Мұстамбайұлы Ыдырыс, Кадаленко Нұрғали, Жүргенұлы, Байділдәұлы, Тоғжанұлы тағы басқаларын пайдалануымыз керек. ...күштердің барлығының бір жерге және шіріп тұрмай Қазақстанның түрлі түпкірлеріне таратып, әрқайсыларымыз өзіміздің ниеттес, тілектестерімізді көбейтуіміз керек. Осы ретпен ұйымдастыру жұмыстарын күшейте жүргізсек, сонда ғана біз өлкелік партия комитетін өз қолымызға ала аламыз» [10, 76-77-бб.].

Шынымен де Н. Сырғабеков айтқандай үкімет алашордашыларға үрке қарап, оларды жауапты қызметке жақындатпауға тырысты. Тартылғандардың әрбір ісіне күмәнданып, арнайы бақылау қойды.

1920 ж. 26 тамызында РКФСР БОАК және ХКК «Қырғыз (Қазақ) автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» Жарылыққа қол қойылды. Бұл Жарлықтан кейін 4 қазанда Кеңестердің Бүкілқазақстандық бірінші съезі ашылды. Съезд Қырғыз (Қазақ) АКСР-ін жариялады, биліктің жоғарғы органы – Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесін сайлады. Делегаттар «Қырғыз (Қазақ) АКСР-і еңбекшілерінің құқықтары Декларациясын» қабылдады.

Қазақ АКСР-ның құрамына мынадай облыстар мен уездер кірді:

а) Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан және Қарқаралы уездерінен тұратын Семей облысы;

б) Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Петропавл уездері мен Омбы уезінің бір бөлігінен тұратын Ақмола облысы;

в) Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз және Торғай уездерінен тұратын Торғай облысы;

г) Орал, Ілбішін, Темір және Гурьев уездерінен тұратын Орал облысы;

д) Закаспий облысының Маңғыстау уезі мен сол облыстың Красноводск уезіндегі адайлар мекендеген 4-ші және 5-ші болыстары;

е) Астрахан губерниясының құрамында болып келген Синеморская болысы, Бөкей ордасы 1-ші және 2-ші Приморский округындағы бұрынғы қазына қарамағында болған территориялар.

Декретте көрсетілгендей, Омбы уезінің нақты Қазақ және Сібір бөлігіндегі шекарасын айқындау Қазақ ревкомы мен Сібревкомның келісімімен шешілетін болды және осы екі облыстарда түпкілікті басшылық орнағанша уақытша Сібір ревкомының қалатын болды. Сібревкомының құрамына Қазревкомның өкілдері енгізілетін болды. Бірақ Ақмола мен Семей облыстары 1921 жылдың бірінші жартысына дейін Сібір ревкомына бағынып келді. Аталған екі облыстарды Қазақ өлкесіне қайтару жайы бірнеше рет қарастырылды. Бұдан кейін 1920 жылы 9 қыркүйекте Орталықтың шешімімен Закаспий облысының Красноводск уезіне қарасты адай болыстары Қазревкомның қарауына өтті.

1920 жылы 22 қыркүйектегі «Известия ВЦИК» газетінде 26 тамыздағы декреттің бірінші тарауына қосымша толықтырулар енгізілгені жарияланып, онда Қазақ АКСР-нің құрамына Орынбор қаласы мен Орынбор губерниясына қарасты Орынбор-Покровский, Краснохолм, Елек, Шарлық, Исаев және Петровск аудандарының қосылатындығы айтылды [11, 252-б.].

Декларация қазақ еңбекшілерінің экономикасы мен рухани өмірін жоғарғы сатыға көтеру, оларды отырықшылыққа көшіріп, ұжымдық шаруашылыққа үйретуге байланысты екендігін көрсетті. Декларацияда ұлт, жер, оқу-ағарту, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыруға аса мән берілді. Жер мәселесін шешуге арналған тарауы 1920 жылдың 10 қазанында съезд қабылдаған «Жер мәселесі туралы қарарында» одан әрі нақтыландырылып, толықтырыла түсті [12, 172-173-бб.].

26 тамыз декретіне сәйкес БОАК Қазревкомның жаңа құрамын бекітіп, төрағалығына В.А. Радус-Зенкович тағайындалып, мүшелігіне Ә. Жангелдин, Ә. Әйтиев, С. Арғыншиев, С. Меңдешев және т.б. кірді. Бұл революциялық комитетке Құрылтай съезін шақыру үшін дайындық жұмыстарын жүргізуді жүктеді. 13 қыркүйекте РК(б)П облыстық бюросы Кеңестер съезі жөнінде мәселе қарап, оның күн тәртібін бекітсе, 16 мен 25 қыркүйекте съездің баяндамаларының тезистерін талқылап, бекітті [13, 24-25-66.].

Осылайша қазақ мемлекеттілігін құру бастамасы кеңестік билік тұсында нақты іс жүзіне асырылды. Республиканың мемлекеттік билік органдарын ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарға Алашорданың бұрынғы қайраткерлері де тартылды. Бұл кезеңдегі үкімет мүшелері А. Байтұрсынов, Д. Әділов, Ж. Аймауытов, Ә. Әлібеков, Ғ. Әлібеков, М. Төлепов болды. Кейінгі кезеңде халық комиссарлары мен оның орынбасарлары қызметін Т. Жаманмұрынов, А. Кенжин, А. Ермеков, С. Сәдуақасов және т.б. атқарды. Негізінен алғанда үкіметтің бірінші құрамы коалициялық болды.

Құрылтай съезіне дайындық жұмыстары 1920 жылдың 1 қазанында аяқталды. Құрылтай съезіне дейін Орынбор қаласында бірінші өлкелік партия мәжілісі ашылып, оған Қазақстандағы әрбір губерниялық, уездік және уездік комитеттің құқығындай құқықтары бар аудандық комитеттерден бір-бір өкілден және Қазақстан Кеңестерінің Құрылтай съезіне делегат болып сайланған коммунистер қатысып, басталғалы отырған Қазақстан Кеңестерінің Құрылтай съезінің күн тәртібін анықтап, «Қазақ АКСР-і еңбекшілер құқығының декларациясының» жобасын қабылдады [12, 168-169-66.].

Құрылтай съезі Орынборда 1920 жылы 4 қазанда 273 делегаттың қатысуымен (128-і қазақ, 127-і орыс, 18-і өзге ұлт өкілдерінен) ашылды. Съездің ең маңызды тақырыптың бірі бұл – қазақ халқының мемлекеттілігін қалпына келтіру болып табылды. Бұл мәселе «Қырғыз (Қазақ) АКСР-і еңбекшілерінің құқық Декларациясына» толықтай көрініс тапты. Декларацияда Қазақ Ұлттық Кеңестік мемлекетінің құрылғандығын жариялады. Автономия есебінде Ресей Кеңестік Социалистік Республи-

касының құрамына ерікті түрде кіргендігі де айтылды. Съезде Түркістан мен Қазақ АКСР-нің қазақ облыстарын қосу мәселесі қаралып, бұл облыстарды қосу Түркістан ОАК-нің келісімімен жүзеге асыру қажет деп табылды.

Қазақ АКСР-н құру барысына дейін барлық қазақтар мекендеген жерлерді қосу мүмкіндік болмаған еді. Екі миллиондай халқы бар Жетісу мен Сырдария облыстары әлі Түркістан республикасының қарамағында қалып қойды. Сонымен бірге Манғышылақ уезі де бұл республиканың құрамында болды.

Бұл съезде құрамында 10 мүшесі мен 5 кандидаты бар Қазақ Орталық Атқару Комитеті құрылып, оның төрағалығына С.М. Мендешев, орынбасарлығына Ә.Т. Жангелдин мен И.Ф. Киселев сайланды.

Жергілікті кеңес депутаттары, ОАК-і және Халық комиссарлар кеңесі Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік республиканың басқару органдары болып табылды. Осы съезде басқару органдары ретінде Халық комиссариатының Ішкі істер, Заң, Ағарту, Денсаулық, Қаражат, Әлеуметтік қамсыздандыру, Егіншілік, Азық-түлік, Халық шаруашылық кеңесі, Жұмысшы-шаруа инспекциясы, Еңбек, Жол қатынасы сияқты халық комиссариаттары құрылды. Әскери аппаратты басқару ісі Заволжье Әскери округіне қарасты Қырғыз Әскери комиссариатының қарамағына берілді. Барлық қажетті қаражаттық және техникалық құралдар РКФСР-дің қаражат есебінен қамтамасыз етілді. Шет ел мәселесі мен сыртқы сауда ісі толықтай РКФСР Орталық органдарының қолында болды [14].

Сібревкомға, Астрахан губерниясы мен Түркістан республикасының қазақ тұрғындары мен олардың территориясы мәселесін түпкілікті шешу үшін Қазақ Орталық Атқару Комитеті аталған орындарға өз өкілдерін жіберуді қажет деп тапты. 1920 жылы 14 қазан айында болған Қазақ ОАК-нің отырысында Қазақ Халық Комиссариаты Кеңесінің төрағасы Р. Радус-Зенькович қысқа мерзімде Семей мен Ақмола облыстарын қайтадан қосу мәселесін ұсынып, оны Қазақ ОАК төралқасының мүшелері болған С. Сейфуллин мен Ә. Досов қолдады. Қазақ ОАК-ті төралқасы аталған екі облыстарды қайтару туралы Сібревкомға келіссөзге өкілдер жіберу

турасында қаулы қабылданды. 16 қазанда өткен екінші отырыста жіберілетін делегация құрамы қаралды [15, 140-б.].

Түркістан республикасының құрамындағы қазақ облыстарының бірігуі жөнінде Қазақ автономиялық республикасының құрылу кезеңінде қаралды. Қазақ жерлерінің біртұтас территориялық, экономикалық, әлеуметтік бірігу жолындағы қозғалысы осы өңірдің жергілікті қазақ этностарының өз еркімен қосылуға тілек білдіруімен де сипатталады. Мәселен, Сырдария облысындағы Түркістан уезінің қазақтары өздерінің мәлімдемесінде Түркістандағы қазақтардың шаруашылығының, оның ішінде дәстүрлі мал шаруашылығының дағдарыс жағдайында көршілес басқа ұлттар өкілдерінің шаруашылықтары арасында үлкен айырмашылық бар екендігіне тоқталған [16].

1920 жылдың 17 қарашасында ҚКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің кезекті мәжілісі өтіп, оған Халком Кеңесінің төрағасы Радус-Зенькович, комиссарлар А. Байтұрсынов, Заромский, Мырзағалиев, Аргыншиев, Әлібеков, Калашников, Омаров, Саматов және КОАК-і президиумының мүшесі Бөкейханов қатысты. Мәжілісте Қазақ республикасына орыс шаруаларын қоныстандыруды тоқтату қарастырылып, Орал облысында көшпелі адайлар мен табындардың отырықшылыққа ниеттенуіне байланысты шеттен әкеп қоныстандыруды тоқтатып, Орал облысында қазақ шаруаларын жерге орналастыру ісін қолға алу қажеттігі жөнінде ұсыныс айтылды [17]. 1920 жылғы БОАК-нің қаулысы бойынша Қазақ республикасының құрамына кірген Красновод уезіне қатысты қырғыздар мен түркімендер арасында жерге талас басталып, түркімендер қандай жолмен болса да қазақтарды бұл жерлерден кетіруге тырысты [18]. Ақмола мен Семей губернияларын Қазақ АКСР-нің құрамына енгізу мәселесі арнайы түрде 1921 жылы 1 қаңтарда шешілуге тиісті болды. Осы мақсатта Омбыға Н.Т. Кулаковтың басшылығымен Қазақ ОАК-нің мүшелері Ә. Әйтиев, Ә. Әділов, Ашмарин, Н. Нұрмаков, С. Сергеев, С. Шәріпов жіберілді. Омбыда қазақ өкілеттілігі жылы қабылданғанмен Семей мен Ақмола облыстарын Қазақстанға қайтаруға келіспеді. Олар біріншіден, Сібір мен Москваны осы екі облыс наімен қамтамасыз етіп отырғандығын, екіншіден, Шығыста әлі Азамат соғысы мен шетел ин-

тервенттеріне қарсы күрес жүріп жатқандықтан, Батыс Сібір мен оған шекаралас Қазақстан территориясына Монғолия мен Қытайдың Шыңжаң аудандарында тығылып жүрген ақтар мен казак әскерлері баса-көктеп кіруі мүмкін деген қорқыныштың барлығынан Семей облысында әскери жағдай жарияланғандығын арқау етті [19, 51-55-бб.].

Шетелдік басқыншылар республикадан аластатылғаннан кейін 1920 жылдың аяғында Кеңес өкіметі жаңа экономикалық саясатты әзірлеуге кіріскен кезде ашаршылық белгісі біліне бастады. 1921 жылдың қысының ұзаққа созылуы, қарлы боран, жаңбыр жауып, жердің көк мұз болып катуы, ел ішіндегі соғысқа байланысты мал азығын қажетінше жинап үлгермеген шаруаға ауыр тиді. Жем-шөп қорының жетіспеуі мал басының түгелдей қырылып қалу қаупін туғызды. Қарсыз қыстың соңы жаңбырсыз қуаңшылыққа алып келді. Қаһарлы қыста бар малынан айырылған кедей шаруаның егін егуге шамасы жетпеді. Алыпсатарлық күшейді. Әсіресе нан саудасы алыпсатарлардың негізгі баю көзіне айналды [20]. 1921 жылы Қазақстан облыстарында аштықтың шығуы, шаруалардың салғырт төлеуге жағдайын келтірмеді.

Социалистік құрылыстың іргетасын қалау үшін ірі өнеркәсіпті жаңа техникамен жабдықтап, қайта құру қажет еді. Ол үшін жұмысшыларды бірінші кезекте азық-түлікпен қамтамасыз ету, ауылшаруашылығын қалпына келтіру керек болды. Кеңес өкіметі өнеркәсіпті дамытуда бытыраңқы ауылшаруашылықтарын біріктіріп, азық-түлік өндірісін көтеруде ынталандыру қажеттігін түсінді. Ол үшін қарапайым шаруаны қинап келген салғыртты салықпен алмастыру аса қолайлылығын көрсетті.

Жаңа экономикалық саясатты іске асыру шарасы 1921 ж. 15 наурызында өткен РК(б)П-ның X съезінде түпкілікті шешілді. Съезд жаңа экономикалық саясатқа көшу барысында ұлт аймақтарындағы халықтардың артта қалушылығын жоюды басты міндеттердің бірі деп көрсетті. Шет аймақтардың халықтарын социалистік құрылыс ісіне тартуда олардың экономикалық, мемлекеттік және мәдени жағынан көтерілуіне көмектесу қажеттігін атап өтті [21, 271-б.]. Съезде салғыртты салықпен

алмастыру турасында резолюция қабылданды. Съезд өткізіле салысымен жаңа экономикалық саясат негіздері енгізіле бастады.

1921 жылдың ақпан айында болған Қазақ ОАК-нің I сессиясында Қазақ ОАК-і Семей мен Ақмола губернияларын Қазақ АКСР-нің құрамына енгізу жөнінде Сібрескоммен келіссөздер жүргізу үшін жауапты қызметкерлер жіберу туралы қаулы қабылдады. Осы екі губернияға байланысты төтенше комиссия құрылып, оны Қазақ ОАК-нің төрағасы С. Меңдешев басқарды. Комиссияның құрамында Қазақ ОАК-нің мүшелері Ғ. Әлібесков, Ә. Досов, С. Сейфуллин және И.М. Заромский болды. 24 наурызда комиссия мүшелері Омбыға келіп, Сібір комиссиясымен бірлесе бірнеше мәжілістер өткізді. Қазақ делегациясы бірінші мәжіліс барысында-ақ екі губернияны өз қарамағына беруді талап етсе, сібірліктер жаңадан құрылған Бұқтырма уезін, Омбы уезі мен Павлодар уезінің оң бөлігін оларда қалдыруын талап етті.

Қазақ Кеңестік республикасының Орталық атқару Комитетінің 28 сәуірдегі қаулысымен Ақмола губерниясы құрылып, оның қарамағына Ақмола, Көкшетау, Атбасар және Петропавл уездері енді. Сөйтіп, Ақмола губерниясының Омбы уезінен басқа барлық уездер Қазақстанға қайтарылды. Нақты Ақмола губерниясы мен Омбы губерниясының аралығындағы шекара сызығын шешу мәселесі БОАК-нің қарамағына қалдырылды. Қазақ Кеңестік республикасы ОАК-нің 28 сәуірдегі қаулысы 1921 жылы 19 мамырда Мәскеуде заңды түрде бектілді [22]. 10 мамырда өткен мәжілісте екі жақ Қазақ республикасына барлық Семей губерниясын Бұқтырма уезімен қоса беру турасындағы келісімге қол қойды.

1921 ж. 21 наурызда Қазақ партия бюросы құрылып, оның құрамына В.А. Радус-Зенькович, А.Д. Авдеев, Ә.Т. Жанкелдин, П.Б. Журевский, М.М. Мырзағалиев, М.С. Саматов, С.М. Меңдешевтер енгізілді. Аталған партия қызметкерлерінің басшылығымен жаңа экономикалық саясатқа көшу бойынша партия конференциясын шақыру қажет деп шешіліп, оның бағдарламасын жасау қолға алынды. Осы жылдың сәуірінде РК(б)П Орталық Комитетінің және БОАК-нің хатшысы Е.М. Ярославскийдің басқаруымен Өлкелік комиссия құрылып, оған жаңа экономикалық сая-



сатты жүзеге асыруда Қазақ АКСР-нің партия және кеңес органдарына көмек көрсету жүктелінді.

Жаңа экономикалық саясатқа көшу барысында Қазақстанның жалпы жер көлемі 1 941 109 шаршы шақырымға шейін созылып, оның қарамағына 7 губерния мен 2 ірі уезд қарады. Республикада ауылшаруашылығы басым болып, халық негізінен мал мен егіншілікпен айналысты. 1923 жылы жасалған экономикалық шолу бойынша, 1920 жылы республикада халықтың 20-і егіншілікпен, 19%-ы жартылай егіншілікпен, 61%-ы малшаруашылығымен айналысты [23, 17-66].

Кеңес үкіметі жаңа экономикалық саясат тұсында кенжелеп қалған ауылшаруашылығын қалпына келтірудің аса маңыздылығын мерзімді баспасөз арқылы жергілікті халыққа түсіндіруді жөн санады. Сондықтан өлкелік, губерниялық және уездік газет-журналдарда ЖЭС міндеттері, оны жүзеге асыру барысы жөнінде мақалалар жариялана бастады.

Жаңа экономикалық саясаттың ел экономикасы үшін аса маңыздылығын түсіндіруде қазақтың белді зиялылары белсенділік танытты. Мәселен, «Еңбекшіл қазақ» газетінде М. Жолдыбаев X съездің мақсаты жөнінде: «Жаңа үнем саясатына ел жаттығып «елең қағып, бос шошуды» қойып, жұмысшы-бейнетқорлар ұйымдасып, кооператив-дүкендер ашып, түрлі ретпен бұзылған шаруаны оңдап, мемлекет қорынан тұқым үлестіріп, егін-пішен жақсы шығып, елдің пейілі кеңіп, жадырап, ендігі ынтасы бұзылған шаруаны тірілту, шаруа қорын жию, аштықтың қалдырған ізін кетіру, жас буынға оқу оқытып білімге шақырған», – деп жаза отырып, бұл съездің әрбір сөзі, шығарған қарары жұмысшы-бейнетқорлардың тілегіне дәл келгендігін атап өткен болатын [24].

М. Әуезов те «Қазақ тілі» газетіне жариялаған «Егінге дайындалыңдар» деп аталатын мақаласында қазақ ауылдарын отырықшылыққа тарту, егіншілік кәсіппен шұғылдану, оған жасалып отырған жеңілдіктер мен оны пайдаланудың жолдары туралы мәселені көтере отырып, Кеңес өкіметінің жер саясатының мәнін түсіндіруге тырысты. Бұл саясатты казактардың тиімді түрде жүзеге асырудың қажеттігін айта, 1920-1921 жылдардағы қуаншылықтың кесірінен төніп келе жатқан ашаршылық қаупінен сақтандырды [25].

1921 ж. 26-28 мамырдағы кезектен тыс шақырылған РК(б)П-ның Бүкілресейлік төтенше конференциясында азық-түлік салығы туралы талқыланып, жаңа экономикалық саясатты жүргізудің алғашқы тәжірибесін қорытындылау, ел мен партия алдына қойған күрделі тақырыптарға тағы да қайта оралу қажеттілігі атал өтілді.

Қазақ АКСР-і Орталық Атқару Комитеті РКП(б)-нің X съезінің және БОАК-тің салғыртты азық-түлік салығымен алмастыру туралы шешімдерін басшылыққа ала отырып, азық-түлік салығына көшу туралы шешімінің дұрыстығын мақұлдады. Республика халқын егіс жұмыстарына, ауылшаруашылығын қалпына келтіріп, оның өнімдерін көтеруге шақырды. Шаруаларға азық-түлік салығы өздерінің артық деген өнімдерін тұрмысқа қажетті басқа өнеркәсіп тауарларымен алмастыруға мүмкіндік туатындығын сендірді. Ауылшаруашылығын көтерудің бірден-бір жолы малшаруашылығын тез арада қалпына келтіру болатын. РКФСР үкіметі ұлт аймақтардағы көшпелі және жартылай көшпелі шаруалардың жағдайын ескере отырып, 1921 жылдың көктемінде ксдей шаруаларды ет салығынан босатты [26].

Азық-түлік салығын енгізу турасында шешім қабылданса да азамат соғысынан кейінгі елдің ауыр жағдайына байланысты 1921 жылдың көктемінде Қазақстанның астығы мол губернияларында азық-түлік салғырты мамыр айының орта шеніне дейін сақталды. Әрине, бұл шаруалардың наразылығын тудырды. Әлі де болса қазақтардан азық-түлікті күштеп алу, қарсылық туындаған кездерде қатаң әдіс-шаралар қолдану орын алды. Мұның өзі Орал, Костанай, Семей, Шымкент және тағы басқа уездерде шаруалардың Кеңес өкіметіне қарсы шығуына әкелді. Сондықтан үкімет пен партия жаңа экономикалық саясатқа көшуде, салғыртты салықпен алмастыруда қабылданған шешімдері мен қаулыларының орындалу барысын қатаң түрде қадағалауды талап етті.

Қазақ АКСР-нің 1921 ж. 11-18 маусымда өткен конференциясында партияның X съезі мен төтенше конференциясының шешімдерін негізге ала отырып, жаңа экономикалық саясаттың негізгі тұтқасы – мал өсіруші көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы халық пен пролетариат арасында тауар айырбасын орнату деп пайымдады. Азық-түлік салғыртын

салықпен алмастыруды бірауыздан мақұлдады. Ол үшін азық-түлік аппаратын нығайту, патша өкіметі кезінде тартып алынған жерлерді қазақ еңбекші шаруаларына қайтару сияқты аса маңызды істерді жүзеге асыру қажеттігін атап көрсетті. Бұл конференцияда салғырт алу кезінде Қазақстанда орын алған кемшіліктер де атап өтілді. Мәселен, салғырт алу барысында партия ұялары көбінше шаруаларға қысым жасаған [27, 36-37-66.].

Х съезде қабылданған салғыртты азық-түлік салығымен алмастыруда көптеген ерекшеліктерді ұстануды қажет етті. Қазақстанның бірінші облыстық конференциясы өз міндетіне осы жағдайларды басты назарда ұстады. Бұл біріншіден, тұрмысы мен экономикалық ерекшеліктері әртүрлі Қазақ өлкесінің жағдайында азық-түлік жөніндегі жаңа саясатты дұрыс жүргізу ұйымының тарапынан барынша көңіл бөліп, күш-жігер жұмсауды, олардың беделді болуын талап етті. Конференция барысында: «Көшпелілердің арасында өнім дайындауды тауар айырбасы арқылы жүргізу жөнінде қолданылған әдіс тіпті салғырт кезінің өзінде әбден әдіс болып табылады», – деп айтыла келе, салғыртты жүргізуге әрекеттену қазақтардың малдарын айдап, ауа көшіп кетуіне әкеліп соқтырып, шаруашылыққа нұқсан келтіретіндігін атап өтті. Сондықтан салықтың енгізілуімен байланысты көшпелілер арасында шикізат дайындаудың бәрі мемлекетке тиімді бағамға белгілеу арқылы тауар айырбасқау жолымен жүргізілу тиістігі нақтыланды [27, 35-37-66.].

Шаруаларға салынған салыққа қатысты жоғары орындарға шағымдана да алатындай құқық берілді. Салық жинауға әскери бөлімдер мен агенттердің орнына азық-түлік отрядтарымен бірге Кеңестер мен әкімшілік аппараттары арқылы әрекет жасайтын отрядтар жіберілуге тиіс болды.

1921-1922 жылдар аралығында үкімет тарапынан бірнеше аграрлық реформалар қабылданды. Жаңа экономикалық саясат кезінде қабылданған реформалар «әскери коммунизм» саясатының негіздерін сақтап қалды. Ағылшын ғалымы Р. Конквест «Қасірет жинаған қырман» атты еңбегінде: «Жаңа экономикалық саясат кезінің өзінде-ақ қазақ қоғамы бұрынғы тәртіп пен жетекшілерінің ықпалында болды, кеңес басшыларына мойынсұна қоймады», – деп жазған еді [28, 174-б.].

Қазақстанда жаңа экономикалық саясатты іске асыру 1921-1923 жылдарда Қазақ АКСР Орталық Атқару комитетінің азық-түлік салығына көшу туралы шешімі негізінде жүргізілді. Бұл шешім халыққа түсінікті болу үшін мерзімді басылым беттеріне жариялану арқылы жүзеге асырылды. Газет халыққа салық та салғырт сияқты қатаң жүргізілетіндігін, салықтың мөлшерін белгілеу жоғарыдан емес, төменгі орындардан, яғни селолық кеңестердің ұйғарымымен шешіліп, салық мөлшері шаруаның шама-сына қарай бөлінетіндігін, жексе адам өзі төлейтін салықтың мөлшеріне келіспесе тиісті орындарға шағымдана алатындығын түсіндіруге тиісті болды. Газеттерге сонымен қатар бұл саясаттың жүргізілу барысы, нәтижесі туралы да материалдар жариялап тұру міндеттелінді. Жаңа экономикалық саясат жағдайында Коммунистік партия ең алдымен баспасөздің ұйымдастырушылық рөлін күшейтуді талап ете отырып, сол арқылы бұқаралық үгіт жұмыстарын жүргізуді міндет санады.

Сөйтіп, бұқараның назарын азық-түлік салығын ойдағыдай өткізу науқанына аударуда мерзімді басылым кең түрде үгіт-насихат құралы ретінде тартылды.

ЖЭС-тің маңыздылығын алғаш көтерген газеттердің бірі – Семейде шығып тұрған «Қазақ тілі» газеті болды. Бұл турада Х. Бекхожин, С. Қозыбаев пен С. Матвиенколар монографиялық еңбектерінде: «Семейдегі «Қазақ тілі» газеті шаруаларға азық-түлік салығын енгізуді қарапайым түрде алғашқылардың бірі болып түсіндірді», – деп атап өткен [29, 59-60-66.].

1921 ж. 21 шілдеде Орынборда РК(б)П Қазақ облыстық комитетінің пленумы өтіп, Қазақ Республикасының азық-түлік жағдайы мен азық-түлік органдарының міндеттері туралы талқыланды. Облыстық комитеттердің үгіт бөліміне азық-түлік салығын өткізу жөніндегі науқанды кеңінен өрістетуге міндеттелді [27, 44-6.].

1921 ж. 9 тамызындағы РКФСР ХКК-нің жаңа экономикалық саясатты жүзеге асыру барысы жөнінде қабылдаған қаулысында бұл саясатты іс жүзіне енгізуде өндірісті басқаруда, еңбек барысын ұйымдастыруда барлық маманданған одақтарды тарту, халық шаруашылығын одан әрі құлдырауына жол бермесу, барлық қажетті жағдайды жасау басты міндетке қойылды [30, 184-186-бб.].

Ғалымдар Г.Ф. Дахшлейгер мен К. Нұрпейісовтің жазуынша, Семей губерниясынан осы жылы салық жинаудың нәтижесінде халықтан үш миллион пұттан астам астық мен 17 мың пұт май және бір миллион дана жұмыртқа алынған екен [31, 99-б.]. Дегенмен үкіметтің салғыртты салықпен алмастыру шаруалардың жағдайын жақсартпады. Керісінше, қатты қыстан жем-шөпсіз қалып, қолда бар малдары қырылып қалған шаруалардың жағдайы одан әрі қиындай түскен еді. Оның үстіне көктем кезінде салынған егіске өнімнің шықпауы да диканшылықпен айналыскандарды әбден күйзелтіп, сергелденге салды. Орынбор, Бөкей, Ақтөбе, Орал және Қостанай губернияларындағы 11 30 000 десятина егістік жердің 700 000 десятинасына егін шықпаған, яғни 60%-тен жоғары алқап жаңбырдың болмауынан күйіп кетті [32]. Сөйтіп аталған губерниялар астықсыз қалды. Осы губерниялардың ішінде Ақтөбе губерниясының жағдайы нашарлап, аштардың қатары күннен-күнге көбейсе түсті [33].

Аштық алдындағы Қазақ республикасының ауыр жағдайын БОАК-тың мүшесі, 9-ші Бүкілресейлік Кеңестер съезіне делегат болған С. Сәдуақасов БОАК Президиумына, көшірмесін РК(б)П ОК-не жіберген мәлімдемесінде қазақ қызметкерлерін қызметтен шектелуі, Сібіревкомның Қазақ автономиясының жұмысына кедергі келтіріп, күш, қолдан-лоқы көрсетуінен деп түсіндірді. Өлкеде ұшқындап келе жатқан ашаршылықты ауыздықтау үшін, Қазақ өлкелік комитетінің өз жұмысын жандандыру үшін оған лайықты адамды қоюды, бірақ ондай адамның Орынборда жоқтығын, ондай қызметкерді Мәскеуден алдыруды ұсынды. Ол сонымен бірге қазақтардың орталығын Орынбордан басқа қалаға көшіруді көтерді [34]. Бұл біріншіден, қазақ халқы өзгелерден қысым көрмей, еркін өмір сүріп, қазақ қызметкерлерінің жұмыс істеуіне бар мүмкіншілік жасалса, ұлт зиялыларымен санасса деген мақсатты көздесе, екіншіден, республиканың дамуы, өсуі, өрлеуі өз қолында скендігін таныту еді.

Жаңа экономикалық саясаттың ойдағыдай жүзеге асуына 1921-22 жылдардағы ашаршылық кедергілер келтірді. Қазақстанда орын алған ашаршылық гурасында мерзімді басылымда бастапқы кезде бірлі-жарымды басылса, аштықтың үдей түсуіне байланысты жиі-жиі жариялана бастады.

## 2. Қазақстандағы 1921-1922 жж. аштық: себебі, барысы, салдары

XX ғасырдың 20-жж. басындағы республикадағы ашаршылық зардабы қазақ халқына оңай тиген жоқ. Қазақ Орталық статистикалық Басқармасы ҚКСР далалық өлкесіндегі ашаршылықтың болуының себебін 1918-1919 жылдардағы Азамат соғысынан кейінгі шаруашылықтың күйреуі, бандитшілдіктің шығуынан деп тұжырымдады [35].

Архив құжаттарына сүйенсек, 1921 жылы қардың аз болып, көктемде топырақтың ылғалы төмендеп, жаңбыр жаумай, мамыр айында астық пен шөп белгілі мөлшерде шықпаған. Сонымен қатар қыстан әзер аман шыққан арық малдардың қырылу қаупі төнген. Құрғақшылықпен қатар егістік, шабындық жерлерге шегіртке мен саршұнақ және тағы басқа зиянды жәндіктердің қаптап кетуі бар астық пен шөптен айырды [36].

Ашаршылықтың неден басталғандығын, республика қанша мөлшерде шығынға батқандығы жайында есептер жоғарғы орынға үздіксіз түсіп, ашаршылықпен күресудің жолдары жөнінде ұсыныстар айтыла бастады. Мәселен, Н.И. Мардаровский Қазақстандағы 1921-1922 жылдағы ашаршылықтың шығуының басты себебі қуаңшылықта дей, Қазақстандағы 8 губернияның 6-ын (Семей мен Ақмоланы қоспағанда) ашаршылық жайлап отырғандығын келтіре отырып, бұл жерлерде 1921 ж. желтоқсанына дейін 16 91423 адам ашыққандығын, 1922 ж. 1 маусымнан 1 қыркүйек аралығында ашыққандардың саны екі миллионға жетуі мүмкіндігіндігін айтып, ашыққандарды тамақтандыру үшін көмек ретінде 9 млн. пұт астық керек деген болжам жасады [37, 10-11-бб.].

Қазақстан Орталық Атқару комитетінің төрағасы С. Меңдешев ҚКСР-ны жайлаған ашаршылықтың себебін «18-20 жылдары Қырғыз (Қазақ) республикасын шарпыған Азамат соғысы, 20-жылғы қуаңшылықтың нәтижесінде астық пен шөптің шықпай қалуы, 20-21 жж. «жұттың» нәтижесінен малдың қырылуынан» деп келтірді [38].

Ағылшын ғалымы Эдвард Каррдың пікірінше, 1921-1922 жылдардағы аштық 1891-1892 жылдағы аштықтан да асып түскен [39, 623-б.].

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбеков Қазақстандағы бұл ашаршылықтың шығуына ауа-райының қолайсыздығы емес, Азамат соғысынан кейінгі шаруашылықтың күйзелуінен, яғни большевиктердің біржақты саясат жүргізуінен деп тұжырымдады [40, 24-б.].

1921 жылы болған ашаршылықтың қазақ шаруашылығын тұралатып тастағандығын И.Б. Аристов «Құрғақшылық пен жұтқа карсы» деген кітабында: «1921 жылы Ресейдің түстік шығыс ауданында және біздің Қазақстанда болған қатты ашаршылықтың артына тастап кеткен ауыр салмақтарын қорытып барып, Кеңес үкіметі мынадай пікірге келген: одақ жерінің қай ауданында болса да, құрғақшылық ауыл халқының шаруашылығын түбінен қопарып жығып тастап, егін-шөбі шықпай қалған губерниялардың күн көріп отырған кәсібін ойран қылып бұзып кетті. Және сонымен қабат құрғақшылық салдарынан елдердің ішіп-жеуіне азық-түлік, егуіне тұқым астық сияқты қажет нәрселерді алып беріп, ашаршылықтың салып кеткен жараларын емдеу үшін мемлекет қазынасынан да қаншама шығын шығады», – деп келтірді [41, 1-б.].

Қазақ жерінде ашаршылық нышаны біле басталған тұста ұлт зиялысы М. Әуезов аштықтың келе жатқандығын айқын айтып, бұл ауыр алапатқа жол бермеу үшін егін салуға қамданып, кірісу керектігін ескерткен еді [42].

Сол кездің өзінде ашаршылықтың шығуын А. Асылбеков «Қызыл Қазақстан» журналында былайша келтірді: «...биылғы жазғы құрғақшылық болып, егін, шөп шықпай қалмағанда да жұрттың көбі аштыққа ұшырамаған болар еді. Бұл шаруашылықтың бұзылған қиындығының тұрмыстың ауырлығының үстіне биыл жаз жұрттың мал бағатын жайлауларында шөп шықпады. Қысқы жұттың зардабына құрғақшылық қосылып, халық зор аштықтың апатына ұшырады». Сөйтіп, ашаршылықтың шығу себебін, «біріншіден, халық шаруасының күйзелуі, екіншіден, егін-шөптің шықпай қалуынан» деп топшылады [43, 16-б.].

1921-1922 жж. аштық Қазақстанның Орынбор, Ақтөбе, Орал, Қостанай, Бөкей губерниялары мен Адай уезінде шарпып, халықтың үштен бір

бөлігі қырғынға ұшырап, ашыққандар тамақ іздеп шет жаққа қарай басты. Бұл турада С. Сейфуллин: «...от арба адамға тола. Әр вагонның ішінде һәм есіктерінің алдарында, басқыштарында аяқ басар жер жоқ. Бұл адамдардың дені аштар. ...Мойындарында, арқаларында асынған шоқпыт-шоқпыт дорбалары бар. Бұлар аштықтан босып шұбағандар. Көбі қазақ, башқұрт, сақалды, ұлғайған адамдар, жігіттер, 12-13 (жастағы) балалар, қыздар, қатындар. Бәрі бұралған, аш. Бұлар жанталасып сенделуде. Қазіргі халдерінің өң екенін, түс екенін білмейді. Бұлар естерінен айырылған», – деп жазды [44, 17-б.].

Сонымен алғашқы жылдың өзінде республиканың 5 губерниясындағы 1 048 100 жер аштық құрсағында қалып, ондағы 2 653 340 адам ашықты. Осы өңірдегі егіншіліктен 36 127 477 пұт астық жинап алынған [45]. Дегенмен бұл астық аштықты ауыздықтауға мүлдем жетпеді. Бүкілодақтық Орталық Атқару комитетінің үндеуі жарияланып, аштықпен күресуге белсене кірісуге өзара көмек беруге шақырды [46].

1921 жылдың 21 шілдесінде БОАК-тің шешімімен Бүкілресейлік ашыққандарға көмек комитетін құрып, оның төрағасы болып Мәскеу қалалық кеңесінің төрағасы Л.Б. Камнев бекітілген еді. Алайда В. Лениннің талап етуімен комитет таратылып, оның орнына Ашыққандарға көмек көрсететін Орталық комиссия құрылып, төрағалығы М.И. Калининге жүктелді [47, 165-167-бб.].

Аштықтың азабынан Қазақстанмен шекаралас Қытайға қарай өткен қазақтар одан әрі ішкерілей Монғолия, Түркия, Ауған елдеріне шұбырды. Еділ жағасындағы жерлерде, нақтылай айтқанда Екатеринбург, Пермь, Пенза губерниялары мен Дон облыстары және Украинаның бірнеше аудандарындағы халық зор аштық апатына ұшырады [48, 14-б.].

Қазақтар өзі аштық тырнағына ілігіп, губерния-губернияларды кезіп кеткен кезде Волга бойындағы ашыққан шаруалар керісінше Орынбор мен Түркістанға қарай жосыды. Бұл жайт тапшылыққа ұшырап отырған Қазақ республикасының жағдайын одан сайын ауырлата түсті [12, 219-б.].

Түркістан Республикасы Орталық Атқару комитетінің органы болған «Известия» газетінің әр санында Түркістан АКСР-нде де малға деген



жем-шөптің жоқтығынан малдардың жаппай қырылып, аштықтың республиканы жайлап бара жатқандығы жайында ақпарлар жиі басыла бастады. Мәселен, 4 шілдедегі (№144) Түркістан уезінің Тұрсын болысында мал азығының болмауынан 15 000 бас жылқының өлгендігі, 6 шілдедегі санында (№146) республикада 7 маусымнан 2 шілде аралығында 118 адам тырысқақпен ауырып, оның 32-і қайтыс болғандығы жөнінде мәлімет берілсе, ал 13 шілдедегі нөмірде тез арада аштарға арналған тамақтандыру пункттерін, әсіресе аштықтан босып жүрген балаларға арналған қабылдау пункттерін Ташкентте ұйымдастыру қажеттігін көтерген хабарлама жарияланды [49].

Аштықтың жүре алмай қалғандар жол бойында сұлап жатты. Әлсіздердің арасына сүзек, оба, тырысқақ, қыркұлак, безгек сияқты жұқпалы аурулар тез тарап, өлім көбейді. Ашыққандарға көмек бірден берілмеді.

1921 жылы аштыққа ұшыраған территориядағы 58 уезінде (Адай уезін қоспағанда) 1127 шаруашылықта 3 870 000 десятина егістік жері болды. 1920 жылғы санақ мәліметтеріне сүйенсек, ашыққан өлкеде 4 517 652 адам тұрған. Бұл санға 240 000 адамы бар Адай уезі еңбей қалды [50].

1921 жылы наурызда Қазақстанның бес губерниясындағы тұрғындардың саны мен олардың арасынан ашыққандар жайлы мәліметті төменгі кестеден көрсетіміз:

| Губерниялар | Тұрғындар саны | Ашыққандар саны | %    |
|-------------|----------------|-----------------|------|
| Орынбор     | 680 271        | 526 401         | 80,3 |
| Костанай    | 455 598        | 414 350         | 74,5 |
| Ақтөбе      | 501 637        | 361 049         | 72,0 |
| Орал        | 470 028        | 446 536         | 99,0 |
| Бөкей       | 224 531        | 66 255          | 29,5 |
| Ақмола      | 1 021 164      | 472 000         | 46,2 |
| Барлығы     | 3 353 228      | 2 286 591       | 68,2 |

Кестеден байқағанымыздай, 6 губерниядағы 3 353.228 адамның 2 286 591-ы ашыққан. Пайызға шақсақ 68,2-ын құрайды [51].

Архив деректеріне сүйенсек, 1921-1922 жылдары аралығында Қазақ республикасында 2 127 435 адам аштық тырнағына іліккен. Орынбор губерниясында – 498 051 адам, Ақтөбе губерниясында – 284 580, Қостанай губерниясында, оның ішіне Торғай уезінде – 408 106, Оралда – 383 963, Бөкейде – 66 230, Ақмола губерниясында – 472 000, Семей губерниясында – 14 505 адам ашыққан [52].

1921 жылғы аптап ыстық пен шегірткенің қаптауы егістік пен шөпті толықтай жойды. 1924 жылғы Қырғыз облыстық комитетінің қаңтар пленумында атап көрсетілгендей, сол жылдардан кейін Қазақстандағы шаруалар қожалықтары 857 480-нен 600 683-ке қысқарған. Сөйтіп, егіс көлемі үш есеге, ал астық жинау бес есеге азайған [53, 101, 120-121-бб.].

ҚКСР-ның ашыққан 5 губернияларында 1921 жылы 1917 жылмен салыстырғанда егіс көлемі қалай қысқартылғандығына тоқталайық. 1917 жылы егіс көлемі 2.307 мың десятина болса, 1920 жылы 1.701 мың десятина болып, 27%-ке қысқарған. 1921 жылғы қуаңшылықтан кейін егіс көлемі 1.130 мың десятинаға дейін азайып, яғни 51%-ке қысқарған. Ал мал басының азаюын төмендегі кестеден көруге болады:

| жылдар | Мың баспен есептегенде | %-пен қысқарған кезде |
|--------|------------------------|-----------------------|
| 1917   | 12 0044                |                       |
| 1920   | 4 657                  | 61                    |
| 1921   | 2 506                  | 79                    |

Көріп отырғанымыздай, 1921 жылды 1917 жылмен салыстырғанда мал басы 79%-ке қысқарған екен [54].

ҚАКСР-дағы статистердің толық емес мәліметтері бойынша, 1921 жылдың қыркүйегіне дейін 2103,9 мың десятина егістікке астық толықтай шықпай қалды [55].

1921 жылы мамыр айының соңында орталық және жергілікті орындарға бұрынғы Украинадан келіп қоныстанған шаруалар, секанттар, артель жұмысшылары және т.б. азаматтар өз туған жерлеріне кетуге рұқсат сұрады. Оң жауап алмағандар аштықтан қашып, өздігімен

батысқа, оңтүстікте Түркістан республикасына, шығыста Семей мен Ақмола губернияларына қарай басты. Қазақ жеріне де аштыққан Самара, Қазан, Уфа губернияларының адамдары жылжыды. Самарадан босып Орынборға келгендердің саны 12 000-ға жеткен [56]. Оларды тоқтатуға үкіметтің еш қауқары жетпеді.

Қазақ Республикасының басына келген аштықты тек астықпен құтқара алмайтындығы айдан анық еді. Өйткені қазақтардың тек мал өнімімен ғана өмір сүріп жатқан болатын. Дегенмен, 1917 жылғы қос төңкерістен кейін жерлердің мемлекет меншігіне айналуы мал үшін қажетті өрісті азайтып, бар малынан айырылған кедей шаруаларды отырықшы өмірге көшуге мәжбүр етті. А. Асылбековтың көрсетуінше, 1921-1922 жж. республика халқының 484 000-ы егіншілікпен, 211 000-ы мал шаруашылығымен, 185 000-і екі шаруашылықпен де айналысқан [48, 16-17-бб.].

Қазақстанның өзі ашаршылық зардабын тартып, халықты аман сақтап қалу жолын іздеумен аласұрып жатқанда, Мәскеудегі жоғарғы билік шикізат көзін елдің қажетіне жаратпай, Ресейге әкетіп жатты. Өмзе Нәкымжан «Қызыл Қазақстан» журналына жариялаған мақаласында: «Бұл күнде қазақ халқының көбі аштықтан, жалаңаштықтан, не түрлі аурудан қырылып жатыр», – деп қынжыла жаза келе, бұл кесепаттан құтылу үшін ешқандай шаралардың жүргізіліп жатпағандығын, қазақ жұртының өз байлығы аузынан қағылып, далаға кетіп жатқандығын айтып, қазақтар өзінде шығатын шикізаттарын аштар пайдасына жұмсау керектігін көтереді [57, 9-10-бб.]. Өкініштісі сол, бұл дабылға ешкім де құлақ аспады.

Архив құжаттарына сүйенсек, Орынбор, Қостанай, Орал, Ақтөбе губерниялары мен Бөкейдегі ашыққандардың саны түрліше беріледі. Төмендегі кестеден осы аталған губерниялардың ашыққандары жөнінде статистикалық басқарманың берген және жергілікті жерлерден келген мәліметтерді салыстырайық [58].

Былай болуының себебі, уезд, болыстардардағы жергілікті әкімшіліктің күнделікті болып жатқан жағдайларға анық мәлімет бере алмауы болды.

| Губерниялар | Статбаскарма мәліметі | Жергілікті жердің мәліметі |
|-------------|-----------------------|----------------------------|
| Орынбор     | 387 500               | 444 785                    |
| Қостанай    | 264 900               | 254 816                    |
| Орал        | 387 900               | 400 000                    |
| Ақтобе      | 292 100               | 359 325                    |
| Бөкей       | 176 500               | 100 000                    |
| Барлығы     | 1 508 900             | 1 558 927                  |

Кестеде көрсетілген екі мәліметтің арасында алшақтық бар. Жергілікті жерлерден берілген мәліметте ашыққандардың саны 1 558 927 жетіп отыр. Дегенмен екі санақтың барысында аздаған өзгешелік болғанмен де, берілген мәліметтің мөлшері дұрыс деуге болады.

Орынбор қаласына ашығып босқандардың қатары көбейді. Губерниялық комиссияның мүшесі Дружининнің баяндауынша, қалада ашыққандардың саны 9000 адамға жетіп, оның 3000-ы босқындарға арналған баракта, 2000-ы вокзалда, 3000-ға жуығы Меновой аулада топталған. Қаладағы азық-түлік 2-3 күнге жетіп, ауруханаларда орын калмай, аштардың өлігіне толып кетті. Күнделікті аштан 50 адам өліп отырды. Олардың өліктерін жинауға транспорт жетіспеді [59].

«Ақжол» газетіне жарияланған «Өлімнің ауруы» деген мақаладағы Орынбордағы ашыққандардың жағдайы былайша суреттелді: «...аштықтың сүйікті құлы ол жүз мыңдаған адамын алқымынан алуда. Орынбор қаласының өзінде күн сайын 250-дей адамнан өліп жатыр. Аштық өлімі мен олушілер саны 130-140. Қалғандары қашаннан бергі аштықтың үзсегі жолдасы болған жүкпалы аурудың еншісіне берілетіндер қарын сүзек, қайталама сүзек, бөртпе сүзек деген сүзектердің түрлі тарауы ел арасына жайылып болған. Аштық істерімен шығып, аштықтан әлсірген соңғы кезде киімнің қытығынан суыққа тоңған босқындарға бас құрайтын орын шөп сарайының бұрынғы ат құрамы қызметін атқарған борышының түкпірі. Олардың көбі сол шөп-шаланның, шаңның арасында жан тапсырады. Күн сайын сол қоралардан жаңа өліктер табылады.

Өліктердің қарны, кеудесі ісінген, қабырғалар, сан сүйектері анық

көрініп тұрады. Орынборда өлім барысы осы қалыпта болып тұрса Орынбордың 108 768 жаны бір жылда өліп бітпекші. Орынбор губерниясында күн сайын 800 адам өліп тұрады. Оның қарын сүзектен өлетіні жүзден 22 (22%), бөртпе сүзектен 15%, қайталама сүзектен 12%, іш кетіп өлетіні 40%. Жұқпалы аурумен аурушылардың көбі (90%) аштардан» [60].

Ашаршылық халық арасына эпидемиялық жұқпалы ауруларды қоса ала келді. Республиканың ашыққан аудандарын жайлаған жұқпалы аурумен күресу мүмкін болмады және шешек, сүзек, оба сияқты аурулар жергілікті тұрғындардың арасында санитарлық тазалықтың төмендігінен жылдам тарады. Әсіресе адамдар көп жиналған қалалар мен теміржол бойындағы станцияларда жұқпалы аурудың таралу қаупі төнді. Босқындар жолда ауру жұқтырып, құлаған жерлерінде өліп жатты. Балалардың арасында жұқпалы ауру күшейді. Тамақ іздеп республикадан тысқары аймақтарға босқандардың арасында да жұқпалы аурумен ауырғандардың санын анықтауға мүмкін болмады. Оның үстіне көшпелілер арасында дәрі-дәрмектің жоқтығынан мерез, қорасан, өкпе туберкулезі тарап, онсыз да ашығып отырғандардың өлім-жітімі көбейді. Жұқпалы ауру судың таза болмауынан, әрі аштардың өлексесі мал етін жеуінен пайда болып, жылдам тарады.

Үкімет ашыққан аймақ ретінде Батыс губернияларға аса көңіл бөліп, ашыққандар жоқ деп есептеген Семей губерниясында жұқпалы аурудың қалай тарап кеткенін байқамай қалды. Батыс өңір мен көршілес Ресейден ашығып Семейге қарай шұбырғандар өздерімен бірге түрлі ауруларды қоса апарды [61]. 1921 жылдың соңына қарай бұл губернияда сүзек, тырысқақ, безгек сияқты аурумен ауырғандардың қатары көбейе түсті. Сүзек ауруының стек алуы мен өлімнің көбеюі шұғыл түрде төтенше шараларды қолданудың қажеттігін көрсетті. Семей губерниялық комитеті ашығып, жұқпалы ауруға ұшырғандарға көмек көрсетіп, санитарлық жәрдем беріп, арнайы көшпелі дәрігерлік бөлімшелер ашты. Мерзімді баспасөз беттерінде шағын да болса аурулар туралы шағын мақалалар жариялап, онымен күрес жолдары ұсынылды. Мәселен, «Ақжол» газетінде басылған «Жұқпалы аурумен күрес» мақалада жұқпалы аурудың таралу

жолдары мен онымен күресуде жүргізілетін іс-шаралар талдана жазылды [62]. Бұл біріншіден, республиканы жайлап келе жатқан аурудың алдын алу, ескерту жасау болса, екіншіден, жұқпалы аурумен ауырғандардан қасындағылардың қалай сақтануын саралап берді.

Босқындардың легінен барлық губернияларда ауырғандардың, жұқпалы ауруларды жұқтырғандардың нақты санын анықтау мүмкін болмады. Дегенмен Орынбор губерниясында 1921 жылдың соңына дейін тіркеуге алынған аурулардың саны 172 809-ға жеткен. Дәрігерлік көмекке жүгінгендердің сан күннен күнге көбейіп, соңы өлімге ұласты [63].

Аштықтың алғашқы жылдарының өзінде сүзек аурумен ауырғандардың саны 58 120-ға жеткен. Алты ай ішінде бөртпе сүзегімен 9378 адам ауырды, яғни әрбір 10 000 адамның орта пайызбен 18,7-і ауру жұқтырды [64]. Ал 1922 жылдың соңына дейін осы аурудан каншама адам жер жастанды. Оларды тіркеуге толықтай алу мүмкін емес еді.

ҚОАК-нің жанындағы Аштарға көмек көрсету төтенше комиссиясына 1921 жылы 21 желтоқсанда берілген есеп бойынша Орынбор губерниясында 246 800 адам, Орал губерниясында 476 832 адам, Бөкейде 20 000 адам, Ақтөбе губерниясында 100 000 адам, Қостанай губерниясында 300 000 адам, Ақмола губерниясында 3 000 адам, барлығы 1 146 652 адам ашыққан [65].

Қазақстанның 5 губерниясы мен 1 уезінде 1 476 985 адамның аштыққа ұшырап, осы 5 губернияларда 1917 жылғы 12 044 000 бас малдан 1921 ж. 2 506 000 басқа дейін, яғни 78 процентке азайған, ал егіс көлемі 1917-1921 жж. аралығында 2 307 000 десятинадан 1 130 000 десятина ғана қалып, 55 пайызға, 1920-21 жж. 33 процентке кеміген. Бір шаруашылыққа шаққанда 1917 жылы егіс көлемі 5,5 болса, бұл көрсеткіш 1920 ж. 4,2-ге, ал 1921 ж. 2,8-ге дейін төмендеп, мал басы 28,7-ден (1917 ж.) 1920 ж. 11,5-ке, ал 1921 ж. 6,2-ке түсіп кетті.

Жалпы үкіметтің есебінше, 1921 жылы ҚАКСР-ның егіс көлемі 2 093 000 десятина болып, әр десятинадан 32 пұт астық алғанның өзінде жиналатын астық мөлшері 70 млн. пұт астықтан аспайтын еді. Ашыққандарға сол кезде 100 млн. пұт астық қажет болатын [66].

БОАК-нің Ашком Орталық Комитетіне жіберілген есебінде Қазақ Республикасында 1922 ж. 1 ақпанына дейін арнайы түрде ашыққан 2 000 000 адамның тіркелгендігі, оның ішінде Бөкей губерниясында – 204 836, Ақтөбеде – 374 215, Қостанайда – 409 203, Оралда – 439 721, Орынборда – 437 776, ал Адай уезінде – 130 000 адамға жеткен [67]. Оның үстіне республиканың Орынбор, Орал, Қостанай, Ақтөбе, Бөкей губернияларында астық шықпай қалуынан. 1920-1921 жылдары 54 600 000 пұт астық шығын болып, аштықты ауыздықтауда 10 930 000 пұт астықтың жетпейтіндігі анықталды [68, 33-б.].

Жұмысы жоқ, тамақ таба алмай босқан ашыққандардың ұрлық-қарлық, арасында тонаушылық өршіді. Қылмыс көпшіліктің көзінше жасалынып жатты. Жарты пұт отын немесе тезек үшін бірін-бірі өлтіруге дейін барды. Аштықтың кесірінен туындаған қылмысты тоқтатуға халық күзетінің күші жетпеді. Ауылды жерлерде малынан айырылып қалмас үшін тұрғындар үйінің бір бөлмесінде ұстауға мәжбүр болды.

Республиканың Әділет халкомының мәліметіне сүйенсек, 1921 жылдың қарашасында 750 қылмыс жасалған, 37 кәнігі қылмыскерлер ұсталған. Осы жылдың желтоқсанында 569 ұрлық жасалып, 376 кәнігі ұры құрықталыпты. 1922 жылы ұрлық-қарлық өткен жылдан да артқан. Мәселен, қаңтар айында 1343 ұрлық жасалса, 19 ұры ұсталыпты, ақпан айында 1115 ұрлық-қарлық болып, 86 қылмыскер қолға түскен екен. Ал наурызда 1428 ұрлыққа жол беріліп, 36 кәнігі қылмыскер құрықталған. Сәуір айында да 875 ұрлық жасалынып, 28 ұры қолға түсіпті [69]. Ұрлық жасауға кәнігі ұрылармен қатар аштар да барды. Тіске басар азығы жоқ аштар кейде жекелеп, кейде топталып жүріп азық-түлік пукттерін тонады немесе шаруаның малын ұрлады. Қарсылық көрсеткендер соққыға жығылды, тіпті өлтіріп те кетіп жатты. Бұдан басқа елдегі ауыр халді пайдаланып, қылмысқа барғандардың да көбейгені белгілі. Аштарға көмек көрсетілу қолға алынған кезде ұрлық-қарлық аз да болса бәсеңдеді.

Үкімет тарапынан қолдау алса да, тұрғындардың 80 пайызы тойып тамақ ішпеуден, әрі әлсіздіктен жеткен жерінде құлап, өлді, іріп-шіріп иістенген малды жегендер гүрлі ауруға ұшырап өлген. Ашыққан

губерниядағы адамдар аккудың, иттің, мысықтың етін, тіпті бетеге, қоға, белең сияқты шөптерді талшық кылған [70, 40-6.].

Қазақ денсаулық сақтау халкомының мәліметі бойынша 1921 жылдың 1 қарашасынан 1922 жылдың 1 шілдесіне дейін Орынбор, Орал, Ақмола және Ақтөбе губернияларында жұқпалы аурумен ауырғандар мен өлген адамдардың санын кестеден көруге болады:

| Ай<br>аттары | Орынбор<br>губерниясы |        | Орал<br>губерниясы |        | Ақтөбе<br>губерниясы |        | Ақмола<br>губерниясы |        |
|--------------|-----------------------|--------|--------------------|--------|----------------------|--------|----------------------|--------|
|              | ауыр-<br>ғаны         | өлгені | ауыр-<br>ғаны      | өлгені | ауыр-<br>ғаны        | өлгені | ауыр-<br>ғаны        | өлгені |
| қараша       | 3044                  | 2107   | 112                | 39     | 1112                 | 1010   | 250                  | 172    |
| желтоқсан    | 2835                  | 2022   | 947                | 481    | 1749                 | 1642   | 224                  | 184    |
| қаңтар       | 2241                  | 1908   | 813                | 503    | 1050                 | 981    | 483                  | 350    |
| ақпан        | 7763                  | 625    | 850                | 545    | 1438                 | 1389   | 1050                 | 730    |
| наурыз       | 5201                  | 3785   | 867                | 428    | 712                  | 602    | 1631                 | 1509   |
| сәуір        | 4333                  | 3401   | 715                | 472    | 630                  | 530    | 2260                 | 1491   |
| мамыр        | 3479                  | 2700   | 536                | 418    | 548                  | 474    | 704                  | 502    |
| маусым       | 682                   | 376    | 338                | 57     | 505                  | 430    | 57                   | 17     |
| Барлығы      | 29578                 | 22635  | 5178               | 3003   | 7804                 | 7058   | 6659                 | 4955   |

Мәліметтің болмағандығынан Қостанай губерниясы бұл тізімге кірмей қалды. Төрт губернияда 49 219 адам ауырып, оның 37 651 адамы өлген [71].

Аштардың арасында тасталынған өлекселерге таласып, төбелесіп жатуы қала көшелерінде жиі байқалды [72]. Сонымен қатар Қостанай губерниясында өлген адамды жеу фактісі де анықталды [73].

1922 жылдың ортасына дейін толық емес есеп бойынша 82 974 қазақ үйі малсыз қалып, оларды қаз бастыру үшін 850 262 ірі қара мал қажеттігі айқындалды. Ол үшін үкімет тарапынан 384 миллиард сом ақша көлемінде жәрдемақы беріліп, аштыққа ұшырамаған Ақмола, Семей губерниялары мен Адай уезіндегі сатушылардан жүз қарадан бес қара алу мәселесін көтерілді. Аталған губерниялардан 100 000 мал сатып алуға рұқсат етілілді. [74, 108-110-66.].



1922 ж. қаңтары мен наурыздың өзінде Қазақ КСР территориясында жұмыссыздар қозғалысы ұлғайды. Мәселен, тіркелген жұмыссыздардың саны қаңтар айында 4020 болса, ақпанда 1814 адам, ал наурызда 1388 адам болған. Ақпан мен наурызды қосқанда үш айда жұмыссыз қалғандардың саны 51350 адам болса, ал сәуір мен мамыр айларында 6231 жұмыссыздар тіркелуге алынған. Аштарға көмек Орталық комиссиясына жіберілген мәліметте ҚКСРО-да 1922 ж. 1 қаңтарына дейін 18 685 жұмыссыздың, ал 1 мамырында 23236 жұмыссыз адамның барлығы келтірілді. Алайда 1 мамырдан бастап ауылшаруашылығы жұмысының басталуы, оған адамдардың тартылуы жұмыссыздардың қатарын азайып, 1 тамызға қарай тек 3000 жұмыссыздар ғана қалған [75]. Бірақ, бұл есепке сену қиын. Себебі, ауылды жерлердегі шаруалар толықтай жұмыссыздар санатында болды. Олар толықтай есепке алынбады.

Адам жеу деректері көбейді. Аштықтың әсері өлексесі, адам етіні талғамады. Адамның мүрдесін ғана емес, тірі адамды ұстап алып сойып жеу көбейді. Архив құжаттарына сүйенсек, адамды қой сияқты сойып жеген. Көршісін, көшеде кетіп бара жатқан адамды ұстап алып жеу, аналар өз балаларын жеу фактілері жиілеген. Бір топ бала өздерімен бірге ойнайтын достарын өлтіріп, жеген. Бұл бір ғана дерек емес, Қостанай, Орал, Орынбор губернияларында адамды ұрлап сойып жеу әдетке айналған. Мәселен, Орынбор губерниясына қарасты Кулагин селосында адамды атып алып жеген. Ратчина селосында анасы ұлын сойып, пісіріп талғау еткен. Острос станциясында отбасы екі бірдей ұлдарын жеген. Тіпті балалар үйінен бала ұрланып әкетіп, сойылған. Никита Чувильдин деген бала балалар үйінен ұрланып әкетіліп, желінген. Красногор болыстығында құдықтан денесі жоқ әйел адамның басы мен іші құрлысы табылған. Шаруа Федордың он жасар баласын белгісіз үш еркек ұрлап әкетіп бара жатқан жерлерінен ұсталып, аман алып қалған.

Қостанай мен Орал губернияларында табылған адам сүйектерінен олардың сойып желінгені туралы хабарлар түскен. Мұндай мәліметтер милиция бөлімшесіне күнделікті түсіп отырған. Оларды бақылауға алу, ұстау қиыншылық туғызды [76].

Қазақ ағартушысы Ахмет Байтұрсынұлы бұл жайында былай деп жазған еді: «Ауру адамның, аш адамның есі, ақылы орнында болмайды.

«Мастық не дегізбейді, аштық не жегізбейді» деген қазақта мақал бар. Өткен қыс аштық болды. Ашыққан адам бірінің етін бірі жеді. Өліктің етін жегені былай тұрсын, олмеген тірі адамдарды малша сойып жеді. Қалаларда түн болса, көшеде жүруге болмады. Мезгілсіз уақытта көшеде жүрген адамдарды жылқы сияқтандырып бұғалық салып, буындырып ұстап, сойып жейтін болды. Анасы баласының етін жеуге жетті. Мұның бәрі аштық әсерінен адамның есі шығып, ақылы қалмайтындық көрсетті. Аштық ақылын алмаса, адам аң жесіне жетіп, хайуандықтан да асып, бірін-бірі жер ме еді? Анасы баласын жеуге келгенде, ол анада ақылдан түк қалды деуге болар ма?

Міне, тән сау болса, жан да сау болатындықтың сипаты. Аштықтан адамның тәні азып еді, жаны да азып, ес кетіп, адамгершілік жоғалып, адам хайуаннан да жаман болып кетті» [77, 247-б.].

Тарихшы Манаш Қозыбаев айтқандай: «1921-1922 жылдардағы аштық қазақтарды демографиялық апатқа әкелді. 1922 жылдың наурызында Қазақстанның батыс және солтүстік аймақтарында 2 млн 350 мың адам аштыққа ұшырады, олардың көбі өлді. Үкімет тарапынан көрсетілген көмек тек қала тұрғындарына жетті, сол уақытта онда қазақтардың екі-ақ проценті орныққан еді, дені ауылдарда болатын. Ксі деректерге қарағанда, Қазақ АКСР-на төніп тұрған аштық алатын орталық басшылығы дер кезінде көріп, оған мән бере білмеген. Орталықтан келген азық-түлік жинаушы Ф.Э. Держинскийдің отрядтары Түркістан өлкесі, Ақмола, Семей губернияларындағы еңбекшілердің қолындағы астықты артық деген желеумен күшпен алып кеткен» [1, 219-б.].

Қорыта айтқанда, 1921-22 жылдар аралығында Қазақстанда орын алған ашаршылық ел экономикасына үлкен күйзеліс әкелді. Елдің аштықтан қырылуынан, басқа республикаларға босуынан демография ақсады. Қаншама қазақтар аштықтан қырылып, көмусіз қалды, мыңдаған адамдар азық іздеп, өзге жакка боса көшті. Ашаршылық мәселесі жас Қазақ республикасына оңай тиген жоқ. Қатты құрғақшылық егіс алқабын азайтып, қаптаған шегіртке шүйгін шөпті құртты. Астық пен шөптің шықпай қалуы ата кәсібі мал шаруашылығының азаюына алып келді.

### 3. Аштықты ауыздықтаудағы іс-шаралар барысы

Қазақ республикасы Орталық Атқару комитетіне 1921 жылдың маусымынан бастап қазақ даласында аштықтың басталғаны жайлы губерниялық атқару комитетінен ақпараттар, мәліметтер түсе бастады.

1921 ж. 27 маусымда Қазақ Орталық Атқару Комитетінің төрағасы С. Меңдешев пен Жер халық комиссары Харловтың қол қоюымен ҚКСР-ның шаруаларына арналған үндеуі қабылданды. Онда мұқтаждық пен аштық оларды қазақ жеріне әкеліп, құнарлы жерлерге орналастырып, аз уақыт болса да Николай үкіметі тұсында көрген бастарына түскен тауқыметті ұмыттырып, жақсы өмір сүруге мүмкіндік туғызғандығын, олардан көршілес тұрған қазақ шаруалары егіншілік кәсібін жақсартуды үйренгендігін, аштық тауқыметінен кейбіреулері Украинаға қоныс аудармақ болып отырғандығын, қолда бар мал-мүліктен жолда айырылу мүмкіндігі бар екендігін айта келсе, сабыр сақтап, қоныс аударудан бас тартуға, аштық азабынан қазақ шаруаларымен күресуге шақырды [78].

Қазақстандағы аштық нәубетін ауыздықтауға алғашқы айларында бірден-бір көмек қолын созған Түркістан республикасы болды. Өлкелік көлік-арба транспорты одағының 10500 мүшесі ашыққан губернияларға көмек ұйымдастырып, 25 000 000 сомнан жоғары 5 күндік жалақыларын бермек жөнінде шешім қабылдаған [49].

1921 жылдың 6 шілдесінде Қырғыз (қазақ) Орталық Атқару комитеті президиумы көшпелі және жарғылай көшпелі қазақ тұрғындарының ет, тері, жүн және майға салықты жою туралы қаулысы қабылданды [79]. Бұған дейін 1921 жылы 14 маусымда «Нақты ет салығы туралы» декрет шығып, қазақтар ет салығынан босалған еді.

Сөйтіп, елде орын алған аштыққа, қыстағы жұттан мал басының қырылуына байланысты салық мөлшері азайтылды. Қырғыз Халық комиссариат кеңесінің декреті бойынша 1921 жылдың 11 мамырында көшпенділерге қатысты қабылданған май салығы толықтай тоқтатылды. Ендігі жерде шаруалар артық тері, жүнін және малын еркін түрде сата алды. Сонымен қатар президиум елдегі ауыр жағдайға байланысты көшпенділерге қажетті мануфактура, шай, ыдыс және тағы басқа

тұрмысқа қажетті заттарды далалық жәрмеңкеге еркін түрде шығарып сатуға және қажетті азық-түлікпен айырбастап алуға мүмкіндік берді. Жәрмеңкеде мұндай заттарды сатқандарға салық салынбайтын болды [80].

Республикада аштық үдей бастауына орай Орынборда 1921 жылы 8 шілдеде қазақ облыстық комитетінің пленумы өткізіліп, қаладағы азық-түлік жағдайы мен ашыққан халыққа көмек көрсету комиссиясын құру қарастырылды. Орынбор қаласында және теміржол бойында жағдайдың ауыр болып, жұмысшылардың екі айдан бері құрғақ азық ала алмағандығы, базарда астықтың мүлдем дерлік жоқтығы және оның өте қымбаттылығы, құғақшылықтың салдарынан егін шығымының мүлдем төмендігі, тамақ тапшылығынан тырысқақ індетінің күннен-күнге күшейіп бара жатқандығы баса айтылды. Пленум тез арада Қазақ АКСР Азық-түлік халық комиссариатына республиканың Сібір бөлігінен Орынбор қаласына көмек ретінде үшін 30 мың пұт астық жіберуді туралы қаулы шығарды. Сонымен қатар республикада ашыққан халыққа көмек көрсету жөнінде төтенше комиссия құру туралы шешім қабылданды. Комиссия құрамына Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің, Ұлт істері халық комиссариатының, Егіншілік халық комиссариатының, Әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссариатының, Статистика басқармасы бюросының өкілдері енгізілді [27,43-6.].

Ел басына қиын жағдай туындағанда Қазақ Орталық Атқару Комитеті 10 шілдеде Аштарға көмек көрсету Орталық комиссиясын құру жөнінде қаулы қабылдады. Бұл комиссияға қысқа мерзімнің ішінде аштар туралы мәлімет жинап, төтенше органға беру жүктелінді [81]. 1921 ж. 15 шілдесінде ашыққандарға арнайы төтенше көмек көрсету комиссиясы (Компомгол) құрылып, басқару жұмысы С. Меңдешевке жүктелді [82]. Оның қол қоюымен 17 шілдеде РК(б)П Орталық Комитетінің барлық партия мүшелеріне арнаулы үндеу жарияланып, аштықтың шығуының негізгі себебі тек қуаңшылық нәтижесі ғана емес, ауылшаруашылығының артта қалуынан, помещиктер мен капиталистердің кеңестік жүйеге қарсы тоқтаусыз күрес жүргізуі делініп, республика орын алып отырған нәубетті ауыздықтауға шақырды [83].

Мәскеудің шешімін күтпей 20 шілдеде Қазақ Орталық Атқару Комитеті республиканың барлық губернияларына аштарға көмек көрсету комиссиясын құрып, оның құрамы мен атқаратын қызметін анықтауды тапсырды [84].

Апаттың мөлшерін анықтау Жер Халық комиссариатына, Азық-түлік халық комиссариатына және Орталық Санақ (статистика) басқармасына жүктелініп, аштықтан өлгендердің саны мен жиналған астық барысы, сонымен бірге қажетті тұқым мен азық-түлігі нақтылау тапсырылды. Бұл іске кооперациялар да жұмылдырылды.

Азық-түлік халық комиссариаты мен Орталық тұтынушылар одағына азық-түлікті есепке алу мен сақтау, Ашыққандарға көмек көрсету Орталық Комиссиясының тапсырмасы бойынша осы азық-түлікті бөлу жұмысы жүктелінді. Сонымен қатар Азық-түлік халық комиссариатына тамақтану пункттерін ашуға басшылық жасау тапсырылды.

Аштықтан жүре алмаған адамдарға көмек көрсету мен жұкпалы аурумен күресу, өлген адамдардың мүрдесін жинауды Денсаулық сақтау халық комиссариаты, салық салудың жаңа жобасын жасау мен оны үйлестіру ісін Қаржы Халық комиссариаты қолға алды [85].

Қазақ ОАК-і мен ХКК-нің шешімімен Қазақстан территориясында төтенше санитарлық комиссиясы құрылды. Жалпы комиссияның құрамына ҚОАК төрағасы, Қазақ денсаулық сақтау халкомы, облыстық комитеттердің өкілдері, ҚОАК-н мен Бүкілрессейлік Төтенше комиссияның (ВЧК) өкілдері енді. Комиссияның құзырына оба, шешек және тағы басқа аурулардың ошағын анықтап жою, басқа өңірлерге таралуға жол бермеу мәселесі тұрды. Барлық губернияларда да осындай санитарлық комиссиялар құрылып, оның құрамына губерниялық денсаулық сақтау меңгерушісі, губерниялық төтенше комиссияның төрағасы және әскери-санитарлық ведомстваның бір өкілі енді [86].

Комиссия бастапқы уақытта газет арқылы жұкпалы аурулардың таралып кетпеуі үшін аштардың қалаларға, станцияларға топталуына, үдере көшуіне тыйым салды [87].

Ашыққандарға арнайы төтенше көмек көрсету комиссиясы (Компомгол) мен ҚОАК-ті аштықпен күрестің алғашқы күнінен бастап аштарды

тасымалдау (эвакуациялау) жұмысына кірісті. Аш босқындар аштық тырнағына іліне қоймаған республиканың және Ресей федерациясының ішкі аудандарына көшіру қарастырыла бастады. Тасымалдау төмендегі жоспар бойынша жүзеге асырылатын болды: тасымалдау линиясы арқылы Орынбор губерниясынан – 4000, Оралдағы – 8000, Ақтөбедегі – 6000, Қостанай губерниясындағы – 4000, Ор уезіндегі – 6000, Елек уезіндегі – 2000 аштарды 900 вагоны бар 30 эшалонмен 4 ай ішінде Түркістан республикасына көшірілетін болды. Себебі, Түркістан республикасы 20 000 мұсылманды қабылдап алып, уездерге орналастыруды Ташкент теміржол бойында тамақтандыратын пункттер ашуды өз міндеттеріне алды [88].

Негізінде 1921 жылдың 1 желтоқсанынан 1922 жылдың 15 қаңтарына дейінгі аралықта ашыққандарды жүретін поездардың жоқтығынан немесе паровоздың жетіспеуінен бір жерден екінші жерге тасымалдауға мүмкіндік болмады. Дегенмен аштар бірінші кезеңде Қазақ республикасынан Түркістан республикасына 33 320 адам көшірілді. Бұлардың 27 712-і ашыққандар, 2 661-і Түркістан өлкесінен босып келгендер, ал 2 947-і қоныстанушылар болатын. РКФСР-дің Батыс шекарасына қарай 7467 адам көшірілді. Олар Польшадан босып келген 5152 адам, 1 385 әскери-тұтқындар мен әскери міндеттілер және Литва мен Латвиядан босып келген 930 адам болатын. Басқа жерлерге 735 маманданған жұмысшылар күші мен бұқар, парсы және қытай азаматтарынан 157 адам, барлығы 892 адам көшіріліп әкетілді. Осы бірінші кезеңде барлығы 41 679 адам тасымалданған.

Екінші кезеңде Түркістан республикасына 20 186 адам көшірілген екен. Олардың 19 495-ы ашыққандар, ал 691-ы Түркістан өлкесінен босқандар болатын. РКФСР-дің батыс шекара аймағына Польшадан босып келген 10 231 адам және әскери-тұтқындар мен әскери міндеттілерден 1 936 адам, барлығы 12 456 адам көшірілген. Ал басқа орындарға жұмысшы күшінен 395 адам, бұқар мен парсы азаматтары 101 адам, кері қайтушылар 129 адам, барлығы 33 267 адам көшірілді.

1921-22 жж. Қазақ тасымалдау (эвакуациялық) базасы 74.946 адамды көшірді. Оның ішінде Түркістан республикасына ашыққан 47 207 адам,

Түркістан өлкесінен босқан 3352 адам, 2947 қоныстанушылар, барлығы 53 506 адам көшіріліпті.

РКФСР-дің батыс шекара аймағына Польшадан босып келген 15 383 адам және әскери-тұтқындар мен әскери міндеттілерден 3321 адам, Литва мен Латвиядан босып келген 1249 адам, барлығы 19 923 адам көшірілген. Ал басқа орындарға жұмысшы күшінен 1130 адам, көрші мемлекеттердің азаматтарынан 258 адам, кері қайтушылар 129 адам, барлығы 1517 адам көшірілді. Бұлардан басқа 15 111 бала өзге жаққа көшірілген екен [89].

Екі жақты жасалған келісім бойынша Қазақ республикасынан келгендерді Түркістан республикасы арнайы түрде қабылдап, уездерге бөліп орналастыра бастады. Мәселен, 200 мың аштардың 114129 адамы төмендегі бөлімге қарай орналастырылды: Ташкент уезіне 18308 адам, Шымкентке 22113 адам, Әулиеатаға 22967 адам, Ақмешітке 5153 адам, Құлынды Степскіге 8007 адам және Түркістанға 7571 адам [90].

21 шілдедегі РК(б)П Қазақ облыстық комитетінің кезекті пленумында республикадағы азық-түлік жағдайы мен азық-түлік мекемелерінің міндеттері туралы мәселе талқыланып, Азық-түлік комиссариаты Орынбор губерниясының астық құятын пункттеріндегі бар астықты шұғыл тасып алуға тиістіленді. Сонымен қатар пленум барысында азық-түлік салығы саясатын жүргізуде әрбір уезге губком мен губерниялық атқару комитетінің мүшелерінен бір-бір жауапты қызметкерлерді және әрбір болысқа кемінде бір қызметкерлерді тарту жөнінде шешім қабылданды. Азық-түлік мекемелеріне сгістіктерді, жер көлемі мен шығымдылықты дәл анықтап, поселкелік тізімдер жасау жөнінде жұмысты аяқтау, осының негізінде азық-түлік мекемелері мен ұйымдарының күштерін бөлу жоспарын жасау ұсынылды. Азық-түлік халық комиссариатына 7 күннің ішінде азық-түлік салығын салу жолымен де, сол сияқты тауар айырбасы жолымен де астықты және азық-түліктің басқа түрлерін жинау жоспарын жасау міндеті жүктелініп, бұл жоспарды кейінге қалдырмай дәлме-дәл орындау талап етілді. Ол үшін губерниялық комитеттердің азық-түлік мекемелерінің беделін күшейтуге және бұқараның назарын азық-түлік салығын ойдағыдай өткізудің республика үшін ерекше маңыздылығын аударуға көңіл бөлінетін болды. Азық-түлікті

ұрлаушыларға, каракшыларға қарсы тосқауыл қою да көтерілді [27, 44-45-66.].

Қазақ АКСР-не қарағанда Түркістан республикасындағы қазақ аудандарындағы астық өнімі едәуір жоғары болды. Осыған орай В.И. Ленин Түркістан аштар көмек комитетіне 1921 жылдың 27 шілдесінде жеделхат жіберіп, аштыққа іліккендерге көмек көрсетуді, тез арада 250 мың пұт нан мен ақша жібсруді өтінді. 25 тамызда республиканың ХКК-сі мен Азық-түлік Халкомына азықтай көмек көрсеткені үшін алғыс білдіре келе: «Жағдай ауыр. Барынша көмек беру керек. Сіздер барлық жағдайды жасайтындарыңызға сенемін» – деп, олардың алда да көмек қолын созатындығына үміттенетіндігін білдірді [91, 116-б.]. Негізінде Түркістан республикасы Қазақстан республикасынан ашығып босқандарға қолұшын берген. Мәселен, 19 шілдеде Түркістан Орталық комитетінің аштарға көмек көрсету жөніндегі комиссиясының бірінші отырысы өткізіліп, республикаға қарай ағылған аштарды қабылдау мәселесі қаралса, 22 шілдеде болған екінші орыста Қазақ республикасының өкілі Алмасовтың ашыққандарға көмек көрсету турасындағы өтініші тыңдалып, аштарға жәрдем ретінде салық жинау, халық арасында театрланған қойылым көрсету арқылы ақша жинау шешілді [92].

Аз уақыт аралығында республиканың ашыққан губерниялары мен уездеріндегі атқару комитеттері жанынан ашаршылыққа ұшырағандарға көмек көрсету комиссиялары іске кірісіп, көптеген іс-шараларды жүзеге асырылды. Губкомиссия Ақтөбеде 1921 ж. 20 шілдесінде, Бөкейде 4 тамызында, Оралда 8 тамызында, Орынборда 10 тамызында, Семейде 13 тамызында, Қостанайда 30 тамызында, Ақмолада 15 қыркүйегінде, ал Адай уезінде 23 қазанында құрылды [93]. Өз алдына губерниялар уездік ашқомдар құрып, жылу жинау мәселелерін қолға алатын болды.

Ашыққандарға көмек көрсету комиссиясы аштықты ауыздықтауға арналған жоспарды жасау және комиссариаттарға тапсырмалар беруді ұйымдастыру, басшылық жасауды өз міндетіне алды. Сөйтіп губерниялық комиссиялардан кейін уездік-аудандық атқару комитеті жанынан уездік ашқом комитеттері құрыла бастады. Алайда біріншіден, ауылдардың теміржолдардан алыс орналасуына, екіншіден, байланыстың нашарлығына



байланысты көп жерлерде бұл комитеттер кешеуілдете ашылды. Оларға ашыққандар арасында өзара көмек көрсету іс-шараларын жүзеге асыру міндеттелінді. Бірақ әлеуметтік қамсыздандыру органдары бұл комитеттерді қажетті қаражатпен, материалдармен, транспортпен қамтамасыз ете алмағандықтан қызметтерінде қиыншылықтар туындады [94]. Дегенмен кешірек болса да аштықпен күресу үшін құрылған комиссияларға төтенше органдардың құқықтары беріліп, азық-түлік бөлу барысында және тағы басқа іс-шаралар мәселесінде туындаған қиыншылықтарды, келеңсіздіктерді шешуді қолға алды.

1921 жылдың 29 шілдесінде Еңбек және Қорғаныс комитетінің 20 шілдедегі бұйрығына орай қаулы қабылданып, онда жұқталы аурулардың таралуына байланысты шаруаларға өздігінен Украина, Солтүстік Кавказ, Түркістан және Сібірге баруға тыйым салынды [95].

Ашыққан 5 губернияларда еңбек бөлімдері қызмет етіп, жұмыссыздардың санын анықтады. 1921 жылы шілдеде анықталған мәлімет бойынша жұмыссыздардың саны 16 480-ге жеткен екен. Мұның өзі жұмысқа тартылған қалалық ашыққандар болатын [96]. Бұл нақты сан емес еді. Себебі, жұмыссыз қағандар азық іздеп босып кеткен болатын. Осы себептен жұмыссыздар жайлы анық мәлімет алу мүмкін болмады. Дегенмен болашақта қоғамдық жұмысқа ауыл, село, қалалардағы ашыққандардан 2 875 420 адам тартылады деп болжамдады. Мәселен, Қазақ егіншілік халкомының мәліметінше, орман басқармасы ашыққан бес губернияларда істелінетін орман-мелиоративтік жұмыстардың жоспары жасалынып, оған жұмыссыздарды тартуда несие алу үшін арнайы есебі (смета) Орталық орман басқармасына (ООБ-ЦУЛ) жіберілген екен. Алайда олардың бұл жоспары жауапсыз қалған [97].

Өкінішке орай қаражаттың жоқтығынан ҚКСР-дағы қоғамдық еңбек ұйымдары кең көлемде өздерін көрсете алмады. Ауылды, селолы жерлерде құрылған артелдерді төлейтін немесе беретін қолда еш нәрсенің жоқтығынан таратуға тура келді. Оның үстіне әлсіз аштардың жұмыс істегуге шамалары жетпеді. Сондықтан бұл ұйымның жұмысы өз деңгейінде болмады деуге болады.

КСРО-ның губернияларында 1301 тамақтандыру пункттері мен асханалар ашылып, арнайы рұқсат қағазымен күніне 213 289 адамды ауқаттандыра алды [98].

Осы жылдың 1 тамызынан бастап Орынбор, Ақтөбе, Бөкей, Қостанай губерниялары ресми түрде аштыққа ұшыраған аудандардың қатарына жатқызылды. Орынбор губерниясынан Ылецк, Исаев, Краснохолм, Орынбор, Ор, Петровский, Покровский, Шарлык аудандары, Орал губерниясынан Гурьев, Жымпиты, Елек, Калымков, Орал уездері, Қостанай губерниясынан Қостанай, Боровск, Федоров, Семизозерный, Денисов, Адамов, Урицк, Торгай уездері, Ақтөбе губерниясынан Ақтөбе, Ақбұлақ, Модаров, Темір, Ырғыз, Шалкар, Ойыл, Карабұтақ уездері, Бөкей губерниясынан Қалмык, Торғын, Нарын, Қамышсарай, Талов, Первый Приморский, Второй Приморский аудандары, Адай уезінен Бозашы, Кенжар, Қарақосшығұл, Адай-Табын, Үстірт-Сары аудандары, барлығы 20 аудан мен 21 уезд аштыққа ұрынған [99].

Ашыққандарға ҚОАК-нің аштарға көмек төтенше комиссиясы арқылы несиес беріле бастады. Ең алғаш 300 млн. аванс бөлінді [100].

6 тамыздағы Төтенше комиссияның отырысынан кейін Ташкентте оның бөлімін ашып, оған Түркістан орталық комитетінен өкіл ретінде Алманов жіберілді [101]. Қазақ республикасы мен Түркістан азаматтарына орыс және қазақ тілінде аштарға көмек көрсету жөнінде үндеу тастау жөнінде шешім шығарылып, бұл іс Бөкейханов пен Диваевқа және Шлейферге тапсырылды. Қазақ республикасындағы аштық жағдайын орталыққа жеткізу үшін астық мәселесін мерзімді баспасөзге жариялау Мәскеуге жіберілген Ә. Жангелдинге жүктелінді [102].

Ә. Жангелдин С. Меңдешевтің қол қоюымен берілген мандат бойынша РКФСР-дің аштарға көмек көрсету жоғарғы ұйымдарының жиналыстарына, сессияларына қатысып, РКФСР Халкомының түрлі анықтамалық материалдарын алуға, үкіметтен ашыққандарға көмек сұрау мүмкіншілігіне ие болды. Мәскеуге барар және кейін қайтар жолда барлық кеңес және теміржол ұйымдары Жангелдинге осы мандат негізінде көмектесуге тиістіленді [103].

Ә. Жангелдин Қазақ статистикалық бюросы республикадағы жағдайды баяндаған мақала жазып, 9 тамызда Мәскеуге жіберуге тиісті болды. Сонымен қатар оған дала, ауыл, қалалардағы ашыққан балаларға РКФСР Аштарға көмек комиссиясынан ҚОАК-не 500 млн. ақша бөлігін сұрау және де ерікті түрде жылу жинау нәтижесінде аштарға көмек қорын құруды көтеру жұмысы да жүктелінді. Концерттер, қойылым, митингіден түскен ақшалар қорға құйылатын болды [104].

Ә. Жангелдин мен Киселевтің Мәскеуге барған сапары еш үміт бермеді. Орталықтағы ақшалай қор 2 млрд. руб. ақша беруден бас тартты. Сонымен қатар тұқым да берілмейтін болды. Тек республиканың ішінде қоныстануға ғана рұқсат етілді [105].

«Степная правда» газетінің 13 тамыздағы №33 (177) санында Төтенше аштарға көмек комиссиясының 3 тамыздағы қаулысы жарияланып, онда губерниялық одақ аппараттары арқылы барлық басшы комиссияларға (Главка) Түркістан республикасынан астық сатып алуға рұқсат берілді [106]. Алайда қаулыға байланысты түсініспеушілік туындап, Төтенше ашқом комиссиясына келген бір хатта өлкелік масштабта қызмет етіп жатқан губерниялық одақтардың ешқайсысының да Түркістан республикасына барып азық-түлік дайындауға құзыры жоқтығын айтып, осы қаулының қаншалықты дұрыстығын анықтауды талап етті [107].

Қаулыдан кейін Қазақ Орталық одақ басқармасы Өлкелік қамсыздандыру (потребительская) кооперацияның аштарға көмек көрсетуде Орталық төтенше комиссиямен байланыс орната отырып, мынадай шешімге келді: Түрік республикадағы өзінің өкілдері арқылы ашығып жатқан жердегі билік өкілдерімен де, қорғамдық ұйымдармен де келісімшартқа отыру арқылы астық дайындауды, оларды жеткізуді қолға алу. Дегенмен бұл міндеттерді жүзеге асырудың кедергісіз болмайтындығына көздері жетіп, бұл іске Қазақ Орталық Атқару комитетінің араласуын маңызды санады [108].

Шындығында да одақтар түрлі кедергілерге тап болды. Мәселен, Орынбор одағы Түркістан республикасынан өзге тауарларды астыққа айырбастап әкелуге сұраған екі вагонды Ташкент теміржол Басқармасы бермей қойған [109].

Түркістан Республикасына Ашкөмнің өкілі ретінде Әймин Хұсайынов, Бірімжанов, Нұрмұхамедов жіберіліп, ҚКСР-дағы балалар үшін қалай да болса алты вагон астық бөлдіру, республикаға бағытталған азық-түліктің мөлшерін анықтау жүктелінді [110].

1921 жылдың күзінде Түркістан республикасының ОАК-і Кеңесінің төрағасы болған Сұлтанбек Қожанов Түркістанға шет жақтан босып келе жатқан ашыққандарды тамақпен, жылы киіммен, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді, жұқпалы аурумен күресуді қолға алып, аштықты ауыздықтауға елеулі үлес қосты [111].

Қуаңшылықтан астықтың шықпауына байланысты азық-түлік салығын төлеуге кедей шаруалардың шамалары келмеді. Осыған орай РКФСР БОАК-нің 1921 жылғы 18 тамызындағы жарлығына байланысты Орынбор, Орал, Ақтобе, Бөкей және Қостанай губернияларының шаруалары азық-түлік салығынан босатылып, тек дәулетті адамдардан салық жиналды [112, 196-б.].

Ашыққан губерниялардағы берілетін құрғақ азықтардың мөлшері де белгіленді. БОАК-тың шешімі бойынша Қазақстанда аштыққа ұшырамаған, жағдайлары жақсы губерниялардың қатарына Түркістан, Ақмола мен Семей губерниялары жатқызылды [113].

Губерниялық аштарға көмек көрсету комиссиясының құрамы туралы нұсқау болмағандықтан осы жылдың 1 қыркүйегінде комиссия құрамы өзгерістермен қайталан құрылды. Комиссия құрамына 8 адам кірді, губерниялық атқару комитетінің төрағасы (комиссия төрағасы), губерниялық азық-түлік комиссары, губерниялық егіншілік комиссары, губерниялық халық шаруашылық кеңесінің төрағасы, губерниялық саяси ағарту кеңесінің өкілі, губерниялық кәсіподақ кеңесінің орынбасары, губерниялық одақ төрағасының орынбасары, губерниялық еңбек комитеті төрағасы. Комиссия өз жұмысы барысында аштықты ауыздықтауда 71 мәселені шешкен екен. Губерниялардың барлық мекемелері мен ұйымдарының экономикалық міндеттерін үйлестіру жұмыстарын қолға алып, республика аудандарында тұқым қорын құру, астық шықпай қалған аудандарға көмек көрсету, қоғамдық жоспарларды бекіту, қоғамдық қайырымдылық көмегін ұйымдастыру, көмек

апталықтарын ұйымдастыру мәселелерін қолға алды. Комиссия мүшелерінің негізгі қызметтері губерниялық атқару комитетінде болғандықтан өз жұмыстарына қанағаттанды.

Губерниялық комиссия жанынан түскен тауарлар мен азық-түлікті қабылдау және тарататын, малдарды аман сақтайтын, қоныстандыру және әлеуметтік жағынан қамсыздандыру жағынан секциялар құрылды. Дегенмен секция жұмысында олқылықтар кездесті. Тауар мен азық-түлікті бөлуде алауыздықтар орын алды. Бұл секциялардан бөлек губерниялық кәсіподақ кеңесінде, халық байланыс бөлімінде болыстық ветеринарлық лазаретте ашкөмнің қосалқы комиссиялар ашылды. Секциялардың құзырына келестік мекеме қызметкерлерінен, жұмысшылар мен кәсіподақ ұйымдарынан ерікті түрде жылу жинау, оларды бөлуді қолға алды.

Губкомиссия Бүкілресейлік аштарға көмек апталығын өткізуге ықыласпен кірісіп, оны басқаратын «үштік» ұйымдастырылды. Барлық губерниялық комиссиялардың басты назары малды сақтау, шаруаларды өз шаруашылықтарына бекіту, ашыққан тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз ету болды. Өкінішке орай азық-түлік пен тұқымдық ресурстардың жоқтығынан шаруаларды өз шаруашылығында ұстау мүмкін болмады [114].

Жетісу облыстық экономикалық мәжілісінің есебі бойынша, Семей губерниясы арқылы Сібірден тырысқақ ауруы Мәңгі уезіне тарап, көптеген ауылдарды жайлап, одан көршілес жатқан Талдықорған уезіне жетті. Жетісу облысында тырысқақпен 2152 адам ауырып, оның 1294-і қайтыс болған. Мәжіліс барысында ауруды ауыздықтамаса, адам өлімінің көбейіп кету қаупі барлығын айтылып, шұғыл түрде жұқпалы ауруға қатысты медициналық іс-шараларды ұйымдастыру жөнінде шешім қабылданды [115, 171-6.].

Қазақ АКСР-гі ашыққандар Түркістан республикасы мен аштыққа ұшырай қоймаған Семей мен Ақмола губернияларына қарай шұбырды. Түркістан қаласында ашығып келгендерге екі апталық көмек көрсетілсе, Перовскіде де 15 және 22 қыркүйек аралығын ашыққандарға көмек апталығын жариялап, босып келгендер үшін арнайы барактар жөндеуден өткізілді.

Қазақ АКСР-нен босқан 250-дей аштар Арал теңізі маңына да жетіп, Хорезм республикасын бетке ұстаған. Теренөзек ауданында ашыққандарға 291 мың сом ақша жиналып, көмек комиссиясына берілді [112, 187-188-бб.]. Аштық комиссиясының арнайы өкілдері аштықтың шығу себебі мен көмек көрсету үшін қанша адамның ашыққандығын анықтауға кірісіп, олар жөнінде мәліметтер беріп, азық-түлікпен қамтамасыз етуді қолға алды.

ҚКСР-ы Еңбек және қорғаныс кеңсесінің есебінше, ашыққан аудандарға Семей мен Ақмола губернияларынан астық жіберілді. Семей губерниясы арқылы Моңғолиядан халыққа аса қажетті тауарлар айырбасталып әкелінді [116, 8-10-бб.].

Ашыққандарға көмек көрсету негізінде тұрғындар қоғамдық жұмысқа тартылды. Себебі, бұзылған тұрғын үйлер, лас көшелер мен көпірлерді, қоқыстанған теміржолдарды жөндейтін күш те, оған бөлінген қаражат жоқ еді. Оның үстіне көшелерде аштан өлгендерін мүрделерін жинауға да күш жетіспеді.

Жергілікті билік жұмыссыз, аш адамдарды қоғамдық жұмысқа тартуды қолға алу үшін қоғамдық жұмыс ұйымдарын құрып, жұмыссыздардың санын анықтап, еңбек етуге күші барларды жұмысқа тартты. Бастапқы кездерде қаражаттың жоқтығынан ұйымның жұмысы мардымсыз болды. Кейіннен ашқом комиссиясының шешімімен ұйымдағы жұмыскерлерге еңбекақы немесе азық-түлік бөліне бастағандықтан жұмыс сәл де болса қарқын алды [117].

1921 ж. 4-10 қазанда өткен Қазақ АКСР-ы Кеңестерінің II съезі Жаңа экономикалық саясатты жүргізуге кедергі болып отырған ашаршылық пен жұт зардаптарына қарсы жұмыс күрес жүргізуге шақырып, ашыққан аудандарға көмек көрсетуде азық-түлік салығын мерзімінен бұрын өткізу қажеттігін баса көтерді [118, 192-6.].

Съездің секция мәжілісінде Батыс өңірдегі жайлаған аштық мәселесі қаралып, Дайрабаев, Тұрмұхамедов, Дунаев, Рышков, Максименко, Танашев, Байтұрсынов, Игіліков, Бекбаев сынды азаматтар қатысып, олар елдегі жағдайдың қиындығы, аштықтан босқан халық, жұқпалы аурудың өршу барысын ашық айтуға тырысты. Мәселен, Игіліков өз ауданының

Азамат соғысынан кейінгі жағдайына тоқталып, халықтың жаппай аштыққа ұшырап жатқандығын баса айтты. Мәжілісте Акмола мен Семей губернияларынан азық-түлік салығын жинау мәселесі көтеріліп, У. Танашев жергілікті халық оған еш қарсылық білдірмесе де, азық-түліктің қандай түрін жинау жөнінде нақты нұсқау болмаса, онда бұл мәселені қолға алуда қиыншылықтар туатынын атап өтеді. Сонымен қатар азық-түлікке салынатын салық мөлшерін белгілеу, қандай азық-түліктен салық ұстау да қаралды.

У. Танашев салық мөлшерін нақтылау ісін губерниялық атқару комитетінің құзырына қалдыруды ұсынды. А. Байтұрсынов оның ұсынысына қолдау көрсете отырып, салық салынбақ болған кейбір уездер астық шықпай (Ырғыз уезін айтқан – С.С.), зардап шегіп отырғандығын баса көрсетіп, салық салуда осы жәйтті ескеруді талап етті. Алайда мәжіліске қатысқан Бендарь «Бірде-бір ауданды салықтан босатуға болмайды. Кейбір жерлерде салықты терімен алуға болады, әйтпесе ауыр жағдайдан шығу мүмкін емес» деген пікірді ұстанды [119].

II съезд шешімдерін жүзеге асыруда Қазақстанның барлық еңбекшілері жұмыла кірісті. Ашыққан аудандарға көмек көрсетуде азық-түлік салығын мерзімінен бұрын өткізу, жоспардан тыс астық беруге міндеттеме алды. Сондай-ақ, өз еркімен зағтай және қаржылай көмек көрсету де қолға алынып, Қазақстанды жайлаған аштықпен күресуге партия, комсомол және басқа үкімет ұйымдары тартылды. Ашыққан бес губернияда астық аспен тегін тамақтандыратын асханалар ұйымдастырылып, құрғақ азық-түлік үлестіру, босып жүргендерді баспанамен қамтамасыз ету сияқты істерді қолға алды. Дегенмен, ашыққандардың қатары күннен-күнге көбейіп, олардың барлығын бірдей тамақтандыру мүмкін болмады. Кейбір ауылдарға бөлінген азық-түлік жол-жөнекей талан-таражға түсіп, қолды болды.

1921 жылы 4 қазанда Төтенше комиссиясы аштар үшін Орал губерниясына 150 млн., Ақтөбеге 250 млн., Орынборға 250 млн., Бөксеге 150 млн., Қостанайға 200 млн., Адай уезіне 50 млн., балалар үшін 400 млн. ақша бөлу жөнінде шешім қабылдады [120].

Ашыққан аудандарға арналып Көкшетау ауданынан 190 000 пұт, Атбасар ауданынан 160 000 пұт жылу жиналған. 13 қазандағы Төтенше комиссияның отырысында Авдеев осы жиналған жәрдемнің 50%-ін Повольже мен Қазақ республикасының ашыққан аудандарына бөліп беруді көтерді [121].

Москва Қазақстандағы аштықты мойындағысы келмеді. Керісінше астығы мол аймаққа санап, Ресейдегі аштарға көмек көрсетуде азық-түлікті осы өлкеден алуды көздеп, арнайы тапсырмалар берді. 7 қазанда В.И. Ленин Арал балықшыларына арнайы хат жолдап, Ресейде ашыққандарға көмек көрсетуге шақырды. Ашығып отырса да Арал балықшылары бар күштерін салып, ауыздарынан жырып, ресейліктерге 14 вагон балық жіберді [122, 96-б.].

13 қазандағы Қазақ ОАК-нің Кіші Алқасының отырысында аштарға көмек көрсету үшін 3 000 000 000 сом несие алу жөнінде шешім шығарылды [123]. Осы күні ашқомның Төтенше комиссияның шешімі бойынша Қостанай мен Торғай уездері Ақмола губерниясына бекітіліп берілді [124]. 1 қарашадағы болған комиссияның отырысында Саматов ашыққан уездер тек Ақмолаға ғана емес, Семей губерниясына да бекітуді және осы губерниялардан жылу жинаудың маңыздылығын көтере отырып, «Москва Орынборға көмек көрсетуде» деген ақпардың жалғандығын, Москваға барған өкілдерге сенімсіздік таптытуға байланысты, өлкедегі жағдайды, аштарды, жиналып қалған өліктерді фотаға түсіріп жіберуді ұсынды [125]. Оның ойы орталықтағылардың «сенімсіздігін» дәлелді фактілермен көз жеткізу болатын.

Төтенше комиссия М. Саматовтың бұл ұсынысын орынды санап, қабылдаған қаулыларында аштықты дәлелдейтін материалдарды Москваға жіберуді және ашыққан губернияларды Ақмола мен Семей губернияларына бекіте отырып, жылу жинауды қолға алды. Сонымен қатар республикаға көмек көрсетуге шетелдіктерді тарту ісі жөнінде шешім қабылдады [126].

1921 ж. 4 қарашада РК(б)П ОК-нің «Ашыққандарға жүйелі түрде көмек көрсету туралы» құжатта «он ауқатты бір ашты қамқорлығына алу-ды» міндеттеді. 5 қарашада Асфендияр Кенжин БОАК-нің Аштарға көмек орталық сесиясының Алқалық жиналысына қатысып, баяндама жасады.



Сол баяндаманың негізінде Қазақ республикасына берілетін ақшаның мөлшерін нақтылау және Егіншілік халкомына Қазақ республикасына 300 вагон тұқымдық бөлуге ұсыныс жасау, Азық-түлік халкомынан азық-түлік бөлу барысында Қазақ республикасына ерекше көңіл бөлу, Ұйымдастыру Басқармасына Қазақ республикасындағы балаларға арнап киім-кешек қорын табу жолдарын іздестіру жөнінде қаулы қабылданды [127]. Мұндай шешімнің қабылдануы сәл де болса жоғарғы үкіметтің қазақ жеріне көңіл аударта бастауының қадамы еді.

Кенестерді Бүкілқазақтық II съезінен кейін Ашыққандарға төтенше көмек көрсету комиссиясының (Компомгол) президиумы құрамы қайтадан құрылып, 15 қарашадағы Қазақ Орталық Атқару комитетінің шешімімен бекітілді. Ашыққандарға арнайы төтенше көмек көрсету комиссиясының төрағасы ҚОАК-тің төрағалығына С. Меңдешев, оның орынбасары болып Сергеев тағайындалса, ал президиум мүшелігіне Байтұрсынов, Саблин, Серғазиев, Райхман, Попов, кандидаттыққа Заромский, Шлейфер, Васильев сайланды. Сонымен қатар президиум құрамына Ташкент теміржолы комиссарының орынбасары Зеньков, Денсаулық сақтау халкомы Шамов, Түркістан ОАК-нің өкілі Саматов, Ішкі істер халкомы Әйтисев, жұмысшы-шаруа инспекциясы халкомы Әлібеков, БОКОК-бюросы Қазақ кәсіподақшылары Быстров, Қазақ өлкелік әскери комиссариатынан Авдеев, Қазақ орталық одақтан Иргаев, қаржыландыру халкомы Калашников, Егіншілік халкомы Дивеев, балалар комиссиясының төрағасы Кенжия, Орынбор атқару комитетінің төрағасы Терехов және Қазақ мемлекеттік статистикалық басқармасының, ішкі сауда халық комиссариатының төрағалары енді. Бұл құрам 1922 жылдың қаңтарына дейін жұмыс істеді [128].

РК(б)П Қазақ облыстық комитетінің 26 қарашада болған пленумында Қазақ АКСР-дегі ашаршылыққа байланысты Егіншілік халық комиссариатының есебі тыңдалып, егін шықпай қалып, зардап шеккен аудандарға күш-көлікпен, құрал-сайманмен және де кедей шаруаларды мал және жем сатып алумен қамтамасыз ету жөнінде қаулы қабылданды [27, 46-47-бб.]. Осы шешімге орай келесі жылғы егістікке

қажетті көлік және тұқымдықты анықтау губерниялық атқару комитеттеріне жүктелінді.

1 желтоқсанда Қазақ ХКК-нің төрағасы Ә. Әйтиевтің қол қоюымен Қазақ республикасының территориясындағы малдарды қырылып қалудан сақтауда мамандарды тарту және қажетті қаржыны бөлу жөнінде өкімі жарияланды. Әр ай сайын губерниялар мал шаруашылығының жағдайы жөнінде ККСР Халық жер комитетіне ақпар беріп отыруға тиістіленді. Бұл іске салғырт қарағандар республиканың жауы ретінде қатан жауапқа тартылатын болды [129]. Ал 7 желтоқсанында Қазақ АКСР-і ХКК-нің ауылшаруашылық кооперациясын кеңейту жөніндегі декреті жарық көріп, отырықшы және көшпелі шаруаларға бірігіп ауылшаруашылық кооперациясын құруға, құрал-саймандарды ортақтаса пайдалануға рұқсат берілді [130]. Бұл жер өңдеуге жағдай мүлдем жоқ, шамасы келмейтіндерге кооперация арқылы бірлесе еңбек етсе, ауыр жағдайдан шығар деген үміт еді. Алайда не күш-көлігі, астығы жоқ шаруаның басы бірігіп, еңбек етуге мүмкіншілігі келмеді. Ал бар ұжымдар аштық әсерінен немесе бандиттердің шабуылынан талқандалды немесе жойылып кетті [131].

10 желтоқсанда Ә. Жангелдиннің төрағалығы, Ә. Нақымжанның хатшылығымен өткен Қазақ өлкелік комитетінің жауапты қызметкерлерінің жиынында М. Әуезов Ашқом ұйымдарының көмегі әліде болса қазақтың шалғай жатқан аудандарына жетпей жатқандығын айта отырып, оның бірнеше себептерін атады. Оның біріншісі, әлі де болса ашыққан алыс аудандарда жұмысшы күшінің жетіспеуі болса, екіншісі, ашыққан қазақтар жекеленген басшылықсыз мемлекеттен бөлінген үлесті ала алмауы. Үшіншісі, жергілікті Ашқомның ұйымдары жақын маңайдағы ауылдарды, қала, селолардағы аштарға ғана көмек қолдарын созуы. Азықтың жоқтығынан тұрғылықты халық қортышқан, малдың өлексесімен, ұсақ жәндіктермен қорсктене бастауынан түрлі жұқпалы аурулардың шығып жатқандығын баса айтты.

М. Әуезовтың баяндамасынан кейін жиында тез арада ашығып жатқан шалғайдағы дала аудандарын көмек қолдарын созу жұмысы сол өңірдегі Ашқомдерге міндеттеліп, осы істің алға жылжуына барлық партиялық,

кәсіподақ ұйымдары мен баспасөзді тарту, олардың жұмысын тексеруге арнай өкілдер жіберу жөнінде қаулы қабылданды. С. Меңдешев пен М. Әуезовке ашыққан өңірлерге көмек ұйымдастыру жүктелінді. Мәсслен, Орталықтан Қостанайдан шалғай жатқан Торғай ауданына азық-түлік жеткізуді, Гурьев ауданына азық-түлік таратуға еш мүмкіншілік болмағандықтан Орталықтан Гурьев пен Астраханның балығын таратуға рұқсат сұрау, сонымен бірге Гурьев пен Орал губернияларын балық аулауға қажетті құралдармен қамтамасыз етіп, жергілікті тұрғындарға еркін түрде балық аулауға рұқсат беруді тез арада шешу де міндеттелінді. Осы жиын барысында құрамында М. Әуезов, Ә. Әлібеков, Б. Алманов, А. Байтұрсынов, А. Кенжин бар комиссия құрылды [132].

16 желтоқсанда Сергеев, Васильев, Райхман, Стасенко, Аверская және тағы басқалар қатысқан Ашкөм орталық комитетінің президиумының отырысында Қазақ азық-түлік халкомының өкілі Егоров Қазақ республикасындағы аштарға азық-түлікті Курск губерниясынан сатып алуды ұсынды. Президиум оның бұл ұсынысын қолдап, Курск губерниясынан жеміс дайындаып алуды маңызды санады және Қазақ Егіншілік халық комиссариатына Курск губерниясынан астық тұқымын алу жолдарын қарастыруды тапсырды. Азық-түлік Халкомына сатып алатын азық-түлік пен тұқымға қажетті ақшалай баға есебін жасау жүктелінді [133].

19 желтоқсанда РК(б)П-ның Бүкілресейлік конференциясы өткізіліп, Қазақстанды жайлаған аштықпен күресу мәселесі тағы да қаралған болатын. Бұл конференция алдағы жылда 15 ақпанында болатын Қазақстан коммунистік партиясының II жалпы конференциясында «Аштықпен күресу һәм бұзылған шаруашылықты түзету шаруалары» турасындағы мәселені көтеру қажеттігі жөнінде шешім шығарды [134, 41, 55-66.].

Жалпы «Ақжол» газетінде Түркістан республикасының Қазақстаннан келген ашыққандарға жәрдем барысы жайында ақпарлар басылып отырды. Мәселен, «Жораб» өнімшілік орнының жұмыскерлері бір жеті кешін әр жұмыскердің күндік азығынан күн сайын бір қадақ наннан аштардың пайдасына беруге қаулы қылды. Аштарға жәрдем жинау комиссиясының Ташкенттің комитетінің жұмысшылар ұйымының қойған сауық кешінен 780 061 сом ақша жиналған [135].

Самарқанда да аштарға жәрдем беретін облыстық комиссия үш вагон, Жизакта да үш вагон азық-түлік жиналса, ал Төрткүлде 26-29 желтоқсан аралығында өткен ортақшыл мұсылман жастарының Шымғай съезінде Қазақ республикасындағы аштарға көмек көрсету турасында қаулы қабылданып, осыған орай жұмыс басталып кеткен [136].

Аштықпен күрес барысында өлкелік деңгейде «жылу жинау апталығы» жарияланып, соның нәтижесінде 1400 пұт азық-түлік пен 166 миллион акша жиналып, губерниялық аштар комиссиясына тапсырылды. Бұдан кейін де губерниялық комиссиялардың бастамасымен бірнеше рет «жылу жинау күні», «жылу жинау апталығы» ұйымдастырылды [137].

Желтоқсанның соңында «Ақ жол» газеті қосымша 10 мың дана «Аштарға жәрдем» газетін шығарып, сатып, осы газеттен түскен ақшаны ашыққандарға жәрдем ретінде беруді жөн деп тапқан. Алайда газет алған азаматтардың көпшілігі сатылым ақшасын редакцияға бермеген. Сондықтан «Ақжолдың» 1921 жылғы 23 желтоқсанындағы санында сол азаматтардың атын жариялап, тезірек түскен ақшаны жіберуін өтінді. Ақмешіт уезінен Тансықбаев 1000 газет, Ташкент уезінен Майлықожаев 300 газет, Ташкент уезі милициясы 3500 газет, Қазалы атқару комитеті 900 газет, Ташкент уезі, Қауыншы қышлағы Қожамқұлов 1000 (одан 320 сом ақша редакцияға түскен) және Болғанбаевқа 280 газет жіберілген екен. «Қылышын сүйреткен ызғарлы қыстың суығына қарсы қымбатшылық та күн сайын артуда. Сондықтан бір тілім нанға зар болып жүрген бауырларына аз да болса қуат болар, кешіктірмей берулеріңізді өтіндік» делінді [138]. Сөйтіп, газеттен түскен ақшамен аштық тырнағына іліккендерге қолұшын беруді көтерген «Ақжол» әр санында аштықпен күресу барысындағы қазақ зиялыларының, жастарының іс-әрекетін көпшілікке жеткізіп отырған бірден бір басылым болды.

Газет сонымен бірге аштарға жәрдем берудің маңыздығын да көтерді. Әрбір азаматтың аштарға жәрдем беруін міндетті санап отырып, жәрдем көрсетуде барлық адамдарды жұмылдыруды оң санады. Түрлі ойын-сауық, концерт ұйымдастырып, одан түскен қаржыны аштар қорына беру ісі де қолға алынды. 17 желтоқсанда аштар пайдасы үшін сауық кеші өткізіліп, билет сатудан 30 млн. 923 мың сом, буфет-

тен 13 млн. 639 мың 420 сом, пошта, гүл, открытка һәм басқалардан 5 млн 554 мың 965 сом., жер айналасындағы жиһангершілерден 95 мың сом, ойынға кірген он сомдық екі алтын ақшадан 2 млн 200 мың сом жиналған [139].

1922 жылдың қаңтарында Қазақ ОАК-ті қызмет барысын жандандыру үшін Ашыққандарға көмек көрсету орталық комиссиясының аппаратына өзгерістер енгізді. Ашкөм орталық комиссиясының президиумы үлкен, кіші болып екіге бөлінді. Кіші президиумның тұрақты жетекші тобына төрағаның орынбасары Сергеев, мүшелері Кеңжин мен Арғыншиев кірді. Үлкен президиум аптасына бір рет жиналса, кіші президиум аптасына үш-төрт жиналып, аштыққа қатысты іс-шаралардың орындалу барысы мен алға жүргізілетін жоспарларды талқылады [140].

Аштарға көмек сұрауда көршілес республикаларға өкілдер жіберу мәселесі де Ашкөмнің 3 қаңтарда болған отырысында қаралып, комиссияның өкілі Бекентаевты Бұхар республикасына жіберу жөнінде шешім қабылданды. Бұл республикадан келісімге отырып, 8000 пұт астық әкелуге тиісті болды [141].

«Ақ жол» газетінде Бекентаевтың 500 қазақ баласын аштықтан аман алып қалу үшін және Бұхар үкіметі жанынан сауда жұмысын жүргізіп отыратын Қазақстан елшілігі мекемесін ашу жөнінде Бұқарға жүріп кеткендігі жөнінде ақпар басылды [142].

Бекентаев осы сапарында елдің белді азаматтарымен кездесіп, ашыққандарға олар 50 мың пұт астық беретін болды. Жәрдем берушілердің арасында Фазолла Хождаев, Ғабдулхамит Ғарифов, Мухитдинов, Абдулов сондай-ақ сол сияқты басқа да азаматтар бар еді [143].

Аштықпен күресте губерниялардың уездік атқару комитеттері тарапынан құрылған комиссия ашыққандардың нақты санын анықтауға байланысты ауыл-ауылдарға шығып, оларға қанша молшерде азық-түлік пен киім-кешектің керектігін нақтылады. Әсіресе жұқпалы аурулар жайылған уездерге медициналық көмек көрсету, дәрігерлік бөлімшелер ашу мен оған қажетті дәрі-дәрмек жеткізуді қолға алды. Дегенмен санитарлық жәрдем беру, эпидемиямен күресу әлі де болса мардымсыз болды.

1922 ж. 10 ақпанда ҚОАК-ті республикадағы аштарға көмек комиссиясының съезін ашып, онда ашкөмнің осы уақытқа дейінгі аштықты

ауыздықтаудағы жұмысы, кемшіліктері мен алдағы аштықпен күрес барысында жүзеге асағын іс-шаралар талқыға алынды [144].

Аштықпен күрес барысы бұдан кейін де Орталық Комитеттің бірнеше кеңесінде, конференцияларында каралып, оны ауыздықтауда бүлінген шаруашылықты қалпына келтіру қажеттігі баса көтерілді [134, 41, 55-66.]. Ұлт зиялылары да тез арада аштықты жою іс-шараларын қолға алу қажеттігін жөнінде мерзімді баспасөз арқылы дабыл қакты. Қазақ АКСР-і Жер комиссариатының алка мүшесі болған Ә. Байділдин «Қызыл Қазақстан» журналы арқылы тез арада аштықпен күресуге жұмыла кіріспесе, онсыз да әбден тұқымы құруға айналып бара жатқан малдан айырылатындығын ескертті [145, 1-6.].

1922 жылы аштық үдеуінен тамақ іздеп босқандардың саны ұлғая түсті. Осы жағдайға байланысты ақпанда өткен Қазақ АКСР-ның I съезі мен РК(б)П-ның II қырғыз (қазақ) облыстық конференциясында республикада аштық меңдеп кеткен аймақтарға шұғыл түрде көмек көрсету, сол аудандарға азық-түлікпен комиссия жіберу мен қатаң бақылаута алу мәселесі көтерілді [134, 43-6.].

БОАК мен ХКК-нің 1922 жылғы II ақпандағы жалпыазаматтық салық пен оны салу ережелері туралы декретіне орай губернияда салық салу мөлшері нақтыланды. Мәселен, сауда орталықтарына айына салына-тын салық 20% болса, базарға шығарылатын етке салынатын салықтың мөлшері әр пұтына 4 ф. болып белгіленді. Кооператив арқылы тауар айырбастау салығы 25 пайызға тенелді [146].

19-27 ақпанда Орынборда 106 делегаттың қатысуымен болған қырғыз (қазақ) облыстық екінші конференциясында 1922 жылы I қаңтардағы мәлімет бойынша өлкеде миллионнан аса ашыққандардың барлығы ай-тылды [147, III-б. ].

Конференцияның 21 ақпандағы мәжілісінде Қазақстан Орталық Ат-қару комитетінің төрағасы С. Меңдешевтің көрсетуінше, астық пен шөп шықпай қалған 1048100 шаршы жерде ашыққандардың саны 2 653 300 жеткен. Орталық санақ Баскармасының есебіне сүйенсе, 1917-1921 жж. аралығында егіс көлемі 5 840 000 десятинадан 2 098 000 десятинаға түсіп, 47 пайызға азайса, мал басы 1917-1921 жылдары 29 700 000 бас-

тан 6 200 000 басқа дейін кеміп кеткен. Аталған жылдар аралығымен салыстырсақ, 83 пайызға азайғандығын көрсетті.

С. Мендешев баяндамасында ашыққандардың қатарының күннен-күнге артып, өлім-жітімнің көбейіп бара жатқандығын да баса айтты. Жұт кезінде барлық малынан айырылған қазақтар еш жерден көмек ала алмай, шөп тамырларын, өлексе малдың етін жеп, уланып өліп жатқандығын да қынжыла баяндаған. Оның көрсетуінше, 1922 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша, Қазақстандағы барлығы ашыққан 1 476 985 адамның 927 593-і ересектер де, 158 392-і балалар. Губернияларға бөліп көрсетсек: Орынборда: ересек – 138 339 адам, 209 611 бала, Ақтөбеде – 171 389 ересек пен 134 000 бала, Қостанайда – 123 600 ересек және 103 500 бала, ал Бөкейде барлығы 100 000 адам, Адай уезінде – 75 000 адам, Семейде – 5616 балалар, Ақмола губерниясында – 92 000 ересек пен 9670 бала аштыққа ұрынған [148].

Конференция барысында М. Әуезов Аштарға көмек комиссиясының Орталық комитетінің жұмысын сынға алып, өкілдер жүйесін құруды ұсынды. Қазақтарға көмекті орыстармен бірдей молшерде беруді, қазақ пен орыс өкілдерін жеке құруды ұсынды. Алайда конференция оның бұл ұсынысын қабыл алмады. Дегенмен оның көмек бөлген кезде қазақ, орыс ашыққандарына бірдей тамақ беру турасындағы пікірін Наймангожаев қолдады. Ол сонымен қатар Тереходтың «Повольжеде ғана аштық, Қазақ республикасында жоқ, Қазақстан тұрғындары туралы айтудың қажеті жоқ» деген сөзіне қарсы шығады [149].

Ең ауыр болған ақпан, наурыз, сәуір айларын есепке ала отырып, Ашкөм комитеті азық-түлік ресурстарын дайындауды күшейту мен оларды аудандарға жеткізуге, он тоқ бір ашты, тоқ болыс бір ашыққан поселкені тамақтандыруға алу мақсатында насихаттауды күшейту, қоғамдық ұйымдар мен қолөнер атрельдерінің жұмыстарын жеделдету, аштықпен күресте барлық халкомдар мен өлкелік ұйымдарды бөлімдерінің жұмыстарын күшейтуді қолға алуды маңызды санады. Ашыққан аудандарда тез арада жылжымалы асханалар ұйымдастыру, жұт пен ашаршылық жүріп өткен жерлердегі ауыл шаруашылығын малмен қамтамасыз етуді жүзеге асыру жөнінде шешім қабылданды [147, 59-60-66.].

Ел шаруашылығын, экономикасын дамытуда басты кедергілерді жою жолдары ұсынылды. Мәселен, С. Меңдешевтен кейін сөз алған Шнякин барлық ұйымдар елде орын алып отырған саботажбен күресіп, бұзылған теміржолды қалпына келтіруден бастау қажеттігін көтерді.

Конференция барысында аштықтан аман саналған Акмола губернияларының Көкшетау, Петропавл мен Атбасар уезінің оңтүстік бөлігінде аштық жайлап, өлім-жітім көбейгендіктен ашыққан аймаққа жатқызу керектігі жөнінде айтылып, Акмола губерниясына көмек көрсету үшін бекітілген Қостанай губерниясын аштыққа ұшырай қоймаған басқа бір астықты губернияға беру қажеттігі дәлелді мысалдармен келтірілді.

М. Әуезов сөз барысында қырдағы қазақтардың жағдайының ауырлығы, оларға жіберілген көмектердің кейбір жауапты қызметкерлердің салақтығынан жетпей отырғандығын айта келе, қырдағы қазақтардың жағдайына аса назар аударуды көтерді [147, 62, 67-68-бб.].

Конференцияда ашыққандарға көмектесу комиссияларының аппаратын тандаулы қызметкерлерімен толықтыра отырып нығайту, Ашкөм басшылығымен ведомствалар мен барлық кеңес органдарында ашыққандарға көмектесу шараларын жүргізу ісіне күшейту мен ашыққандарға жіберілген барлық көмек түрлерінің басқа мақсаттарға қолданылып кетпеуін қадағалау сияқты міндеттерді жүзеге асыру қажеттігі шешілді [27, 50-51-бб.].

Қабылданған үндеу, ашаршылыққа ұшыраған аудандарға үздіксіз көмек ұйымдастыру, астықпен, азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесін қолға алу міндеттелінді [134, 43-б.].

Конференция шешіміне орай ашыққандарға көмектесу комиссиясының аппараты тандаулы қызметкерлерімен толықтырылып, ашыққандарға жіберілген барлық көмек түрлерінің басқа мақсаттарға қолданылып кетпеуі қатаң бақылауға алынды. Қаржы тапшылығына қарамастан елдегі ашыққан шаруалар мен қала тұрғындарына 170 миллион алтын сом мөлшерінде жәрдем бөлініп, мемлекет тарапынан азық-түлік, астық, құрал-саймандар беріле бастады [134, 43-б.]. Губернияларды аштық жайлаған кезде үкіметтің шешімімен Адам уезі Түркістанға, Бөкей Се-



мейге, Орынбор 25 пайызға Мәскеуге, ал сәуір айынан Рязаньға, Орал Украиннаға, Қостанай 50 пайызға Ақмолаға, Ақтөбе Ақмола губерниясына бекітіліп, ашыққандарға көмек қолын созуға тиісті болды [150].

Қазақстандағы ашыққан 5 губернияға 1922 жылдың басында егін егуге бидайдан 734 мың пұт, арпадан 433 мың пұт, тарыдан 383 мың пұт, сұлыдан 163 мың пұт тұқымы бөлініп беріліп, көзі ашық азаматтардың алдында осы берілген тұқымдық астықты жұртқа басшылық жасай отырып таратып беру міндеттелінді [151].

Ел ішіндегі қиыншылыққа қарамастан ашаршылықтан құтқару әрі шаруашылықты қалпына келтіру үшін губернияларда босқандарды кері қайтару жұмысы да пәрменді жүргізіле бастады. Үкімет өз мекендеріне қайтадан оралған босқындардың барлығын салық түрінен босату, жеңілдіктер жасауға, ауылшаруашылығына жәрдемдесуге уәде беріп, оны жүзеге асыруда комитет құрды. Ашаршылық жайлаған аудандарға өзге елдерден медициналық көмектер көрсетілді, ашыққандарға азық пен киім-кешектер, тұрмысқа қажетті заттар үлестірілді. Үкімет тарапынан бөлінген бұл көмек тиісті орындарға жетпей қолды да болып кеткен кездер де болды. Ашыққандар үшін ашылған тамақтандыру пункттері азық-түліктің жетпеуінен тез арада жабылып жағты [152].

1920 жылдың қысынан бастап 1922 жылдың ортасына республикада 82,974 қазақ үйі малсыз қалып, оларды қаз бастыру үшін 850 262 ірі қара малдың қажеттігі айқындалды. Ол үшін үкімет тарапынан 384 миллиард сом ақша көлемінде жәрдемақы талап етіліп, аштыққа ұшырамаған Ақмола, Семей губерниялары мен Адай уезінен сатушылардан жүз қарадан бес қара алу керектігі көтерілді. Аталған губерниялардан 100 000 мал сатып алуға рұқсат етілді [74, 108-110-бб.].

Сөйтіп ашыққан губернияларға малдар жұтқа шалдықпаған Ақмола, Семей һәм Адай уезінен алынуға тиісті болды. Оны мынадай шамамен бөлу реті көрсетілді: Орал губерниясына 100-ден 24, Бөкей губерниясына 100-ден 35, Ақтөбе губерниясына 100-ден 17, Қостанай губерниясына 100-ден 10-ы. Сонымен қатар, бір жағынан ақша болмай, екінші жағынан кейбір себептермен тұқымдары жанартылмай, барлары қартайып, біткен асыл тұқымды малдармен қамтамасыз ету ісі де қолға алынды [153, 110-б.].

1922 жылдың 18 наурызында БОАК-нің 1922-1923 жж. ауылшаруашылығы азық-түлігіне бірыңғай салық салу туралы Жарлықтың шығуы шаруаға ауылшаруашылығының барлық саласын дамытуға үлкен еркіндік беріп, өз еңбегінің нәтижесін толықтай пайдалануға мүмкіндік жасады.

Азық-түлік халық комиссары Райхман Москваға барған іссапарында орталықтан ККСР-ге тұқымдық компания жұмысы мен азық-түлікпен қамтамасыз етуді шешіп келді. Сонымен қатар 6 наурызда қазақ өлкелік комитетінен келген өкілдердің басын қосқан мәжіліс өткізуді жоспарлаған еді. Алайда өкілдердің толықтай болмауынан бұл жиын кейінге қалдырылды. Дегенмен Райхман екі жақты келісімге қол қойып, ашыққандарға Ресейден 3 айдың ішінде 1 000 000 пұт астық алуға қол жеткізді.

Райхманның Курскіге де сапары сәтті аяқталды. Олардан 60 000 астық пен 250 000 картоп алынатын болды. Орал-Ембі басқармасынан да екі апта жергілікті халыққа еркін түрде балық аулауға рұқсат алынды. Қатты ашығып жатқан Бөкей губерниясына 3200 пұт балық алып, жөнелтілді [154].

7 маусымында Қазақ АКСР Орталық Атқару комитеті республика шаруаларына біртұтас табиғи салықты орындау жөнінде үндеуі жарияланып, бірыңғай табиғи салық салынатындықтан етке, жұмыртқаға, жүнге және т.б. салынатын салықтар қысқартылды. Осы үндеудің негізінде 13 шілдеде болған Қазақ АКСР-і ОАК-нің III сессиясында бірыңғай табиғи салық салу жөнінде қаулы қабылдады [112, 196-197-66.].

Қазақ Орталық Атқару комитеті мен ХКК-сі осы декретті негізге алып 22 маусымда Қазақ АКСР-ның малшаруашылығы аудандарында бірыңғай табиғи салық салу жөнінегі декретін қабылдап, 1922/23 жылдары (1 тамыздан келесі жылдың 1 тамызына дейін) республиканың көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарына бірыңғай табиғи салық енгізуді қолға алуды міндеттеді. Салық барлық бір жастан асқан ірі қара, жылқы, түйе мен қой-ешкілері барларға салынатын болды. Бес ірі қарасы бар шаруалар салықтан босатылды. Сонымен қатар Қызыл Әскер мен Флотта қызмет ететіндер, олардың отбасы, Азамат

соғысы мүгедегінің отбасы, тұтқында отырған қызыләскердің отбасы, шаруашылығын акгвардияшылар талқандаған Кеңес өкіметін орнатуға белсене қатысушылар салық төлемейтін болды [112, 202-203-66.].

8 шілдеде ККСР Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің мәжілісінде қатты ашыққан Орынбор, Орал, Қостанай Бөкей және Ақтөбе губернияларын- да 1921-1922 жж. төленбеген салықтарын алып тастау жөнінде мәселе көтеріліп, Қазақ ОАК Кіші төралқасына ұсыныс түсірілді [155]. І тамызда болған Қазақ ОАК Кіші төралқасының мәжілісінде бұл ұсыныс қабыл алынып, аталған губернияларда төленбеген салықтары алып тасталды [156]. Аштықтан құтылуда Халық Комиссариатының кеңесі түрлі заттар жасайтын орындар мен оны сататын дүкендерге, ішімдік сататын дүкендерге, асхана, шайханаларға, темекі сатушыларға қосымша салық салуды көтерді [157].

Ашыққан губерниялардағы комитеттер жұқналы ауруға ұшырағандарға көмек көрсетуді де қолға алды. Ауру, әлсіз балалар мен ересектерге көмекке шет мемлекеттерден ашыққандарға жәрдем беру үшін құрылған «АРА» (Американдық көмек көрсету әкімшілігі) ұйымы көмек келіп, азық-түлік үлестіріп, дәрі-дермек жеткізіп, медициналық көмек көрсетті (АРА ұйымының көмегі жеке тарауда айтылады – С.С.).

1922 жылдың 3 қазанында Қазақ өлкелік комитеті барлық губернияларға жіберілген 15943 нөмірлі өкімхатта Петроградтан келген хабарламаға қарағанда ашыққан аудандардан азық пен жұмыс іздеп келушілердің қатары көбейген. Жұмыссыздар мен жағдайлары ауырлардың қатары күннен күнге артуына байланысты Петроград губашкөмі қалаға қарай ағылу еш нәтиже бермейтінін ескерткен [158]. Осыған орай Ресейге республикаға жакын губернияларынан босқандарды кері қайтару жұмысы да пәрменді жүргізіле бастады. Үкімет өз мекендеріне қайтадан оралған босқындардың барлығын салық түрінен босату жөнінде хабардар етті және өз губерниясына қайтып оралғандарға жеңілдіктер жасап, ауылшаруашылығына жәрдемдесу үшін арнайы комитет құрды, медициналық көмектер көрсетті, азық пен киім кешектер, тұрмысқа қажетті заттар үлестірді.

Аштықпен күресудің қалай жүргізіліп отырғандығына «Қызыл

Қазақстан» журналы аса назар аударып, республикада өткізілген жиналыс, мәжілістердің шешімдері мен қабылданған қаулыларды, сондай-ақ, осы шешім, қаулы бойынша комитеттердің жүргізіп жатқан шараларын әр санында жариялап отыруға тырысты. Журналға жазылған ақпарға сүйенсек, Семей губерниялық аштар комиссиясының станцияларды аштан өлгендерден тазалап, ашыққандардың біразын қалалардағы аштарға арналған арнайы үйлерге орналастырылған. Біразын уездердегі арнайы орындарға жіберіп, арнайы асханалар мен ауруханалар ұйымдастырылған. Қостанайда азық салығынан желтоқсанның (1921 ж.) аяғында дейін 127 пұт астық жиналды [159, 40-6.].

Қазақ КСР Халық Қаржы (финанс) комиссариатының жанынан құрылған ашыққандарға көмек көрсету комиссиясы ҚОАК-нің бекітуімен республикада лоторея ойынын өткізу мәселесін қолға алды. Оның негізгі мақсаты «Барлығымыз аштықпен күресейік» деп аталып, 30 000 000 000 сом көлемінде 1 000 000 билет шығарылып, әр билет 30 000 сомға бағаланды және әр бесінші билеттен ұтысты болды. Жалпы ондай ұтыс билет саны 200 000 болып, бұл ойынды 1922 жылдың 1 мамырына дейін ойнату көзделінді. Ұтыс ойынынан түскен ақша аштарды тамақтандыру есебіне жұмсалды [160].

Аштықпен күресуде қазақ мерзімді басылымдары барлық республика азаматтарын қол ұшын беруге шақырды. «Қазақ тілі» газеті «Бұл табиғи ашаршылықпен бар күшімізді жинап өзіміз күресуіміз керек» деген ұран тастаған [161].

Аштарға жәрдем ретінде Түркістаннан Қазақстанға 4900 пұт астық жәрдемі жіберілді. Сонымен қатар аш қазақ балаларына көмек ретінде республикаға Түркменстанның 25 пұт піскен нан, эшалонмен 4 пұт нан жеткен [162]. Алайда бұл көмек тиісті орындарға жетпей, аштарды тамақтандыруға деп ашылған асханалар тез арада жабылып та жатты [163].

1922 жылдың 5 мамырында Орынборда Қазақ Орталық Статистикалық Баскармасының халыққа арналған сауалнама тәріздес үндеуі жарық көрді. Онда 1921-22 жж. елді жайлаған ашаршылық халықты үлкен қасіретке әкелгендігі, жұмысшы күшінің жоқтығынан Халық шаруашылығы

құлдырап отырғандығын айта келе, бұл ашаршылық буыны әлі қатай қоймаған Кеңес үкіметіне үлкен соққы болғандығы келтірілді.

Қаржынын, қажетті азық-түліктің жоқтығы ашығып отырған уездер мен болыстықтар аштықты өз күштерімен ауыздықтауға мәжбүр болғандығын, аштықтың зардабы ұлғайып, күннен күнге жұқпалы аурулар жайылып, тонаушылық пен ұрлық көбейіп, қолдар бар малдарды сойып ау, ит, мысық, көртышқан және т.б. жеу сияқты фактілердің орын алғандығы баса келтіре келе, азаматтардан сауалнама сұрақтарына нақты жауап беруін өтінді [164].

1922 жылы 12 ақпанында 268 нөмірмен осы үндеуді өкімхаты негізінде сауалнаманы қоса барлық губерниялардағы статистикалық бюроларға жіберілді. Бұл сауалнаманың мәнісі аштық жылдарында шаруашылық, демография салалсына келтірілген залалдарды анықтау деп көрсетті.

Қазақ Орталық Статистикалық Басқармасы Төралқасының 25 сәуір мен 12 мамырдағы қаулысына сәйкес бұл сауалнаманы әрбір халқы көп пункттер мен әкімшілік ауылдар 20 шілдеге дейін толтырып, Статистикалық Басқармаға жіберуге тиісті болды.

Болыстық жерлерде сауалнаманы көшірмеші жүргізіп, губерниялық статистика бюросына өткізетін болды. Сауалнама сұрақтарында ашыққан аудандардағы халық саны қанша, малы басы, шаруашылығы, босқындар жайы, қанша тамақтандыру пункттері, асханалар барлығы және осы қоғамдық асханалардан қанша адам ыстық ас ішті, отбасында күніне қанша құрғақ тамақ берілді, балалар үйіндегі берілетін астың мөлшері, өлген адамдардың саны және т.б. сұрақтар қойылды [165]. Сонымен қатар Статистика басқармасына әр сала бойынша құрылған аштар комиссиясы да осы сауалнамалар негізінде есеп беруге тиісті болды [166]. Осы сауалнамалар негізінде ғалымдарға сол кездердегі аштықтың ауқымын, ашыққандардың жағдайын айқындауға бірден-бір бағалы құжат десек те болады.

1922 жылдың сәуірінен бастап барлық губернияларда аштарға арналып екі апталық көмек ұйымдастырыла бастады. Дегенмен дұрыс ұйымдастырудың, басшылықтың болмауынан бұл апталық дұрыс өткізілмеді.

Орталық саяси ағарту кеңесінің төрағасы Н. Ульяновның, үгіт насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары Ингуловтың барлық губернияларға жіберген хатына сүйенсек, бұл апталықтар өте төмен дәрежеде өткізілген. Жұмысшылар да, қызыләскерлер де өздеріне міндеттеген мөлшерді орындамаған [167].

Ішкі Ресей мен Сібірдің мұсылмандардың Орталық діни басқармасында аштықты қолдан келгенше ауыздықтауға тырысты. 1922 жылдың сәуірінде аштарға көмек көрсетуге тарту жөніндегі олардың біріккен Ережесі жарық көріп, мұсылмандардың арасында көмек жинау, қайырымдылық кешін, түрлі іс-шараларды ұйымдастыру, жылудан түскендерді Ашкомдерге өткізуді міндеттеріне алды. Мұсылмандардың Орталық діни басқармасының орталығы Мәскеуде ашылып, губернияларда үш адамнан тұратын комиссия құрылды [168]. Оның төрағалығын Дін Басқармасы басқарып, жылу жинау, қаражат жинауға байланысты барлық іс-шараларды жүргізді. Ауылды жерлерде бұ іс-шараны ауылдық молдалар атқарды [169].

Орыс шіркеулері де Епархиалдық архиерей арқылы аштарға көмек комиссиясын құрып, оның патриарх басқарды. Бұлар да жылу жинау, қаржылай көмек жинауда түрлі іс-шараларды ұйымдастырды [170].

Үкімет те 16 ақпанында аштардың есебінде шіркеудің де барлық құнды заттарын алу туралы заң қабылдады. Сөйтіп, дін иелерінің, діндар адамдардың қарсылығына қарамастан шіркеулердегі өте бағалы заттар тартып алынып, ашком комиссияларына берілді. Архив құжаттарына сүйенсек, осы бағалы заттарды айырбастау нәтижесінде шетелден 27 вагон астық әкелінген екен [171]. 4 сәуірде РКФСР Қаржыландыру (финанстық) комитетінің Салықтар мен Мемлекеттік кіріс Басқармасы БОАК мен ХКК-нің 1922 жылғы 11 ақпандағы жалпыазаматтық салық пен оны салу ережелері туралы декреті 17-60 жас аралығындағы ер азаматтар мен 17-55 жастағы әйелдерге салық салынатын болды. Жалпы салықтан қызыләскерлер, милиционерлер, мемлекеттік жоғары оқу орындарында оқитындар, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемін алушылар мен арнайы Еңбек бөлімінде тіркеуде тұратын жұмыссыздар, 14 жастағы балалары барлар мен жұмыс істей алмайтындарды бағып отырған әйелдер боса-

тылды. Аштарға көмек Орталық комиссиясының шешімімен ашыққандар тізіміне енген губерниялардың ауылшаруашылығымен айналысатын шаруалар да салықтан босатылған болатын. Салынатын салық мөлшері де айқындалды [172]. Осыдан кейін Қазақ Орталық атқару комитеті мен Халық комиссарлар кеңесінің малшаруашылығы аудандарына салынатын бірыңғай салық мөлшері белгіленді. Салық салу мөлшері 1922 жылы 18 наурызда БОАК-тың «Хабаршысына» («Известия ВЦИК») жарияланған декрет негізіне сүйенді.

Қазақ ОАК мен ХКК-нің қаулысы бойынша 1922-23 жылдары (1 тамызынан келесі жылдың 1 тамызына дейін) барлығына бірыңғай салық көшпелі, жартылай көшпелі мал шаруашылығымен және егіншілікпен айналысатындарға салынатын болды. Малға салынатын салық оның санына, жасына қарай бөлінді. Салық малдай, оның өніміндей (сүт, май, ірімшік) де алынды.

Кеңес өкіметінің жауларына қарсы күресушілер де салықтан босатылды. Салық төлемегендердің төлемақысы өсті, бір ай төленбеген салық үш есеге өсіріліп алынды [173].

1922 жылы аштарға көмек ретінде Ақмола губерниясынан 86 000 руб., ал Семей губерниясынан 82 000 руб., барлығы 168 000 рубль салық жинастырылып берілген екен [174].

Губерниялық аштар комиссиясының 7 сәуірдегі №422 қаулысын негізге ала отырып, 21 сәуірде губерниялық ашком төралқасының өкімдік қаулысы жарияланды. Онда барлық мемлекеттік мекемелер, кооператив және кәсіподақтық ұйымдардың аштарға көмек беру түрлері нақтыланды. Атқару комитеттері аштарға көмек комитеттерінің барлық жұмысына басшылық жасап, аштар есебіне жылу жинау компаниясын өткізуді, барлық ұйымдарға аштықпен күреске жүйесі түрде қатысуын қадағалауды қолға алатын болды. Жер бөлімдері ашыққан жерлердегі ауылшаруашылық артельдеріне, коммуналар мен ұйымдарға көмек көрсетіп, жәрдемақы беруді, мемлекеттік шалғындықтар мен орманды жерлерді қолданушылардан аштар есебіне өнімнің 5 пайызын, сонымен қатар жалға алынған жерлерден жалдық (арендалық – С.С.) бағасының 10 пайызын, бар жердің құрылысымен 15 пайызын, тірі және өлі құрал-жабдықтарды пайдаланғаны үшін 20 пайызын алуды міндеттенді.

Өнеркәсіп бюросы ашыққандардан қолөнер-өндірістік артель, ұжым мен коммуна құрып, аштарды көпір, жол, үй салуға қолданды. Жалға берілген өнеркәсіптерден: ірісінен 10 пайыз, ұсағынан 5 пайыз ақысын алып, өндірістің барлық өндірілетін өнімінің 10 пайызын аштар есебіне аударып отыру жұмысына кірісті. Азық-түлік ұйымдары аштар комиссиясына техникалық көмек берді, азық-түлік мөлшерін алып, ашқом есебіне барлық мемлекеттік салық түрінен 5 пайызда қосымша жинастырды, теміржолмен өтетін барлық тауарлардан аштар есебіне 5 пайызда қосымша салық жинастырып, барлық тауар айырбастау операциясының 10 пайызын ашқом қорына аударды.

Кооперативтер тауар ашқомның тапсырмасымен айырбастау жұмыстарын жүргізді, аш балаларға асханаларды өз есебінен ашуды, тауарға айырбастап алу үшін жағдайлы губернияларға өкіл жіберуді ұйымдастырып, қоғамдық тамақтану орындарын техникамен қамтамасыз етуді қолға алды.

Еңбек бөлімі 1 пайыз еңбек салығын ашқом қорына беретін болды. Ашығып жатқандардың тізімін жасап, оларды қоғамдық жұмыстарға пайдалануды, ашыққандарды кәсіпорындар мен өндірістерге жұмысқа орналастырулары қажет болды.

Денсаулық сақтау бөліміне жұқпалы аурулармен күрессу, халық топталатын жерлерде тазалық сақтауды, аштарға берілетін тамақтың сапасы мен мөлшерін қадағалау жүктелінді [175].

Дәрігерлік-тамақтандыру пункттері жұқпалы аурулар шыққан ошақтарда құрылып, қолда бар дәрі-дәрмекпен емдеуге тырысты. Қызыл крест ұйымы да барынша көмек қолын созды.

Қазақстанда аштық өршіп тұрған 1921-1922 жылдары бірнеше жер-су реформалары қабылданды. 1921 жылдың басында жарияланған Қазақ АКСР-нде жерді пайдалану туралы уақытша Ереже жерді национализациялау туралы лениндік декретті негізге ала отырып, бүкіл жерді мемлекеттік қор деп жариялады да, жерді өз бетімен алу, сатып алу және жалдауға тыйым салды.

1922 жылы 7 шілдеде Жем-шөп Орталық үштігі мен ЖХК-ның жанындағы аштарға көмек комитетінің Т. Жаманмұрынов, Щелков,



Сергеев, Филонов, Бегімбетов және хатшы Васильев қатысқан біріккен мәжілісінде ҚКСР-ның ашыққан губернияларға арнап жинастырылған малдарды бөлуді қарастырып, осыған байланысты шешім шығарылды. Ауылшаруашылығының Бас басқармасына Ақмола, Семей, Адай, Жетісу аудандарынан және Торғай уезінен ашыққан губернияларға әкелінетін малдарды айдап әкелетін жолдың жоспарын жасауды, ашыққан губерниялардағы Егіншілік ұйымдарына малдарды бөлу тәртібін енгізуді, малдың бір түрін екіншісіне алмастыру мәселесі туындағанда және тарату барысын жүзеге асыруда құрамында Егіншілік бөлімінің, ашкөм комитетінің, өзара көмек комитетінің, әлеуметтік қамсыздандыру және егіншілік және орман жұмысшыларының одағынан өкілдері бар комиссия құру ұсынылды. Сонымен бірге ҚКСР-дан өзге аймаққа 20 бас малдан артық алып өтетін жағдайда бір бас малды салық ретінде алып, аштарға көмек комиссиясына беру үшін нұсқаулық жасау да тапсырылды [176].

Тамактану пункттері мен асханаларда түскі асты ішу үшін берілген анықтамада тамактанатын отбасының аты-жөні мен олардың ашыққандар тізімінде барлығы және тамактанатын асханасының нөмірі жазылды [177].

Аштарға көмек беру Төтенше комиссиясы ашыққан губернияларға жіберген өкілдердің қолдарында арнайы мандат беріп, онда қай жерге, не мақсатпен баратындығы ашық жазылды. Мәселен, Қазақ ОАК-нің мүшесі, Егіншілік Халкомының нұсқаушысы А.И. Ашмаринға берілген мандатта тез арада Қостанай мен Ақтөбе губернияларына іссапарға жіберілетіндігі, соның ішінде Торғай мен Ырғыз уездеріне барып осы екі уездің өкілдерін астықты басқа тауармен айырбастап немесе ақшалай сатып алу үшін Ақмола губерниясына жіберу, әкелінген астықты ашыққандардың арасында дұрыс бөлу, балық артелін ұйымдастыру, оларды аумақпен, қармақпен, киіммен қамтамасыз ету, жергілікті жердегі кеңес және партия ұйымдарына барып, көмек көрсету жұмыстарын күшейту жұмыстарын жүргізу міндеттелінді [178].

Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетіне оның мүшесі Крюковтан келген мәлімдемеде Қазақ республикасының сол жердегі ашыққан қоныстанушы орыс шаруаларына деген көзқарасының салқындығы, жер

мен учаскелер көп болса да, шаруалардың қолында жерінің аздығы, нанға деген бағаның жоғарылығы мен азық-түлік сатып алуға мүмкіндіктің жоқтығы, аштықтан көшселерде, теміржол бойыларында, станцияларда өлгендердің жиналмаған мүрделерінің көптігі айтылды. Сонымен қатар шаруалар қолында бар жұмыс малын сойып алып жеп, аштықтан шыбын сияқты қырылып жатқандығын мәлімдей келе, Қазақ республикасына қоныстанушыларға көңіл бөлуін талап етті [179].

1922 жылы 4 тамызда Төтенше өкілеттіліктің тырысқақ ауруымен күрес барысы жөніндегі бұйрығы шықты. Тырысқақ ауруының жайылуына байланысты барлық мекемелер, ұйымдар, өнеркәсіп пен сауда орындарында осы бұйрық жарияланған кейін үш күннің ішінде барлық су қорларын, аулаларды, кораларды, базарларды тазарту міндеттелінді [180]. Атқару комитеттері бұл бұйрықты қатаң бақылауына алды. Су қоймалары, базарлар тазартылды, мекемелерде, балалар үйі, асханаларда ішілетін сулар қайтатылып берілді.

Қазақстанның бес ірі губерниясын жайлаған аштық, тек 1922 жылдың соңына қарай бәсеңдеді. Аштықты ауыздықтауға республика бар күшін жұмылдырды. Әсіресе аштықтан әлісіреп босып кеткендерге біріншіден, жәрдем қолын созып, ыстық тамақпен, азық-түлікпен қамтамасыз етсе, екіншіден, 1923 жылдың басында олардың өз туған жерлеріне оралып, еңбек етулеріне барлық жағдай жасауға кірісті. Нәтижесінде республиканың ішкі уездеріне, басқа шет өңірлерге босып кеткендер туып өскен жерлеріне қайтып оралды. Алайда бұл аштық зардабы туганынан, жолдасынан, бала-шағасынан айырылған халықтың ұзақ уақыт есеңгіретіп тастады.

### **ІІІ-ТАРАУ**

#### **ҚАЗАҚ ЖЕРІНЕ ЖӘРДЕМ ЖӘНЕ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫ**

##### **1. Аштықты ауыздықтаудағы ұлт зиялыларының рөлі**

Елдің саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени жағынан дамуына аса кедергісін тигізген, халықтың демографиялық өсуіне керісінше әсер еткен 1921-1922 жылдардағы үлкен қайғы-қасірет әкелген ашаршылық нәубеті ұзақ жылдар бойы халықтың жадында өшпестей болып сақталып қалды. Қазақтың алдыңғы қатарлы оқыған азаматтары ел басына түскен бұл ауырлықтың халықпен бірге тартып, бар күш-жігерлерімен ауыздықтауға тырысты.

Қазақстандағы аштықпен күрестегі Сейітқали Меңдешев, Ұзақбай Құнымбетов, Тұрар Рысқұлов, Міржәкып Дулатов, Мәннан Тұрғанбаев, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Шаймерден Тоқжігітов, Уәлихан Танашев және тағы басқа ұлт зиялыларының еңбектері аса зор. Олардың толассыз еңбектерінің арқасында үлкен қасіретке душар болған қазақ ұлты алапат апат тырнағынан құтылды.

Ұлт зиялыларын елімізді жайлаған ашаршылық бей-жай қалдырмады. Барлығы қолынан келгенше халықтың аман қалуын тілеп, жоғары үкімет орындарына, Орталық үкіметке хат жолдап, көмек сұрады. Өздері елді аралап, ашыққандарға арналған асханалар ашу, оларды азық-түлікпен қамтамасыз етуге бар күштерін жұмылдырды.

Аштық басталған алғашқы күннен бастап Сейітқали Меңдешев аштықты ауыздықтауға бар күшін салды. Оның саяси тұлғалығы осы 20-шы жылдардағы аштық нәубеті тұсында айқын көрінді. 1920-1925 жылдар аралығында Қазақ ОАК-нің төрағасы болып, аштықтың басынан ауыздықталғанға дейін басшылық жасады, іс-шараларды ұйымдастырып, іскерлігімен көзге түсті. Аштарға көмек төтенше комиссияның жетекшілік етіп, ашыққан өңірге орталықтан әлі көмек күші жетпей жатқан кезде, республиканың басқа ашықпаған губернияларының жәрдемімен күресуге тырысты.

Ол аштық пен жұтқа қарсы күресудің жолдарын қарастырып, ұсыныс-пікірлерін айтып, басшы ретінде ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Қазақтарға көшпелілікті қалдыруды маңызды санады.

С. Мендешев аштықпен күресудің жеті жолын ұсынады. Оның біріншісі, азық-түлік ресурстарын дайындауды күшейту мен оны аудандарға бөлу болса, екіншісі, он тоқ адамдардың бір ашты, тоқ болыстардың бір аштыққа ұшыраған поселкені көмекке алуы турасында үгіт жұмыстарын күшейту, үшіншісі тұқымдық астықты уақытылы қабылдауда, оны бөлуде төтенше әдіс қолдану, төртіншіге қоғамдық жұмыстар мен колонер артелдерін ұйымдастыруды жеделдетуді, бесіншіге аштықпен күресуде барлық Халкомдардың, өлкелік мекемелердің жұмысын күшейтуді, алтыншы бойынша автотранспортпен тамақтандыру орындарды жеткізу арқылы Дала өлкесіндегі ашыққан қазақтарға көмек көрсетуді, жетіншісі, жұт пен аштық кезінде күйзеліске ұшыраған қазақ ауылшаруашылығын тез арада малмен қамтамасыз ету болды [1, 57, 61-62-66.]. Осы ұсыныстарды жүзеге асыруға бар жағдайды жасады. Қайраткердің қасіретті жылдардағы еңбегі өлшеусіз.

С. Мендешев елдегі аштықпен күресіп жатқан кезде оның үстінен «кеңес үкіметіне жат, жікшіл» деп құпия түрде іс ашылды. Мұрағат қорынан С. Мендешевтің 20-жылдары үкіметке қарсы құрылған үш топтың бірін басқарды деген дерек кездестіруге болады. Оның сыртынан жиналған мәліметте қазақ арасында аса беделді, көпшілікпен жақсы қарым-қатынаста екендігі келтірілген. С. Мендешев құрған кеңестік жүйеге қарсы топта А. Асылбеков, Ә. Жанкелдин, Ә. Әйтиев, М. Саматов, Н. Нұрмаков сияқты жауапты қызмет атқарып жүрген партия қызметкерлері мүше болды делініп, әрқайсысына мінездеме берілді. [2, 116-б.]. С. Мендешевке осы кезде тағылған жалған айып, 1937 жылы тағы да көтеріліп, оның атылуына себепші құжаттардың бірі болды.

Қайраткердің 20 жылдардағы ашаршылықпен күрестегі еңбегі өлшеусіз. Оның тынымсыз еңбегінің, іскерлігінің нәтижесінде қазақ халқы бұл зұлматтан да өтті.

1921 жылдың 27 қазанындағы Қазақ ОАК-ті Президиумының мәжілісінде ашыққандарға көмек көрсету жөнінде Төтенше комиссия

құрылып, оның мүшелігіне қазақтың алдыңғы қатарлы зиялылары кірді [3, 54-б.]. Ашаршылыққа ұшыраған Торғай, Орал, Қостанай, Орынбор аймақтарына көмек ұйымдастыру үшін М. Әуезов пен Ә. Досов Семейге, А. Кенжин мен М. Төлепов Ақмолаға, С. Сәдуақасов Қостанайға жіберілді. Осы іссапар барысында аталған зиялылар ашаршылық ұшыраған елге азық-түлік, мал жинады, кооперативтер, несие алуды ұйымдастырды.

Ақмола губерниясындағы егістік жерлерге басшылық жасауға Аспандияр Кенжин мен Мирасбек Төлепов жіберіліп, оларға егіс жұмыстарына қарсы шыққан ұлтшылдарға тойтарыс беру, барлық бөгеттерді реттеу ісі жүктелінді [4]. Осы жұмыстарды олар абыроймен атқарды.

1921-1922 жж. қазақ зиялылары көздерімен көрген сұмдықтың үкімет тарапынан тез арада шешім таба алмайтындығына көздері жетті. Аштық жаңадан басталып келе жатқан кездің өзінде мерзімді баспасөз арқылы дабыл қағып, ауыздықтауға шақырды. Сол кездерде «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы, Халық Ағарту Комиссариатының орынбасары, Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болған Сәкен Сейфуллин «Қызыл Қазақстан» журналына жариялаған «Аштардың рухтары» деген мақаласында: «... адамның діні аштар. Өң жоқ, түс жоқ. Кепкен, солған. Бет-жүзі, қолдары қанша уақыттан бері жуылмаған. Кір-кір киімдері тозған, жыртылған. Кір, шаң, топырақ басқан. Адамдардың бәрін жабырқатып, қайғының қара тұманы басқан. Күлкі жоқ. Бұлар аштықтан босып шұбағандар...», – деп келтіреді [5, 17-б.].

Адам етін жеу фактілері күнделікті әдетке айналды. Бұл турада БОАК-тің жанындағы Ашком Орталық Комитетіне жіберілген Қазақ Республикасының өкілі У. Танашевтің 1922 ж. 30 наурызында жіберген хатында: «Өлген балалардың мүрдесі ұрланып, желінгендіктен қарулы күшпен күзету аса қажет. Әкелері мен шешелері өз балаларын сойып жеп жатыр. Миллионнан аса тұрғындар (аштықтан – С.С.) өлді. Ал қалғандары да бұл өлімді күтуде және тыныш өліп те жатыр», – деп келтірілді [6]. Мәннан Тұрғанбаевтың мәліметінше, сол аштық басталған жылдың өзінде Кеңес өкіметінде он бес миллион адам аштыққа ұшырап, Қазақстанның Бөкей, Орал, Орынбор, Торғай губерниялары ашығып, оған

коса ел арасында оба ауруы кең жайыла бастаған [7]. Ол Бөкей, Орал, Орынбор, Торғай губернияларынан Сібірге, Акмола, Семей губернияларына аш әрі ауру балалар ағылып келіп жатқандығын, сондықтан қолдан келген көмекті аямау, Семейдің өз халқы аштыққа ұшырамас үшін келесі жылға дайындалу, пішенді сақтау, егін салуға қамдану, малдың санының көп болуынан гөрі дені сауларын аман алып қалу қажеттігін көтереді. Онымен күрес жолдарын ұсынды [8].

Берлинде шығатын «Новый мир» газетінің 1921 ж. 16 қарашасында 244 нөмірінде А. Байтұрсыновтың «Қазақстандағы аштық» (Голод в Киргизии) деген мақаласы жарияланған екен. Онда Қазақстанда аштықтың шығуына бірінші, «жұттың», екінші, 1920 жылы қыстың ерте түсуі, үшінші, жемшөп қорының болмауы себеп болды делінген. А. Байтұрсыновтың осы мақаласына орай М. Шокай Парижде шығатын «Последние новости» газетінің 26 қарашадағы 495-ші санында жариялаған мақаласында пікір білдіріп, бұл аштықтың шығуының бірнеше себебін айтады.

Мақала жарияланбас бұрын, яғни 1921 жылдың 11 тамызында Парижде Ресейдегі ашыққандарға көмек беру жөніндегі қоғамдық комитет құрылып, оның құрамына Н.Д. Авксентьев, П.Н. Милуков, Г. Исхаки және басқа да қайраткерлермен бірге М. Шокай да кірген болатын. Өз тарапынан Мұстафа түрік халықтары азаттық қозғалысының жетекшілерімен бірге барлық мұсылман елдеріне, Американың көмек әкімшілігіне (АРА) арнап, ашаршылықты бастарынан кешіріп жатқан мұсылмандарға қол созуға үндеу таратады.

Негізінде М. Шокайдың «Қазақ жеріндегі ашаршылық» мақаласын жазуға екі жағдай түрткі болған екен. Оның біріншісі, Қазақстанның көптеген аудандарын қамтыған ашаршылық жөнінде кешеуілдетпей ақпарат жеткізу қажет болса, екіншіден, А. Байтұрсыновқа телінген «Новый мир» журналындағы мақала себебін тигізді [9, 314-315-66.].

Мұстафа А. Байтұрсыновтың мақаласын толықтыруға тырысады. Ол 1918-1919 жылдың қысында Торғай, Орал және Закаспий облыстарындағы қазақтардың ортасында болған кезде, аштықты көзімен көргендігін, аштықтың шығуы қазақ шаруаларының малдарын Қызыл Әскерге деп

тартып алуынан деп келтіреді. Сонымен қатар ол осы мақаласында «Қазақтардың Ленинге хаты» құжатына да тоқталған. Қазақтардың медициналық көмектің жоқтығынан жұқпалы індет өршіп, адам төгіссіз санитарлық жағдайға тап болғаны, жеуге азық таппағандықтан иттің етін жеуге, балаларын сатуға барғандығы, Кеңес үкіметі қой етінің келісін зорлықпен 80 тиынға ғана сатуға мәжбүрлегендігі ашық жазылғандығын қуаттай отырып, дегенмен құжатта шөптің шықпауы мен 1920 ж. қыстың қатандығыда себепші болғандығы жөнінде бірде-бір сөз жоқтығына қынжылыс білдіреді.

М. Шоқай көрсеткендей, қазақтарда жергілікті большевиктер 17-18 жылғыдай қолда барларын тартып ала ма деген қорқыныштан арыла қоймаған екен. «Малдарымызды тартып алады-ау» деген оймен жинаған шөптерін қыстақтарына тасымай, малшы-қазақтар далада малдарымен көшіп жүруге мәжбүр болған. Большевиктік үкімет Сырдария облысындағы қазақтардың малдарын «тәркілеп» алған. Бұл жерде М. Шоқай БОАК-тың Түркістан ісіне байланысты арнайы құрылған комиссия мүшесі Сафаровтың 1920-жылы 20 мамырдағы «Правда» газетінің 133 нөміріне жарық көрген мақаласын келтіреді.

Мұстафа «Новый мир» газетіне жарияланған мақаланы А. Байтұрсыновтікі емес, оның көзқарасына сәйкес келмейді деп тұжырымдайды [10, 118-121-66.].

Түркістан өлкесінің аштық тырнағына іліккендігін Шоқай елден келген газеттер мен хаттар арқылы естіп, білген. Осы аштық тақырыбына қатысты шетелдік мерзімді басылымдарда оның бірнеше мақаласы жарық көрді. Берлинде шыққан «Дни» газетіне «Аштық пен Түркістандағы большевиктердің жалаң саясаты» (Голод и голодная политика большевиков в Туркестане), Париждегі «Последние новости» газетіне «Түркістандағы аштық» және т.б. мақалалары басылған.

Жалпы аштық үдеп, қазақ жерінде ашыққандар мен босқандар легі көбейген шақта мерзімді баспасөз саласы да көмек жолын іздестіріп, басылым арқылы ұлт зиялыларына, ел азаматтарына ой тастаған еді. Өздері де қолдан келген жәрдемдерін көрсетуге талпынды. Мәселен,

«Ақ жол» газеті аштықтың қарқыны, онымен күрес барысы жайында әрбір санында хабар, ақпар, мақалалар жариялап отырды. Ашыққандарға жәрдем беруде қазақтың оқығандарына үміт артты. Осы істің басы-қасында ұлт зиялыларының тұрғандығына, олардың қолдауымен бұл зұлматты ауыздықтайтындарына сенді.

«Қазақтың оқығандарынан үміт зор. Осы айтылған жұмыстардың бәрін байланыстырып, ұйымдастырып, тәртіпті етіп тұратын солар. ...Сондықтан жәрдемді аянбай міндетті түрде беру керек!», – дей келе, ұлт азаматтарын аштықпен жұмыла күресуге шақырды [11]

Әрбір азаматтың аштарға жәрдем беруін міндетті санай отырып, жәрдем көрсетуде барлық адамдарды жұмылдыруды он санады [12]. Түрлі ойын сауық, концерт ұйымдастырып, одан түскен қаржыны аштар қорына беру ісі де қолға алынды.

«Ақ жол» газеті Кеңес үкіметіндегі бұл аштыққа шетелдіктер де бейжай қарамай қолынан келген көмектерін ұйымдастырып, жәрдем қолын созып жатқандығын да хабардар етті. Англия. Түркия және Германия мемлекеттері Россияның ашыққандарына жәрдем көрсету үшін комитеттер құрып, іске кірісіп кеткендігін де келтіреді [13].

Жалпы, Қазақ республикасындағы аштықты жұмыла ауыздықтауды ең алғаш болып көтерген Семей зиялылары болды. Қазақ АКСР-і Кеңестерінің II съезінен кейін 1922 ж. 9 наурызында Семей қаласында қазақ зиялыларының бас қосқан жалпы жиналысы өтіп, оған Х. Ғаббасов, М. Дулатов, Ә. Сәтбаев, М. Тұрғанбаев, Б. Сәрсенов, Ғ. Ихсанов, Д. Ихсанов, Ж. Аймауытов, Ш. Смағұлов және тағы басқа қазақ азаматтары қатысты. Жиналыс төрағалығын Ж. Аймауытов, ал хатшылығын Б. Сәрсенов атқарып, Қазақстандағы ашыққан елдерге жәрдем беру шаралары қарастырылды.

Қазақстандағы ашаршылық туралы М. Дулатов баяндама жасап, Семей губерниясынан басқа губерниялар аштық құшағына кіргендігін, ашыққан елдердің қайғылы халін, аштықтан құтқаруға үкімет жәрдемінің жетпейтіндігін, аштықтан, жұқпалы аурудан адамдардың қырылып жатқандығын баса айтып, ашыққан губернияларға қолдан келгенше көмек көрсетулі ұсынды.



Осы ұсыныс негізінде Қазақ Атқару Орталық Комитетіне, БОАК, Ашқом ОК-не төмендегі мазмұндағы жеделхатты жіберу жөнінде қаулы қабылданды: «Семей губерниясындағы қазақ қызметкерлері жиылысы Қазақстан республикасындағы ашыққан елге жәрдем беру мәселесін қарағаннан кейін мынадай қорытындыға келді: «Қазақстанның кең даласында елің бытыранды, жері теміржолдан шалғай болғандықтан, қазіргі үкіметтің аштар комитеті арқылы берген жәрдемі қазақ халқын аштықтан құтқаруға анағұрлым жетпейді. Мүмкін емес. Сондықтан қазақ халқына жәрдем беру шамасы басқаша болуы керек. Қазақ жиылысының пікірі бойынша ол шара: казактың міндетті қызметкерлері билейтін айырықша жәрдем комитетін ашу, комитет мүшелері һәм тіленген қазақ азаматтары елге шығып, жұртты көмек беруге үндеп, барлық халықты осы жұмысқа кірістіру, өз еркімен беретін жәрдемін жию, яғни сауындай, астықтай, көліктей һәм басқа түрлі. Жиналған нәрселерді ашыққан елдерге төтесімен қырмен жеткізу, аш халықты керуен жасап, Қазақстанның Түркістанның тоқ губернияларына, уездеріне көшіру» делініп, үкіметтен мына мәселелерді шешуді өтінді:

1) Семей губерниясында қазіргі аштар комитетінен басқа, ашыққан елге өз тұсынан жәрдем беретін айырықша қазақ комитетін жасауға;

2) Бұл комитеттің іс қылатын ауданы Семей, Ақмола һәм ашыққан губерниялар болуға;

3) Бұл жолда қызмет қылуға тіленген яки қазақ жиылысы керекті тапқан азаматтарды партия һәм совет қызметкерлерінен босатуға.

Міне, осы ұсыныстар орындалатын болса, жұмыстың ары қарай жүргізу жобасы мен жоспары жасалатын болды

Міржақып Дулатовтың бұл ұсынысы «Қазақ тілі» газетінің №145 санында ашық хат түрінде жарияланып, мемлекеттік көмек барлық дала аудандарын қамти алмағандықтан, губернияның қазақ қызметкерлерін ерікті түрде көмек берушілерден мал жинап, оларды ашыққан аудандарға жеткізуді көтерген. Бұл туралы Міржақып Дулатов кейіннен Мемлекеттік қауіпсіздік Басқармасына берген жауабында да растаған.

Жиналыс М. Дулатовтың ұсынысын қабыл алып, оны жеделхатпен

(телеграмма) кеңес орындарына жіберуді қаулы етті. «Бостандық туы» газетіне жеделхаттың мәтіні толықтай басылды. Бұл жеделхатты басудың басты себебі, семейліктердің бастамасын басқа ашықпаған губерниялар да қолдаса деген ниеттен туындаған еді. Жеделхатта ашыққан жерлерге көмек көрсетуге шақырса, осыған орай Семей, Акмола мен басқа ашыққан губернияларға көмек көрсету үшін құрылған комитетке кіргендерді партия мен кеңес жұмыстарынан толықтай босатуға рұқсат етуді өтінді. Жоғарғы орындар рұқсат берсе, қазақ жиналысы өзінің жұмысын жалғастырып, нақты жоспар жасап, сол арқылы әрекет ететіндіктерін де келтірді. Бұл жеделхатқа қазақ жиылысы атынан губерниялық атқару комитетінің бастығы Бокейханов қол қойды.

15 наурызда жеделхат Орынбордағы Орталық Атқару Комитетіне, Қазақстан аштарға жәрдем беру комитетіне, Москваға Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетіне, Ресейдегі аштарға жәрдем беру комитетіне жіберілді [14]. Газетке жеделхат жарияланысымен Семей азаматтарының бастамасын қолдайтындырын білдіріп редакцияға Қазақстанның түкпір-түкпірінен хаттар келіп жатты. Қызылжардан келген бір хатта Семей зиялыларының аштарға көмек көрсету жөніндегі ұсыныстарын қабыл алып, Орынборға солардың жіберген жеделхатындай жеделхат жібергендіктерін хабардар етті [15].

«Қазақ тілі» газетінде «Бостандық туында» жарияланған үндеухатқа ұқсас «Қазақ елінің назарына» деп аталған үндеухат жарияланып, онда: «... соңғы бірнеше жылдардың ішінде Германиямен ел соғысып, ашаршылық һәм 1917-1919 жылдарда болған жұттың зардабынан губерниядағы қазақ аудандарының мал өсіру шаруашылығы өте нашарлап, мал кіндігі азайып қалды», – деп келтіре отырып, осы халден құтылуда қазақ халқын қандай да болса бір шара қолданып, жол табуға шақырады [16].

Қазақ зиялыларының бұл бастамасы мерзімді баспасөзде қызу талқыланды. Қазақ өлкелік партия комитетінің органы саналған «Еңбекші қазақ» газеті бастаманы қызу қуаттап, жұмыла іске кірісу керектігін көтерді. Бұл турада «Бостандық туы» газеті «Еңбекші қазақ» газетінің жазуына қарағанда, қазаққа жәрдем беру қазақ тұрмысына қолайлы түрде

құтылу керек деген сөз ордамыздың өзінде көтерілген көрінеді» деп жазды.

Жалпы Семейде жауапты қызметкерлердің бас қосқан жиылысынан кейін қандай шешім шығарғандығын өлкелік атқару комитетіне 1922 жылы 19 наурызда жіберген жеделхатында айқын келтірілді. Онда мемлекет берген көмекпен республиканың үлкен территориясын жайлап кеткен аштықты ауыздықтауға болмайтындығы, аштықпен күреске жауапты қызметкерлерден құрылған комитеттер арқылы даладағы қазақ ауылдарын аралап, ерікті түрде малдай, астықтай «жылу» жинап, оларды ашыққан аудандарға апарып берудің маңыздылығы айтылды. Ол үшін бірінші, Семей губерниясындағы аштарға көмек комиссиясы бар болса да, арнайы жылу жинау комитетін құру, екінші, жылу жинау ауданы ретінде Семей мен Ақмола облыстарын алу, үшінші, осы өңірде жұмыс атқарып, қызметкерлерді жауапты партиялық жұмыстан босату мен жұмыс жоспарын жасау маңызды саналды [17].

21 наурызда Орынбордан Семейге жіберілген жеделхатта жиналған жылу Қазақ орталық аштарға көмек комиссиясына жіберіліп, ашыққан өлкелерден келген босқындарды, балаларды тамақтандыру жұмыстарының қолға алынғандығы айтылып, сонымен қатар алдағы уақытта қордағы азық-түлік тек аштарға көмек комиссиясының рұқсатымен ғана берілетіндігі ескертілді [18].

Семей губерниясындағы аштарға көмек комиссиясының мәліметіне сүйенсек, 1921 жылдың 13 тамызынан 1922 жылдың 1 қаңтарына дейінгі аралықта біршама қызмет атқарылды. Барлық уездерде, болыстарда ашкөм комиссиялары құрылды. Мәселен, Семей уезінде 45 болыстық ашкөм комиссиясы, 45 өзара көмек комитеттері, Өскеменде 31 болыстық ашкөм комиссиясы мен 64 комитеттер, Павлодарда 53 болыстық ашкөм комиссиясы мен 28 комитеттер, Қарқаралыда 35 болыстық ашкөм комиссиясы құрылған.

Қолдарында 100 бас қойы барлар ашкөмге 1 бас, 101-ден 200 басқа дейін болса 2 қой, ал 201-ден 500 бас аралығында 6 қой, 500 бен 1000 қой болса, 14 қой, 1000-нан 2000 аралығында 29 қой, 2000 бастан жоғары болса, әр 50 қойдан бір бас беріп отырды.

Аштарға көмек қолын губерниялық әскери комитеті де созды. Алғашқы кезде жылу жинау өте баяу жүзеге асты. Алғашқы айында комиссия жергілікті халықтан 14-15 миллионға теңелетін жылу жинаған.

Ашкөм комиссиясы аштарға көмек апталығын өткізіп, түрлі театрланған қойылымдар ұйымдастырды, базар саудагерлерінен белгілі мөлшерде аштардың есебіне ақша жинастырды, түрлі лотореялық ойындар, аукциондар өткізді. «Степная правда» газетінің жанынан арнайы «Голодающему на хлеб» атты қосымша парақша шығарып, ақшаға сатылды.

Жылу жинау үшін арнайы жабдықталған автомобильдерге плакаттар жапсырылып, музыкамен көше-көшелерді аралап, жылу беруге үгіттеді. Рұқсаты бар жеке адамдар да түрлі кеңітер, концерттер, кабаре ұйымдастырып, одан түскен ақшаны ашкөмге берді [19].

Семейден Орынборға жіберілген жеделхатта Батыс Қазақстан губернияларына арналып өлкеде ірі карадай, астықтай жылу жиналғандығы айтылып, жіберетін жерлерін корсетуді сұраған. Аштықтан қатты зардап шегіп отырған Торғай өлкесіне 63 пұт астықты жіберуге дайындығы барлығын, алайда қыста жеткізу мүмкіндігі болмай тұрғандықтан тоқтатылғаны келтіріліп, осыған орай Орталық ашкөмнен нақты нұсқауын күтетіндігі айтылады [20].

1922 жылы мамыр айының соңында жылу жинауға қатысты үгіт-насихат жүргізуі үшін Ақмола губерниясына М. Дулатов, Қостанайға Нұралин жіберілді. М. Дулатов Ақмола территориясындағы тұрғындарға республикадағы жағдайды түсіндіріп, аштықпен күрес жұмыла көмек қолын созуға шақырса, Қостанай губерниясына барған өкіл ондағы жағдайларды бағдарлап, Қарқаралы, Павлодар және Семей уездерінен жиналған малдарды Ақмола территориясы арқылы апару мен оларды бөлу жолдарын қарастырып, жергілікті билікпен келіссөздер жүргізді. Олармен қоса губерния ашкөмі жылу жинау мақсатында Павлодар уезіне губерниялық атқару комитеті басқармасы бөлімінің меңгерушісі Нечаев пен губерниялық кәсіподақ кеңесінің Алқа мүшесі Самадуовты, Қарқаралыға губаткомның мүшесі Ш. Тоқжігітовті, Бұқтарма және

Зайсан уезіне губерниялық кәсіподақ кеңесінің Алқа мүшесі Ысқақовты іссапарға жіберді.

Малдай жылу жинау мынадай тәртіпте жүргізілді: ең бірінші ауыл-болыстықта камкорлық жасаудың мәнісін түсіндіру жұмыстары жүргізіліп барып, 20 малдан бір бас мал алынатын болды. 15 малдан төмен болса, жылуга мал алынбауға тиістіленді. Алайда түсіндіру жұмыстарының жетіспеушілігінен немесе дұрыс жүргізілмеуінен жергілікті әкімшілік керісінше, аз ба малы барлардан да күштеп жылу жинауға дейін барды. Он адам біреуді камкорлығына алу шарасы жүргізіле бастады.

Жылу жинау барысында шіркеудің бағалы бұйымдары алынып, ашкөмге берілді. Мәселен Семей қаласындағы шіркеуден 12 пұт 13 фунттық 72 алтын, 39 гауһар алынған [21]. Жылу жинауға уездерге, болыстықтарға баратын өкілдерге арнайы мандат берілді.

1922 жылдың 27 қазанында Семейден Орынборға Қазақ азық-түлік халкомына 4 вагон күнбағыс дәні жіберіліп, Орталық Аштарға көмек комиссиясына жеткізілді [22].

Жылу жинау барысында кемшіліктерге жол беріліп, халық арасында наразылықтар туындауына орай Орталық Ашкөм комиссия ұйымдастырып, жіберуге мәжбүр болды. Мәселен, Семей губерниясының өзінде жылу жинау барысының қалай жүзеге асырылып жатқандығын анықтауға жіберілген Ғаббас Тоғжанов Орталық Аштарға көмек комиссиясына жіберген мәлімдемесінде өлкеге барысымен губерниялық атқару комитетінде ерекше комиссия құрып, тексеруге кіріскендігін, жиылған малдарды ашыққан губернияларға апаруда кемшіліктердің барлығын келтірген. Оның айтуынша, мал айдап апарушылар тек Ақмола губерниясының шекарасына дейін ғана жеткізуге жалданған. Оның үстіне дала кезіп босқан аштардың малға тап беру деректері жиілеген. Осыған орай Ақмола губерниялық атқару комитетіне екі губерниядан жиналған малдарды Қостанай губерниясына айдап апаратын қарулы отрядтар құруды көтерді. Малды қабылдап алатын және бөліп беретін пункттерді даярлаудың маңыздығын да ескертеді.

Ғ. Тоғжановтың көрсетуінше, Өскемен уезінің Зайсан, Бактаршыл және тағы екі болысынан жиналған 2000 бас мал кешірек әкелінгендіктен

Семейде қалдырылды. Семей губерниясынан губерниялық аштарға көмек комиссиясының қорына 120 000 пұтқа жуық астық түсіп, оның 98 000 пұты аштарға үлестірілгендігінен де атап өтеді [23].

Жалпы Семей губерниясынан 13 мың бас мал жиналған. Қарқаралы уезіне қарасты Дегелекнен 8 мың бас ірі қара жиналып, оның 7 мыңы, Семей уезінен 2 мың бас ірі қара, Павлодар уезінен 3 мың бас ірі қара, Өскемен уезінен 1 мың бас ірі қара мал, Қостанайдың губерниялық аштарға көмек комиссиясына жөнелтілген [24].

Бастаманы дұрыс түсінбеген жергілікті әкімшілік халдері аса ауыр саналған Торғай өңіріндегі халықтан мамыр-маусым айларында жүргізілген «сауыннан» қыруар мал жинап алған. Бұл жайында Смағұл Сәдуақасов «Қызыл Қазақстан» журналына жариялаған мақаласында мал жинау ауқатты орыс шаруаларынан емес, ашығып, өлермен болған қазақтардан ғана алынып отырғандығын ашына жазды [25, 32-33, 40-66.].

Жылу жинау барысы аштықты ауыздықтауға көп көмегін тигізді. Қостанай өңірінің қазақтарын өлім аузынан алып қалды. Алайда «сауынды» өз мақсаттарына пайдаланды деген желеумен бастамаға үн қосып, белсене кіріскен Жүсіпбек Аймауытов, Ахметсафа Жүсіпұлы, Ілияс Бәйменұлы, Шайқы Құлжанұлы, Қазгелді Карпықұлының үстінен 105, 106 және 113-баптар бойынша іс қозғалып, «Торғай ісі» аталған сот үрдісі төрт жылдан артық созылды.

1926 жылдың 23 наурызында Қызылорда қаласында аштыққа ұшырағандарға жылу малын жинаушы және үлестіруші комиссия мүшелерінің үстінен қозғаған іс бойынша айыпталған Ж. Аймауытовтың сот мәжілісіндегі ақтық сөзінде жиналған малдарды ашыққандарға таратуда қиыншылықтар туындап, «Бір жағынан аштық тізімін алып жатсақ, екінші жағынан мал бер деп жағадан алып жатты. Жалпы қақтың бұл туралы әдетін алсақ, 8000 малды үлесіп алу түгіл 8 кез сисаны жанжалсыз үлескен емес» дей келе, өзін «неге комиссияға кірдің?» деп айыптаудың орынсыз екендігін, «ала жаздай бейнеттеніп келіп, комиссияға кірмей, малдың қалай бөлінгенін білмей кетуім дұрыс па еді?» деп жауап берген.

Ол Торғайға жеткенше бірде-бір малдың жоғалмай келгендігін, 90 малды ашыққан ел қаптап келіп, малшыларға бой бермей талап әкеткенін, оның 30-ы табылғандығын, бір малды да ысырап қылмағандықтан өзін кінәлі санамайтындығын, ал «елі үшін құрбан болса, арманы жоқтығын» ашық айтты.

Сонымен қатар ол Торғайға барған тексерушілердің бірі Хангерейұлының «арғын руына бөліп берді» деп өтірік мәлімет беруін жоққа шығара отырып: «Шындықты айтқан адам халыққа жаққан емес. Әсіресе, біздің қазақ халқында. Себебі, біздің ел әлі жетілмеген. Сондықтан мен құрбан болармын» деп күйіне жауап бере отырып, өтірік, жалған куәліктің белен алуына қынжылады [2, 208-212-бб.].

Қазақ өлкелік комитетінің ұйымдастыру-үлестіру бөлімі меңгерушісінің орынбасары Ораз Исасев Ф. Голощекинге жіберген хатында «Торғай ісіне» байланысты Ж. Аймауытов пен І. Бәйменовке қатысты жүргізіліп отырған сот үдерісінің барысында қатысушылардың екіге бөлініп, бірі сотталушыларға жақтас болса, екіншілері айыптарына үлкен жаза қолдануды сұрағандығын келтіреді. Ол сонымен қатар С. Сәдуақасов сот ісі аяқталар кезде келіп, істі болып отырған азаматтарға жабытып отырған жалған жаза екендігін, оған дәлелі барлығын айтып, тез арада мәжіліс ашуды талап еткендігін, осыған орай Н. Нұрмақов, өзі, С. Сәдуақасов, Кадик, Арынов, Бокша қатысқан мәжіліс шақыруға мәжбүр болғандығын да жеткізді. Хаттағы мәтінге сүйенсек, С. Сәдуақасов сөз барысында Л. Толстой, Вересаевтың қатарынынан табылатын Ж. Аймауытовтай азаматтың сотқа тартылуы партияда жоқ адамдардың арасында түсініспеушілік тудырған. Ол сот үдерісі әдейі Алашордаға қарсы жүргізілген саяси сот екендігін және сот процесін жүргізіп отырған Бекбатыров, Арықова, Ашамасевтардың бұл істі толық білмейтіндігін, әрі сотталушылардың тек бір ғана қорғаушысы барлығын, оның өзі орыс өкілінен екендігін, үкімет адамдары сот барысы жөнінде М. Дулатовтың «Еңбекші қазақ» газетіне жариялаған бір мақаласынан басқа осы мәселені баспасөз бетіне бастыртпауға бар күш жұмылдырып отырғандығын ашық түрде айтады [26].

С. Сәдуақасов айтып отырған 26, 28 наурыздағы «Еңбекші қазақ» газетінің сандарында жарық көрген М. Дулатов мақаласы Ж. Аймауытовты айыптауына еш кінәсінің жоқ екендігін дәлелдеуге тырысқан. [27]. Осы мақаламен қоса, айыпталушыларға қатысты он күнге созылған сот үрдісінің үкімі жарияланды. Шығарылған үкім негізінде Ж. Аймауытовқа тағылған айыптың негізсіз екені айқындалып, ақталып шықса, қалған төрт адамның екеуін екі жылға, ал екеуін біржарым жылға бас бостандықтарынан айырылды [28].

Осындай жала жабылып, қысым жасалып жатса да қазақ халқы қолдарынан келгенше қолдарынан келген көмектерін ұсынды. Баспасөзде осы мәселені насихаттауға тырысты. Мәселен, «Қазақ тілі» газетінде жазылғандай, Семей уезіне караған Аққұм елі уездің ашаршылық ізімен күресуші комиссияға 13 бас сиыр тапсырды [29].

Жылу жинау шарасынан басқа ашыққан губернияларға төтенше комиссия өкілдері жіберіліп, егістікке деп берілген тұқымды ысырапсыз тасымалдап, егіс алқабына шашу жұмыстарына қолға алды [30].

Аштықпен күресте бел ортасында жүрген Міржақып Дулатов нәубетімен күрестің жолдарын ұсынған. Оның көрсетуінше, қазақ шаруасының екі түрлі, яғни 1) бірыңғай мал өсіру, 2) мал өсірумен қатар егін кәсібі. Жұтты болдырмау үшін бұрынғыдай малдың санын көбейтуді мақсат етпей, мал санын кемітіп, алты ай қыс жеп шығуына жетерлік пішенді даярлауда қол орақты қойып, бірлесе шөп машинасын сатып алып, жекелене әрекет етпей, одаққа бірігу тиімді.

Ол қазақ малы санының жылдан-жылға азаюының басты себептеріне тұқым араластырмау, жылқы малын жастай мініп, өскен соң да аркасын босатпай, жасытып тастау, қыста қотерем шығуын айтады. Егін салумен айналысатын қазақ шаруалары да егіс алқабын дұрыс пайдаланбай, «ішермендік» астық алғандарына мәз болуын жалқаулыққа тенеді. Егін салып, жақсы өнім алу үшін «соқа-сайманын түзеп, кедейлер бірігіп, одақтасып, «ішермендік» қана емес, тұқым, қор алып қалып, сонан артылғанын ғана керегіне жұмсарлық, шаруашылығын түзетерлік күйге жетуге қам қылу керек» дейді. Сонда ғана ашаршылықтан аман қалуға болатындығын



түсіндіреді. М. Дулатов жұттан сақтау үшін ауылшаруашылығында арық қазу, су бөгеу, құм бөгеу сияқты жұмыстарды атқарудың пайдалылығын да атап өтеді [31, 116-118-бб.].

Семейлік зиялылардың бастамасын қолдап, ашаршылықты ауыздық-тауға ұлт азаматтары белсене қатысты. Солардың бірі – Шәймерден Токжігітов аштық басталған жылдары Семейдегі Губерниялық Комиссариаттың саяси бөлімінде аз ұлттар бөлімшесін басқарды және губерниялық комитеттің инструкторы қызметін атқарды. 1922 жылы Семей губкомында қызметтегі Шәймерден қиын жағдайдарды шешуге бірнеше айға Қарқаралы уезіне жіберіліп, уездік комитеттің хатшылығын атқарады, уездік атқару комитетіне мүше болады. Жылу жинау мәселесіне орай уезде қызу шаралар жүргізіп, елден малдай, заттай көмек жинауға атсалысады.

1921-1922 жылдары Қазақстанды ашаршылық жайлаған кезде қазақ зиялыларының қасынан табылып, ашаршылықтан құтылу жолында газетке алашшыл азаматтардың ұсыныстарын жариялайды. Өзі де бірнеше ұсыныстарын айтып, ашаршылықтан сақтануға үндейді. «Қазақ тілі» газетіне редакторлық қызмет еткен жылдары қазақ зиялылары М. Дулатов, М. Тұрғанбаев, М. Әуезовтармен қызметтес болып, ақыл-кеңес те сұрап отырған [32].

Ш. Токжігітов «Қазақ тілі» газетіне жариялаған «Ашаршылықты жоғалту керек» деп аталған мақаласында ашаршылықтың шығу себебін Ресейдегі төңкерістен шаруашылықтың бүлінуі мен егіннің шықпай қалуы деп көрсетеді. Осының зардабынан шаруашылық бүлініп, егін шығынсыз қалып, ашыққандардың қатарының көбейгендігін атайды. Ашаршылық құрсауында қалған Орал, Бөкей губернияларына жәрдем қолын созудың маңыздылығын «Өле жегенше, бөле жейік! Жақында аштарға жәрдем жию маусымы болмақ. Сол маусымда қазақ халқы болып қолдан келген көмекті аямай ашаршылықтың сергелдеңінен жылаған аштарды құтқару бәрімізге борыш. Аз істейтін көмектен сараңдық қылып қашып қалсақ, тарих жүзінде ұялатын болып жүрмейік. Тікенекті оңайсынып, үлкен жара қылып ұлғайтып алмалық. Қазақстан халқының азайып, мүлкінің

түзелмеуі біздің елдік тарихымызға байланбақ. Үкімет мекемелері де ашаршылық... қоршаулы сөздің ұраны мен ашаршылық ісі, жайы істің бірі деп есептеп, босаңсыратып салақ көздермен қарамаққа тиіс», – деп, ұлт зиялыларының бастамаларына қолдау көрсетті.

Негізінде ашаршылық жылдарының өзінде «Қазақ тілі» газеті бұл тақырыпты көтеріп, оны жою барысында жүргізіліп жатқан іс-шаралар тұрасында хабарлар мен осы ашаршылықтың зардабы туралы жазған қазақ зиялыларының мақалаларын жариялап отырған. Мәселен, 1921 жылы «Қазақ тілі» газетіне жарияланған «Ел хабарларында» Қызылжарда 1920 жылы жаз айында жаңбыр болмай, егін-шөп шықпай қалса, ал керісінше 1921 жылдың қысында жаңбыр жауып, даладағы жылқы малы жерден шөп жей алмай қалғандығын, осының нәтижесінен халық ашығып, не ішерге тамағы, киерге киімі болмай қиналғандығы келтіріледі [33].

Ш. Токжігітов газетте Германиямен болған соғыс, 1917-1919 жылдарда болған жұт пен соңғы кездердегі ашаршылық зардабынан губернияның қазақ аудандарындағы мал басының кеміп кеткендігін, бұл шаруашылығымызға үлкен нұқсан келтіріп отырғандығын, қазақ халқы бұл халден құтылу үшін қандай да болса бір шара қолданып, жол табу қажеттігін елдің назарына салды. Алда осындай ашаршылық пен жұттың болмауы үшін үкімет тарапынан барлық жағдайларды жасап, пішен шабу, егін салуға керектігін көтереді [34].

Ал «Індет» деген мақаласында аштық әсерінен індет туындап, әлсіз, аш, жүруге жарамайтын адамдарға жұғып, күннен күнге ауру жұқтырғандардың қатары көбейіп бара жатқандығын келтіре, онымен күресу жолдарын ұсынды. Аштықтан, жұттан туындайтын неше түрлі аурулардан сақтануға шақырады. Ол үшін тазалық сақтау, көпшілік баратын жерлерді үкіметтің арнайы мекемелері бақылауға алып, бұл індеттердің халық арасына жайылмауына алдын-ала шара қолдану қажеттігін айтады. Ал ауру жұқтырып алған адамдарды емханаға жатқызғанның өзінде оқшауландырылып, ем жасау, балгер-бақсыға жүгінбей, арнайы оқыған дәрігерлерге қаралу жұқпалы аурулардан сақтайтын бірден-бір жол дейді. Ауыра қалған жағдайда дәрігерлерге жүгіну қажеттігін айтады [35].

«Обдан сактаныңдар» атты мақалада Ресейде басталған оба ауруының Семей облысында жетіп, күн сайын қалада оба ауруынан олушілердің қатарының көбейіп бара жатқандығына тоқталады [36].

Шәймерден аштарға көмек көрсетудің бірден-бір жолы жәрдем жию екендігін «Аштар пайдасына» деген мақаласында баса көрсетті және бұл іске өзі де белсене кірісті (Қазақ тілі. 1923. 28 гинуар). Ол «Аштар пайдасына» деген ұранның көтерілуін оңды санады және жылу аштарға берілетін көмек аз да болса, апатты ауыздықтауға септігін тигізетіндігіне үлкен сеніммен қарады [37].

Ашаршылықты жою жолындағы іс-шаралар, ашаршылықпен күресу барысының қалай өрбігендігін «Қазақ тілі» газетіне материалдар жариялаумен көпшілікке жеткізіп отырды. Газет арқылы аштарға жәрдем көрсету мақсатында Халық Комиссарларының Кенесі дүкендерге, ішкілік сататын дүкендерге, асхана, шайхана, темекі сатушыларға арнаулы салық салуды көтеріп, қолға алғандығы жөнінде хабардар еткен. Осы салық салумен аз да болса ашыққандарға көмек көрсеткенді жөн санады [38].

Семей зиялыларының ашаршылық жайы бас қосқан жиналыстарына қатысты. Мәселен, 1923 жылы 16 ақпанда ол қатысқан Семей губерниялық атқару комитетінің мәжілісінде ашыққандардың жағдайын жақсартуға жәрдемді малдай жинап беру керек деп шешіліп, бұл іске арнайы комиссия құрудың маңыздылығын айтылады.

Шәймерден Омарұлы ашаршылық жоғалғанымен оның ізінің қалатындығын, сондықтан оны болдыртпаудың жолын қарастыру қажеттігін баса көрсетеді. Онымен күресу жолының шараларын үнемі есте ұстап, барлық күшті жұмылдыра отырып, апатты жаудың бетін қайтаруға болатындығын, ол үшін елдің шаруашылығын қалпына келтіріп, ұзақ қысқа алдын-ала қамдану, қолда бар өнімдерді тиімді пайдалануды ұсынады. Әрине, бұл Ш. Токжігітовтың алдағы қиындықтардың болатындығын алдын-ала болжап, көре білгендігі еді. Жалпы, «Егінге қамданатын күн жетті» атты мақаласы жұттың жеті ағайынды екендігін еске салады. Нәубетке ұрынбас үшін «Күні бұрын өлшеніп істелген жұмыстың жемісі көп. Өткен жылдардағы ашаршылық бұлты тағы

қоршауы – осы егінге келіп тіреледі. Егін салынып, жақсы шығым берсе, ел тоқ. Егін салынбай қалып, қысымды күн туса, ел аштыққа ілінетіні анық. Шаруашылыққа мойынсұнатын қазақтың мезгілі жетті. Егін ісіне белсене кірісу мойынға түскен қарыздай болсын. Жоғынды тауып, азынды молайтып, жыртығынды бүтіндей беру» қажеттігін көтеріп, егінге қамдануға шақырады [39]. Ол елдегі ашаршылық зардабының қандай қиындық әкеп, күйзеліске ұшыратқандығын айта отырып, болашақта ауылшаруашылығына үкімет тарапынан аса көңіл бөлуін маңызды санады.

20-жылдары белгілі қайраткер Ұзақбай Желдірбайұлы Құлымбетов те аштықты ауыздықтауда бар күшін салды. Ол тек Ырғыз өлкесіндегі аштық қана емес, Ақмола губерниялық атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалған кезде, осы өңірдегі аштықтық сарқыншақтарымен, зардабымен күресуге кірісті. Губернияны жайлаған аштықтың әсерінен орын алып отырған азық-түлік тапшылығынан жергілікті халықтың жағдайының ауырлығын айтып 1924 жылдың 1 сәуірінде Қазақ экономикалық мәжілісі мен КСРО ХКК-сіне, Қазақ өкілеттілігіне жазған хатында Ақмола мен Атбасар уездерінде астықтың шықпауынан, азық-түліктің жетіспеушілігінен тұрғылықты халықтың ашығып отырғандығын ашық келтірді. Аталған екі уездегі 387 000 десятина егістіктің 105 000 десятинасына астық шықпай қалғандығын, яғни 30 % егіс алқабының өнімсіз болып, халыққа қажетті 1 159 000 пұт астықтың орнына алынған 401 000 пұттың Атбасар уезіндегі отырықшы – 60 714, көшпелі – 58 026 адамына, Ақмола уезіндегі отырықшы – 107 321, көшпелі – 95342 адамға мүлдем жеткіліксіз екендігін жаза отырып, бұл екі уездің халықтары тек мал етімен ғана күн көріп отырғандығын көрсетті. Оның мәліметінше Ақмола уезінде 14 000 адам ашығып, 80-дей адам өлген. Балалар өлімінің өрлеп тұрғандығы, уездік комитеттер қаражаттың жоқтығынан ашыққандарға көмек бере алмай отырғандығын ашына айта отырып, осы мәселе бойынша Москваға арнайы делегация жіберілетінін мәлімдеген [40].

15 сәуірде КСРО Орталық Атқару комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесіне (ХКК) жіберген келесі жеделхатында Ұ. Құлымбетов губернияның Ақмола қаласында – 995 ересек, 1821 бала, уезде – 4190

ересек, 9025 бала, барлығын қосқанда 16031 адамның (5185 ересек, 10846 бала) ашығып отырғандығын, ал Атбасар уезінде ашыққан 15038 адамын 9199-ересектер, ал 5839-ы балалар екендігі жөнінде мәлімет келтіреді. Ол осы Атбасар уезінде ашыққандардың ұлттық құрамына қарай 4871-қазақ, 4328-і орыс, 2533- қазақ балалары, 3306-ы орыс балалары екендігін бөліп көрсете келе, егіс компаниясы жұмысының соңына дейін ашыққандардың санының көбейсе түсетінін ескерте келе, тез арада үкімет тарапынан көмек беруді көтерді. Осындай жеделхат ХКК-нің төрағасы С. Сейфуллинге тиісімен ол 24 сәуірде Ұзақбай Желдірбайұлын тез арада нақты ашыққандар жайындағы мәліметтерімен Орынборға келуін талап еткен [41].

Ұзақбай Құлымбетов Ақмола губерниясындағы аштықтың салдарын ауыздықтауға осылайша күш салып, қаржылай, астықтай көмек алуға, сөйтіп, ажал тырнағынан мыңдаған адамдардың аман қалуына себепші болды. Ол сонымен қатар аштық кезінде орын алған тонаушылық, мал ұрлығына қарсы да күрес жүргізіп, барлық тәртіпсіздіктерге тойтарыс беруге бар күшті жұмылдырды [42].

Жалпы, 1921-1922 жылдардағы ашаршылықпен күреске қазақтың М. Әуезов, С. Сейфуллин және т.б. зиялылары қатысканы белгілі. Ел арасына шығып, көздерімен көргендерін жоғарғы орындарға жазып, жәрдем сұрап, жол көрсетіп, жөн сілтеді. Қазаққа қасірет әкелген бұл зұлматпен ауыздықтауды өздерінің азаматтық борыштары деп санады. Сондықтан зиялылардың осы ауыр жылдары атқарған әрбір ісі халықтың есінде мәңгі сақталары сөзсіз.

## 2. Қазақстандағы шетелдік көмек ұйымдары

1921 жылы шілдеде қоғамдық Бүкілресейлік аштарға көмек беру комитеті құрылып, іске кіріскенмен де КСРО-ны жайлап кеткен аштықты ауыздықтауға бірден дәрменсіз еді. Бір сөзбен айтқанда Кеңес өкіметі ашыққандарды азық-түлікпен қамтамасыз етуге шамалары жетпеді. Сондықтан еріксіз Еуропа мен Америка елдерінен түскен көмек беру туралы ұсыныстарын қабылдауға мәжбүр болды. Дегенмен 1921 жылы 17 қазандағы БОАК-ті Ашкөм ОАК-нің шығарған бұйрығы бойынша автономиялық республикалар аштарға көмек беруге қол созған шетелдік ұйымдармен РКФСР үкіметінің өкілетті өкілінің қатысуымен жеке келісімшартқа отырып, үш күн ішінде бұл келісімшартты Мәскеудегі өкілеттілікке жіберуге тиісті болды [43].

Ашыққандарға АРА, Нансен комитеті, Халықаралық Қызыл Крест, түрлі діни миссиялар, Джойнт, Квakerлер және тағы басқа ұйымдар көмекке келді. Шетелдік көмек ұйымдарының бәрі де арнайы келісімшарт негізінде әрекет еткен. Бұл ұйымдардың арасында АРА (American Relief Administration) ұйымының қызметі ерекшеленді. Соңғы кездерде АРА ұйымының қызметі жайында отандық және шетелдік біршама тарихнамаларда жазылып жүр. Дегенмен де әлі де болса бұл ұйымның неңдей мақсатты көздегендігі, ашаршылықты жоюда қаншалықты іс-шараларды жүзеге асырғандығы жөнінде түрлі пікірлер қалыптасып, бір-біріне қарама-қайшы да пікірлер де айтылып, тұжырымдар жасалуда.

Негізінен АРА ұйымы 1914-1918 жылдардан бастап Бірінші дүниежүзілік соғыстан жапа шеккен Еуропа елдеріне көмек көрсетуді мақсат тұтты. Ашаршылық жылдарында Кеңес үкіметі ұйым көмегіне жүгініп, АРА 1919-1923 жж. аралығында Ресей құрамындағы елдерде қызметі етті. Ұйым ашыққан аудандарды азық-түлік, дәрі-дәрмек, киім-кешекпен қамтамасыз етіп отырды. Дегенмен Кеңес үкіметі бұл ұйымның қызметіне үлкен күдікпен қарап, АҚШ-ты Ресейдегі ішкі контрреволюциялық күштерді өздерінің тыңшылық зиянкестік қызметтеріне, революция қозғалысына қарсы күреске және еуропалық

елдерде американ империализмнің нығайтуға қолдануға тырысты деген тұжырымда болды [44, с.608.].

АРА-ның Бас директоры Г. Гувер кеңестік жүйеге, большевиктік билікке қарсы екендігін жасырмаған. АРА қызметін зерттеген тарихшы Н.И. Богомазовтың жазуынша, ол Кеңес өкіметін мойындаудың қажеттігі жоқтығын айта келе, оған қарсы шығудың екі түрін ұсынған. Оның біріншісі, ауыр жағдайды пайдалана отырып Ресейге басып кіру, екіншісі, арнайы комиссия құру арқылы азық-түліктей көмек беру арқылы әрекет ету. Ол бірінші түрі бұл елдегі жағдайға байланысты ойдағыдай нәтиже бермей, керісінше «шексіз зала» әкелетіндігін, сондықтан екінші түрі елдегі аштыққа көмек бере отырып, идеологиялық жағынан большевизмді жеңуге болады деген пікірді қолдады. Сөйтіп, большевиктерге қарсы әскери күштер орналасқан аудандарға көмек көрсету арқылы ішкі күрес жүргізуге болады деген сенімде болды. Осы мақсатпен Г. Гувер 1919 жылдың наурызында Париждегі бұрынғы орыс акгвардияшыларының өкілдерімен кездесті. 16 шілдеде Омбы үкіметімен адмирал А.В. Колчак пен Солтүстік-Батыс әскерге және олардың басып алған территориясында тұратын халыққа азық-түліктей көмек көрсету жөнінде келісімшарт жасасты.

Ұйым осы кездерден бастап Кеңес Одағына қанша көмек бергендігі жөнінде өздерінің «Бюллетеньдерінде» жариялап отырды, бірақ журналдағы бұл мәліметтер тек ұйымның мүшелері арасында ғана белгілі болған.

АРА ұйымы АҚШ үкіметінің бөлімшесі болып, оның басты кеңсесі Париж қаласында орналасты. Сонымен қатар Нью-Йорк қаласында ұйымның қосымша кеңсесі құрылды. Оны Гувердің көмекшілері Эдгар Рикард пен Теодор Уитмарш басқарып отырды [46, 201-203-66.].

1921 жылдың 6 шілдесінде «Soviet Russia» газетіне «Барлық адал адамдарға» (Ко всем честным людям) деген атпен Бүкілресейлік Орталық Аткару комитетінің аштарға көмек комиссиясының төрағасы М. Горькийдің үндеуі жарияланып, аштыққа көмек көрсетуді сұраған болатын. Осыған орай АРА (American Relief Administration) ұйымының Бас директоры болған Г. Гувер 23 шілдеде Кеңестер Одағының жазушысы

М. Горькийге жеделхат жіберіп, ашығып жатқан Кеңес республикаларына көмек көрсетуге дайын екендіктерін білдірді. 26 шілдеде радио арқылы сөз сөйлеп, М. Горькийдің аштарға, әсіресе балаларға көмек беруі жөніндегі өтінішіне егер Ресей түрмесінде жатқан американдықтарды босатып, АРА ұйымына беретін болса, сол кезден бастап көмек қолын созатындығын, Ресейдегі миллионнан астам балаларға азық-түліктей, киімдей, дәрі-дәрмектей көмек беретіндігін айтты. 1 млн балаларға азық, киім мен дәрі-дәрмектей көмек көрсетуге дайын екендігін білдірді.

Бұл ұйым Кеңестер Одағының алдына мынадай талап қойды: Кеңес өкіметі арнайы түрде АРА ұйымынан көмек сұрайды, АРА ұйымының өкілдері және Ресейдің қалаларында тұратын американдықтардың еркін жүріп-тұруына жағдай жасайды, ұйымның жергілікті комитеттер құруына кедергі келтірмейді, ұйымды қажетті ғимаратпен, жылумен және құралдармен қамтамасыз етеді, үкіметке Америкадан жеткізілген азық-түлікті, дәрі-дәрмек, киім-кешек және тағы басқа заттарды ұйымның тағайындаған мөлшерімен аштарға, ауруларға бөліп беруде кедергі жасамау. Сонымен қатар ұйым бірінішіден, барлық балалар мен мүгедектерді нәсіліне, дініне қарамастан көмек беретіндігін, екіншіден, Ресей территориясындағы олдардың өкілдері үкіметтің ешқандай да жұмысына, саясатына араласпайтындығын міндеттеріне алды.

28 шілдеде М. Горький Ресей үкіметінің атынан оның ұсыныстарын Кеңес өкіметіне жеткізгендігі және оның ұсыныстарын қабыл алатындығы жөнінде жауап бергендігі жөнінде радиogramма жіберді. Келіссөз жүргізу үшін Москва, Рига немесе Ревельге директоры Браун немесе бір өкілдерін жіберсе деген өтініш жасағандығын да жеткізді [47, 246-247-бб.].

Аштық тақырыбын зерттеген Н.Л. Рубинштейн мақаласында АРА ұйымы арқылы Америка үкіметі Кеңестік Ресей территориясында экономикалық және саяси барлау мақсатын жүргізді деген тұжырым жасады [48, 3-41-бб.].

2 тамызда В. Лениннің қол қоюымен халықаралық пролетариатқа арналған үндеуі жарияланды. Онда Ресейдің басына қиындық туғандығын айта отырып, Кеңес республикасының жұмысшыларына қолдарынан келген көмегін берсе делінді. Осы күні Сыртқы істер министрі Чичериннің



барлық елдердің үкіметіне арналған нотасы радио арқылы жарияланды. Ресей губернияларында құрғақшылық болып, егін шықпай қалып, нәтижесінде жергілікті халықтың астықсыз, азықсыз қалғандығын, олардың қолында ешқандай да артық астықтың жоқтығын айта келе, Ресей үкіметі қандай да болса берілген көмекті қабылдайтындығын жеткізді.

4 тамызда Норвегияның Сыртқы істер министрі Рэстаду Ресей халқына көмек ретінде 500 000 кронға бағаланатын тұздалған балық жіберуді көздеп отырғандығы жайында жеделхат жібереді. 11 тамыз күні Г.В. Чичерин Норвегияның Сыртқы істер министрі Рэстадуға үкімет атынан рахмет айтып, жібергелі отырған балықты қабылдайтындығын және бұл жөнінде тауу арада хабарласатындығын білдіріп радиogramма жіберді [47, 251-252, 261-262-66.].

12 тамызда Г. Гувердің Ресейдің қалаларында тұратын американдықтардың емін-еркін жүріп-тұруына жағдай жасалынғаны жөніндегі Сыртқы істер министрі Чичериннің хабарламасы басылды [49].

Осы жылдың 20 тамызына дейін Ригада АРА-ның Еуропадағы директоры У. Браун мен РКФСР Сыртқы істерінің Халкомының орынбасары М.М. Литвиновтың арасында болған келіссөзде АРА ұйымының Кеңестік Ресейге көмек беру келісімшартқа қол қойылды [50].

АРА ұйымы Кеңес үкіметіне Гувер өздерінің 26 талабын ұсынды. Олар төмендегілер:

1. АРА өзінің жұмысын жүргізетін өкілдерін Ресейге әкеле алады, Кеңес үкіметі олардың толық еркіндігі мен қорғанысына кепілдік береді.

2. Олардың Ресейге келуінен бастап, Кеңес үкіметі Ресейде еркін түрде жүріп-тұруына жағдай жасайды және қорғаныс ретінде қажетті қағаздармен қамтамасыз етеді.

3. Өздерінің қызметіне орыстарды немесе басқа өкілдерді шақырса, АРА барлық жағдайды жасайды, жұмыс сағатын белгілеп, жұмыстан шығаруға, жалақы төлеуге еркті.

4. АРА жүктерін орыстың немесе бейтарап жақын порттарда

түсірген кезде, олардың нұсқауымен Кеңес үкіметі түсіру, таранспорт шығындарды толықтай алады.

5. Араның нұсқауы бойынша қоймаға қажетті шығындарды да өзіне алады.

6. Қоймаларды бергенде және жүктердің қозғалысы барысында АРА-ның өтінішімен күзет қойылады.

7. Кеңес үкіметі еркін импортқа құқық береді және АРА-ның қандай да жүті болса да тартып алмауға кепілдік береді.

8. Жүктер балалар мен ауруларға арналады, балалар мен аурулар қолданғанға дейін АРА-ның меншігі саналады және АРА-ның атымен таратылады.

9. АРА-ның берген құрғақ азығы Кеңес үкіметінің құрғақ азығына қосымша болып табылады және соңғыны негізіннен қысқартады деп ойламау керек. Осы келісімшарт бойынша АРА-ның балалар мен ауруларға арнап берген құрғақ азық қызыләскерлердің құрғақ азығымен бірдей болу керек.

10. Кеңес өкіметі АРА талап еткендей, олардың жүктері әскерге, флотқа, кеңес қызметкерлеріне және ерессектерге бермеуге кепілдік береді және соған байланысты қадамдар жасайды.

11. Егер Кеңес үкіметі жүктердің талап бойынша орындай алмаса, онда америкалық миллион долларды алтындай Нью-Йорктағы АРА-ға сақтауға берді. Бұл депозитті АРА азық-түлікті толтыру үшін қолданады.

12. АРА-ға өздерінің жұмыстарын атқару үшін үкімет пен басқа біреулердің араласуынан ада еркін түрде ұйым құруға рұқсат беріледі.

13. Кеңес үкіметі тамақ дайындайтын, оны тарататын арнайы асханалар, госпитальдер және т.б. қажетті ғимараттарды беруге тиіс, сонымен қатар қажетті тағам даярлайтын, оны тарататын жергілікті әкімшіліктің, жергілікті медицина өкілдерінің шығынын көтеруі керек. АРА-ның жемісті жұмыс істеуі үшін жүк пен арнайы өкілдерді тасымалдайтын теміржолдарды, моторларды, су және басқа транспорт қолдануға бақылау жасаулары маңызды. Кеңес үкіметі АРА-ға арнайы, бірыңғай қолданыстарына қажетті жеке жылжымалы состав пен жүк тасмалдайтын вагондар береді және оларға ақы алмайды.

14. Жұқпалы аурулар тараған аудандарда қызмет етіп жатқан АРА-ға барлық қажетті санитарлық жағдайларды және су тартқыш орнату үшін қадамдар жасалынады.

15. Кеңес үкімет АРА жұмысы үшін тегін қажетті кеңселер, гараждар, қойлар береді, сонымен қатар АРА-ның жеке құрамына ғимарат беріп, оны жарықпен, жылумен және сумен қамтамасыз етеді. Барлық белгіленген ғимараттар тінту мен тартып алудан босатылады.

16. АРА-ға тегін және еркін түрде радио, телеграф, телефон, кабель, пошта және шабармандарды (курьер) қолдануға құқық беріледі. АРА өздерінің жеке телефон және телеграфымен қамтамасыз етіледі.

17. АРА және оның американдық өкілдері шекараны өткен кезде кәдімгі дипломатиялық артықшылықтар беріледі.

18. АРА тегін түрде бензинмен қамтамасыз етіледі және оған темір-жол арқылы автомобильдерді тегін тасымалдауға құқық беріледі.

19. АРА-ның жеке құрамына мүліктерімен және жүктерімен Ресейде еркін түрде қозғалып жүруіне құқық беріледі.

20. Жеке өздерінің тұтынуы үшін еркін түрде қажетті заттарды әкелуге және әкетуге құқық беріледі.

21. Кеңес өкіметі орыс халқын АРА-ның мұндағы жұмыстарының мақсаты мен әдістерімен олардың жұмыс істеуіне көмек беруі үшін түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.

22. Кеңес өкіметі төмендегі көрсетілген: портқа келген жүктердің құнынан басқа барлық шығындарды өздеріне алады.

23. Егер жағдай АРА-мен келісілсе, онда АРА Ресейде ересек адамдарға және тағы басқа қайырымдылық ұйымдарын қамтамасыз ету үшін азық-түлік чегін жүзеге асырады.

24. АРА шекара арқылы тез арада азық-түлік, киім-кешек және дәрі-дәрмек жеткізуді өз міндетіне алады.

25. Азық-түлік нәсіліне, дініне және қоғамдық жағдайын мен саяси көзқарасына қарамастан балалар мен ауруларға бөлінеді.

26. Ресейдегі олардың жеке құрамы тек көмек қолын созады және ешқандай да саясатқа араласпайды. Қандайда бір міндеткерлікті бұзатын болса және бұл дәлелденсе, онда бірден шақыртылып алынады және жұмыстан босатылады [47, 275-278-бб.].

Кеңес үкіметіне ұйымның бұл талаптарын толықтай орындауы мүмкін емес еді. Өйткені Азамат соғысынан жаңа ғана шыққан, техникасы, жолдары бұзылған жас Кеңес өкіметі есін енді жия бастағанда, алкымдаған ашаршылық килігіп, одан сайын жағдайларын нашарлатты. Талапта көрсетілген ашыққан аудандардағы балаларға берілетін құрғақ азықты қызыләскерлердің азығымен бірдей қылу керек деген олардың талаптары қисынға келмеді. Себебі, Ресейдің ауылды жерлерінде балаларға азық бермек түгіл, мүлдем бұрын болмаған.

Кеңес үкіметі АРА-ның талаптарына қарсы келмеуге және олардың алдағы уақытта орындалу, орындалмауы жайында ауыз ашпады. Дегенмен өз принциптерінен де тайқымады. Ол шетелдік ұйымдар өз көмектерін берсе де, сол елдің үкіметінің бақылауында болады немесе шетелдік ұйымдар өз ақшаларын сол елге беріп, олардың жұмыстарын қадағалап отырады. КСРО осы принципті кездесу барысында РКФСР Сыртқы істер халық комиссарының орынбасары М.М. Литвинов жеткізді. АРА-ның өкілдеріне ешқандай да қысымшылық жасалмайтындығын және олардың қызметіне араласпайтындығын, бірақ олардың территорияда қожалық етуіне жол бермейтіндіктерін білдірді. Сонымен қатар Кеңес үкіметі ұйымның өкілдері кінәлі адамдарды жазаға тартпайтындығын, ондай адамдарды белгіленген уақытта Ресейден кетуін талап ететіндігін де баса айтты.

АРА-ның олар орналасқан ғимаратқа себептен себепсіз тінту жүргізу туралы талаптарын үкімет қабыл алды. Дегенмен сол ғимаратта қылмыстық іс жасалынса, егер оған дәлел табылса, сонда ғана заң негізінде тінту жүргізетіндігін көрсетті.

Келіссөз барысында Кеңес үкіметі АРА ұйымына еркін түрде көмек көрсетуге барлық жағдайды жасайтындықтарын, алайда мемлекетте ішкі өздерінің мемлекетіне жол бермейтіндігін ашық жеткізді. Сонымен қатар Кеңес үкіметі мынадай жұмыстарды АРА ұйымымен бірлесе жүргізе алатындығын жеткізді. Бұл азық-түлікті тарату АРА-ның өкілдері ме, жоқ жергілікті тұрғындардан құрылғанына қарамастан оның жергілікті ұйымдар арқылы жүзеге асыру болды.

Елшілер мемлекетке көрсетілетін жәрдемнің мөлшері нақты айтылса деген де ниеттерін білдірді. Оның үстіне Чичерин М. Литвиновқа жібер-

ген радиогарммасында «аштық барысын бұрынғы патшаны қолдаушылар: шетелге эмиграцияға кеткендер, ақгвардияшылар, Кеңес өкіметінің жаулары пайдаланып, мемлекетке қарсы тақырыпта неше түрлі қауесеттер таратуы мүмкін деген, егер АРА ұйымы өздерінің көмектерін бермесе, онда олардың сөздеріне ергені деп қабылдау керек» деп түсінуге болады деп келтірді [47, 279-281-66.].

АРА ұйымынан құрғақ азық алған аштар үкіметтің беріп отырған азығынан айырылуға тиіс емес деп көрсетілді. Сонымен қатар егер АРА-ның көмегін Кеңес өкіметі басқа мақсатта қолданатын болса, онда сол жүктің құнын доллар есебінде қайтадан қайтаратын болды.

Кеңес өкіметі сол ұйымға қажетті асханалар, ғимараттарды беруге дәрігерлік көмекті қолдануға, теміржол, автомобиль, су жолдарын тегін қолдануға және тағы басқа олардың талап-шарттарына кепілдік берді [51].

Г. Гувер бұл ұйымның көмегі «саяси мақсатты емес, ізгілікті көздейтіндігін», ұйым жеке меншік болғандықтан, АҚШ үкіметінің еш қатыстығының жоқтығын айтқан. Дегенмен, АҚШ президенті Гардинг 1921 жылдың тамызынан Ресейге көмек қолын созған АРА ұйымына қаржылай көмек көрсетіп отырды [52, 6-6.].

Ағылшынның кеңестанушы ғалымы Эдвард Каррдың пайымынша, АРА ұйымының Кеңестер Одағына 1921-1922 жылдардағы ашаршылыққа көмек беруі кең көлемде жанданған [53, 623-6.].

Рига келісімінде Кеңес үкіметі АРА ұйымына «күші келгенше көмек беретіндігін» айтылса, ал АРА ұйымы ұлтына, дініне және әлеуметтік тегіне қарамастан балаларға тамақ беруге және Ресей территориясында саяси, сауда қызметін жүргізбейтіндігіне, ішімдік әкелмеуге, барлық жүктеріне кедендік тексеруден өткізуге кепілдік берді. Кеңес үкіметі ұйымға «барынша көмек көрсетуге, олардың аштықпен күрестегі жұмыстарына кедергі келтірмеуге» уәделесті [54, 150-6.].

Осыған орай Қазақстандағы Аштарға көмек комиссиясындағы РК-ФСР-дың өкілетті өкілі А.Л. Карлиннің №1-ші бұйрығында жергілікті үкімет орындарына АРА-ның қызметіне, оның азық-түлік бөлуіне араласуға тыйым салынды [55].

БОАК Төралқасының төрағасы М.И. Калининнің барлық халық комитеттері мен губерниялық атқару комитеттеріне АРА жұмысына жан-жақты жағдай жасау жөніндегі бұйрығы жіберілді. АРА-ның өтінішіне төрешілдік танытқандар «революция заңмен жазаланатындығы» ескертілді [56].

Американ барлауы Ресейде қызметке жіберілетіндерді мұқият даярлықтан өткізді. Олардың көпшілігі басқа мемлекеттерде тәжірибе жинақтағандар еді. Мәселен, ұйымның У. Браун, С. Квин, Г. Гай және т.б. өкілдері Англияда ұзақ жылдар қызмет еткен екен.

1921 жылдың 17 мен 27 қыркүйегі аралығында АРА-ның Вилл Шафроттың басшылығымен Алейн, Грейг Андерсон, Маклинток және Гальдер сияқты жақын көмекшілері Самараға келді. Барлық миссия өкілдері Америка армиясының әскери формасын киіп, не мақсатпен келгендіктерін білдіретін өздерімен әкелген плакат, ұнпарақтарын қала қақпаларында жапсырды. Сонымен қатар қалаға алғашқы азық-түлік көмек партияларын да ала келді. Бұл жайында Самараның «Коммуна» газетінде ақпарат басылды.

АРА мүшелері Самараға келген күннен талаптары бойынша асханаларды қалауларының жабдықтауға тырысты [52, 7-8-66.].

Кеңес өкіметі АРА-ның қызметіне күдікпен қарады. 1921 жылы 31 желтоқсанда ОК-тің Саяси бюросында «АРА-ға қатысты саяси шаралар туралы» мәселе қарастырылып, В.И. Лениннің ұсынысымен комиссия құрылып, АРА аппаратын кеңейткен жағдайда сенімсіз элементтерді тартып жүрмеу жағын арнайы түрде қадағалауды қолға алды. 1922 ж. 24 қаңтарында да ОК-тің Саяси бюросы комиссиясы осы шараны өңдеп, ВЧК-ның АРА-ның шпиондық-зиянкестікке қарсы күресті ұйымдастыру қызметінің бағдарламасын жасады. 28 наурыздағы бұйрық бойынша АРА-ның қызметіне ГПУ-дың бақылауы күшейтілді [57].

Кеңес үкіметі олардың қызметіне күдікпен қарап, оның әрбір қадамын бақылауға алды. Ұйымның партия қызметкерлеріне толықтай сенуге болмайтындығын, олардың қызметінің түпкі астары барлығын ескертіп отырды [58, 16-б.].

АРА ұйымының ашыққандар арасында Кеңес үкіметіне қарсы жүргізген әрекеттері де тіркеліп жатты. Сондықтан қазіргі кезде 1921-

1922 жылдардағы ашаршылықты ауыздықтаудағы АРА-ның қызметі пікірталасты мәселе болып тұр. Оның қызметі жайында зерттеушелер екі түрлі пікір айтады. Оның біріншісі, ұйым Кеңестік жүйенің ішкі қиындықпен күресуде дәрменсіз, әлсіз екендігін көрсетіп, ел арасында араңдатушылыққа жол берді десе, екіншісі, ұйымның көрсеткен көмегінің арқасында мыңдаған адамдар аштық қырғынынан аман қалды деген пікір. Осы пікірлердің екеуі де шындыққа сай.

АРА ұйымынан жіберілген еріктілер Кеңестер Одағына ішкерілей енген сайын халықтың әл-ауқатының қиын екендігін, күннен күнге өлім-жітімнің көбейіп келе жатқаны, қандай азық-түлік, киім-кешек жіберу қажеттігі жайлы орталықтарына хат арқылы хабарлаған.

Кеңес үкіметі тарапынан да ұйымның әрбір іс-әрекеті құпия түрде жоғарғы орындарға хабарланып отырылды. Ұйымның Кеңестік Ресейдің экономикасы жайында статистикалық мәліметтер жинастыруға күш жұмсап отырғандығы, әкелінген заттарына түбіртек, колхат жаздырып алуы түбінде күмән туғызбай қоймады. Оның үстіне ұйымның жалдап алған орыс қызметкерлері олардың тапсырмаларын орындамады, бөлінген азық-түлікті уақытында асханаларға, тамақтандыру пункттеріне бермеуге, осы арқылы халық арасында шетелдіктерді «қайырымсыз» ретінде көрсетуге тырысты. Жиындарда кеңестік жүйенің жауы «империалистік елдермен» күресуге шақырды.

Алғашқыда ашыққан халық өздеріне көмек қолын созған американдықтарды құтқарушы ретінде қабылдаса, уақыт өте кеңестік идеологияның күшті насихатының нәтижесінде оларға күдіктене қарай бастады.

АРА-ның қызмет барысын зерттеген В.Г. Макаров пен В.С. Христофоров АРА-ның қызметкерлерін «гангстерлер», «филантроптарға» теңеген. Бұл көзқарасты А.М. Плеханов та қолдаған. Оның жазуынша, американдық ұйым өздерін «жеңіп алған елде» жүргендей сезінген [59, 442-б.].

Ұйым жергілікті әкімшіліктің өкілдерімен бірлесе қызмет етті. Келісім бойынша АРА-ның қызметі ашыққан аудандарда ғана жүргізілді және олардың өкілдері Ресейде қызмет ісі бойынша ғана рұқсат етілді.

Ашыққан аймақтарда тамақтандыратын пункттер немесе асханалар, ауруханалар мен дәрігерлік бөлімдер ашты, шалғай жерлердегі тұрғындарға азық-түлік, дәрі-дәрмектер жеткізді. Киім-кешекпен, тұрмысқа қажетті заттармен қамтамасыз етті.

Нансен комитеті мен басқа кейбір миссиялар Кеңес үкіметіне азық-түлікті жеткізіп беру болса, ал АРА ұйымының бір ерекшелігі үкіметтен әкелген азық-түлікті таратушы көмек аппаратын құруды талап етіп, ұзақ келіссөздерден кейін большевиктер олардың талаптарын қабылдауға мәжбүр болды. Бастапқы кезде АРА ұйымы азық-түлік таратумен қатар ашыққан балалар мен ауруханаларда жатқандарға ғана қосымша ыстық тамақ ұйымдастыруды көздеген еді. Бірақ ел ішін аралау барысында ашыққандардың жеуге келмейтіндермен қоректенуі, қылмыстың етек алуы, адам етін жеу (канныбализм) сияқты сұмдық көріністерге куә болуынан жоспарларын өзгертіп, 1922 жылдың наурызынан жаппай тамақтандыруды қолға алды [60, 66, 68-66.].

22 ай қызмет еткен уақытында АРА ұйымы Кеңестік Ресейге 66 млн. доллардан жоғары көмек беріп, 33 млн. пұт азық-түлік, дәрі-дәрмек пен алғашқы көмек көрсетуге қажетті заттар әкелген. Дегенмен Кеңес үкіметі ұйым жұмысына сенімсіздікпен, сақтықпен қарады. Кеңес шеңбері олардың жұмысына кедергі жасап бастады. Отандық және батыстық әдебиеттерде АРА мен большевиктік үкіметтің арасында мақсат-мүдделердің қарама-қарсылығы жайында жиі жазылды. Оның себебі идеологиялық мазмұнды яғни капитализм мен коммунизмнің қарама-қарсы келуінен деп те түсіндірілді.

АРА ұйымының бірінші өкілі Ф. Лайн 9 қарашада Орынбор қаласына келді. Жергілікті газетте оның келгендігі жайында және күн сайын ашыққан 12 мыңдай бала тегін түрде тамақтанатыны жайында шағын хабарлама басылды. Сол күннің өзіне екі асхана әзірленіп, аштарға бірден ыстық тамақ бере бастады. АРА ұйымымен жұмыс істеуге Орынборда арнайы өкіл бөлініп, бұл ұйым мен жергілікті мекеме, ұйымдардың арасындағы жұмысты қадағалап отырды.

Шетелдік көмек ұйымдарының ішінде Қазақстандағы ашаршылықты ауыздықтауда АРА-ның басқа ұйымдардан қарағанда орны ерекше. Өзінің



құрылымына қарай ұйымның жұмысы Саратов, Уфа және Орынборда кең өрістеген. Қазақстандағы ашыққан губерниялар осы үш жердегі базаларға бөлініп берілді. Мәселен, Орал губерниясын Саратовтағы АРА-ның базасы, Орынбор мен Ақтөбе губернияларын Орынбордағы базасы, Қостанай мен Ақмола Уфадағы базасы қамқорлыққа алды. Орынбордағы АРА-ның қызмет конторы жұмысын 1921 жылдың 13 қарашасында басталды. Бастапқы кезде тек балаларды ғана қамқорлығына алып, тек келесі жылдың сәуірінен бастап ересектерге құрғақтай тамақ беруді қолға алды [61].

Қараша айында Ұлттық халық комиссариатының жапындағы Қазақ кеңес республикасының өкілділігіне АРА-дағы РКФСР үкіметінің өкілетті өкілі жіберген хатында тамақтандырылатын ашыққан 50 000 баланың санын 400 мыңға жеткізу де жергілікті ұйымдар мен тұрғындардың көмегі аса қажеттігін, осыған орай АРА-ның асхана ашуына бар мүмкіндіктер жасалса деген өтінішін білдіреді [62].

АРА-ның өкілі А. Эйдуктың атынан Орынбор губерниялық балаларды тамақтандыру комиссиясының төрағасы Морозга жіберген желхатында қараша айында 50 000 баланы тамақтандыруға кірісетіндігін айтып, АРА қызметкерлеріне қойма дайындауды және асханаларды толықтай қалпына келтіруді сұрады [63].

3 пен 7 жас аралығындағы Қазақстан губернияларындағы балалар үйі мен балалар бақшаларындағы балалардың саны:

| Губерниялар | Балалар үйі | Балалар саны | Балалар бақшасы | Балалар саны | Барлығы |
|-------------|-------------|--------------|-----------------|--------------|---------|
| Орынбор     | 212         | 5468         | 45              | 1835         | 7200    |
| Орал        | 99          | 3888         | 15              | 750          | 4638    |
| Қостанай    | 34          | 2446         | 12              | 620          | 3066    |
| Семей       | 21          | 1248         | 7               | 280          | 1528    |
| Ақмола      | 63          | 3140         | 26              | 1469         | 4604    |
| Бөкей       | 5           | 163          | 4               | 235          | 398     |
| Адай уезі   | -           | -            | 6               | 240          | 240     |
| Барлығы     | 323         | 16353        | 115             | 5421         | 21774   |

Мектеп жасындағы I басқыштық саны 5322 болып, 455 296 бала оқыса, ал II басқыштық 116 мектепте 14 638 оқушы оқыды. Осы екі санагты мектептерде 469 934 оқушы оқыса, мектепке дейінгі жастағы балалармен олардың саны 491 708 болған [64].

АРА-ның Орынбордағы ең алғашқы асханасы 17 қарашада ашылып, бірінші күні 500-дей ыстық тамақ ішсе, 19 қарашада 490 орындық екіншісі ашылып, ашыққандарды тамақтандыра бастады. Айдын соңына дейін 9 аралық асханалар жұмыс істеп, 6 412 бала ыстық тамақпен ауқаттанса, ал желтоқсанның басында бұл асханалардан 7004 аш балалар ас ішті [65, 445-447-66.].

1921 жылы 17 қараша мен 1922 жылдың 9 желтоқсаны аралығында АРА-ның Орынбор қаласы мен оның губерниясының 5 ауданында 186 асханасы ашылды. Сонымен бірге осы аралықта балалар үйінде, балалар бакшаларында, балалар ауруханаларында, мектептерде балалар үшін 58 асхана ашылып жұмыс істеген. АРА-ның осы ашқан 244 асханасынан 24 480 бала ыстық тамақ ішті [65].

Қазақстанның өзге өңірінде АРА-ның қызметі 1922 жылдың басында өрістеді. АРА ұйымының 1922 ж. 1 қаңтардағы мәліметі бойынша Қазақстанда Орынбор губерниясында олардың ашқан 185 асханасынан 24350 бала тамақтанған. Ақтөбе губерниясында АРА ұйымы 18450 адамды тамақтандырған екен [66]. Бұл жылы ұйым 1 миллиондай ашыққан баланы тамақтандыруды жоспарлаған [67].

1922 жылы 1 қаңтарда Орал қалалық кеңесінің жиналысында Орыс-Американ «АРА» комитетінің Орал өңіріндегі қызметі жайында баяндама тыңдалып, қалалық кеңес Америка өкілі Кляппка ашыққан балаларға көмек қолын созғандығына рахмет айтып, оған жұмысшы, шаруа және қызыләскер депутаттары атынан Америка жұмысшыларына аштықтан құтылғаннан кейін берілген көмектерін толықтай қайтаратындығын жеткізуді сұраған қарар қабылданды. Бірақ 15 ақпанда осы қарардың бұрышына қолмен жазылған жазбада көшірмесін РК(б)П ОК Хатшылығына жіберуді, АРА-ны осындай жарнамалау саяси қажет еместігін ескертті [68].

Қазақ ОАК Төралқасының 25 қаңтарындағы №2207-ші бұйрығы бойынша АРА ұйымымен арадағы байланыс РКФСР үкіметінің өкілетті төрағасы Л. Рудминский арқылы жүргізілетін болды [69].

Л. Рудминскийге құпия түрде жіберілген жеделхатта АРА-мен жаңа келісімшарт жасаламайтындығы, бұрынғы Ригада жасалған құжат күшінде қалып, сол бойынша қамтамасыз ете берулерін және олардың барған аудандарға қанша мөлшерде құрғақ азық бергендігі жөнінде тез арада телеграфпен хабар жіберуін талап етті [70].

Орынбор Мемлекеттік саяси басқармасының губерниялық бөліміне Л. Рудминскийден келген мәлімдемеді өзінің Москваға шақыртылуының себебін, Орынборда АРА-ның жұмысқа қатысты екендігін жаза келе, АРА өкілдері жергілікті үкімет орындарымен келісімшартқа отырмай Орынборға баруға келіспей отырғандығын келтірді.

Американдықтармен келіссөзге Ландер, Л. Рудминский, Терсхов, А. Денисов және жергілікті үкімет өкілі барды. Американдықтардың бірінші талабы бұрынғы Ригада жасалынған келісімшарттың расталуы болды. Орынбор жағынан барған өкілдер Ресей федерациясы жасаған келісімшарт міндетті әрі қайталанып жасалмайтындығын жеткізді [71]. Екі жақты өзара келісімге келіп, байланыс орнатты.

АРА ұйымы уәде бойынша 25 қаңтардан 66 380 баланың азық-түлікпен қамтамасыз етсе, ал 15 ақпаннан 150 000 бала күнделікті тамақтандыра бастады. Ақпаннан бастап 350 000 ортосек адамдарды тамақтандыруды жоспарлады. Сонымен қатар медициналық көмек көрсетіп, 13 вагон дәрі-дәрмек пен киім-кешекті Орынбор мен Ақтөбе губернияларының ауруханаларына бөлінді [72].

Ашқомнің есебінше, 1922 жылы 30 қаңтарда АРА-ның Орынбор губерниясының 3 ауданында, Ақтөбеде және Ақтөбе губерниясында 6 ауданда 717 асханасы ашылып, 88 900 адам тамақтанған. Бұдан кейінгі мәліметтерге сүйенсек, 26 ақпанға дейін Орынбор губерниясының ауданында 973 асхана ашылып, 127 984 адам ас ішсе, ал 27 ақпандағы есеп бойынша 7213 асханадан 188 330 адам ауқаттанған [73].

«Бостандық туы» газетінде жазғандай, 27 наурызға дейін АРА-ның Қазақстанда 1213 асханасы ашылған. Соңғы жетінің ішінде тағы 105 асхана ашып, онда 28 135 кісіге арналған тамақ дайындалды.

Ангора үкіметі 60 000 пұт тұқым, 80 000 пұт бидай берсе, ал Америка Құрама Штаты 335 000 ақшаның 225 000-на киім алып, басқа жәрдем

істеген. Американың жәрдем комитеті 696 44 480 алтын акша, Аргентина 10000 алтын акша, Уругвай 1000 алтын акшаны Ресейге берген [74].

АРА-дағы РКФСР-дағы өкілі Эйдуктың Мәскеудегі Қазақ республикасының төрағасы, Американ әкімшілігінің орыс бөлімінің директоры полковник В.И. Гаскелльге 1922 жылдың 22 наурызында жазған хатында Қостанай губерниясындағы халықтың сұмдық жағдайын баяндап, көмек қолы жетпей, ұмыт қалынған осы өлкедегі өлім аузында жатқандарды аштық құрсауынан алып қалуға жүгері жіберілгендігін, алайда Кольман Қостанай губерниясының Орынбордан алыс жатқандықтан көмек беруден бас тартқандығын келтірді. Ашыққандардың қырылып қалмауы үшін тез арада қандай да бір шара қолдануын сұраған [75].

АРА ұйымы аштық әбден демдеген Ақтөбе губерниясына көмек көрсетті. Дегенмен бұл губернияға жіберілген азық-түлік қолды болып, аштарға жетпей қалған. Мәселен, Темір уезіндегі АРА ұйымының бөлімшесінің өкілі Демидов уезіне жіберілген азық-түлікті іздестіру барысында қандайда бір жолдармен базарда сатылып жатқандығын анықтаған. Ұрпақ қолды қылған жүргізген жауапты қызметкерлердің аты-жөні де нақтыланған. Сондықтан бұрынғы өкілдері шақыртылып алынып, орнына Кәліменов енгізілді [76].

1922 жылы 30 сәуірде Қазақ Орталық атқару комитетінің мәжілісінде АРА-ның директоры Кольман ұйымның жұмысы турасында баяндама жасап, соның негізінде барлық халкомдар мен губерниялық атқару комитеттеріне 48 сағат ішінде АРА ұйымдарымен байланыс орната отырып, олардың бар талаптарын орындау және Қостанай және Бөкей халқының ауыр жағдайын айтып, Эйдуктен осы жерлерге көмек қолын созуды сұрау жөнінде қаулы қабылданды [77].

АРА ұйымы 1922 ж. 1 маусымына дейін Ырғыз бен Шалқар ауданында 1101 асхана ашып, онда 375 345 адам ауқаттанып, 554 612 құрғақ тамақ таратылды [78].

Қостанай губерниясында АРА-ның жұмысы 1922 ж. 8 маусымында басталып, Қостанай, Федоровский және т.б. аудандарда балаларға арналған 30 асхана ашып, онда 13640 бала тамақтандырылды. 10 шілдеге дейін ауданның 35040 баласы мен 36600 ересектері құрғақ тамақпен қамтамасыз етілген [79, 23-б.].

Қостанай губерниясына қарасты Шұбар болысындағы ашыққандарға АРА ұйымынан 2420 жүгері тамағы берілген. Болыстағы ашыққандарға 2000 пұт түрлі азық-түлік берілу оларға рух беріп, алда да ескерусіз қалмайтындықтарына сенім туғызды. Дегенмен де болыстағы 260 шаруашылық мүлдем малсыз қалды. Сондықтан оларға ең алғашқы азық-түліктей және дәрі-дәрмектей көмек көрсетудің маңыздылығы нақтыланды [80].

1922 жылдың 1 шілдесіндегі есеп бойынша, Қостанай губерниясында АРА-ның 1296 асханасынан 273 018 адам тамақтанып, 620 436 құрғақ тамақ үлестірілсе, 15 тамыздағы мәлімет бойынша АРА-ның 1274 асханасынан 276 102 адам ас ішіп, 637 084 құрғақ тамақ таратқан екен [81].

1922 жылы 21 шілдеде болған АРА мен Орталық Аштарға көмек комиссиясының ведомствоаралық жиналысында барлық жерлерде бала бақшаларын ашу арқылы аш балаларды тамақтандыру мәселесі көтерілді [82].

15 тамыздағы есепше АРА-ның ұйымдастыру жұмысы жүргізіле бастауын төменгі кестен көруге болады:

| Губерниялардың атауы | Асханалардың саны | Тамақтанған балалар | Ересектер |
|----------------------|-------------------|---------------------|-----------|
| Орынбор              | 747               | 186 365             | 430 166   |
| Ақтөбе               | 527               | 89 718              | 156 918   |
| Қостанай             | -                 | -                   | 50 000    |
| Барлығы              | 1274              | 276 083             | 637 084   |

Балалармен қоса, ересек адамдар да ауқаттандырылды [83]. Ұйымның қызметі барысында ыстық тамақпен қоса, ашыққандарға құрақтай азық-түлік те үлестірілді. Сонымен қатар ауруханалар мен балалар үйін медициналық құралдар, дәрі-дәрмек, киімдермен қамтамасыз етті. АРА-ның РКФСР-дағы өкілі Эйдукке Қазақ ОАК-ке қарасты Ашкөм өкілеттілігінен жіберілген хатта Қостанай губерниясындағы ашыққан балалардың жағдайының ауырлығы айтылып, тез арада АРА-ның көмегін осы губернияға таратса деген өтініш білдірген [84].

1922 жылдың маусым-тамыз аралығында АРА ұйымы балаларға үлестірілген киім-кешекті төмендегі мөлшерде берген [85]:

| Киім түрі, ай аты | Сан бойынша |
|-------------------|-------------|
| Мақталы киім      | 26 290      |
| 1 маусым          | 37 215      |
| 1 шілде           | 46 624      |
| 1 тамыз           | 54 740      |
| 15 тамыз          | 50 119      |
| Барлығы           | 220 988     |

АРА ұйымынан 1921 жылғы қарашасынан 1922 жылғы 15 тамызға дейін төмендегі мөлшерде жүк келген екен [86]:

| Жыл мен айлар           | Вагондар саны | салмағы   |      |
|-------------------------|---------------|-----------|------|
|                         |               | пұт       | фунт |
| 1921 ж. қараша          | 27            | 25359     | 15   |
| желтоқсан               | 22            | 22780     | 03   |
| 1922 ж. қаңтар          | 17            | 16061     | 19   |
| ақпан                   | 56            | 54404     | 33   |
| наурыз                  | 56            | 57188     | 11   |
| сәуір                   | 302           | 275892    | 08   |
| мамыр                   | 574           | 653014    | 04   |
| маусым                  | 330           | 342834    | 22   |
| шілде                   | 378           | 377751    | 16   |
| Тамыз (15 күніне дейін) | 47            | 47198     | 30   |
| Барлығы                 | 1809          | 1.854.185 | 01 ф |

АРА ұйымынан азық-түлік, киім-кешектен басқа дәрі-дәрмек, сабын және күнделікті тұрмысқа, шаруашылыққа қолданатын заттар тиелген вагондар да жіберген. Бұл алынған көмекті теміржолдан республиканың ашыққан аудандарына жіберу транспорттың жоқтығынан үлкен қиыншылықтар туғызды. Кейбір тауарлар диттеген жеріне ұрлық-қарлықтың, бандиттік тонаушылықтың нәтижесінде жетпеді. Дегенмен АРА-ның республикаға көрсеткен көмегі мыңдаған адамдарға арашашы болды.

Негізінде АРА ұйымы басқа ұйымдарға қарағанда ашыққандарға есепсіз көмек көрсетті. 1922 жылдың басынан 27 наурызға дейін АРА

ұйымы Қазақстанда барлығы 1213 асхана, ал мамыр айында 105 асхана ашып, онда 28135 адамды тамақтандырды [87]. 1922 ж. 15 маусымындағы мәлімет бойынша, ұйым Орынбор және Ақтөбе губернияларына 533543 мөлшерінде құрғақ тамақ берген [88, 200-б.]. АРА-ның көмегімен ауруханаларға төсек-орын жабдықтары, іш-киім, орамалдармен жабдықталды. Сонымен қатар ұйым көшелерді тазалау, темір-жолдар мен көпірлерді жөндеуге қатысты, дәріханалар мен балаларға арналған шаштараздар ашылды [89]. 1922 ж. 25 сәуірінде РКФСР-дағы Америкалық Әкімшілік көмек көрсету (АРА) ұйымына АРА-ның Қазақ республикасындағы өкілінің жазған хатында егіс егу уақыты келгендігін, алайда диканшылардың егістікті өңдеуге күштері жетпей әрі себілетін тұқымның жоктығынан егіс жұмысы тоқтап тұрғандығы келтіріліп, тез арадада қандай да бір оларға көмек көрсетуді керектігін ескертті. АРА ұйымынан келген көмекті бәріне бірдей бөліп берілсе деген ұсыныс айтылды [90].

Бұдан кейін 30 сәуірде болған Қазақ Орталық атқару комитетінің мәжілісінде АРА ұйымының директоры М-р Кольман АРА жұмысы туралы есебін тыңдалып, ҚОАК төралқасына үш күн ішінде АРА ұйымының директорының талаптарын қарауды және өз ұсыныстарын келесі мәжілісте ұсыну жөнінде шешім қабылданды. Сонымен қатар халкомдар мен барлық губерниялардағы атқару комитеттеріне АРА-мен байланысты РКФСР-дің өкілетті өкілдері арқылы жүзеге асырылатын болды.

1922 жылдың 3 қазанында Қазақ ОАК-нің Алманов, Мырзағалиев, Вайнштейн, Мамыкин сияқты мүшелері қатысқан Кіші Төралқасының мәжілісінде Л. Рудминскийдің шетелдік көмектің жаңа кезеңі мен басқа шетелдік ұйымдардың келу турасында баяндама жасады. Осыған орай оларға «АРА» ұйымының тастап кеткен барлық гимараттарын, пәтерлерін, қоймаларын, асханалық жиһаздарын, мүлкі мен басқа қажетті құралдарын сақтау жөнінде шешім қабылданды [91].

АРА ұйымымен қоса Қызыл Крест, Квакерлер, Балаларға көмектесудің Халықаралық Одағы сияқты халықаралық ұйымдар да көмекке келіп, дәрігерлік-тамақтандыру отрядтарын ұйымдастырып, ауруларды уақытша

көшпелі ауруханаларға орналастырды. Ашыққандарға Джойт, Католиктік, минониттік ұйымдар қол созды [92]. Бұл ұйымдардың бәрі Федерация орталығының келісімшартымен жұмыс істеді [93].

Шетелдік ұйымдар қалай көмектесті? «За проднолог!» газетінің 1922 жылғы 28 қазандағы 8-нші санына жарияланған «Как помогают нам заграничные товарищи» деген мақалада Ресейдегі жайылған аштық шетелдіктерді бей-жай қалдырмай, Коминтерн жұмысшыларының бастамасымен Халықаралық жұмысшылардың аштарға көмек комитеті құрылып, фабрика, зауыт жұмысшылары жалақыларынан ақша бөлу, көмек ретінде қаржылай көмек жинағандығы айтылды.

Шетел жұмысшылары орыс ауылдарына барып, асханалар ашып, ауруларға киім, аяқ киім беруге көмек көрсеткен. Комитеттің көмегімен ауыл шаруашылығына қажетті трактор, машина және т.б. техника жіберілген [94].

ҚОАК-ның аштықпен күрес комитеті барлық жергілікті халкомдар мен өлкелік мекемелерге өлкеге келген шетелдіктерді тіркеуге алуды міндеттеді [95]. Бұл біріншіден, Қазақстан территориясындағы барлық шетелдіктерді көзден таса қылмау болса, екіншіден, олардың әрбір іс әрекеттеріне бақылау орнату болатын. Қатаң бақылауға қарамастан АРА-ның жұмысы 1923 жылдың ортасына дейін жалғасты. 1923 жылдың басында Орынбордағы ұйым арнайы түрде келісімшартты ұзарту мәселесін көтерді. Алайда АРА жұмысын жоюды мақсат тұтқан аштық зардабымен күресу Орталық комиссиясы олармен одан әрі жұмыс жүргізуді қажетсіз деп тапты. Бірнеше рет өткізілген кеңес барысында АРА-мен келісімшартты ұзартпау мәселесі қаралып, ақыры 31 мамырда ұйымды жою, оның орнына қор құрып, аштықты ауыздықтау ісін соларға жүктеу туралы шешім қабылданды. Дегенмен қор құрылғанша АРА-дан жаздын соңына дейін ашыққан балаларды азық-түлікпен қамтамасыз етуге өтініш етті. Қор құруда тез арада жойылатын ұйымның жұмысы тұрасында есеп беру, ашыққан балаларды тамақтандыруда ұйымның және компанияның жеке «Бала апталығынан» түскен қаражатын алу, қорды құру және оны жұмысын жандандыруда насихатты күшейту, қосымша қор жинауда концерт, түрлі іс-шаралар ұйымдастыру, лоторея билетін ойнату қолға



алды. АРА-ның барлық мануфактурасы губерниялық балалар комиссиясына көшетін болды [96].

АРА ұйымына губерниялар үлкен үміт артты. Мысалы Қостанай губерниясына қарасты уезд шаруалары ашаршылық тұсында көмек қолын созған шетелдік ұйымдардың бүлінген шаруашылықты көтеруге тағы да қол ұшын созар деген үмітте болды. «Степь» газетіне «Көмек беруші комитеттер біздің шаруашылықты қалпына келтіруге көмектесіңіздерші» деген атпен жарияланған шағын мақалада аштық тұсында АРА ұйымы бірнеше мыңдаған аштарды өлім аузынан алып қалғандығы айтыла келе, енді ашаршылық толықтай жойылғанымен де, оның салдарынан ауыл шаруашылығы күйреп қалып, қалпына келтіруде осындай комитеттер көмек берсе деген тілек білдірген [97].

1922 жылдың қарашасындағы республиканың кейбір губернияларында ашыққандардың саны жоғарыдағы есептен екі есе жоғары екенін байқауға болады. Мәселен, ашыққандардың саны Орынбор губерниясында – 84 970, Оралда – 114 809, Бөкейде – 115 000, Ақтөбе губерниясында – 85 000, Қостанайда – 61 994, Ақмола губерниясында – 162 44, ал бір Торғай уезінде – 50 000 адамға жеткен [98]. Барлығын қосқанда республикада 674 119 адам аштық тырнағына іліккен екен.

1923 жылдың қаңтар айынан АРА ұйымы ашыққан губернияларда ұйымдастыру жұмыстарын қолға алып, 1 наурызға дейін оларға 313 582 пұт азық-түлік пен 1 541 пар 18 фунд киім-кешек жеткізілді. Ұйым 14 жасқа дейінгі балаларды тамақтандыруды қолға алды [99].

Л. Рудминскийге 1923 жылы 16 қаңтарда жіберілген хатта 1922 жылы 1 қаңтардан 1 қарашаға дейін Орынбор губерниясында – 50 000 адам, Қостанай губерниясында – 45 603 адам, Орал губерниясында – 19 085 адам, Бөкейде – 20 000 адам, Ақтөбе губерниясында – 9 276 адам ашығып отырғандығы жазылды [100].

Г. Гувермен ұйымының басқа басшыларының аштықты ауыздықтаудағы еңбектері Кеңес үкіметі тарапынан арнайы түрде алғысқа ие болды. Әйтсе де бірнеше жыл өткен соң саяси жағдайға байланысты көрсеткен көмегі АРА-ның толықтай ұмытылды.

Бір зерттеулерде Кеңес Одағындағы 1921-1922 жылдардағы аштықты ауыздықтауға АРА ұйымынан 300 ерікті американдықтар қатысып, бұл

еді. Комитеттің штабы Нью-Йорк қаласында орналасып, 1915 жылдың тамызында еврей жұмысшылар ұйымы құрған «Халықтық көмек комитеті» (Народный комитет помощи) қосылды. «Джойнт» ұйымы белгілі қаржыгер, неміс Феликс Варбург басқарды.

Бірінші дүниежүзілік және Азамат соғысы жылдарында бұл ұйым АҚШ-тан басқа елдеріндегі соғыстан зардап шеккен еврейлерге қаржылай қол ұшын беріп отырды. Ресейде ашаршылық басталған жылдары «Джойнт» АРА-ның құрамында Повольже мен Шығыс Украинада ашыққандарға көмек көрсетті.

Ашаршылық ауыздықталғаннан кейінгі жылдары да «Джойнт» ұйымы Кеңес үкіметінің аграрлық саласына көмек көрсетіп, қажетті техникамен (трактормен), сапасы жоғары астық, мал тұқымдарымен қамтамасыз еткен. «Джойнттың» Кеңестер Одағындағы қызметі 1938 жылы қуғын-сүргін барысында тоқтатылып, оның басшылары шпандық пиғылдығы үшін атылды [106].

1921-1922 жылы ашаршылық өршіген кезде АРА ұйымының құрамында олар 4 млн. доллар көмек берген. 1922 жылдың шілде айының ортасында «Джойнт» Украинаның өзінде күніне 800 мың баланы тамақтандырып отырған [107, -б.].

Қазақстанда «Джойнт» ұйымының кеңсесі арнайы түрде 1923 жылдың 15 қаңтарында ашылғанмен де өз жұмысын ақпаннан бастап, алғашқы күндерде Ашкөмге 135 000 руб. ақша, 9 наурызда 112 500 руб. ақша болді. Алынған 247 500 руб. ақшаның 167 347 руб. 22 тиыны асхана, аурухана, балалар үйіне берілген. Мәселен, осы ақшаның 52 043 руб. 25 тиыны Орынбордағы ашыққан, қанғып кеткен балалар үшін ашылған балалар үйін жөндеуге, 855 руб. соларға ыдыс-аяқ сатып алуға жұмсалған. Ұйым Ақтөбе қаласындағы балалар үйінің жөндеуіне 10 000 руб. ақша беріпті [108].

Жалпы 1923 жылы 1 қаңтар мен 15 наурыз аралығында шетелдік көмек ұйымдары РКФСР-дің ішкі аймағындағы қатты мұқтаж тұрғындардың арасына бөліп беру үшін миллионға жуық пұт жүк әкелген екен [109].

АРА-дан кейінгі Кеңес үкіметіне көмек қолын созған бұл – Нансен комитеті. Ашаршылық қарқын алып тұрған кезде 1921 жылдың тамы-

зында Женевада Халықаралық Қызыл Крест комитеті пен Қызыл Крест Лигиялық қоғамының бірлескен комиссиясы шақырған конференция өтіп, ашыққан Кеңестік Ресейге көмек көрсету жөнінде шешім қабылданып, көмек көрсету комиссиясының төрағалығына 1919 жылдан аштықпен күрес ұйымын басқарып келген норвегиялық ғалым Фритъоф Нансен тағайындалды. Нансеннің Кеңес үкіметіне және оның халқына деген көңілі ерекше еді.

РКФСР Сыртқы Істер Халық Комиссары Г.В. Чичерин мен Женева конференциясының Бас уәкілі арасындағы Ресейге көмек беру жөніндегі келісім 1921 жылдың 27 тамызында жасалды. Бұл келісімшартта ірі 8 пункт келтірілді. Оның біріншісі, Москвада комитет құрылуы тиіс болса, екіншісі, бұл комитет Ресейге жіберілген азық-түліктің ашыққандарға таратылуымен тікелей айналысатын болды. Бұдан әрі Нансен комитеті Ресей шекарасына дейін азық-түлікті жеткізіп, ал оны қабылдап алған орыс үкіметі белгіленген пунктке жеткізуге тиістіленді. Сонымен қатар Кеңес үкіметі аштық аудандарына жеткізілген азық-түліктің бөлінуі, аштарға таратылуы жайында комитетке есеп беріп отыратын болды [47, 294-295-66.].

Сол күні екі жақ тағы да қосымша 15 талаптан тұратын келісімшартқа отырды. Онда Нансенге және ол басқарған комитетке Ресейде еркін жүріп-тұруына барлық жағдай жасалатын болды. Комитеттің Петроград, Мурманск, Архангельск, Новороссийск және басқа порттар келген жүктерін одан әрі тасмалдауда Кеңес өкіметі шығынды өз тарапына алатын болды және оларды сақтайтын қоймаларды алдын ала даярлап, түсіру, оларды Ресейдің ішкі территориясына қарай тасмалдауды да өз құзырына алды. Қарап отырсақ, бұл келісімшарт АРА ұйымымен жасалған келісімшартпен кейбір пункттері ұқсас.

Нансен комитеті Ресей территориясында оның ішкі және сыртқы саясатына араласпауға, комитетте қызмет ететін үкіметтің өкілі жұмыстан босатылса, оның босатылу себебін айтуға, жүкпен алкогольдік ішімдік әкелмеуге міндеттенді [47, 296-297-66.].

Негізінде болған бұл Женева конференциясы Ресейге қаржылай көмек көрсетуді шешті. Нансен Ұлттық лигияны да тартуға тырысты.

1921 жылдың қыркүйегінде Лиганың құрылтайында Кеңес үкіметіне аштықпен күресу үшін ақпалай несие беру жөнінде ұсыныс білдірді. Алайда Лига Ресейде орын алып отырған аштықты ауыздықтауға ниет білдіретіндіктерін сөз жүзінде ғана айтты да, шын мәнінде қандай да бір шешім қабылдамады. Несие алу сәтсіздікке ұшырағаннан кейін Нансеннің комитеті қоғамдық ұйымдар мен жеке тұлғалардың берген қайырымдылықтарына сүйенді. Кеңес үкіметі 1921 жылы 25 желтоқсанда болған Кеңестердің Бүкілресейлік IX-ші съезінде Нансенге ашыққандарға көмек беруді ұйымдастырғанына алғыс білдірді [110]. Кеңестер Олағында Француздардың Қызыл Кресті өз жұмысын 1922 ж. тамыз айынан бастап, олардың әкелген азық-түліктерін Орыс Қызыл Кресінің дәрігерлік-тамақтандыру отрядтары үлестіріп отырды. Нансеннің командасы 1,5 млн. кеңес азаматтарын аштық ажалынан құтқарып қалған. Оның басшылығымен Ресейдегі Халықаралық Көмек комитеті 1921 ж. қыркүйегінен 1922 ж. қыркүйегіне дейінгі аралықта Ресейге 90,7 мың тонна азық-түлік жеткізген [111].

Қызыл Крест Орынбор, Ақтөбе, Қостанай, Бөкей губернияларына көмек көрсетті. Азық-түлік керуен жолдарымен жеткізілді. Ұйым жүкті әйелдерді және 14 жасқа дейінгі балаларды ауқаттандырып отырды. 1922 жылғы наурыз айындағы мәлімет бойынша Орал облысында Украина мен Қырымнан келген дәрігерлік-тамақтандыру отряды бір күнде 4000-дай азық-түлік босатқан [112].

Ұйым ашыққан аудандарға өкілдерін жіберіп, барлық жағдайды өз көздерімен көріп барып, сол жерлерге қанша мөлшерде қажетті азық керектігін шешіп отырды.

1922 жылдың шілдесінде ұйым аштарға 6347 пұт бидай, 3497 пұт ұнтақталған ұн, 52 пұт 21 ф., 355 пұт сұлы, 13 ф. бұршақ, 2091 пұт 1 ф. жарма, 335 пұт 17 ф. нан, 113 п. 34 ф. какао, 11588 құты сүт берген екен [113].

Қызыл Кресттің қыркүйектегі Өлкелік Басқармаға жіберген есебінде Бөкей губерниясы азық-түліктің мүлдем жоқтығынан өте ауыр жағдайды бастан кешіріп отырғандығын келтірді [114].

Қызыл Кресттің бөлімшелері аштық жайлаған Орынбор губерния-

сында да ашылып, бұл жерге 35000 пұт астық жеткізіліп, ашыққандарға арналған асханалар азық-түлікпен қамтамасыз етілген. 1922 ж. қыркүйегіне дейін Орынбор губерниясында Қызыл Крестің Ресей бөлімшесінде 12 тамақтандыру пункті жұмыс істеп, аш, қанғыбас балалар тамақтандырылды. Қазақ балалары да Қызыл Крест бөлімшелерінен құрғақ тамақ алып отырды [115, 80-б.].

ҚОАК төрағасы С. Меңдешев ҚОАК-нің 2-сессиясында сөйлеген сөзінде Қызыл Крест бөлімшелері 1922 ж. шілдеге дейін Қазақстандағы ашыққан 14 000 балалар мен ересектерді күнделікті тамақтандырып отырғандығын атап өткен [116].

1923 жылдың 21 наурызынан бастап Қызыл Крестің Ресей бөлімшесінің Қазақ Республикасының өкілі болып дәрігер И.М. Шомбалов тағайындалды [117]. Ол ұйымның күнделікті, ашыққандарға ыстық тамақ беру, киім-кешек үлестіру жұмысын қадағалап отырды және жұқпалы аурулардың алдын алу іс-шараларын жүргізді.

Қазақстандағы ашыққандарға Рим-католиктік миссиясы, Англияның діни квакерлер ұйымы Орынбор, Қостанай губернияларына азық-түлік жіберіп отырған. Квакерлер XVII ғасырда Англияда пайда болған. Бұл діни қоғам Бірінші дүниежүзілік соғыс тұсында Повольждегі ашыққандарға көмек көрсетіп, тамақтандыру пункттерін, ауруханалар, балалар үйін, мектеп, колонерлік шеберханалар ашты.

Аштық басталған 1921 жылы Москвада кеңсе ашып, аштықты ауыздықтауда азық-түліктей көмек беріп отырған. 1931 жылы ең соңғы шетелдік діни орган ретінде жабылды [118].

Квакерлер Қостанай губерниясының аштық қатты жайлаған үш ауданына 60 вагондай азық-түлік жеткізген [119].

Республикадағы ашыққандарға көмек көрсеткен менониттік ұйымды Гентер басқарды. Бұл ұйым Америкадан 75 трактор мен өндіріс орындарына аса қажетті құралдар алдыртқан [120].

1922 жылы маусым-шілде айларында Урицкий, Денисов, Адамов және Семиозерный уездерінде квакерлер өз көмегін көрсетіп, осы уездерге 28 000 пұт ақ ұн жіберген. Олар Адамов уезіне – 5617 пұт, Урицкийге – 6525 пұт, Денисовке – 14654 пұт болып бөлінген. Маусым айында

квкерлердің жіберген 70546 құрғақ тамағы аудандарға төмендегідей бөлініп берілген: Адамов уезіне – 15060, Урицкийге – 17406, Денисовке – 38080. 10 шілдеге дейін квкерлер аталған уезге 45000 пұт ұн берген [79, 23-б.].

1923 жылы 28 маусымда КСРО территориясындағы барлық шетелдік ұйымдардың қызметі тоқтатылып, орнына аштық зардабымен күресу қор құрылды. Ақтөбе губерниясындағы қорына шетелдік ұйымнан қалған азық-түлік пен мануфактуралар берілді. Мәселен, Жұрын-Темір уезіне 398  $\frac{1}{2}$  мата, 59  $\frac{1}{2}$  шұға, 888  $\frac{1}{4}$  миткали матасы, 69  $\frac{1}{4}$  фланель матасы, барлығы 1416  $\frac{1}{2}$  аршын мата берілген. Азық-түліктен Ақтөбе губерниясындағы аштық зардабымен күресу қорына 3877 пұт 29 ф. ұн, 2970 пұт 14 ф. күріш, 599 пұт 22 ф. кант, 195 пұт 14 ф. какао, 405 пұт 01 ф. шошқа майы, 56838 құтыдағы сүт, 24 пұт 15 ф. тұз түсті [121].

Шетелдік қоғамдық ұйымдардың көмегінің нәтижесінде КСРО құрамындағы ашыққан губерниялардағы мыңдаған халықты аштық ажалынан аман қалды. Олардың берген дәрі-дәрмегінің арқасында жұппалы аурулардың терең жайылуына тосқауыл қойылды. Кеңестік жүйенің қатан талабына, тыйымына қарамастан, олардың көмегі ұзақ уақыт халықтың санасында сақталды.

#### IV-ТАРАУ

### ГУБЕРНИЯЛАРДАҒЫ АШТЫҚ

#### 1. Ақтөбе губерниясындағы ашаршылық

Ақтөбе губерниясы аштық басталған кезде, яғни 1921 жылы 1 шілдесінде құрылып, оның құрамына бұрынғы Торғайдың Ақтөбе және Ырғыз уездері, Орал губерниясының Темір уезі қарады [1]<sup>1</sup>.

Губерния солтүстігінде Орынбор қаласымен, оңтүстігі Арал теңізімен шектесіп, көлденеңінен 300 шақырымға дейін, ал жалпы көлемі 209 450 шаршы шақырымды алып, осы жерде 536 445 адам мекендеп, оның 67%-ін қазақтар, 32%-ін орыстар мен татарлар құрады. Губернияның оңтүстігіндегі қазақтардың басым көпшілігі жердің шөлді және шөлейтті болуына байланысты тек мал өсіре алса, солтүстіктегі құнарлы жерлерге қоныстанған Украина шаруалары малмен, егіншілікпен айналысты. Өлкенің ең басты байлығы малдың терісі мен жүні болды. Дегенмен басқа губернияларға қарағанда өлкеде Азамат соғысы тұсында астық өнімі мол болып, ашыққан Түркістанды нанмен, ұнмен қамтамасыз етіп отырған [2].

Азамат соғысынан кейінгі салғыртты салықпен алмастыру шаруалардың жағдайын жақсартпады. Керісінше, қатты қыстан жем-шөпсіз қалып, қолда бар малдары қырылып қалған шаруалардың жағдай одан әрі ауырлай түсті. Оның үстіне көктем кезінде салынған егіске өнімнің шықпауы да диканшылықпен айналысқандарды әбден күйзелтіп, сергелдеңге салды. Орынбор, Бөкей, Ақтөбе, Орал және Қостанай губернияларындағы 1 130 000 десятина егістік жердің 700 000 десятинасына егін шықпаған, яғни 60 %-тен жоғары алқап жаңбырдың болмауынан күйіл кетті. Қалған 430 000 десятина жерден тек 2½ млн пұт астық ғана алынған [3]. Сөйтіп аталған губерниялар астықсыз қалды. Осы губерниялардың ішінде Ақтөбе губерниясының жағдайы нашарлап, аштардың қатары күннен-күнге көбейе түсті [4].

Аштықтың алдында яғни 1920 жылдың күзінде Орынбор-Торғай

1 Беті көрсетілмеген – С.С.

губерниясында статистикалық бюросы ауылшаруашылығы санағын жүргізілді. Соның нәтижесіне сүйенсек, бұл губернияның құрамында Орынбор, Ор, Ақтөбе, Қостанай, Адам, Ырғыз, Торғай және Темір уездері кірді. Осы 8 уездің халқы 1 586 551 болып, оның 1 411 628-і ауылды жерлерде, ал 174 923-ы қалада тұрған. Осы санақ бойынша бүкіл уезд бойынша 258 860 шаруашылықтың егіс көлемі 1 458 561 35 болып, оның 1 033 534 06-на бидай егілген екен.

Губернияға қарайтын уездердегі халық санағына сүйенсек, Ақтөбе губерниясында 237 446 (120 655-еркек, 116 791-әйел) халық 327 963 30 гектар жерге егіс еккен. Қостанай уезінің халқы 252 225 (122 108-еркек, 130 117-әйел) жетіп, уезде 479 908 44 гектар егіс алқабы болған. Ырғыз уезінің тұрғындарының саны 102 953 (52 097-еркек, 50 956-әйел) болып, уезд 3672,0 гектар жерге егін екті. Торғай уезінде халық саны да, егіс көлемі де басқа уездермен салыстырғанда аса төмен болды. Уездің барлығы 91 139 (48 168-і еркек, 42 971 – әйел) ғана адам өмір сүрген және егіс көлемі 1497 43 гектар жерден ғана астық алынған. Темір уезінің халқы 124 328 (67 379 – еркек, 56 949 – әйел) адамды құрап, егіс көлемі 45 896 87 гектар жерді қамтыды.

Ақтөбе губерниясындағы мал басына келсек, 4 жастан жоғары – 74, ал 4 жасқа дейінгі 880 жұмысқа жарамды жылқы болса, 51,857 жұмыс көлігі, 107,580 сиыр, 119,452 қой, 28,869 шошқа өсірген. Егіске 5547,5 кара бидай, 202, 075,62 бидай, 35092,71 арпа, 17,492,44 сұлы, 62,717,78 тары, 398,3 карасора мен зығыр, басқа да 4638,95 астық түрлері егілген еді [5].

Дегенмен 1920 жылы басталған жұт мал басының кемуіне, қазақ шаруашылығының күйреуіне алып келді. Архив дерегі бойынша осы жұттан 1920 жылдың өзінде қазақтардың 65%-нің, ал орыстардың 45%-нің малдары қырылып, губернияның оңтүстігіндегі егіншілікпен айналысқандар да астықсыз қалған. Жердің қарсыз болғанына қарамастан 1921 жылы 242 310 десятина жерге астық егілсе де, олардың 221 074 десятинасы қуаңшылық пен шегірткеден шықпай қалып, ал қалған жерінен тек 198 685 пұт қана астық алынды [6].

Жайлымдар мен пішенді шөптердің түбірімен күюі мал басының



күрт төмендеуіне алып келді. Уездердің ең басты байлығы саналған мал басы жем-шөптің жоқтығынан және сойып алу, ұрлаудың нәтижесінде кеми түсті. 1922 ж. 1 қаңтардағы келтірілген мәлімет бойынша, Ақтөбе губерниясында соғысқа дейінгі уақытпен салыстырғанда жылқыдан – 23 %, ірі қара мал (сиыр) – 32 %, түйеден – 31%, қой мен басқадай ұсақ малдардан – 6,2 % ғана қалған [7].

РКФСР Халкомына жіберілген мәлімет бойынша губернияда 57 457 бас жылқы, 32 605 бас түйе, 153 919 бас ірі қара мал қалса керек. Губерниядағы астық өндіру барысы да мардымсыз болған. Сонымен бірге 1921 ж. 100 875 десятина ғана жер жыртылып, егін егілген [8].

Ал Ашкөм комиссиясының төрағасы М. Ряховтың 1921 ж. егіс көлеміне байланысты берген есебін төмендегі кестеден байқауға болады.

| р/<br>с | Уездің<br>атауы | әртүрлі<br>лақылдар<br>егілген | Десятишмен<br>онім бермеген | Бөлжанған<br>түсім | Пұт бойынша<br>жиналғаны | дефицит           | Тұрғын саны | Десятинадан<br>алынған астық |
|---------|-----------------|--------------------------------|-----------------------------|--------------------|--------------------------|-------------------|-------------|------------------------------|
| 1       | Ақтөбе          | 64692½                         | 57927                       | 1614300            | 55388<br>-20             | 1558912-<br>20 ф  | 77139       |                              |
| 2       | Ақбұлақ         | 102441                         | 92658                       | 2561025            | 47240                    | 25131185          | 109735      | 1 п.                         |
| 3       | Можар           | 21104                          | 12308                       | 527600             | 23373                    | 504227            | 84000       | 20 ф                         |
| 4       | Темір           | 27000                          | 24300                       | 672500             | 27000                    | 645500            | 73743       | 1 п.                         |
| 5       | Ойыл            | 25464                          | 22817                       | 636100             | 45684                    | 590416            | 58945       | 1 п.                         |
| 6       | Ырғыз           | егілмеген                      | -                           |                    |                          |                   | 41648       | 2 п.                         |
| 7       | Шалқар          | егілмеген                      | -                           |                    |                          |                   | 41559       |                              |
| 8       | Қарабұтақ       | егілмеген                      | -                           |                    |                          |                   | 25804       |                              |
|         |                 | 240701½                        | 210010                      | 5011525            | 198685-<br>21 ф          | 582241 п-<br>20 ф | 512573      |                              |

Үш уезде егістікке астық мүлдем егілмеген. Қарабұтақ, Ойыл, Темір және Ақтөбе уездерінің оңтүстік бөлігінде аса ауыр зардап шекті. Аталған уездерде қатарынан екі жыл астық пен шөп болмағандықтан, жем-шөпсізден малдар қырылып қалды. 1920 жылы Ақтөбе уезінде 81505 шаруашылық болса, 1921 жылы одан 6301 ғана шаруашылық

қалған, яғни бар-жоғы 20%. Ақбұлақ уезіндегі 21797 шаруашылықтан 2179 ғана (10%), Можар уезіндегі 10801 шаруашылықтан 2169 (20%) ғана, Ырғыздағы 11648 шаруашылықтан 3494 (30%) ғана, Шалқардағы 11064 шаруашылықтан 1107 (10%) ғана, Темір уезіндегі 19278 шаруашылықтан 4819 (25%), Ойылдағы 14261 шаруашылықтан 2852 (25%) ғана қалған. Тек Қарабұтақ уезі керісінше 9802 шаруашылықты 9901-ге (50%) көбейткен. Дегенмен бұл жерде уезд өкілдерінің тарапынан жалған мәлімет болуының да ескеруіміз қажет. Жалпы Ақтөбе губерниясы бойынша 117156 (102 341 адам) шаруашылықтан 27615 шаруашылық ғана қалды. Пайызбен шақсак 23%.

Халықтың ашығуына үкімет тікелей кінәлі еді. Ақтөбе губерниялық статистикалық бюросына Ақтөбе уездік бюросына 1921 жылы 7 наурызда қырылып қалған малдар жайында тез арада мәлімет беру жөнінде нұсқау түсті [9]. Ақтөбе губерниялық атқару комитетіне жіберілген жеделхатта да болыстарда қанша мал өлгендігі, малдың қырылып қалмауына қандай іс-шаралар жүргізіліп жатқандығы жайында ақпаратты Егіншілік Халық комиссариатына жіберуді талап етті [10]. Бұл губернияның халқын нанмен қамтамасыз етуге мүлдем жетпеді. Оның үстіне жем-шөптің аздығы малдардың жаппай қырылуына алып келді. Осыған орай бірен-саран аман қалған малдарын салыққа деп немесе көлік есебінде тартып алды. «Ақжол» газетіне жарияланған хабарламада: «Түйелер қазына жүтін тасумен өлгені өлді, өлмегені мал болатын емес. Елде астық жоқ. Сол үшін еңбекшілердің алдына ашаршылық кіре бастады» делінді [11].

1921 ж. 5 тамызында ҚКСР Еңбек және Қорғаныс Кеңесі Ақтөбе аштыққан губерния қатарына жатқызып, РКФСР ХҚК-не хабарлау мәселесі қойылды [12]. Осы күні Ақтөбе және Орынбор губерниялық атқару комитетінің шаруаларды азық-түлік салығынан босату туралы қаулысы да қаралып, Ақтөбе мен Орынбор губернияларын Ресейдің аштыққан Полярная губерниясымен теңестіру мәселесін ХҚК-не қою жөнінде шешім қабылданды [13]. Ақтөбе губерниясынан Ақтөбе, Ақбұлақ, Можар, Темір, Ырғыз, Шалқар, Ойыл, Қарабұтақ уездері аштыққа ұрынды [14].

1921 жылдың наурызынан бастап билік орындарына Ақтөбе уезінен шаруашылық күйзеліп, жұрттың қолындағы малдары қырылып

жатқандығы жөнінде ақпарлар түсіп жатты. Ырғыз бен Темір уездеріндегі жағдайлары жақсы қазақтар ашаршылық нышаны біліне бастаған кезде малдарын айдап Түркістан республикасына қарай кетіп, уезде тек кедей шаруалар қалды.

Губернияны жайлаған аштықты ауыздықтау Ақтөбе губерниялық атқару комитетінің мәжілістерінің негізгі мәселесіне айналды. Аштықпен күресуде Ақтөбе губерниялық атқару комитеті мен оның төралқасы жанынан 1 шілде мен 31 желтоқсан аралығында 10 комиссия құрылды. Аштарға көмек көрсету комиссиясынан (2-шілдеде құрылған) басқа халықты қоныстандыру және орналастыру жөніндегі комиссия да 2-шілдеде құрылып, оның құрамына губерниялық егіншілік бөлімінің меңгерушілері еніп, төрағалығын Назаров атқарды. Жұқпалы ауруларға (эпидемия) қарсы күрес жүргізу комиссиясы 5 шілдеде құрылып, оның төрағалығын Н. Бондаренко атқарды. Бұл комиссияның соңынан іле-шала 12 шілдеде қосымша жұқпалы аурумен күресу комиссиясы құрылды. Оның құрамында губерниялық саяси бюро меңгерушісі және аудандардың өкілі Попов, губерниялық денсаулық сақтау бөлімінен Клоченко, әскери дәрігер Суслов болды [15].

Азық-түлік даярлау комиссиясы 13 шілдеде Беркімбаевтың төрағалығымен өткен мәжіліс барысында құрылып, оның құрамында губерниялық одақ меңгерушісі Қамбаров, губатқару комитетінің мүшесі Ұ. Құлымбетов пен қазақ азық-түлік халық комиссариатынан Владычкин болды. Мәжіліс кооператив ашу арқылы ашыққан тұрғындарға азық-түлік даярлау мәселесі көтеріп, жаңа құрылған комиссияға губернияның жалпы жағдай туралы барлық статистикалық материалдарды жинақтап, тез арада кооператив құру арқылы ашыққандарға көмек көрсету қажеттігін жоғары орындардан табанды түрде өтіну тапсырды [16].

Орынбор губерниясынан мүліктей және ақшалай қаражат қабылдау комиссиясының құрамында губерниялық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің меңгерушісі Ұ. Құлымбетов, губерниялық финанстық бөлімнің меңгерушісі Ларионов, губерниялық одақтан Панченко, губерниялық азық-түлік комиссариатынан Ющенко және Халық шаруашылығы кеңесінен бір өкіл енді.

16 шілдеде құрылған балалардың жағдай мен өмірін жақсарту комиссиясының құрамында губерниялық халықты қамтамасыз ету бөлімінің меңгерушісі К. Арынгазиев, губерниялық азық-түлік комиссариатынан Соловьев, денсаулық бөлімінен Попов, губерниялық жұмысшы, шаруа бөлімінің меңгерушісі Киленко, құқық қорғау бөлімшесінен Афанасьев болды. Әкімшілік комиссиясы 3 тамызда құрылып, оның құрамына губерниялық атқару комитетінің мүшесі Е. Тұрмұхамедов және басқарма, губерниялық әскери комиссариат, халық ағарту, губерниялық халық шаруашылық кеңесі, азық-түлік комиссариатынан, әділет бөлімінен, егіншілік бөлімінен, статистикалық бюродан өкілдер кірді.

Ақтөбе станциясына жиналып қалған жолаушыларды түсіру комиссиясы 10 қарашада құрылып, оның құрамында элеуметтік қамсыздандыру, Еңбек және кәсіподақ ұйымының өкілдері болды.

Рақымшылық жасауды (амнистия) іске асыру комиссиясы 18 қарашада құрылды. Оның құрамына губерниялық ревтрибуналдан Шаповалов, халық соты кеңесінен Әлмұхамедов, губатқару комитетінен М. Байменшин енді.

13 желтоқсанда құрылған кеңестерді сайлау бойынша губерниялық сайлау комиссиясының мүшелігіне кәсіподақ кеңесінен Фрусов, губерниялық РК(б)П-нан Жуган, комсомол жастар одағынан Е. Тұрмұхамедов, губерниялық атқару комитетінен М. Байменшин енді [17].

Губернияның уездік атқару комитеті құрылған комиссия өкілдерін ауылды жерлерге аттандырып, мән-жайды анықтап, ашыққандарға азық-түліктей және киім-кешектей көмек көрсету ісіне белсене кірісті. Әрбір ашыққан адамға іш киім мен 7 кг ұн және шай үлестірілді [1, 40-6.].

Қазақстанда аштық пен жұт нышаны біліне бастаған тұста 1921 ж. 6 шілдеде Қазақ Орталық Атқару комитеті съездер Кеңесінің 2-ші сессиясының алқасында елдегі аштық пен жұттан адам мен мал шығынының көбеюінен көшпелі және жартылай көшпелі қазақ тұрғындарына ет, тері, жүн және май салығын жойды. Көшпенді шаруаларға қолдарында бар артық тері, жүн мен малдарды еркін түрде сатуға мүмкіндік берілді [18]. Сонымен қатар Түркістан республикасына нан мен астық сатып алуға ұйымдарға рұқсат қағазы беріліп, дайындалған астықты ашыққандарға таратуды кооперативтік бірлестіктер қолына алды [19].

Ашыққандардың халдерінің ауырлығы губерниялық атқару комитетінің мәжілістерінде жиі айтылды. Мәселен, 20 шілдеде болған губаткомның Алкалық мәжілісінде атқару комитетінің төрағасы Ряхов ашыққандардың саны көбейіп, тамақ жоқтығынан саршұнақты ұстап жеу, шопси немесе өлген малдың өлексесімен коректеніп отырғандығын баяндаған. 15 шілдеде ашыққандардың Акбұлақта, 18 шілдеде Темірде, 19 шілдеде Ақтөбеде азық-түлік таратушылардың қолындағы азықты тартып алып, өлтірмек болған және қоймаларды тонап алынғаны да мәлімделді [20].

1921 жылдың 21 шілдесінде өткен мәжіліс барысында І-ші Ақтөбе губерниялық съезінің қаулысына орай ашыққандарға көмек көрсету комиссиясын құру мәселесі қаралып, құрамында губерниялық атқару комитетінің төрағасы, губерниялық азық-түлік комиссары және саяси бюро меңгерушісі бар үштік комиссия құрылды [21]. Дегенмен бұл комиссияның ұйымдастыру жұмыстары алғашқы кездерде өте әлсіз болды. Оның үстіне аштықпен қарсы күреске елдегі бандиттік және қарақшылық топтар үлкен кедергі келтірді. Олармен күресуге милицияның қауқары жетпеді және оларға халық үлкен сенімсіздікпен қараған болатын [22].

1921 жылы 27 шілдедегі ҚОАК-тың аштарға көмек Төтенше комиссиясының отырысына қатысқан Ақтөбе губерниялық атқару комитетінің төрағасы М. Ряхов Ақтөбе губерниясында астықтың мүлдем жоқтығынан барлық уездерде аштардың қатары көбейіп бара жатқандығын, айтып, төмендегідей іс-шараларды тез арада жүзеге асыруды қолға алу керектігін ұсынды:

1) Қызыләскерлердің отбасыларына олардың қызметіне орай республикалардың кез келген қалаларына қоныстануға рұқсат беру;

2) Әлеуметтік қамсыздандыру қарамағындағы адамдарды туыстарына жіберу;

3) Қазақтар топталып қалған орындарға 18 тамақтандыру пункттерін ашу;

4) Қоғамдық жұмыстар ұйымдастыру;

5) Болыстық атқару комитеттері жауапты қызметкерлері мен Президиум мүшелерін үлескерлердің қатарына қосу;

6) Барлық компанияларға Түркістан республикасынан астық сатып алуға рұқсат беру;

7) Тамактану пункттерін ашу үшін 200 000 000 руб. акша бөлгізу;

8) Мүгедектер мен балалар үйлерін көбейту;

9) Мартөк және Акбұлақта астық сақтайтын пункт ашу.

Сонымен қатар Мәскеуге аштар үшін мануфактура мәселесін шешуге жіберілген төтенше комиссия мүшесі Ә. Жангединнің қайтып оралғанынша ҚОАК-ті арқылы 50 000 000 руб. акша бөлгізумен, астық сатып алуды губерниялық қоғам (губсоюз) және оның аппараттары арқылы жүзеге асыруды, ҚОАК-не 150 000 000 руб. несие бергізуді отініш ету жөнінде шешім қабылданды [23].

Актөбедегі ашыққандардың жағдайының аса ауырлығын ҚОАК-тын аштарға көмек Төтенше комиссиясының 1 тамызындағы отырысы барысында тағы да мәлімделініп, губернияға салынатын салық жайы баса айтылды [24].

Акбұлақ уезінің Бөрте болысының ашыққандарының жағдайын анықтауға Темірғали Жанабаев жіберіліп, одан әрі Ташкентке өкіл ретінде баратын болды [25].

Табын мен Адай уезіндегі 30 000 ашығып босқандарға көмек сұрай өкіл ретінде Табын уезінен уездік атқару комитетінің төрағасы мен уездік одақ Басқармасының мүшесі Тұрғанбаев Хорезм республикасына жіберілді [26].

Мәскеуге Ленинге тікелей сым арқылы жіберілген жеделхатта Актөбе губерниясында көктемдік егістікке тұқымдық жетіспейтіндігі мен мал басының азайып, түрлі аурулардың өршіп бара жатқандығы, Украинаға шаруалардың босуы өсіп тұрғандығы хабарланды [27].

Актөбе губерниясының өзі ашығып, тамақ іздеп республиканың ішкі аймақтарына қарай босып жатқандарды тоқтата алмай жатқан кезде, губернияға Ресейдің Самара губерниясынан босып келгендердің қатары күннен-күнге көбейе түскен. Актөбеде олардың саны 15000-ға, ал кішігірім Акбұлақ станциясында 5000-ға жеткен [28]. Мәселен Актөбе губерниялық атқару комитетіне Актөбе стансасынан келген хатта ашыққан топ балалардың қол жайып, қайыр тілеп жүргендігі айтылды. Мұндай жағдайдың барлық уездерде орын алып отырған еді.

Осындай жағдай төтенше ашком мәжілістерінде ашық түрде айтылып, алда істелінетін іс-шаралар нақты карала бастады. Тез арада ашыққандар үшін тамақтандыру пункттерін ашу, аштыққа ұшырамаған губерниялардан жылу (көмек) сұрау, халық арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, Түркістаннан нан сатып алуға рұқсат ету, күйсіз, үйсіз қалған балаларға арналған балалар үйін көбейту, салық сияқты мәселелер каралып, осы жағдайларға сәйкес қаулы қабылданды [29].

28 шілдеде Қазақ ОАК Төралғасында болған жиылыс барысында Темір уезінің уездік ревкомының өкілі уездегі жағдайға тоқталып, азық-түліктің жетіспей жатқанын жеткізіп, тез арада азық-түліктей көмек көрсету, болмаған жағдайда Түркістан республикасынан тауар айырбастау арқылы нан алдыруға рұқсат сұралынды. Мәжіліс Түркістан республикасына экспедиция ұйымдастырып жіберу арқылы тауарға астық айырбастап әкелуге шешім шығарды. Бірақ жеке кәсіпорындар мен мекемелердің өкілдеріне өз бетімен Түркістан республикасына баруға тыйым салынып, азық-түлік айырбастап әкеліге баратын экспедиция жұмысы қатаң бақылауға алынатыны ескертілді [30].

Ақтөбе губерниясындағы жұмысшылар мен орыс шаруаларының да жағдайлары күннен-күнге төмендеп, аштықтың нәтижесінде шаруалар мен жұмысшылардың өз мекен-жайларын тастап, астықты Украина, Түркістан Республикасына қарай боса бастады.

Губернияда ашыққандар мен сүзек, тырысқақ, оба, іш ауруы сияқты аурулармен ауырғандардың қатары жаз айынан өсе бастады. Аурудың тарауына біріншіден, саласыз тағамды немесе жеуге жарамайтын өлекселерді жеуден тараса, екіншіден, аурудың ауа арқылы тарауының әсері де болды. Тамақ іздеп республикадан тысқары аймақтарға босқандардың жағдайы да күннен күнге ауырлай түсті. Қол жайып, қайыр тілеген балалар Ақтөбе қаласында үйреншікті көрініске айналды.

1921 жылдың маусымы мен шілдесінде Ақтөбе губерниясында жұқпалы аурумен ауырғандар қатары көбейіп, тырысқақпен ауырған 796 адам, бөртпе сүзегімен ауырған 3150 адам, қайтарма сүзекпен ауырған 12 543 адам тіркелді. Ал 1 шілде мен 1 желтоқсан аралығында Ақтөбе қаласында 6509 адам жұқпалы аурумен ауырып, олардың 584-і қайтыс

болған. Губернияда ауырғандардың саны 27 372-ге жетіп, оның 3754-сі өлген. Ал губерния бойынша желтоқсан айында ауырғандар мен қайтыс болғандарды төмендегі кестеден көруімізге болады:

| р/с | Пункттердің атауы | ауырғандар | өлгендер |
|-----|-------------------|------------|----------|
| 1   | Ақтөбе қаласы     | 1704       | 295      |
| 2   | Ақтөбе уезі       | 823        | 273      |
| 3   | Темір уезі        | 871        | 203      |
| 4   | Шалқар уезі       | 1237       | 411      |
| 5   | Ақбұлақ уезі      | 1137       | 373      |
| 6   | Ырғыз             | 834        | 275      |
| 7   | Ойыл уезі         | 1003       | 437      |
|     | Барлығы           | 7609       | 2269     |

Жұқпалы аурудан ең көп өлгендер Ойыл, Шалқар, Ақбұлақ уездері болған [1, 40-б.].

Жеуге тамақ таппағандардың өлген малдарды немесе адам етін жеу сияқты фактілер де анықтала бастады. Ісініп кетіп, жүре алмай, жеткен жерлерінде құлап, өліп жатқандардың саны да ұлғая түсті. Ашыққандардың арасында түрлі жұқпалы аурулар көбейіп, онымен күресу мүмкін болмай кетті. 1921 ж. 1 шілдесінен 1 желтоқсаны аралығында Ақтөбе қаласында 6509 адам жұқпалы аурумен ауырып, олардың 584-і өлсе, губерния бойынша 27372 адам ауырып, 3754-і оңалмай қайтыс болған. Ақтөбе губерниясына қарасты Темір уезінде 871 адам ауырып, 203-і өлген, Шалқарда 1237 ауруға шалдықса, 411 адам қайтыс болған. Ақбұлақ уезінде 1137 адам ауру жұқтырса, 373-і өлген. Ырғыз бен Ойыл уездерінде де ауырған мен өлген адамдардың көрсеткіші жоғары болды. Мәселен, Ырғызда 834 адам ауырса, өлгендері – 275-ке жеткен. Ойыл уезінде адам шығыны 437-ке жетсе, 1003 адам жұқпалы аурумен ауырған. Еңбек және Қорғаныс кеңесінің 1922 ж. 1 сәуірдегі есебі бойынша, Ақтөбе губерниясында жұқпалы аурумен ауырғандардың саны бірнеше есеге көбейген. Губерниядағы жұқпалы аурумен ең көп Ақтөбе уезі адамдары ауырды. Ауру жұқтырған 95102 адамның 22981-і 16 жасқа дейінгі балалар, 72951-і ересек адамдар болған. Ал Ақбұлақ уезінде ауырған 88608 адамның 28404-і балалар болса, қалғандары ересек адамдар еді [1, 40-б.].



1921 жылдың шілдесі мен желтоқсаны аралығында Ақтөбе губерниясы бойынша түрлі аурулармен ауырғандардың қатары 31 222 адамға жетті. Мәселен, оның ішінде шешекпен (қорасан) – 170, қызамықпен – 157, күл ауруымен (дифтерия) – 106 адам ауырған. Уездер мен уездік қалаларға бөлсек, жұпалы аурулармен Ақтөбе қаласында – 6436, Ақтөбе уезінде – 7745, Ақбұлақ уезінде – 4623, Темір уезінде – 2870, Ырғызда – 1990, Шалқарда – 1960, Ойылда – 2710, барлығы губерния бойынша – 28138 адам ауырған [31].

Ақтөбе қаласында тырысқақ ауруы жайылып, өлгендердің қатары көбейген. Өлгендердің мүрделері көше бойында жиналмай жатты. Осыған орай губерниялық басқару бөлімінен губерниялық денсаулық бөлімі мен коммуналдық бөліміне тез арада көшелердегі өлген адамдардың мүрделерін жинау, эпидемиялық ауруларға тосқауыл қоюда базарларда тазалықты күшейту және сатылатын тамақ өнімдерін тексерістен өткізуді талап етті [32].

Қазақ Орталық Статистикалық Басқармасының халыққа арналған сауалнамасына сәйкес губернияның барлық уездеріне қарасты болыстарда аныққандар саны мен өлгендер саны анықталды. Сауалнама нәтижесінде Ырғыз уезінің Аманкөл болысындағы 10 ауыл шаруашылығындағы 6454 адамының 169-ы тамақ іздеп босып кеткендігі, 448-і аштан өлгендігі анықталған. Кенжегара болысындағы 9 ауыл шаруашылығындағы 4610 адамының 620-ы босып, 87-і аштан өлген [33]. Бұл мәліметтер 1921 жылдың қазаны мен 1922 ж. қаңтары аралығындағы ғана өлім-жітімді білдіреді.

Губернияның барлық уездерінде тамыз айында жұпалы аурулармен күресу жолында аудандық атқару комитеті жанынан төтенше санитарлық үштік құрылып, оның құрамына атқару комитетінің төрағасы, әскери комиссар және денсаулық бөлімінің меңгерушісі енді. Бұл санитарлық үштік арнайы ауруханалар, аурулар қабылдайтын барактар құру ісімен, оларға аурулады орналастыру, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етумен айналысты. Мәселен, 46 110 адамы бар Ырғызда тырысқақ ауруымен ауырғандарға 100 адамдық барак ашылып, уезд қазынасынан 1000000 сом ақша бөлінген. Дегенмен, ауданда тырысқақ ауруы асқынып кеткен 78

адамның қайтыс болған. Уезде құрылған аштарға көмек көрсету төтенше уездік комиссиясының құрамына уездік атқару комитетінің төрағасы, Баскарма комитетінің 1 өкілі, уездік комитеттен – 1, комсомол жастар одағынан – 1, кәсіподақ комитетінен – 1, барлығы 5 адам мүше болды. Осы уезге қарасты Аманкөл мен Қызылжар болыстарында және Ырғыз қаласында да құрамы үш адамнан тұратын аштықты ауыздықтайтын комиссия жұмыс істей бастады. Уездегі Жаланкөл, Сүркөл, Қожакөл өзендерінің бойында тамақтандыру пункттері ашылып, өзеннен ауланған балықпен қамтамасыз етіліп отырды. Аталған үш өзеннің балығымен күніне 300-дей адам тамақтандырылған. Ашкомның қаражатына балық аулайтын аулар сатып алынып, күніне 15 пұттан жоғары балық ауланған [34].

Негізінде аштықтың алдында 1919 жылы ақ әскердің табанында қалып, шабылған Ырғыз уезі 3-ке бөлініп, Қарабұтақ уезі – 4 болыс, Ырғыз уезі – 5 болыс, Шалқар уезі – 6 болыс болып, 1920 жылы зорлыққа ұшыраған. Қарабұтақ уезінің жері тау-тасты болып келсе, Ырғыз уезі тұтас құмдақты болып, егіншілікке жарамсыз, тек мал өсірумен ғана айналысуға мүмкін еді. Оның үстіне ақтар мен қызылдардың табанында болған уездік не шөп шауып малға қажетті жем-шөптен айырды, сондай-ақ, мамыр айында азғантай егістіктеріне шегіртке түсіп, түк қалдырмай жеп тастаған. Осыдан кейін Ырғызда малдың қырылуы басталған. Қарабұтақ пен Шалқар уезінің оңтүстігіндегі егістікке де шегіртке қаптап, жеп кетті. Осы жағдайда шаруалардың «жайлы-ау» деген уездерге көшіп баруы жиіледі. Мал шаруашылығы да Ырғыз уезінде өте нашарлап, қолдағы бар түйелерінен айырылған. «Ақ жол» газетіне Ырғызбай деген азамат Ырғыз халқы 17-нші жылғы Түркістан халқының күйіне түсуге сәл жакын қалғандығын, Ырғыз бен Қазалы уездеріне үкіметтің азық-түлік бөлімі тарапынан берілген 17 мың пұт астықты жеткізіп алуға көлік таба алмай отырғандығын және жіберілген түйелер жеп-шөптің жоқтығынан қырылып жатқандығын айтып, «Ырғыз халқының басына бір қара тұман түсті» дабыл қакты [35].

1921 жылдың ортасында Ырғызда ашыққандар мен жұкпалы аурумен ауырғандар жөнінде жоғары орындарға үздіксіз мәліметтер түсе баста-

ды. «Ырғыз үйезінің шаруашылық һәм саяси тұрмысының ағымы» атты мақалада: «Үйездің өз ішінде қалғандардың халы артығырақ нашар. Көп жерлерде мал тұқымы біржола біткен. Тігерге тұяқ қалмаған жерлері бар десе адам өтірікші болмастай секілді. Мал жұтымен аралас халық аштыққа ұшыраған. Тұла бойы ісіп кеткен. Тағы басқа неше түрлі аштық аурулары халықты қаптаған. Адам өлімі де аз емес. Аштықтың себебі қазақтың бар күнелткен тамағы – мал еті. Ол жұтқа ұшырап, аштан қырылып жатқан малдың жасық еті тамақ болмай өліп бара жатқанға шыдай алмай жесе тағы тағы ауру жамап алуға себепші болмақ.

... Өйткені қыс қатты болу, жұттан мал қырылу, халық аштықтан ауырып-сырқаулары бұның бәрі де табиғаттың қаһарына ұшырау, оған қарсы бір нәрсе істемедің деп ешкімге өкпелеп болмайды. Бірақ бұл жұттан, аштық ауруларынан әлісіреп жатқан халықтың қалың қайғыртып, керекті жоғарғы мекемелерге жалпы жайын күн ілгері білдіріп, қолдан келгенше жәрдем істеуге тырысарлық үйез қоластында бір адам болмауы өте қатты күйініш емес пе?» – деп келтіріліп, аштықтан әлісіреп, тамақ іздеп басы ауган жакқа қарай босып бара жатқан ырғыздықтардың ауыр халі айтылды [36].

Ырғыздағы аштықты М. Дулатов та: «...Ырғыз үйезінің қазақтары саршұнақ тышқанды жеп жатыр. Күзді күні өлген малдардың өлексесін қарасынан алып жеп жатыр. Өлексе әрі ас болмай, әрі аурулы қылып, бейшаралар қырылып жатыр», – деп жазды [37].

Ырғыз уезіндегі (уезд бойынша халықтың саны 46110 адам) 2110 ауқатты тұрғындар көктем шығысымен Қазалы, Перовскі уездеріне үдере көшкен және көшу үдерісі жалғаса түскен. Уезде аш, малынан айырылған кедейлер қалған. Осыған орай Ырғыз уезінде жергілікті аштықпен күресу кооперативтері құрылып, Ырғыз қазына қорынан ашыққандарға нан сатып алу үшін сол кооперативтерге 20000000 рубль акша бөлінді. Сонымен бірге 18-20 тамызда Хиуаға нанға айырбастау үшін 200 түйеге тауар тиісп жіберу жоспарланды [38].

Үдере көшкен ауқаттыларды уезге кері қайтару барысы қолға алынып, ішінара қақтығыстар да туындал отырды. Осындай бір операция кезінде бір милиционер мен көшкіндерден үш адам өліп, жеті адам

жарақаттанады. Ырғыз уездік атқару комитетінің төрағасы А. Тойбазаров бұл жәйттің туындауына 1920 жылы шөптің шықпай, нәтижесінде мал қырылып, түрлі жұқпалы аурулар жайлап, тұрғындар арасында аштықтың зораюы себеп болғандығын ашық жазды [39].

Тамыз айына дейін губерния халқы мүлдем азық-түліксіз қалды. Оның үстіне егістіктен алған 198 685 пұт астық қыркүйек айына дейін ғана жетті. Жергілікті тұрғындардың 30%-нің қолында ғана болмашы астығы болса, ал 70%-і мүлдем астықсыз қалды [40].

Бірінші дүниежүзі соғысы кезінде тұтқынға түскен, Ақтөбе уезіне қарасты Георевский, Новоросийский, Астрахан болыстықтарында тұратын Германдық-австриялық әскерлердің жағдайларының ауырлауына байланысты көршілес уездерге қарай көшуі байқалды [41]. Сонымен қатар үкімет тарапынан салынған тыйымға қарамастан Латвияның Лифляндия, Курляндия және Двина, Режецк, Витевск губернияларынан Орынбор, Ақтөбе губернияларына қарай эшолондар арқылы босып келе жатқаны жөнінде мәлімет түскен [42].

Бұған қоса жетім, қараусыз қалған балалардың тамақ іздеп, ауыл-ауылдарды, станцияларды кезу фактілері жиіледі. Аштан өлген балалардың санын анықтау да қиынға соқты. 11 тамызда өткен Ақтөбе губерниялық комитеті жанындағы балалардың өмірі мен тұрмыстық жағдайын жақсарту комиссиясының мәжілісі орын алған жағдайды қалпына келтіруді қарастырды. Балалар үйін көбейту және оларды ең басты азық-түлікпен қамтамасыз етуге тез арада кірісу қажеттігін көтерді. Ата-анасыз қалған балаларға, Ақтөбе станциясында топталып жүргендерге арналған тамақтандыру пунктін және сол пункттің жанынан 500 баланы уақытша паналата алатын жатақханалар ашу жөнінде қаулы қабылдап, сонымен қатар губернияның Азық-түлік комиссариатына ашылатын балалар үйіне қажетті 18000 құрғақ тамақпен қамтамасыз етуді ұсынуды көтерді [43].

Қуаңшылықтан астықтың шықпауына байланысты азық-түлік салығын төлеуге кедей шаруалардың шамалары келмеді. Осыған орай РКФСР БОАК-нің 1921 жылғы 18 тамызындағы жарлығына байланысты Орынбор, Орал, Ақтөбе, Бөкей және Қостанай губернияларының шару-

алары азық-түлік салығынан босатылып, тек дәулетті адамдардан ғана салық жиналды. Алайда орыс шаруалары қыстан аман шығатындығына көздері жетпей, үдере көшуді тоқтатпады. Қазақ шаруалары да аптықтан болыстарын тастап ауқат іздеп кетті. 1921 жылы 21 тамызында болған уездік атқару комитеті төрағалары қатысқан съезде босып кеткен болыстардың мөрі мен істері уезге тапсырылғандығы және губернияда бандиттік әрекеттер өріс алып бара жатқандығы баса айтылып, үдере көшкендерді тоқтату үшін асханалар мен тамақтандыру пункттерін ашып, бандиттік бұзақылыққа қарсы күрес жүргізу жөнінде шешім қабылданды [44]. Шындығында да қазақтар губернияның ішкі уездеріне ғана емес, көршілес республикаларға боса бастаса, орыс шаруалары мекенжайларынан Украинаға, Түркістан және тағы басқа республикаларға кете бастады. Жергілікті биліктің оларды тоқтатуда шамасы да келмей қалды.

1921 жылдың қыркүйегінен бастап губерниялық ашқом жергілікті тұрғындардан каражат іздестіру негізінде саудагерлерге салық салу және спектакльдік қойылымнан түскен пайданың 20%-ін алу, халықтан жылу жинау, сонымен бірге етке салықты жою мәселесін көтерді [45]. Сонымен қатар губернияда 1922 жылғы егіске қажетті тұқым жинау мақсатында 5 қыркүйекте Акмола және Жетісу губернияларына арнайы экспедиция ұйымдастырылды [46].

Қуаншылыққа ұшыраған губернияларындағы жайлымдар мен пішенді шөптердің түбірімен күюі мал басының күрт төмендеуіне алып келді. Губернияның ең басты байлығы саналған мал басы күннен-күнге кеміді. 1922 ж. 1 қаңтардағы келтірілген мәлімет бойынша, Ақтөбе губерниясында соғысқа дейінгі уақытпен салыстырғанда жылқыдан – 23 %, ірі қара мал (сиыр) – 32 %, түйеден – 31 %, қой мен басқадай ұсақ малдардан – 6,2 % ғана қалған [47].

1921 жылдың 10 қазанында Ақтөбе губерниялық атқару комитетіне Ақтөбе аудандық атқару комитетінің төрағасы Сартасевтан мәлімдеме түсіп, онда өлкеге суықтың түсуінен ашыққан қоныстанушылардың Ақтөбе стансасында ондап қатып жатқандығын, ашыққандардың жағдайларының аса ауырлығын жеткізе келе: «Менің тексеруім бойынша, Ақтөбе стансасында ашыққандардың саны әр түрлі губерниялар

мен уездерден келген 200 жанға жетіп, далада ешқандай да жүк пен қаражатсыз қалуда. Асханадан тек жас балаларға ғана түстік берілуде, ересектер тағдыр тәлкегіне қалуда. Ашыққандар өздерін Жетісу өлкесінің оңтүстігіне жіберуді немесе азық-түліктей көмек беруді сұрайды. Уездік атқару комитетінің қарамағында ақша да, нан да жоқ, сонымен бірге уездік атқару комитеті баракка айналды. Танертеңнен кешке дейін 500-дей аштар табалдырығын тоздыруда. Ешқандай да көмек ала алмаған аштарды өлім күтіп тұр», – деп, тез арада шара қолдануды сұрады [48]. Осыған орай мәжіліс уақытша комиссия құрып, оның құрамына жер бөлімі меңгерушісі, басқарма бөлімінің меңгерушісі және губерниялық атқару комитетінің мүшесі енді [49].

Сол күні губерниялық атқару комитеті мүшелері мен оның бөлімдерінің меңгерушілері қатысқан мәжілісте вокзал маңына 200 мыңдай аш, жалаңаш адамдар жиналып қалғандығын айтып, осыған орай мәжіліс далада жатқандарды үйлерге орналастыру және тез арада азықтай көмек көрсету, ауруларға дәрігер жіберіп, ауруханаларға орналастыру жөнінде қаулы қабылданды [50].

Іссапармен барған М. Әуезов 13 қазандағы жиналыс барысында да Торғай мен Ырғыз уездеріндегі халықтың халі аса ауыр екендігін, ашыққандар саршұнақ, жабайы пиязбен коректеніп отырғандығын ашып айтып, бұл өңірге тез арада қазақ партия қызметкерлерін үш аптаға жіберіп, аштарды Түркістан республикасына емес, бірден Қазалы мен Перовскіге (Акмешіт) жіберуді ұсынды. М. Әуезовтың бұл ұсынысын Сергеев қолдады. Оның себебін Түркістанға қарай жіберілген аштар тиелген эшалондардың кері қайтарылып жатуы деп түсіндірді. М. Әуезовтың ұсынысы қабыл алынып, 30 000 аш қазақтарды теміржол арқылы Қазалы мен Перовскіге апарып, орналастыру жөнінде шешім шығарылды. Дегенмен осы отырыс барысында А. Оразбаева Ново-Сергиев пен Қазалы станциясы арасында ашыққан ересектер мен балалар тиелген эшалондар паровоздің жоқтығынан тұрып қалып, бұл аштардың жағдайын одан сайын қиындатып отырғандығын мәлімдеп, тез арада бұл мәселені жолға қоюды сұрады. Ашыққандарды теміржол арқылы жіберу барысында осындай жайттардың қайталанбасы үшін бірнеше

бөлімшемен жіберу көзделінді. Бұлар: 1. Ново-Сергиев – Орынбор. 2. Орынбор – Ақтөбе. 3. Ақтөбе – Ембі. 4. Ембі – Шалқар. 5. Шалқар – Сексеуілді. 6. Сексеуілді – Қазалы. Әрбір бөлімшеге екі оқіл (бір әйел, бір еркек) бекітіліп, ашыққандардың нақты саны мен жағдайын анықтауды, сондай-ақ аштарды тамақтандыру, моншаға түсіруді қолға алу мәселесін де көтерді [51].

14 қазаннан бастап губерниялық комиссия аштар апталығын өткізуді қолға алып, аштардың тізімі жасалынды және оларға қажетті азық-түлік мөлшерін анықтап, Ашкөмнің Орталық комиссиясы мен БОАК-не жіберді. Станцияларда жиналып қалған 954 аштарды, балалар мен 120-дай мүгедектерді теміржол арқылы астықты губернияларға жөнелту ұйымдастырылды. Ақтөбе қаласында аш балалар үшін асханалар ашылып, күніне 400-дей бала тамақтандырылды. Сонымен қатар ересектерді тамақтандыру пункттері кеңейтіліп, күніне 500-ден 1200-ге дейін адамға ауқат берілді. Ерікті түрде жиналған азық-түлік уездердегі аштар комиссиясына жөнелтілді. Мәселен, Шалқар мен Ырғызға ерікті түрде жиналған бір вагон картоп жіберілген.

Әр уездерде асханалар мен тамақтандыру пункттері ашылып, ыстық тамақпен қатар, аштарға құрғақ тамақ та үлестірілді. Мұндай орындар Ырғызда, Ақбұлақ, Темір және тағы басқа уездерде әрекет етті. Дегенмен болыстардан, ауылдардан жаппай ағылған аштардың бәрін бірдей тамақтандыру мүмкін болмады. Себебі, жіберілмек болған азық-түлік диттеген жеріне жетпей жолда қолды болып кеткен. Мәселен, С. Меңдешевтің бұйрығымен 48 сағат ішінде жеткізуге тиісті бір вагон астықты Орынборлықтар жібермей қалған [52].

Аштарға көмек көрсету комиссиясы қолда бар қаржыны ашыққан уездерге бөлу арқылы тамақтандыру пункттерін, балалар үйін ашуды және олардың жағдайларын барыныша жақсартуды қолға алып, станцияларда жиналып қалған қоныстанушыларды қайтаруда теміржолдарда тәртіп орнату, 21 қазанға дейін 150 адамды қондыра алатын арнайы жатын орындар даярлап, Ақбұлақ стациясында Ойылдан Ақтөбе станциясында Темір, Қарабұтақ, Шалқар, Ырғыздан босып келгендерге және Ембіде аштарға арнап тамақтандыратын асханалар ашуды, балалар үйіндегі

ауру балаларға жеке жай даярлауды, сонымен қатар отынмен қамтамасыз ету, бөлінген 315 миллион ақшаның 200 млн. Түркістаннан астық сатып әкелуге, Можарскийге 90 млн., Ақбұлаққа 15 млн., Шалқарға 10 млн. Ыргызға 10 млн., Қарабұтаққа 5 млн., Ойылға 20 млн., Темірге 20 млн., Ақтөбеге 15 млн. бөліп беруді қолға алды [53].

Ақтөбе губерниялық ашкөм 15 мен 27 қазан аралығында губерниядағы аштардың саны анықтауға тырысты. Комиссияның қолында бар мәлімет бойынша губернияда ашыққан 530 945 адам тіркелген екен. Бұлардың 220 787-сі қазақтар да, 94 602-і орыс ұлт өкілдері болды.

Аштықтың күшейе түсуі мен қажетті азық-түлікті тиімді бағаға сатып алу қиындығына байланысты жергілікті және шеттен келген алыпсатарлар «барлық азық-түлік тауарлары мен ірі қара малдарың аштарға тартып алынып, таратылып беріледі» деген қауесет таратқандықтан шаруалар малдарын сатып, соя бастаған. Осындай жағдай Можар уезінде де орын алғандықтан уезге қарасты болыстық, ауылдық, селолық аштарға көмек комиссиясы мен аудандық, болыстық атқару комитеттеріне және селолық, ауылдық кеңестерге арналып, арандатушылық әрекеттерге сенбей, тыныштық сақтауға, түрлі қауесет таратып жүрген ішкі жауларға қарсы бірлесе күресуге шақырғанды бұйрық жарияланды [54]. Осыдан кейін халық аз уақыт болса да тынышталғандай болды. Дегенмен мал ұрлау фактісі жиіледі.

Темір уезінде де ашыққандардың санын көбейіп кетті. Ақтөбе губерниялық атқару комитетіне Темір уездік атқару комитетінің төрағасы Темірбековтің 17 қазанда жіберген апталық мәлімдемесінде күн сайын уезге келуші ашыққандардың легі ұлғайып, азық-түлік жетіспегендіктен басқа өңірге қарай көшу үдерісі бел алғандығы келтірілді. Оның көрсетуінше, болыстардағы аштар уезд орталығы Темірге қарай ағылып, топталып асханалардың, тамақтандыру пункттерін жағалаған. Қала асханасы күніне 500-дей ғана аштарды тамақтандыруға шамасы келді. Балалар үйі нанмен қамтамасыз етілмей, аштан өлгендер мен өлім аузында жатқандар көбейген. Сонымен бірге уезде азық-түлікке байланысты қазақтар мен орыстар арасында жанжал туындаған [55].

19 қазанда Ақтөбе губерниялық атқару комитетінің бұйрығы мен 20



қазаннан ашыққандарға көмек апталығы жарияланып, оған Попович, Левитанус, Пепличенколар басшылық етті [56].

Қаржылай ақша бөлініп, тамақтандыру пункттері, асханалар ашылғанымен де Ақтөбе қаласы мен Ақтөбе станциясында аштардан аяқ алып жүру мүмкін болмай қалды. 1921 жылы 26 қазандағы Төтенше комиссияның отырысында осы мәселе анықталмайынша станцияға жиналған 2452 аш адамдарды Түркістан республикасына жеткізу үшін орталықтан 3 санитарлық поезд сұрау жөнінде қаулы қабылданды. Поездарда бес адамдық арнайы комиссия құрып, жол барысында оларды азықпен қамтамасыз етіп, қажетті орынға жеткізу қолға алды [57].

1921 жылғы I қарашадағы мәлімет бойынша, Ақтөбе губерниясының 8 уезінде 374 215 қазақ және 98 339 орыс ашыққан екен. Оны төмендегі бөліп кестеден көреміз:

| № | Уездер    | Қазақтар | орыстар |
|---|-----------|----------|---------|
| 1 | Ақтөбе    | 93 554   | 28 067  |
| 2 | Ақбұлақ   | 74 842   | 29 937  |
| 3 | Мажар     | 28 069   | 16 298  |
| 4 | Темір     | 56 133   | 14 058  |
| 5 | Ойыл      | 37 421   | 9484    |
| 6 | Ырғыз     | 28 065   | 65      |
| 7 | Шалқар    | 37 421   | 420     |
| 8 | Қарабұтақ | 18 710   | 10      |
|   | Барлығы   | 374 215  | 98 339  |

Бұл губерниялардағы ашыққандардың санын қоссақ 472 554 адам аштық құрсауына ілікті [58]. Бұдан кейінгі айларда ашыққандардың қатары ұлғаймаса, азаймады. БОАК-нің Аштарға көмек Орталық комиссиясына Ақтөбе губерниялық комитетінің төрағасы М. Ряховтан түскен ақпар губерниядағы ашыққан 536 445 адамның 374 215-і қазақтар, олардың 87 725-і балалар еді. Аштыққа әсіресе қазақтар ұшыраған. М. Ряхов ашыққандардың көбею себебін, қолдарындағы күнкөріс болып отырған малдарының қырылып қалуынан деп түсіндірді [59].

Губерниялық аштарға көмек комитеті өзінің алғашқы күнінен бастап ашыққандарға арнап тамақтандыру орындарын аша бастады. Қалада

ашылған 13 асханада 4300 аштар тамақтандырылды. Тұрғындарды азық-түлікпен ішкі түрде қамтамасыз ету мақсатында етке, нанға және тауар қорын құру үшін шикізатқа арналған салық салынды. Алынған ет пен шикізатты басқа губернияларға нанға айырбастап әкелу көзделінді. Сонымен қатар Түркістанда арнайы губерниялық экспедиция жергілікті халықтан жинап алған ақшаға астық сатып алу жұмысын жүргізді. Ақтөбе өңірінен жинақтап алынған 100 000 пұт тұзды астыққа айырбастау керектігі де қолға алынды.

Губерниялық аштарға көмек комитеті құрылған уақытынан бері Қазақ ОАК-нің төтенше аштарға көмек беру комитетінен 1981 (10 қарашаға дейін) пұт қара бидай мен 315 миллион (14 қазанға дейін) ақша алып, уездерге бөлініп берілсе де, аштыққандардың қатары азаймады. Сондықтан губерниялық ашком мынадай мәселелерді тез арада шешуді тиімді санады: 1. тұрғылықты халықтың қолмен алған тұзын астықты губернияларға тауарға айырбастау; 2. Түркістан ОАК-гі Аштарға көмек Орталық комитетінің көмегі арқылы Түркістанда дайындалған астықты әкелу үшін тез арада вагондарды даярлау; 3. Тез арада айырбас үшін мал мен шикізатты Түркістан мен басқа астықты губернияларға жіберуге вагондарды даярлау; 4. Балалар үйі 300%-ке толып кеткені үшін және оларды тамақтай, киімдей, отындай қамтамасыз ете алмағандықтан, астықты губернияларға ашыққан балаларды жіберуге маршруттық поездарды даярлау; 5. Станса маңайында Ақтөбе губерниясы мен Повлжеден келген аштарды тамақтандыру үшін тамақтандыру пункттеріне азық жіберу; 6. Ашыққандардың бәрін аштар тізіміне енгізу; 7. Ақтөбе губерниясына деп жіберілген барлық азық-түлік жүктерін Орынбор мен Орынбор губерниясына жіберуді тоқтату [60].

М. Ряховтың бұл ақпарының көшірмесі Аштарға көмек беру Орталық комиссиясына және РКФСР Халкомының жанындағы Қазақ өкілеттілігіне де жіберілді.

Ақтөбе губерниясына Қазақ ОАК-нен өлкедегі жағдайды анықтауға әрі көмек ұйымдастыруға А.И. Ашмарин, А. Дивеев жіберілді [61].

Түркістан Республикасына Ақтөбе губерниясының аудандарынан жіберілетін адамдардың тізімі жасалып, оған Төтенше Аштарға көмек жо-

миссиясы төрағасының орынбасары С. Сергеев қол қойды. Тізімге енгізілген 401 адам Ақтөбе уезінің Бөрте мен Ақбұлақ болыстары ауылдарының аштары еді. Мәселен, тізімге Бөрте болысының №2 ауылынан Қадырмаш Сапақов, Нұмағазы Тұнатаров, Көшбай Әлмұқанов, Ашанғали Оразанин, Иманғали Шәутенков, Баяхметқазы Досанов, Жұмағали Құдабаев және т.б., Ақбұлақ болысының №3-ші ауылының Жұмабай Ниязбаев, Даубай Есенғалиев, Ерғали Башимов, Бұғарбай Құсмишев және тағы басқа аштар енгізілді. Сонымен қатар Тамыр-Өткел болысы ауылдарынан Ақбұлақ уезіне қарай босып келген босқын-аштарды Түркістан өлкесіне қарай жіберуге қатысты жасалған тізімге 113 адамның аты-жөні жазылды. Көбіне отбасылары, әкесі, шешесі балалармен немесе ағайынды адамдар (жас мөлшері көрсетілген) тізімделді. Мәселен, 45 жасар Әзигали Жайлаубаевтың отбасылық тізімінде 80 жасар әкесі Жайлаубай, 35 жастағы әйелі Қадидша, 50-ге келген ағасы Тақберген және 10 жасар Ашқали жазылса, ал 43 жастағы Дүйсенғали Жұмағалиннің отбасына 25 жастағы әйелі Дәметкен мен 11 жастағы інісі Ғұмашты кіргізген. Бұл тізімге де С. Сергеев қол қойған [62].

Ақтөбе губерниялық аштарға көмек комиссиясы төрағасының орынбасары Беркімбаевтың берген есебінше, 1921 жылдың 1 тамызына дейін Түркістан республикасына 12177, ал Украинаға 4219 аш балалар көшірілген екен [63]. Ал 1 тамыз бен 20 қараша аралығына дейін Түркістан республикасына 4254 қазақтар, Ресейге 3845 орыс, Польшаға 1348 поляк, Литваға 18 латыш, Австрия мен Германияға 38 әскери тұтқындар, барлығы 9293 адам көшіріліпті [64].

Ел басына түскен қиындықты ауыздықтауға губерниялық аштар комиссиясы губерниялық атқару комитетінен 64 000 000 сом ақша алды және тауар айырбастау қорын құрды. Соның нәтижесінде қорға 128 282 арш. мануфактура, 25 жәшік сіріңке, 150 пұт сабын, 12 шүйде жіп, 145 дана шелек, 45 дана леген, 200 дана бірінші санаттағы тері, және 5000 тері өңімі алынды. Осы қор тауарларын ашыққандарға үлестіру мақсатында құрамында ашқом, губерниялық одақ пен шаруалардан өкілдері бар губерниялық экспедиция құрылды. Аштар комиссиясы жергілікті халыққа өз араларынан қаражаттарына астық дайындауға қатысты қор

құруды ұсынды. Нәтижесінде бұл қорлардан есепке дейінгі аралықта 16 973 пұт астық жинақталып, оның 8 957-і губерниялық ашқом қорына берілген [65].

Ақтөбе губерниялық ашқөмінің Ақбұлақ уезінің өкілі Канауылов Орынбор ашқөміне уездегі жағдайдың аса ауырлығын айтып арызданған жеделхат жібереді. Орынбор губерниялық ашқом комиссиясының төрағасы Сергеев оған берген жауабында «уезді өздіктеріңнен қамтамасыз ете алмасаңдар, Орынбор ашқомына қосып аламын» деп ескерткен [66].

Ақтөбе губерниялық атқару комитетінің 1921 жылы 14 қарашада және губерниялық азық-түлік Алқасының 15 қарашадағы қаулысының негізінде қабылданған нұсқауда 1921-1922 жылға губернияны азық-түлікпен қамтамасыз ету, оны тұрғындарға бөлуге арналған күнтізбелік бағдарламасы нақтыланды. Бұл нұсқау 1921 ж. 28 қыркүйектегі Еңбек пен Қорғаныс Кеңесінің Мемлекеттік азық-түлік жоспары негізінде жасалды. Алдағы уақытта азық-түлікпен Мемлекеттің қарамағындағылар қамтамасыз етілетін болды. Бұған Еңбек пен Қорғаныс Кеңесі бекіткен мемлекеттік штатта және қамсыздандыру орындарында қызмет ететіндер кірді. Әрбір губерниялық бөлімдерге белгілі мөлшерде азық-түлік алып, өзінің қарамағына қарайтын кәсіпорын мен мекемелерге бөліп беру міндеттелінді.

Мөлшерленген норма бойынша әр күнге 2600 калориялық азық-түлік белгіленді. Азық өз кезегінде жұмысшыларға, қызметкерлерге және олардың отбасына бөлінді. Бір кездерде мемлекет мекемесінде немесе кәсіпорында жұмыс істеген, бірақ жұмысқа мүлдем жарамсыздарға, 15 жасқа дейінгі балаларға, мемлекеттің қарамағындағы жұмысшы немесе қызметкерлердің ата-аналары да құрғақ азықпен қамтамасыз етілетін болды [67]. Бұл нұсқау 19 желтоқсандағы 3/2979 нөмірлі бұйрықпен губернияның барлық кәсіпорындары мен мекемелеріне жіберілді. Нұсқауда көрсетілген ережелерді орындамағандар заң жүзінде жауапқа таратылатындығы да ескертілді [68].

Елді жайлаған ашаршылықтың әсері мал ұрлығы, тонаушылық, жеке қарулы қалыңдықтарды тудырды. 22 қарашада Ақтөбе губерниялық атқару комитетінің губерния аудандарында белең алған бандиттік әрекеттерге

карсы күрес жүргізу жөніндегі бұйрығы жарық көрді. Ақтөбе губатком төрағасының орынбасары Беркімбаев пен Басқару бөлімінің меңгерушісі Байменшиннің қол қоюымен жарық көрген бұл бұйрық бойынша барлық уездер милиция мен қылмыстық істер бөлімінің қатаң бақылауына алынып, бандиттік әрекеттерге барғандар ұсталынып, заң жүзінде қатаң жазаланатын болды [69].

Ақтөбе губерниялық атқару комитеті кеңесінің 23 қарашадағы 10 нөмірлі бұйрығы бойынша Америкалық Көмек көрсету әкімшілігіне (Американская Администрация помощи (АРП) немесе АРА) ашыққандарға көмек көрсетуге рұқсат берілді. Бұл ұйымның жұмысына қажетті барлық жағдай жасалынатын болды. Нақтылай айтсақ, тамақтандыру пунктеріне, госпитальдарға арналған ғимарат табу, тамақты пісіруге қажетті отынды даярлауды қамтамасыз етуге тиістіленді. Губерния тарапынан АРА ұйымының жұмысын ұйымдастыру мен қадағалау Качковскийға тапсырылды [70].

Америкалық Көмек көрсету әкімшілігі ең бастысы өлкедегі ашыққан және ауру балаларға тамақтай, киімдей, дәрігерлік көмек беруді қолға алды. 22 желтоқсанда губерниялық аштар комиссиясының шешіміне сәйкес АРА ұйымының жанындағы балаларға көмек көрсету комиссиясы құрамына губерниядан дәрігер Шарапин, инженер Андреев, мұғалім Афанасьев пен жергілікті биліктен М. Ряхов кірді [71]. АРА-ның губернияға көмек көрсету жайы «Қазақстандағы шетелдік ұйымдар» бөлімінде айтылады.

Қазақ өлкелік атқару комитетінің шешіміне сәйкес әр губернияда берілетін құрғақ азық-түлік мөлшері белгіленді. Ақтөбе губерниясы атқару комитетінің 14 қарашадағы нұсқауы бойынша 1921-1922 жж. губерниядағы контенттерге азық-түлік бөлгенде мәселен, губерниялық халық шаруашылық кеңесі кәсіпорнына 635 ф. тамақ, 90 ф. ұн, 5 ф. ет, 1 ф. май, халық шаруашылық кеңесі қызметкерлеріне 62 ф. тамақ, 60 ф. ұн, 5 ф. ет, 1 ф. май, қаржы бөлімінс 43 ф. тамақ, 60 ф. ұн, 5 ф. ет, 1 ф. май белгіленді [72].

1921 ж. 31 желтоқсанына қарай губернияда 33243 ауыл және қалалық жеке шаруашылықтар болса, аштыққа байланысты оның үштен бірі

астықты аудандарға көшіп кетті. Халықтың жаппай басқа жаққа босуы өзі бұрыннан тапшылық көріп отырған губернияның жағдайын одан сайын қиындатып жіберді.

Ақтөбе губерниялық экономикалық кеңесінің мәжілісінде айтылғандай 1921 ж. 31 желтоқсанға дейін губернияның 174 900 адамы ашығып, олардың арасында тырысқак, оба сияқты жұқпалы аурулар жайылып, адам өлімінің көбейе түскен. Аштықтан шаруалар мен жұмысшылар мекендерін тастап, Украина мен Түркістан республикасына қарай ағылған, ашқомның жіберіп жатқан азық-түлігі жетпеген [1, 10-40-66.].

Дегенмен бұл экономикалық кенестің мәліметінде ашыққандар санына қатысты дәлдіктің жоқтығын аңғаруға болады. Себебі РКФСР Халкомына жіберілген ақпаратта 1921 ж. 31 желтоқсанға дейін Ақтөбе губерниясына қарасты 7 уезінде тұратын қазақтардың 75 пайызы, орыстардың 55 пайызы ашыққандығы келтірілді. Бұл сол кездегі губерния халқының тең жартысы деуге болады. Жалпы губерниядағы 526 023 адамның 306 023-ы ересектер мен 220 000-ы балалар болған [73].

1922 жылдағы қыстың қарлы, боранды болуы Губерниялық аштарға көмек комиссияның жұмысын қиындатып жіберді. Алыс аудандарға дер кезінде азық-түлік жеткізуге біріншіден, ауа райының құбылмалылығы кедергі болса, екіншіден, транспорттың жоқтығы да комиссия жұмысына үлкен кедергі келтірді. Уездердегі шаруашылықтарда көктемгі егістік жұмысты атқаратын малдай күш көліктерін аштар сойып жей бастаған. Оның үстіне эпидемиялық аурулар көбейіп, ауылдан ауылға жайылып, өлім көбейген [74].

1922 жылдың қаңтарында болған мәжілісте М. Ряховтың 1921 жылғы 1 тамызынан 1922 жылдың 1 қаңтарына дейінгі аралықтағы аштықпен күрес мәселесіне орай жасаған баяндамасында өлкені аштық жайлағаны жайында жоғары жаққа хабарланғанымен де олар комиссия жіберіп, растығын анықтағанша, шыққан астық өнімінің қанша айға жететінін есептегенше бұрынғы қоныстанушы шаруалардың Украинаға қарай барлық дүние-мүліктерін тастай үдерс көшу толқыны күшейгендігін баса келтіреді. Оның айтуынша, 15 тамызда губерниядағы астықтың 90

пайызы құрғақшылық пен шегірткеден құртылған. Елдегі жағдайдың ауырлығына көз жұма қараған үкімет өлкеге тек жіберілген комиссия ашыққандар жайында толық есеп алғаннан кейін ғана губернияны ашыққандар қатарына қосу жөнінде шешім шығарған. Сол кездерде губернияның 54 пайыз тұрғындары көмекке зәру болған [75].

Экономикалық есеп бойынша, ашыққан бір адамға айына 12 пұт, барлық жанға 757 157 пұт астық қажет болды [76].

1922 жылы 30 қаңтарда Ақтөбе губерниялық азық-түлік комиссариаты нұсқауға аздаған өзгерістер енгізді. Бұл өкім бойынша қорларға түскен азық-түлікті бөлу нақтыланды [77]. Қорларды бөлу Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің қаулысымен ғана жүзеге асатын болды. Мекеме немесе кәсіпорындар таратылған жағдайда оның үлесі губерниялық қорды кеңейтуге жұмсалды [78]. Бірнеше мекемелерде қызмет ететіндер бір жерден ғана азық-түлік алатын болды. Егер де мекемеден, кәсіпорыннан жұмысшы кететін болса, оның азығы губерниялық қорға қайтарылуға тіңсітіленді [79].

Губернияның Темір мен Ырғыз уездерінде үш жер өңдейтін, балық аулайтын артельдер құрылды. Бірақ адам күштерінің әлсіздігі мен қыстың түсуіне байланысты олар бірден жұмысқа кірісіп кеткен жоқ [80]. Оның үстіне үкіметтің тарапынан қаржыландырадыру кешеуілдеді.

Жинақталған, анықталған мәліметтер, ақпар, хабар, есеп, баяндамаларға сүйенсек, 1922 ж. 1 қаңтарына дейін Ақтөбе губерниясында 16 жасқа дейінгі 97 309 бала, 263 742 ересек адамдар, барлығы 361 051 адам аштық тырнағына іліккен. Қаңтар айында ашыққандарға 20 000 ғана құрғақ тамақ бөлінсе де, тамаққа деп бөлінген ақша қорға түспеген. Сонымен қатар ашқомға губерния уездеріне ақпан айына бөлінген азық-түлік те жетпеген. Оның үстіне ашыққандар жылы киіммен қамтамасыз етілмеді [81].

Ақтөбе өңірінде ашыққандардың саны өзге губернияларға қарағанда күрт өсуінен, губерниялық ашқомның өлкедегі ашыққандарға толықтай көмек көрсетуіне, әсіресе балалар үйін тамақпен күнделікті қамтамасыз етуге шамасы жетпеді. Өйткені губерниялық азық-түлік комитетіне

жеткілікті мөлшерде қажетті азық-түлік уақытылы түспеді. Сондықтан комитеттің шешімімен жергілікті азық-түлік салығы енгізілді. Салықтың енгізілуіне олкендегі орыс ұлтының тұрғындары қарсылық білдірді. Оның үстіне комитет жұмысына уездегі Серов бастаған бандалар тобы көп қиыншылықтар туғызды. Олар ауыл-ауылды тонап, халықтың қолындағы бар заттарын, азықтарын тартып алумен болды [82, 55-б.].

Жергілікті халыққа бандиттік шабуылдар жасалып, қолда бар малдарын, көмек азықтарын тартып алу фактілері жиіледі.

1922 жылы 5 ақпанда Ақтөбеде губернияның аштарға көмек комиссиясы өкілдерінің І-съезі өтіп, оның жұмысына губерниялық атқару комитеті мен губерниялық аштар комиссиясының өкілі Кочковский, аштарға көмек комиссиясының төрағасы Высоцкий мен оның орынбасары Смирнов, Марток, Шалқар, Ақбұлақ, Темір, Ақтөбе, Ырғыз, Ойыл уездерінен келген өкілдер және губерниялық одақ пен губерниялық комитеттен өкілдер қатысты.

Бас баяндама жасаған Бондаренко Кеңестік Ресейдегі ең басты мәселе – Поволжье мен басқа губернияларды қамтыған аштықпен күрес екендігін айта келе, республикада орын алған аштыққа қарсы үкіметке қол жаймай өз күшімізбен ауыздықтау керектігін атап өтті. Губерниялық аштарға көмек комиссиясы мен губерниялық азық-түлік комиссиясының жұмысы жайын баяндаған Высоцкий де, Кочковский де аштарға қажетті азық-түлік пен қаражаттың аздығын, уездерге жіберілген құрғақ тамақтардың жеткіліксіздігін айтса, уездерден келген өкілдер де осындай қиыншылықтың барлығын бірауыздан мақұлдады. Сонымен қатар «АРА» ұйымынан ешқандай да көмек түспегендігі және жергілікті милиция тарапынан да қолдау болмай отырғандығы да айтылып, аштарға көмек көрсетуде жергілікті халықтың арасынан жылу жинау, ыстықтай тамақ бере алмайтын өңірлерде құрғақтай азық-түлік үлестіру, бар күшті «Барлығы аштықпен күреске» ұранымен жұмылдыра отырып, уезд, болыстықтарда ұйымдастыру жұмыстарын күшейту мәселесі жөнінде қаулы қабылданды [83].

19-27 ақпанда Орынборда 106 делегаттың қатысуымен болған қырғыз (казак) облыстық екінші конференциясында республикада 1922 жылдың



I қаңтардағы мәліметі бойынша өлкеде миллионнан аса ашыққандардың барлығы айтылды [84, III-6.].

1922 жылдың көктемінде күн жылына губернияны жұқпалы ауру жайлады. Наурыз айына дейін іш сүзегінен, обадан ауырған 13 213 адам ауырғандығы тіркеліп, олардың 2321-і өлген. Ауырған ауруларды бірден қабылдауға губернияның еш мүмкіндігі болмады. Қажетті деген дәрі-дәрмек түгіл ауруларды қарайтын арнайы мамандар жоқтың қасы болды. Бар-жоғы 7 ауруханада 410 төсек болып, онда 9 дәрігер, 72 фельшер мен 12 мейірбикелер жұмыс істеген [85]. Дегенмен губерниядағы осындай шешімін таппай жатқан жайттарға қарамастан жұқпалы аурумен күреске Ақтөбе ашкөмінен 100 000 000 ақша, қазақ денсаулық сақтау комиссариатынан 500 000 00 ақша, барлығы 600 000 000 несие бөлінген екен. Бұл біріншіден, қажетті дәрі-дәрмек алуға, екіншіден, өлкедегі дәрігерлік пункттерге, ауруханаларға мамандарды тарту, оларды жалақымен қамтамасыз етуге, үшіншіден, ауруларға азық-түлік алуға берілді [86]. Әрине, аштық ушығып тұрған кезде қаражаттың бөлінуі аз да болса ауруларды аман алып қалуға деген үмітті ұлғайтты. Десе де, губерния жұқпалы аурулардың көбеюі мен таралуының өрши түспеуіне және мүлдем жойылуына әлі де болса қаражат пен медициналық көмекке зәру болды.

«Степная правда» газеті жазғандай, жұқпалы аурудан жоқ дегенде күніне 2-ден 5 адамға дейін өлген [87].

Аштықпен күрестің бірі – күйзелген шаруашылықты қалпына келтіру болды. Толық емес есеп бойынша 82 974 қазақ үйі малсыз қалып, оларды қаз бастыру үшін 850 262 ірі қара мал қажет еді. Үкімет тарапынан 384 миллиард сом ақша көлемінде жәрдемақы берілді.

Бұл малдар жұтқа шалдықпаған Ақмола, Семей һәм Адай уезінен алынуда тиісті болды. Малдары жұтаған губернияларға мынадай шамамен бөлу реті көрсетілді: Орал губерниясына 100-ден 24, Бөкей губерниясына 100-ден 35, Ақтөбе губерниясына 100-ден 17, Қостанай губерниясына 100-ден 10-ы. Сонымен қатар, бір жағынан ақша болмай, екінші жағынан кейбір себептермен тұқымдары жаңартылмаған шаруашылықты, асыл тұқымды малдармен қамтамасыз ету де қолға алынды [88, 110-6.].

жеткілікті мөлшерде қажетті азық-түлік уақытылы түспеді. Сондықтан комитеттің шешімімен жергілікті азық-түлік салығы енгізілді. Салықтың енгізілуіне өлкедегі орыс ұлтының тұрғындары қарсылық білдірді. Оның үстіне комитет жұмысына уездегі Серов бастаған бандалар тобы көп қиыншылықтар туғызды. Олар ауыл-ауылды тонап, халықтың қолындағы бар заттарын, азықтарын тартып алумен болды [82, 55-6.].

Жергілікті халыққа бандиттік шабуылдар жасалып, қолда бар малдарын, көмек азықтарын тартып алу фактілері жиіледі.

1922 жылы 5 ақпанда Ақтөбеде губернияның аштарға көмек комиссиясы өкілдерінің I-съезі өтіп, оның жұмысына губерниялық атқару комитеті мен губерниялық аштар комиссиясының өкілі Кочковский, аштарға көмек комиссиясының төрағасы Высоцкий мен оның орынбасары Смирнов, Мартөк, Шалқар, Ақбұлақ, Темір, Ақтөбе, Ырғыз, Ойыл уездерінен келген өкілдер және губерниялық одақ пен губерниялық комитеттен өкілдер қатысты.

Бас баяндама жасаған Бондаренко Кеңестік Ресейдегі ең басты мәселе – Поволжье мен басқа губернияларды қамтыған аштықпен күрес екендігін айта келе, республикада орын алған аштыққа қарсы үкіметке қол жаймай өз күшімізбен ауыздықтау керектігін атап өтті. Губерниялық аштарға көмек комиссиясы мен губерниялық азық-түлік комиссиясының жұмысы жайын баяндаған Высоцкий де, Кочковский де аштарға қажетті азық-түлік пен қаражаттың аздығын, уездерге жіберілген құрғақ тамақтардың жеткіліксіздігін айтса, уездерден келген өкілдер де осындай қиыншылықтың барлығын бірауыздан мақұлдады. Сонымен қатар «АРА» ұйымынан ешқандай да көмек түспегендігі және жергілікті милиция тарапынан да қолдау болмай отырғандығы да айтылып, аштарға көмек көрсетуде жергілікті халықтың арасынан жылу жинау, ыстықтай тамақ бере алмайтын өңірлерде құрғақтай азық-түлік үлестіру, бар күшті «Барлығы аштықпен күреске» ұранымен жұмылдыра отырып, уезд, болыстықтарда ұйымдастыру жұмыстарын күшейту мәселесі жөнінде қаулы қабылданды [83].

19-27 ақпанда Орынборда 106 делегаттың қатысуымен болған қырғыз (казак) облыстық екінші конференциясында республикада 1922 жылдың

І қаңтардағы мәліметі бойынша өлкеде миллионнан аса ашыққандардың барлығы айтылды [84, III-6.].

1922 жылдың көктемінде күн жылына губернияны жұқпалы ауру жайлады. Наурыз айына дейін іш сүзегінен, обадан ауырған 13 213 адам ауырғандығы тіркеліп, олардың 2321-і өлген. Ауырған ауруларды бірден қабылдауға губернияның еш мүмкіндігі болмады. Қажетті деген дәрі-дәрмек түгіл ауруларды қарайтын арнайы мамандар жоқтың қасы болды. Бар-жоғы 7 ауруханада 410 төсек болып, онда 9 дәрігер, 72 фельшер мен 12 мейірбикелер жұмыс істеген [85]. Дегенмен губерниядағы осындай шешімін таппай жатқан жайттарға қарамастан жұқпалы аурумен күрессе Ақтөбе ашкөмінен 100 000 000 ақша, қазақ денсаулық сақтау комисариатынан 500 000 00 ақша, барлығы 600 000 000 несие бөлінген екен. Бұл біріншіден, қажетті дәрі-дәрмек алуға, екіншіден, өлкедегі дәрігерлік пункттерге, ауруханаларға мамандарды тарту, оларды жалақымен қамтамасыз етуге, үшіншіден, ауруларға азық-түлік алуға берілді [86]. Әрине, аштық ушығып тұрған кезде қаражаттың бөлінуі аз да болса ауруларды аман алып қалуға деген үмітті ұлғайтты. Десе де, губерния жұқпалы аурулардың көбеюі мен таралуының өрши түспеуіне және мүлдем жойылуына әлі де болса қаражат пен медициналық көмекке зәру болды.

«Степная правда» газеті жазғандай, жұқпалы аурудан жоқ дегенде күніне 2-ден 5 адамға дейін өлген [87].

Аштықпен күрестің бірі – күйзелген шаруашылықты қалпына келтіру болды. Толық емес есеп бойынша 82 974 қазақ үйі малсыз қалып, оларды қаз бастыру үшін 850 262 ірі қара мал қажет еді. Үкімет тарапынан 384 миллиард сом ақша көлемінде жәрдемақы берілді.

Бұл малдар жұтқа шалдықпаған Ақмола, Семей һәм Адай уезінен алынуга тиісті болды. Малдары жұтаған губернияларға мынадай шамамен бөлу реті көрсетілді: Орал губерниясына 100-ден 24, Бөкей губерниясына 100-ден 35, Ақтөбе губерниясына 100-ден 17, Қостанай губерниясына 100-ден 10-ы. Сонымен қатар, бір жағынан ақша болмай, екінші жағынан кейбір себептермен тұқымдары жаңартылмаған шаруашылықты, асыл тұқымды малдармен қамтамасыз ету де қолға алынды [88, 110-6.].

1922 жылдың 3 мамырында Ақтөбе губкомында Салық Басқармасының өкілдері қатысқан мәжілісте жинақталған салық қаражатын Ақтөбедегі аштарға көмек Орталық комиссиясына толықтай беру, сонымен бірге губернияда ашығып жатқан тұрғындарды салықтан босату мәселесіне орай, малшы шаруаларды салықтан босату жөнінде шешім қабылданды [89].

1921 жылдан бері керісінше салықты басқа түрлерден, мәселен көркемөнерпаздардың концерт қоюы, театрланған қойылым көрсетуі арқылы жинаудың маңыздылығы көтерілді.

Губернияға жіберілген мәліметтерге сүйенсек, жергілікті халықтан, театрланған қойылымдардан түскен салық мөлшері 320 000 000 сом ақша болса, ал халықтан 160 971 690 сом ақша, 195 п. ұн, 6 п. 35 ф. бидай, 9 п. 10 ф. тары, 196 п. 5 ф. ет, 100 п. 18 ф. балық, 107 бас ірі қара, 42 бас жылқы, 81 бас қой, 13 бас ешкі және сонымен қатар картоп, қырыққабат, тұз, кант сияқты азық-түліктен жылу жиналған.

1922 жылдың 8 шілдесіндегі ҚКСР Еңбек және Қорғаныс кеңесінің қаулысы 1921-1922 жж. төленбеген салықтарын алу негізінде 1 тамызында губернияда төленбеген салықтар жойылды [90].

Аштарға жоспарлы түрде көмек бері 1921 жылдың қараша айынан басталған. Халкомның азық-түлік бөлімі 20 000 мемлекеттік құрғақ азық бөлінді. Басқа губерниялардан аштарға арналып азықтар жиналып әкелінді.

Ақтөбе губерниясындағы аштарға көмек комитетінің ұйымдастыруымен қайырымдылық кештері мен жылу жинау күні өткізілген. Мәселен, 1922 жылдың 8 қаңтарындағы өткізілген осындай іс-шарадан 198 924 922 сом көлемінде ақшалай көмек түскен. Оның 15 000 000-ы губерниялық одақтан аванс ретінде, 16 925 000-ы сатылған театрлық қойылым билеттерінен, 5 320360-ы лотереялық билеттерден түссе, ал 6 565 000-ы киімдей, 111289 790-ы азық-түліктей беріліпті. Осы күні 118 291 000 сомды құрайтын азық-түлік жиналған. Еріктілер қолында бар артық ұн, картоп, астық, ет, шай, балық, жеміс-жидекті өткізіп, аштарға таратылды [91].

Губерния бойынша азықпен қамтамасыз етілген аштар саны:

| Ай аты    | Аштар саны | Берілге тиіс<br>мемазық | Мем тарап<br>қамт. етілген | әр жерден<br>түскен беріл-<br>гендер | жалпы  | АРА-ның<br>бергені | Губерния<br>бойынша<br>барлығы |
|-----------|------------|-------------------------|----------------------------|--------------------------------------|--------|--------------------|--------------------------------|
| қараша    | 50 000     | 20 000                  | -                          | 6891                                 | 6891   | -                  | 6891                           |
| желтоқсан | 75 000     | 20 000                  | 38 680                     | 7745                                 | 46425  | -                  | 46423                          |
| қаңтар    | 361051     | 42 000                  | 130 28                     | 8080                                 | 21108  | 22500              | 45608                          |
| ақпан     | 264074     | 48 000                  | 7840                       | 13868                                | 21708  | 37500              | 55208                          |
| наурыз    | 252514     | 32 000                  | 8800                       | 10 840                               | 19 640 | 37 700             | 57 340                         |
| сәуір     | 300000     | 48 000                  | 2263                       | 11 564                               | 13 900 | 54 889             | 68 789                         |
| мамыр     | 300000     | 48 000                  | -                          | 14 484                               | 14 484 | 245000             | 259 384                        |
| маусым    | 300000     | 55 000                  | -                          | 75 055                               | 75 055 | 245000             | 320 055                        |

Кестеге сүйенсек, аштарды азық-түлікпен қамтамасыз ету 1922 жылдың қаңтарынан қарқынмен жүргізілген екен. Әсіресе мамыр-маусым айларында азық-түлік мөлшері бірнеше есеге көбірек берілген. Қызыл ай қоғамы да 1921 жылдың 24 мамырынан бері Темір, Ырғыз, Шалқар аудандарына 4000 азық берген.

Семей губерниясынан көмек жинау үшін губерниядан арнайы өкіл жіберілді. Көмек беріліп жатса да Ақтөбе губерниясында аштық пен ауруға ұшырағандар – 50% -ке, өлгендер – 28%-ке жеткен [92]. Оның үлкен себебі бар-тын. Жылудан жиналған ақша мен азық-түлікті бөлу барысында ұрлық көбейіп, жауапты адамдар көрсетілген орындарға емес, өз пайдасына жұмсалғаны анықталды.

Мәселен 1922 жылы 17 шілдеде Ақтөбе губерниясындағы АРА ұйымына Қазақ КСР-нен жіберілген өкіл Мусин №12 асханадағы азық-түлікті өз бетімен ысырап қылғаны үшін Ақтөбе губерниялық атқару комитетінің Баскарма бөлімінің меңгерушісінің қаулысымен 10 күнге қамауға алу туралы шешім шығарылды [93].

**Ашыққандарға губерниялық азық-түлік комитетінен берілген  
азық-түлік мөлшері**

| Ай аттары | Түскен ұн | Берілгені | қарыз    | ескертпе              |
|-----------|-----------|-----------|----------|-----------------------|
| карана    | 2000      | -         | 5000     |                       |
| желтоқсан | 5000      | 6769      | -        | 1769 пұт<br>артығымен |
| қаңтар    | 10500     | 2280      | 8220     |                       |
| ақпан     | 12000     | 1372      | 10628    |                       |
| наурыз    | 8000      | 1540      | 6460     |                       |
| сәуір     | 12000     | 559       | 11441    |                       |
| мамыр     | 12000     | -         | 12000    |                       |
| маусым    | 13750     | -         | 13750    |                       |
| Барлығы   | 78250     | 12520     | 65730 п. |                       |

Ақтөбе губерниялық ашқомының баяндауынша губернияда қанша адамның ашығып, өлгендігі жайында нақты саны белгісіз болды. Оған бірден-бір себеп ауылдық жерлерден мәліметтердің дер кезінде түспеуі.

Губернияның ауыр жағдайын баяндаған губерниялық атқару комитетінің төрағасы М. Ряхов, губерниялық статистика бюросының меңгерушісі Сердюков және жер бөлімінің меңгерушісі Назаров қол қойған жеделхат ХКК-нің төрағасы В. Ленинге жіберіліп, онда 1922 ж. егілген егіс көлемі, мал шаруашылығы, халықтың жалпы жағдайына тоқтала келе, астықтың жоқтығынан жергілікті тұрғындар азық есебінде малдарын жаппай сойып алып жатқандығын, дәрі-дәрмектің жетіспеушілігінен сібір топаланы, шешек, қышыма сияқты ауруларды ауыздықтауда қиындық туып отырғандығы келтірілді. Көктемдік егіске қажетті құрал-саймандардың аздығы, азық-түліктің жоқтығынан тонаушылық көбейіп тұрғандығын ашық жазды [94].

Ашқом комиссиясының бөлген 315 миллион ақшасы Ақтөбе губерниясының уездеріне мына мөлшерде бөлініп берілді:

| Аудандар                         | Ақша мөлшері |
|----------------------------------|--------------|
| Түркістаннан астық дайындау үшін | 150 000000   |
| Ақтобе                           | 15 000000    |
| Темір                            | 20 000000    |
| Можар                            | 20 000000    |
| Шалқар                           | 10 000000    |
| Ырғыз                            | 10 000000    |
| Ойыл                             | 15 000000    |
| Қарабұтақ                        | 5 000000     |
| Ақбұлақ                          | 15 000000    |

Губернияға Мәскеуден 2 вагон астық, Ташкенттен 1 вагон ұн, 1 вагон жеміс-жидек, 2 бөшке (цистерна) мұнай көмек ретінде келген [95].

Аштықты ауыздықтауға әскері күштер де кірісті. Аштарға көмек комиссиясы губерниялық әскери комиссариатында Қазақ өлкелік әскери комиссариатының 1921 жылдың 28 қыркүйегіндегі № 20618 жеделхатына байланысты құрылды. 1921 жылдың 3 қазанынан 1922 жылдың 5 қаңтарына дейінгі аралықта берген есептерінде комиссия гарнизонның барлық уездік бөлімдерінде тұрақты аштарға көмек комиссиясын құрып, ашыққан отбастары туралы тізім жасап, Қазақ өлкелік әскери комиссариатына жіберіп отырған. Сонымен қатар әскери отбасы кешін ұйымдастырып, одан түскен қаржы губерниялық қамсыздандыру кеңесінің өкілі Шиловқа өткізген. Жылу барысында жинақталған астық та аштарға көмек комиссиясына тапсырылған [96].

1922 жылдың сәуіріне қарай губерниялық ашкөмнің ҚОАК-і жанындағы Орталық Аштарға көмек комиссиясына берген мәліметінше губерния уездерінің жағдайы аса нашарлаған. Үкімет тарапынан бөлінген қаржылай немесе азық-түліктей көмек дер уақытында жетпей, жарты жолда талан-таражға түсіп кетуі уездердегі ашыққандарды өлімге итермелеп отырғандығын келтірген. Мәселен, Ақбұлақ уезіндегі қоғамдық тамақтандыру орнында тамақ жеткіліксіз болса, Ырғыздағы асханаға берілген азық-түлік қолды болып, ісі сотқа берілген. Мұндай жағдай Шалқар уезінде де орын алып, оны тексеруге арнайы комиссия жіберілді [97].

Губерниялық ашкөм әр уездің болыстарына арнайы өкілдерін жіберіп, аштарға көрсетіліп жатқан көмек барысын тексеріп отырды. Мәселен, 1922 жылдың 24 наурызында Ақтөбе уезіне қарасты Әлімбет болыстығына осы жылдың 1 наурызындағы №126 мандатының негізінде тексеріс жүргізіліп, соның нәтижесінде болыстық ашкөмнің тұрақты жұмыс істемейтіндігі, аштардың тізімінің жоқтығы, тамактандыру пункттерінің аздығынан балаларға ыстық тамақтың берілмей келгендігі анықталды [98].

Тырысқақ ауруының көбеюіне байланысты 1922 ж. жазында Ақтөбе қаласында 30 төсектік барак ашылып, су ішілетін барлық құдықтар хлорланды. Тырысқақпен маусым мен шілде айларында Ақтөбеде 53 адам ауырып, оның 18 қайтыс болса, Ақбұлақ уезінде 3 адамның ауырғаны тіркелді. Шалқарда 25 адам ауырып, оның 12-і қайтыс болған. Жалпы екі айдың ішінде Ақтөбе қаласы мен екі уезде тырысқақпен 91 адамның ауырғаны тіркеліп, оның 30-ы қайтыс болған [99].

Губерния бойынша сауалнама (анкета) жүргізіліп, аштықтан соң 1921-1922 жж. халықтың жалпы саны мен шаруашылығындағы өзгерістер анықталды. 1922 ж. маусымында жүргізілген осындай бір сауалнама барысында қойылған сұрақтарға берілген жауап бойынша ашаршылыққа ұшыраған бес уездің ішінде 222 405 адамы бар Шалқар мен Ырғыз қатты зардап шеккен екен. Губерния бойынша балалар үйінен тыс 24000 қаңғыбас балалар анықталған. Сонымен қатар шетелдік ұйымдар 584 656 баланы, 600 270 ересектерді, 24 400 босқындар мен ауруханадағы 6000 адамды құрғақ тамақпен қамтамасыз еткен. Осы мәлімет бойынша 1 маусым мен 17 желтоқсан аралығында 9276 адам аштан өлген. 1 мамырда 207 906 адам, 1 наурызда 300 000, 1 қыркүйекте 153 000 адам ашыққан екен [100]. Губернияның аштық кезінде кезіп кетіп, бірақ қайып оралған босқындарға бірден көмек қолын созуға мүмкіншіліктері келмеді. Үкіметтен алған несие жетпеді. Әсіресе Ақбұлақ, Шалқар және Ырғыз жеріндегі жағдай тым ауыр болды. Себебі, қайтып оралғандардың қолында не малы, не жер өндейтін құралы, яғни өмір сүруге аса қажетті тұрмыстық заттардың болмауы қиындық туғызды [101].



1923 жылдың көктемінен бастап губернияның шаруашылығы біршама оңала бастады. Губернияға қайтып оралған босқындарды орналастыру ісі қолға алынды. Үкімет тарапынан егістік жерлерге тұқым бөлініп, қажетті техникамен қамтамасыз етілді.

Мысалы Қазақ егіншілік халкомы Кедей комитеті арқылы Ақтөбе губерниясының 1 және 2-ші Бөртс болыстарына 12 бас түйе, 2 өгіз, 5 жылқы, 4 дана темірден тоқылған шарбақ, 1 темір жүрдек арба, 7 дана жабық арба, 75 дана басқа шаруашылық тауарлары, 11 дана соқа, 13 буккер, 200 орақ, 1 300 дана қол орағы, 1 шөпшапқыш, 1 жылқыға жегілетін тырмауыш, 25 дана түрлі қосалқы бөлшектер, 1 100 ораққа қажетті бөлшектер, 50 дана шелек, 35 дөңгелек майы және т.б. шаруашылыққа қажетті заттар берілген [102].

Ашкөм комиссиясы өкілдері алыс түпкірлерге жиі іссапарларға жіберіліп, жергілікті комиссия мүшелерімен бірлесе қазақ шаруаларын егін компаниясына тарту және оларға барлық жағдайды жасау, қажетті күш көлігін, тұқымдық даярлау, өзара көмек беру қорын құру және т.б. іс-шараларды жүзеге асыруға талпынды. Десе де Ақтөбе губерниясы бұл ашаршылықтан толықтай зардап шекті, қасіретін тартты. Жүздеген шаруашылықтар тарап кетті. Халық босқындап өзге республикаларға қарай шұбырды. Шетел асты. Осы кезде Кеңес үкіметінің жүргізіп отырған саясатына деген сенімсіздік қалыптасты.

## 2. Қостанай өңіріндегі аштық

1921 жылдың 1 тамызынан бастап Қостанай губерниясындағы Қостанай, Боровск, Федоров, Семиозерный, Денисов, Адамов, Урицк, Торғай уездері аштыққан өңірге жатқызылды [103]. 1919 жылдан 1920 жылдың соңына дейін Қостанай уезі Челябинск губерниясына қарады. Барлық азық-түлік мәселесін Челябинск губерниялық азық-түлік комиссариаты шешіп келген болатын. Уездік Қазақ республикасының құрылуына байланысты Орынбор губерниясына енді. Ал Қостанай губерниясы қайта құрылған кезде бұл жерлер губерния қарамағына қайтарылып берілді.

Бір губерниядан екінші бір губернияға көшу біріншіден, Орталықпен тығыз байланыс жасауға, екіншіден құрылған губернияның жұмысына кедергі жасады. Жоспарлы түрде уезге бөлінген жабдықтар Орынбор губерниясында қалып қойды [104].

Негізінен Қостанай губерниясындағы аштықтың шығуына 1918-1920 жылдары болған Азамат соғысы, бұдан кейін қуаңшылықтың болуы үлкен әсер еткені сөзсіз. Осы кезде халық мал асырарлық шөп-жемсіз, астықсыз қалды.

Архив деректеріне сүйенсек, Орынбор, Бөкей, Ақтөбе, Орал және Қостанай губернияларындағы 1130 000 десятина егістік жердің 700 000 десятинасына егін шықпай күйіп кеткен. Қалған 430 000 десятина жерден тек 2½ млн пұт астық ғана алынды [105].

1921 жылы Қостанай губерниясында астық шықпай қалды. Оған қарасты 8 уездегі егістің әр десятинасынан алынған өнім мынадай: Қостанай уезінде – 2 пұт, Боровскойда – 1 п. 23 ф., Семиозерныйда – 2 п., Всесвятскийде – 5 п., Денисовский уезінде – 2 п., Адамовскийда – 2 п., Федоровскийда – 3 п. Торғай уезінде егістен мүлдем астық алынған жоқ. Әр десятинадан тек осындай мөлшерде ғана астық алынуы біріншіден, қуаңшылық әсер етсе, екіншіден, егісті шегіртке жеп қойуынан болды [106]. Ал Қостанай губерниялық атқару комитетінің ІІ-губерниялық кеңестер съезінде қуаңшылықтан 50% егіс көлемінің күйіп кеткендігі, барлық астық қоры біткендіктен ашыққандарды тамақтандыруға еш мүмкіншілік болмай отырғандығын баяндалды [107]. Сөйтіп,

губерниядағы қуаңшылықтың нәтижесінен егістік көлемнің 60 пайызы, кейбір аудандарда 75 пайызға шықпай қалды. Ал қалған жерден алынған астық тұрғындарды қамтамасыз етуге жетпеді. Қостанай губерниясына Орал, Самара, Уфа, Башқұрт республикасы мен басқа жерлерден келген қоныстанушы шаруалар жерлерін тастап, шығысқа Ақмола мен Семей губернияларына қарай үдере көшті. Діттеген жеріне жете алмай, жарты жолда аштан өлгендердің бейітін Қостанай губерниясының Тобыл мен Есім өзендері бойынан аңғаруға болған.

1920-1921 жылғы қыстың өте қатал болып ұзаққа созылуынан Торғай уезіндегі Шұбалаң, Тусын, Майқарын, Сарықопа болыстарындағы мал басы жаппай қырылып, уезд тұрғындары малсыз қалды [108, 218-б.].

Негізінде Қостанай қазақтардың басымы мал шаруашылығымен айналысты. Аштық басталардан бұрын, яғни 1920 жылы губернияның Адамов пен Торғай уездерін қоспағанда 149 095 бас ірі қарасы, 92 935 бас ұсақ малы, 118 331 бас жылқысы, 1273 бас түйесі, 217 925 бас қойы, 10793 бас қозысы және 25601 шошқасы болған.

Ашаршылық басталған кезде нақты мәліметтің болмауынан Адамов пен Торғай уездерін қоспағанда губернияда 114 279 бас ірі қара мал, 68 835 ұсақ мал, 112 720 бас жылқы, 1 149 бас түйе, 202 031 бас қой, 12 841 бас қозы, 28 580 шошқа болған екен [109]. 1921 жылы малға қажетті жем-шөптің жоқтығынан малдар жұтады.

Губернияда 1920 жылы 308 378 бас жылқы, 105 639 бас түйе мен өгіз, 196 463 бас ірі қара, 218 627 бас ұсақ мал, 609 374 қой мен ешкі болса, ал 1922 жылдың 1 шілдесіне қарай жылқыдан 114 976 бас, түйе мен өгізден 44 315 бас, ірі қарадан 100 158 бас, ұсақ малдан 67 572 бас, қой мен ешкіден 213634 бас қалған. Пайызға бөліп қарастырсақ, жылқыдан 63 пайызға, түйе мен өгізден 54 пайызға, ірі қара малдан 69 пайызға, қой мен ешкіден 65 пайызға кеміген [110].

Республика шаруашылығының күйзелуіне солтүстік жақта басмашылықтың шығуы, қызылдар мен ақтардың арасындағы соғыс та кесірін тигізді. 1920 жылы Торғайда жұт қатты болып, елде шөп шықпай қалғанына қарамастан, ерсілі-қарсылы жүрген әскерлер жұрттың қолында бар шөп пен азықты тартып алып, астық пен шөпті өртеп, қиянат еткен.

Қарсыласқандарға «буржуйсындар» деп қокан-лоқы көрсетті [111, 17-б.]. Торғай ауданын аралап, тексеріп келген Мардаровский 1921 жылдың өзінде уездегі 120 000 адамның 75 000-ы ашыққандығын баяндаған. 25 000 шаруашылықтың 80 пайызы малсыз қалды. Уезд бойынша ашыққандарға арналып 35 асхана ашылған [112].

Ашаршылық басталған кезде Торғай уезіндегі халықтың қолындағы бірлі-жарымды малдарының өзіне ұрылар тыныштық бермей, салған егіндері шықпай, талғауға астық таба алмай әбден киналды [113].

Ұлт зиялысы М. Дулатов уездегі аштық туралы: «Торғай үйезінде мал қырылып жатыр. Жазға салым ашаршылық күтіп тұрмыз. Елден азық таситын көлік қалған жоқ», – деп жазды [37].

Кенес үкіметін жайлаған қуаншылықпен күресуге орай 1921 ж. 27 сәуірінде Еңбек пен Қорғаныс кеңесінің төрағасы В. Лениннің қол қоюымен қабылданған қаулыда қуаншылықпен күрес ісін елдің ауылшаруашылығы өміріндегі ерекше маңызды деп есептеп, оны ауыздықтауда Халықтық жер комиссариатына тапсыра және барлық республикалардың ауылшаруашылығы тұрғындарын тарта отырып, мелоративтік жұмыстарды ұйымдастыру, агрохимиялық және ауылшаруашылық іс-шараларын жүзеге асыру көзделінді. Сонымен бірге Бас саяси ағарту комиссариаты мен мемлекеттік баспасөз және де басқа үгіт-насихат аппараттарына жұтпен күресу барысын тұрғындар арасында тарату міндеттелді. Олар күресу жолдарына арналған түрлі кітапшалар, үндеухаттар, плакаттар шығару, халықтың арасында оқулар, әңгіме, дәріс, митингі және т.б. ұйымдастыруды өз міндеттеріне алуға тиіс болды [114].

Бұл бұйрықтың артын ала 18 маусымдағы №1107 бұйрық жарияланып, қуаншылықпен тез арада күрессудің шаралары белгіленді [115].

Қостанай губерниясы уездерінде аштар саны күн сайын өсіп, қала мен дала халқы ішерге азық таппай ит пен мысық өлімтігін талғау еткен [116, 40-б.].

Уездердегі аштыққа ұшырағандарға шұғыл түрде жәрдем көрсетуге орай 1921 ж. 12 мамырда өткен уездік атқару комитетінің кеңейтілген отырысында тез арада комиссия құру, оған азық-түлік бөлімдерінің

өкілдерін тарту, азық-түлік қоры мен ашыққандарға қажетті ет мөлшерін дайындауда сойыс малдарын сатып алу қажеттігі баса көтерілді. Қажетті қосымша қаражатты Қазақ Кеңестік Орталық Атқару Комитетінен сұрау көзделінді [117].

Губерния тұрғындары ашығып, босқыншылық басталған кезде Ресей губерниясынан ашыққандар ағылды. Шілде айында 300 қоныстанушылар отбасы келіп, одан әрі жылжуға шамалары жетпей, үкімет тасмалдап әкетер деген үмітпен теміржол бойындағы станцияларда топтасып қалды [118]. Ресейден келгендер Қостанай губерниясы арқылы Ақмола мен Семей губерниясына қарай басты. Жаяу жалпы жүре алмай қалғандар губернияның ашыққандарының қатарына қосылды.

Аштықтың өлкеде жайылғаны сонша, ашыққандар жыбырлағанның бәрін жеп қойған. Мысалы, Семиозерный мен Денисов уезіне қарасты поселкелерде, тіпті бүтін болыста (Тимофеев) әтептердің дауысы мен иттің үргені естілмей қалған. Елизаветов пен Семенов болыстарында аштықтан ісініп, қиналып өліп жатқандар 30 пайызға жеткен. 1921 жылдың 15 желтоқсаны мен 1922 жылдың 15 қаптарына дейін губернияда аштықтан және денсаулыққа зиянды, жеуге келмейтіндермен қоректенгендіктен 4090 адам асқазан ауруына шалдыққан. Мұның арты өлімге әкеп соққан.

Жұқпалы аурудан Қостанай қаласы бойынша бір аптада өлген 135 адамның 100-і балалар болды. Жерлеу бюросына күнделікті 4 пен 60 адам мүрдесі әкелінген [119].

Жұқпалы аурумен күресуге дәрігерлік көмек жетіспеді. Әрі дер кезінде медициналық дәрі-дәрмектің берілмеуінен өлім көбейді. 1921 жылы Қостанай губерниясының қарамағында бар-жоғы 15 аурухана, 55 фельшерлік пункт, 1 әйелдер босанатын үй болып, онда 10 дәрігер, 108 дәрігердің көмекшісі, 5 акушер, 22 медбикелер қызмет етіпті.

Бастапқыда Қостанай қаласында, кейіннен барлық губернияда жаппай сүзек, іш, азиаттық тырысқақ сияқты жұқпалы аурулардың таралды. 1921 жылғы 25 маусым мен 1922 ж. 1 наурыз аралығындағы Статистикалық бөлімге түскен мәліметтер бойынша амбулаториялық көмекке 164 424 адам жүгініп, олардың 12 068 стационарлық көмек алған. Бұлардың

арасында 4559-ы тырыскак, 452-і бөртпе сүзегімен, 2442-і іш сүзегімен, 3936-қайтармамен, 4484-і белгісіз сүзек сияқты жұқпалы аурулармен ауырған [120].

Басқа ауруларға қарағанда ашықкандардың арасында тырыскак жұқпалы ауру тез тарады. Оған әлі піспеген жеміс-жидектер мен қайнамаған суды колдану, өліп, иістеніп кеткен малдарды жеу, шөп тамырларын талғау ету себепші болды. Жұқпалы ауру теміржол бойында топтасқандардың арасында тез тарады. Маусым айында Қостанай мен оның барлық уездерінде сүзек бәсеңдеді де, керісінше іш ауруы (дизинтерия) мен азиат тырысқағы тарай бастады. Осы кезде Қостанайға Абдулиннің жұқпалы ауру госпиталы келген болатын. Госпиталь уақытша қалада қалдырып, маусым, шілде, тамыз айларында жұқпалы ауруға қарсы скпе жұмыстары жүргізілді. Ауруларды сау адамдардан жеке ұстап, ауруынан әбден айыққанша емдеді [121]. Аурудың етек алуына байланысты губерниялық атқару комитетінің 1921 жылы 2 шілдедегі бұйрығымен төтенше санитарлық комиссия құрылды. Бұл комиссияның барлық қаулыларын губернияның барлық территориясында мұлткісіз орындауға тиістіленді [122].

Комиссияның құрамына губерниялық атқару комитетінің төрағасы, дәрігерлер гарнизонының басшысы, губерниялық денсаулық сақтау бөлімі меңгерушісінің орынбасары Кольцов пен жұқпалы аурулар барагының меңгерушісі Смирнов енді. Төтенше санитарлық комиссияның төрағалығына губерниялық атқару комитетінің төрағасы Мирошник тағайындалды [123].

Төтенше санитарлық комиссия өзінің алғашқы күнінен бастап уездік, болыстық, ауылдық жерлерде осындай комиссия ұйымдастыруды қолға алып, аштыққа ұшырағандардың санын анықтауға кірісті [124]. 21 шілдеде комиссиясы Егіншілік Халкомынан жұқпалы ауруды ауыздықтауға 5 000 000 сом ақша сұрастырды [125]. Бұл ақшаға дәрі-дәрмек алуды көздеген болатын.

Ашыққан босқындар (Польшадан келген) мен әскери тұтқындардың станцияда күніне оншақтысы өлді. Кейбір босқындар губерниялық тасмалдау (эвакуация) тарапының берсер көмегіне орай Отандарына қайтудан бас тартты [126, 7-6].

Аштарға көмек беру губерниялық комиссиясы Қостанайда 30 тамызда құрылды [127]. 1 қыркүйекте комиссия қайтадан құрылып, оның құрамына губерниялық атқару комитетінің төрағасы, азық-түлік, егіншілік комиссары, халық шаруашылығы кеңесінің төрағасы, саяси агарту өкілі, кәсіподақ кеңесінің орынбасары, қоғам төрағасының орынбасары және еңбек комитетінің төрағасы кірді. Комиссия қызметінің алғашқы күнінен бастап ашаршылықты ауыздықтауға қатысты біршама іс-шараларды жүзеге асырды. Қоғамдық қайырымдылық комитетінің жоспарын бекітті [128].

Губерниядағы уездік аштарға көмек комиссиясы ауыр жағдайға байланысты кешеуілдете, яғни 25 қазанда, болыстық, селолық комиссия органдары 15 қарашадан өз жұмысын бастады [129]. Сондай-ақ ашқомның ауылдық, поселкелік ұйымдары да құрылды. Толық емес мәліметке қарағанда 15 желтоқсанда аштардың 1 губерниялық, 8 уездік, 75 болыстық, 353 селолық, ауылдық комиссиясы, барлығы 437 комиссия құрылып, жұмыс істеген. Губернияның тұрғындары бар аудандарда құрылған комиссияны есептегенде, олардың саны жалпы 670-ге жеткен.

Бұл комиссия аштарға көмек көрсетумен бірге қала мен теміржол станциясына топталып қалған аштарды орналастырумен де айналысты [130].

Губкомиссияның бастапқыда қолында губерниялық азық-түлік комитетінің бөлген аздаған қорегі ғана болғандықтан аштықпен күреске ауыздықтауға белсенді түрде кірісе алмады. Дегенмен оның жанынан секциялар құрылып, келген азық-түлікті, астықты, тұқымдықты қабылдап алу мен аудандарға бөлу, көмек апталығын өткізу, аш ересектер мен балаларды тамақтандыру, оларды орналастыру, медициналық көмек көрсету, тағы басқа іс-шараларды жүзеге асырды.

Біршама уақыт өте келе губерниядағы комиссия жанынан құрылған қоғамдық қайраткерлердің өзара көмек комитеті таратылды. Керісінше «Аштарға Бүкілресейлік көмек көрсету апталығын» өткізу үшін «Үштік» комиссиясы құрылды [131]. Оның құрамында Виенко, Громов, Мальков сияқты мүшелері еніп, қойылымдар мен әдеби кештерді өткізуді қолға алды. Сонымен қатар барлық қалалық ұйымдарға екі апталық көмек

уақытында 1000 сом көлемінде ақшалай көмек көрсету, 20 жасқа дейінгі темекі шегетіндерге 3000 сом, алтын және басқа да әшекей бұйымдар тағатындарға 10 000 сом, ұйым жиналысына бір рет қатыспағандарға 1000 сом, екі рет қатыспағандарға 3000, үш рет қатыспағандарға 10 000 сом көлемінде салық салып, оны көмек қорына қосу жөнінде қаулы қабылданды [132]. Дегенмен губкомиссияның жұмысында кемшіліктердің орын алуынан тексеру комиссиясын құруға алып келді. Бұған мәселен, азық-түліктің дұрыс бөлінбеуі немесе қолды болуы, губкомиссия өкілдерінің қызметіне салғырт қарауы және т.б. болды [133].

Аштардың жағдайының ауырлығын Смағұл Сәдуақасұлы да «Қызық Қазақстан» журналында ашық жазды. Әсіресе Қостанай мен Торғай өңіріндегі аштықтан қырылып жатқандығына қынжылыс білдірді. «...Қостанайдың ортасынан қазақтың халі жаман. Қазақ ішінде аштық жазға қарсы көбейді. Жер қарайып кеткен соң қайта қар жауып, малдың жартысына жуығын қырып кетті. Ел ішінде өліп жатыр. Жәрдем жоқ», – дей келе, ұлт зиялысы Жүсіпбек Аймауытов Орынбор азаматтарына «аштардың жанына барыңдар» деген шақыртуына «жанына барғанмен біздің әдемі көзіміз тамақ болатын көрінбейді» деп уәж айтады. Ол Қостанай өңіріндегі көріністі сол қалпынша суреттеп береді. Аштарға көмек комиссиясының жұмысында аштарды «орыс, қазақ» деп бөлмей, есепті бірдей бөліп, асханалар лайықты үйлерде ашылып, аштарды тамақтандырып отырғандығын келтіреді [134, 30-33-бб].

1921 ж. 28 шілдесінде Қостанай қалалық атқару комитеті аз уақыт ішінде қаланың барлық алаңдарында, бақтарында, көшелер мен аулаларында тазарту жұмыстарын жүргізу, әсіресе қалалық базарды оңтүстік-батыстағы Михайлов алаңына көшіру және жәрменкеде бұрыш, сарымсақ, тұздалған қиярды сату шаң-тозаң болмас үшін жабық түрде жүргізілу тисітігі жөнінде қаулы қабылданды. Саудагерлер өзі отыратын орнын міндеті түрде күнделікті тазалап отыруға тиіс болды. Сондай-ақ шөппен тамыздықты бұрынғы Иванов диірменінің жанындағы мал базарында сатуға рұқсат етілді. Сондай-ақ бұл базарда азық-түлік сатуға тыйым салынды. Базарда сауда жасау уақыты таңертеңгі 7 мен кешкі 19 аралығы болып белгіленіп, оны бақылау қалалық және аудандық милиция



құзырына тапсырылды. Бұл ережені бұзғандар заң жүзінде жауап беретін болды [135]. Қаулының орындалу барысы жақсы нәтиже берді. Базарларда ашкөм қорынан таратылған азық-түлік сатылымға шығарылса, бірден милиция тарапынан тәркіленіп алынды. Сондай-ақ қоғамдық орындарда біршама тазалық орнады.

Мәліметке сүйенсек, 1921 жылдың тамызынан 1922 жылдың маусымына дейін губернияда іш сүзегінен 2700 адам ауырып, олардың 961-і қайтыс болған. Қайталама ауруынан 3588 адам ауырып, олардың 1511-і өлсе, ал бөртпеден 792 адам ауырып, 325-і өлген. Аштықтың әсерінен 60 448 адам ауруға шалдығып, 19 391-і қайтыс болған екен.

Ауырған адамдарға медициналық көмек көрсетілмеді. 1922 жылы маусымда бүкіл губернияда бар-жоғы 17 аурухана мен 49 фельдшерлік пункттер ғана болды. Осы мекемелерде 6 дәрігер, 56 фельдшер, 13 медбике, 4 акушерка, 88 үйде күтуші (сиделка), 44 санитар мен 38 түрлі шаруашылық атқаратын адамдар қызмет еткен [136, 14-б. ].

Қостанай губерниялық атқару комитетіне ҚОАҚ-тың 1921 ж. 13 желтоқсанда және 26 желтоқсанда жіберген жеделхаттарда сүзек пен тағы басқа жұқпалы аурулармен күресетін төтенше санитарлық комиссиясын құру мәселесі қаралып, оның құрамына губерниялық төтенше комитетінің төрағасы, денсаулық бөлімінің, губерниялық санитарлық комиссия менгерушілері енгізілмек болды [137].

Құрылған төтенше санитарлық комиссия қала мен губерниядағы жұқпалы ауру барысын анықтап, жасаған қорытындысында жұқпалы аурумен өлгендерді жерлейтін жеке орын бөлу қажеттігін көтерді. Қостанай қаласында аштан, жұқпалы аурудан өлген 200-дей адамның мүрдесі жиналып қалғандықтан өліктерді жерлеуге қажетті иіңқырларды қазуға 20-50 адам қажеттігін ескертті. 20-50 адамды арнайы осы жұмысқа жегуді, өлгендерді залалсыздандыру жүргізу арқылы тез арада бөлінген зиратқа апарып жерлеуді ұсынды. Сонымен бірге жұқпалы аурумен ауыратындарды ауруханада жеке ұстауды да маңызды санады. Оларды жинауға және залалсыздандыруға да біршама күш пен транспорттың қажеттігі баса айтылды. Ауруларды қабылдайтын ауруханалардың жағдайы нашар болғандықтан ішкі жөндеуден өткізіп, жарықпен, отынмен, жылы

көрпемен, таза киіммен камтамасыз ету, ауруларды шомылдыратын, жуындыратын бөлме жасау, жатын, жуынатын орындарды қатаң түрде тазалықта ұстауды басты назарға қойды. Сонымен қатар әрбір уездік төтенше санитарлық комиссия құрып, ауруханалар, жұқпалыларды жеке емдейтін барактар ашу, оны қажетті заттармен камтамасыз етуді де талап етті. Комиссия қоғамдық жатақханаларда, ауруханаларда, балалар үйінде, үйлерде өлгендердің қатары да көбейіп келе жатқандығы мен қаражаттың жоқтығынан өлгендерді жерлеуге асықпай отырғандардың барлығын анықтады [138].

Қостанай губерниясында 1921 жылы желтоқсанда губерниялық еңбек бөлімінің ұйымдастыруымен қоғамдық жұмыс отрядтары құрылып, 560-тай адам мүше болып, көшелерді қардан тазарту, мүрделерді жинау және т.б. маусымдық жұмыстарды атқарды. Алайда бөлімнің оларды тамақтандыратын мүмкіншілігі болмай, тек 1922 жылдың маусым айынан бастап тамақтандырыла бастады [139].

Губерниялық Ашкөм бөлімге барынша азық-түлік бөлуге тырысты, Мәселен, инженер Букиничтың жетекшілігімен жүргізіліп жатқан мелиорациялық құрлыс жұмысшыларына 4500 пұт ұн бөлініп, берілді [140].

1921 жылы 13 қазанда болған Төтенше комиссияның отырысында ашыққан Қостанай мен Торғай уездері Акмола губерниясына бекітіліп беріліп, Торғай уезінен қанша молшерде азық-түлік керектігін анықтау, Акмола губерниясының Атбасар мен Көкшетау уездеріне өкіл жіберу, осы екі уезден жиналған жылудың 100 000 пұтын Торғай уезіне беру жөнінде шешім қабылдады [141].

1921 ж. 15 желтоқсанында мәліметіне сүйенсек, губернияда 192 340 адам (7436 бала) ашыққан. Оның 184 904-і уезд бойынша, 7436-ы қала бойынша ашыққан екен [142, 64-65-66.].

Қостанай РК(б)П губерниялық комитеті мен губерниялық атқару комитетінің органы «Степная заря» газетіне жарияланған мәлімет бойынша, 1922 жылдың 1 қаңтарында Қостанай губерниясында аштыққа ұшырағандардың саны 283 749 адам болса, ал 1 мамырда 347 497 адамға дейін жеткен [143].

Аштықтың нәтижесі губерния тұрғындарының азаюына алып келді. 1920 жылғы санақ есебі бойынша анықталған 577 477 адамнан 9%-ын құрайтын 411 572 адам ғана қалған. Губернияның 60%-і, яғни 246 311 адам ашыққан [144].

Қосымша мәлімет бойынша 1922 ж. 15 қаңтарына қарай ашыққандардың саны 283749-ге жетті. Бұлардың арасында 16 жасқа дейінгі балалар, қарттар мен мүгедектер, еңбекке жарамсыздар мен жарамдылар болды. Төмендегі тізбеден Қостанай губерниясына қарасты 8 уезд бен Қостанай қаласында ашыққандардың санын қорығуымызға болады:

| р / с | Аудан атаулары | 16 ж. дейінгі балалар | Қарттар мен мүгедектер | Еңбекке жарамсыз | Еңбекке жарамды | Барлығы |
|-------|----------------|-----------------------|------------------------|------------------|-----------------|---------|
| 1     | Қостанай       | 13220                 | 1777                   | 6152             | 7601            | 28750   |
| 2     | Боровский      | 15959                 | 11589                  | 7112             | 19423           | 54183   |
| 3     | Федоров        | 14330                 | 4777                   | 4846             | 12057           | 36010   |
| 4     | Семиозерный    | 5400                  | 4140                   | 6657             | 9317            | 25514   |
| 5     | Денисов        | 14038                 | 4071                   | 4917             | 7774            | 30800   |
| 6     | Урицк          | 8473                  | 2422                   | 1737             | 6260            | 18892   |
| 7     | Адамов         | 7400                  | 1685                   | 2742             | 4573            | 16400   |
| 8     | Торғай         | 30000                 | 10000                  | 10000            | 10000           | 60000   |
| 9     | Қостанай қ.    | 5900                  | 2000                   | 4250             | 1050            | 13200   |
|       | Барлығы        | 114720                | 12461                  | 18412            | 74155           | 283749  |

Ашыққандардың қатарына бір жылқысы мен сиыры ғана бар шаруашылықтар мен жеуге тамағы жоқ, түрлі шөп пен ағзаға зияны барларды талғажау еткен азаматтар мен балалар енген. Осыдан келе 1920 жылғы санақта анықталған губерниядағы 537 403 адамның 1922 ж. жазына дейін 52 пайызының ашыққанын байқауымызға болады.

Ашкөм мекемесін жағалап тамақ сұрағандардың мекеме алдында өліп кететіндері күнделікті жағдайға айналған. Ауруханалардың жағдайы да аса ауыр болды. Түскен жұқпалы ауруларды емдеуге қажетті медициналық дәрі-дәрмектер мен азық-түлік жетіспеді. Жұмысшылар мен қызметкерлер де бірнеше ай қамсыздандыру бөлімінен жалақы мен тиісті азықтарын алма алмағандықтан ашығып, жұмыс істеуге қауқарсыз болып қалған.

Губернияда бар 17-і және Қостанай қаласындағы 3-еу, барлығы 20 асханадан 9338 адам ғана тамақтана алған. Олардың 6238-ы губерниялық асханалардан, 3100-і Қостанай қаласындағы асханадан ас ішкен [145]

Аштықпен күрес барысында ашкөмнің уездік съездерін өткізу жайы қарастырылды. Аштықпен күрес барысын ұйымдастыру мен жоспарлау мәселесін қолға алатын бұл съезд 1922 жылдың 10 қаңтарына дейін өтуге және уездік, болыстық ауылдық ашкөмнен өкілдер міндетті түрде қатысуға тиістіленді. Съездің негізгі міндеті барлық қоғамдық күштерді, партия, кәсіподақ, кеңестік және жекешілдердің күштерін аштықпен күреске жұмылдыру, өзара көмек қорларын құру, жергілікті халықтан көмек сұрау, губашкомнан өкілін енгізу арқылы байланыс орнату, ашылған тамақтандыру пункттеріндегі және барлық уездердегі азық-түлік және тұқымдықтың барлығын анықтау болды. Сонымен қатар съезде ашыққандардың санын, олардың арасында еңбекке жарамдыларын, аудан бойынша тамақтандырылып отырғандардың санын анықтап, астықты егіс көлемі мен мал басы жайында нақты мәлімет беруді де міндеттеріне алды.

Съезде қаралған тақырыптар губерниялық аштар комитетіне жіберілетін болды. Уездік ашкөмнің алдында қоғамдық тамақтандыру орындарын ашу, көтемдік егістікке тұқым даярлау, қаржылай және заттай көмек іздеу, аштарды кәсіпорындар мен қолөнер орындарын ашу арқылы еңбекке тарту, үгіт пен насихат арқылы көмек іс-шараларын ұйымдастыру тұрды [146]. Сөйтіп, осы съезд арқылы губерниядағы аштықты ауыздықтауда азық-түлік, тұрмыстық ресурстарды есепке алу маңызды саналды.

Негізінде бұл жиында Қостанай губерниясына қарасты уездерде аштық барысы, онымен күресу жолдары мен алда жүргізілетін іс-шаралар қаралуға тиісті болатын. Баяндамашылар әр уездегі ашылған асханалар мен тамақтану пункттердің жайы, олардың азық-түлікпен қамтамасыз етілуі, жұқпалы аурулармен күрес, медициналық көмек көрсету барысы, көктемдегі егістікке дайындықтың жоспарлануы турасында есеп беруі қажет еді. Қаржы секциясына да өз жұмысы жайында есеппен съезге қатысушыларды таныстыру міндеттелді. Сонымен қатар аштар-

ды кәсіпорындар мен қолөнер орындарын ашу арқылы еңбекке тарту, үгіт, насихат арқылы көмек іс-шараларын ұйымдастыру тапсырылды. Бұл съездің нұсқауына губерниялық Ашкөмнің төрағасы Яковлев пен хатшысы Гроза қол қойды [147].

26 қаңтарда Қостанай губерниялық атқару комитеті кеңесінің міндетті қаулысы жарық көріп, жұқпалы сүзек ауруының ұлғаюына жол бермеу үшін тез арада көшелерді, үй аландарын қоқыстан тазалау, сүзекпен ауырғандар анықталған бойда Жедел Жәрдем бюросына хабарлау, көше бойындағы өліктерді жинау, барлық жерлерде тазалау шараларын өткізу бұйырылды [148]. Әрбір көшелердің тазалығы мен су ішетін орындар бақылауға алынды.

Губерниядағы ауыр жағдайды айтып, аштыққа көмек көрсетуді өтінген қолдаухатпен Қостанай губкомының өкілі Д. Ковалев Мәскеуге 1922 ж. 29 қаңтарында жетті. Негізінде ол Мәскеуге көктемдік егістікке тұқымдық бөлуді шешуге барған болатын-ды. 2 ақпанында осыған орай БОАК-не Калинин мәлімдеме түсіріп, губернияда бар астық пен егістікке арналған тұқымдықтың жетпейтіндігін, кезінде Егіншілік Халық комиссариатына, Азық-түлік Халкомына қажетті астық өнімдерінен көмек беру жөнінде өтініш түсіргендігін, Қостанай губерниясындағы 499 205 адамның 237 749-ы ашығып отырғандығын айтып, көмек беруді сұрады [149].

4 ақпанда Мәскеудегі қазақ өкілеттілігіндегі Андреевтің атына өтініш түсіріп, губерниядағы мән-жайды хабардар етіп, көктемдік егістікке қажетті бидай, сұлы, тары, бұршақ пен тағы басқа тұқымдық өнімдерді бөлуге көмек сұрады [150]. Өкініше орай, орталықтағылар губерния жайында ешқандай да ақпарат білмейтіндіктен, әзірше Орынбор губерниясына ғана көмек бере алатындығын жеткізді. Олар Д. Ковалевтан губерниядағы аштыққа ұшырағандар нақты мәлімет беруді талап еткен. Бірақ ол қолында ондай ақпараттың болмауынан, губернияның ауыр жағдайын дәлелдей алмады. Дегенмен АРА ұйымының өкілі Эйдукке жолығып, көмек беруді өтініп, оның азық-түліктей жүк жіберетіндігі жөніндегі уәдесін алды. Сонымен бірге Балалардың өмірін жақсарту жөніндегі Орталық комиссиясының төрағасы Корнеевке де жолығып, «губернияда ашығып жатқан балаларға азықтай, ақшалай көмек көрсетсе,

аштық жоқ губернияларға көшуге қол ұшын берсе» деген өтінішін айтты [151].

Д. Ковалев 7 ақпанда губернияның ауыр жағдайын айтып, В. Ленинге хат жазуға мәжбүр болды. Хатында көктемдегі егістік үшін тұқымдық дәнді-дақыл алуда Қостанай губерниясының егістігіне қажетті мөлшердегі тұқымдықтан: бидай – 190 000, арпадан – 105 000, сұлыдан – 36 000, тарыдан – 25 000, зығырдан – 14 000, күнбағыстан – 25 000 беруді мөлшерлеп отырғандығын, зығыр, күнбағыс пен бұршақ өнімдері ауа райының тез суып кетуіне байланысты үсіп кететіндіктен бұл өнімдер өсірілмейтіндігін, губернияның теміржол бойынан шалғайлығынан РКФСР-дан және АРА ұйымынан ешқандай да тұқымдық көмек алмай келгендігін айта келе, көктемдік егістік үшін зығыр, күнбағыс, бұршақтан басқа губерния тарапынан сұрастырылып отырған мөлшерде дәнді-дақылдарды бергізуіне мұрындық болуын өтінді [152].

22 ақпанда Д. Ковалев Кремльге, РКФСР Еңбек және қорғаныс кеңесіне, Ленинге тағы бір хат жолдап, Қостанай губерниясына қараған 8 уездердің ішінде қаладан Торғай – 530, Адамов уезі – 380, Демисов уезі – 160, Урицкий уезі – 130 шақырымдық жерде, ал қалған 4 ауданның орталықтан 54 пен 100 шақырым аралықта екендігін айта келе, шалғай уездерге барудың өте қиындығын, қажетті транспорттың жоқтығынан аталған аудандарға тұқым тым кеш жеткізіліп, егін егілмей қалу қаупі төніп тұрғандығын жеткізді. Тұқымдық болмаған соң шаруаларға қанша мөлшерде жер жырту қажеттігін білмей отырғандығын да баса келтірді.

Оның үстіне 1921 жылдың қаңтарынан маусымына дейінгі аралықта әскерлерінің қалдығы көтеріліп, шаруалардың қолынан бар астықты тартып алуы қиыншылық тудырғандығын да келтіреді. Ақгвардияшылардың губерния территориясындағы шаруаларды күштеп өз қатарына қосып алуы немесе шаруалардың жаппай Петропавл, Көкшетау мен тағы басқа қалаларға кетуінен егістік жерлерге астық егілмей, арты халықты аштыққа ұрындырғандығын айта отырып, жердің шалғайлығынан Орталық Ашкомнан бөлінген азық-түліктерді жеткізе алмай отырғандығын келтіре, Еңбек және Қорғаныс Кеңесінен Қостанай губерниясына 50 автомашина

бөлдіртіп беруді де өтінді [153]. Әрине, оның бұл талаптары орынды болса да, жоғарғы үкімет өз күштерімен атқаруды ұсынды. Дегенмен де егістікке арналған тұқымдықты бөлдіртіп алудың өзі ірі бір жеңіс еді.

1922 жылдың басында әр уездерде аштық жайын қарастырған съездер өткізу қолға алынып, өңірді жайлаған аштықтан құтылу жолы қарастырылды. Мәселен, ақпанда Торғай уезінде болған 3-ші кеңестік съезде уездің 1921 жылдың 15 мамырынан 1922 жылдың қаңтарына дейінгі аралықтағы хал-ахуалы қарастырылды. Ашкөмнің төрағасы Қошымбековтың уездегі ашаршылыққа қатысты баяндамасы тыңдалып, осыған орай қойылған сұрақтарға жауап берілді. «Уезде І-ші категориялы ашыққандар бар ма?», «Қанша асхана ашылып, ашыққандарды тамақтандыруда?», «Ашыққандарға азық-түлік қалай бөлініп берілуде?», «Аштарға арналып қоғамдық жұмыстар жүргізілуде?» деген сұрақтарға берілген жауапта барлық болыстық атқару комитеттеріне үш категорияға бөлген ашыққандардың тізімін беру жөнінде нұсқау болғандығын, алайда аштардың нақты саны анықталмағандықтан І категориялы ашыққандар туралы мәліметтің жоқтығы айтылды. Келесі жауаптарына қарасак, Торғайда тек бір ғана асхана ашылып, онда 250 адамды тамақтандыра алған. Ал уездерде аштар ауқаттанатын ешқандай орын ашылмаған. Бұдан әрі қатысушылар арасында аштықты ауыздықтауға қатысты жүргізілген іс-шаралар талқыланды [154].

Съезд барысында ашығып отырған жерлерден, төтенше ашкөмнің және өзара көмек көрсету комитетінде жұмыс істеу үшін бір-бір өкіл сайлауда Әбдірахманов, Наурызбаев, Бектемісов пен Шортамбаевтың кандидатуралары ұсынылды. Дауысқа салу барысында төтенше ашкөмге төрағалыққа Бектемісов, орынбасарлығына Шортамбаев, әлеуметтік қамсыздандыру бөліміне Әбдірахманов сайланды [155].

Төтенше Ашкөм мен өзара көмек көрсету комиссиясына Орынбор Ашкөм нұсқауларының орындалу барысын қадағалап отыру жүктелінді. Мәселен, Алмановтан Торғай уездік атқару комитетіне келген жеделхатта 63 пұт астықтың Торғай уезінен басқа жаққа жібермеу, бөлініп кеткен жағдай болса, қайтадан қайтартқызып алу қажеттігін ескертті. Бұл астықты уездік атқару комитеті ғана бөліп бере алды [156].

жергілікті қажеттілік үшін ғана ішкі салық салған. Губерниялық ашкөм үкіметке 2-ден 10-ға дейінгі десятина жері барлар 1 ф., 10-нан 15-ке дейінгілер 1½ ф., 15-тен 20-ға дейін 2 ф., 20-дан 25-ке дейін 3 ф., 25-тен 40-қа дейін 5 ф., 40-тан 100-ге дейінгілер 7 ф., ал 100 десятина жерлері барлар 10 ф. астық өткізуге тиістілігі жөнінде қаулы шығарды. Бұл міндеткерлік губерниялық, уездік мекеме қызметкерлеріне де жүктелді. Олар әр сайын үш фунт ұн өткізетін болды. Сонымен қатар жеке мүліктерге де салық салынды. Мәселен, берденке мылтығы барлар 5 000, велосипеді барлар 50 000, аңшы иттері барлар 50 000 сом ақша төлейтін болды.

Мекемеде, қоғамдық орындарда, мектептерде және т.б. жерлерде темекі шеккендерге 25 000 сом айып салынды. Саудаға рұқсаты барлар әр саудасынан түскен пайдасының 20 пайызын үкіметке өткізуге міндеттелінді. Бұл міндеткерліктен жиналған ақша аштар комиссиясына берілді [160].

1921 ж. қараша айынан бастап губерниялық төтенше аштар комиссиясы Семей қаласына астық айырбастауға өкілдер жібере бастады. Мәселен, Попов пен Салуяновты осы мақсатта Семей қаласына жіберілген [161]. Сөйтіп, Семейден алынған 1500 бас мал губернияның әбден ашыққан казактарына таратылды. Орыс шаруаларына да 190 бастай ірі қара мал, сиыр, жылқы, түйе мен Акмола губерниясынан сатып әкелінген 13000 пұттай астық үлестірілісі [162].

Губернияның жастары да құлшына салық жинау, жылу жинауға кірісті. Қостанай қалалық комсомол жастар одағы да кезектен тыс жиналыс өткізіп, жылу жинау жөнінде шешім қабылдап, еріктілерден көмек жинап, ашкөмдерге тапсырған [163].

Жылу жинау акциясына Қостанай қаласының 69-ншы жаяу әскер дивизиясының әскерлері де белсене кірісті. 16 қарашада өткен жиналыстарында үш күндік азықтары мен айлықтарының 5 пайызын көмек ретінде беру жөнінде шешім қабылдады [164].

1921 ж. 22 қарашада губерниялық аштарға көмек комиссиясының жанынан қоғамдық тамақтандыру секциясы құрылып, оның төрағалығы губерниялық азық-түлік комиссариатының өкілі Ефремовке жүктелінді. Секция губерния көлемінде тамақтандыру орындарын ашты, қалада



1921 ж. 30 желтоқсандағы жоғары орынға жіберілген хаттағы мәліметке сүйенсек, губернияның 7 уезінде 450 000 адамның (олардың 240 000 бала, 210 000 ересектер) 100 000 баласы мен 50 000 ересектері тамаққа зәру болған.

Губерниялық аштар комиссиясының қайта-қайта өтініш жасауымен Мәскеуден Қостанай губерниясына 854 000 000 сом ақша мен желтоқсан айына 35 000 бала мен 7000 ересектерге азық-түлік жіберілген. Бұл азық-түлік мына мөлшерде бөлінген: балаларға 13125 пұт, ересектерге 13131½ пұт астық, балаларға 5250 пұт, ересектерге 350 пұт жарма, балаларға 6562 ½ пұт, ересектерге 1312½ пұт ет, балаларға 8750 пұт, ересектерге 5250 пұт картоп, балаларға 9843 ¼ пұт, ересектерге 2625 пұт түрлі жеміс, балаларға 583½ пұт, ересектерге 175 пұт тұз [157].

Үкімет аштықты жергілікті халықтың күшімен жоюға тырысты. Ауқатты дегендерден алынатын салықтан басқа, көмек ретінде жылу да жинады. Азық-түлік салығын жинау барысында Қостанай губерниясында желтоқсан айының бірінен онына дейін 127 пұт астық, 27 пұт май тұқымы 3 қадақ, 414 дана жұмыртқа, 100 пұт 13 қадақ май, 24 ірі кара мал, 279 уақ мал, 1461 пұт 20 қадақ жем-шөп, 154 пұт 58 қадақ жүн алынған екен. Нәрсе салығымен төмендегідей: 96 пұт 7 қадақ астық, 175 пұт 7 қадақ май тұқымы, 197 ірі кара мал, 1000 пұт жем-шөп жиналған.

Азық-түлік салығымен жиналғандар 19092 пұт 8 қадақ астық, 592 пұт 12 қадақ май тұқымы, 80822 дана жұмыртқа, 598 пұт 35 қадақ май, 165 ірі мал, 714 ұсақ мал, 37900 пұт жем-шөп болды. Сонымен қатар айырбастау арқылы 133 дана жұмыртқа, 3 пұт 26 қадақ май, 3088 ірі мал, 1959 пұт 27 қадақ жүн жиналды [158, 40-б.].

Жалпы Қостанайдағы аштар комитетіне 1921 ж. 29 желтоқсанынан 1922 жылдың 5 қаңтарына дейін 3 375 313 сом жәрдем жиылған [159]. Босатылған қаражат пен салықтан жиналған азық-түлік, мал ашкөмдерге берілді.

Қостанай губерниялық азық-түлік комиссариатының Қазақ Халықтық Азық-түлік комиссариатына берген 1922 жылға арналған есепті баяндамасында губернияда 1921-1922 жж. мемлекеттік салық дұрыс жүргізілмегендігі айтылды. Жергілікті губерниялық атқару комитеті

жергілікті қажеттілік үшін ғана ішкі салық салған. Губерниялық ашкөм үкіметке 2-ден 10-ға дейінгі десятина жері барлар 1 ф., 10-нан 15-ке дейінгілер 1½ ф., 15-тен 20-ға дейін 2 ф., 20-дан 25-ке дейін 3 ф., 25-тен 40-қа дейін 5 ф., 40-тан 100-ге дейінгілер 7 ф., ал 100 десятина жерлері барлар 10 ф. астық өткізуге тиістілігі жөнінде қаулы шығарды. Бұл міндеткерлік губерниялық, уездік мекеме қызметкерлеріне де жүктелді. Олар әр сайын үш фунт ұн өткізетін болды. Сонымен қатар жеке мүліктерге де салық салынды. Мәселен, берденке мылтығы барлар 5 000, велосипеді барлар 50 000, аңшы иттері барлар 50 000 сом ақша төлейтін болды.

Мекемеде, қоғамдық орындарда, мектептерде және т.б. жерлерде темекі шеккендерге 25 000 сом айып салынды. Саудаға рұқсаты барлар әр саудасынан түскен пайдасының 20 пайызын үкіметке өткізуге міндеттелінді. Бұл міндеткерліктен жиналған ақша аштар комиссиясына берілді [160].

1921 ж. қараша айынан бастап губерниялық төтенше аштар комиссиясы Семей қаласына астық айырбастауға өкілдер жібере бастады. Мәселен, Попов пен Салуяновты осы мақсатта Семей қаласына жіберілген [161]. Сөйтіп, Семейден алынған 1500 бас мал губернияның әбден ашыққан қазақтарына таратылды. Орыс шаруаларына да 190 бастай ірі қара мал, сиыр, жылқы, түйе мен Ақмола губерниясынан сатып әкелінген 13000 пұттай астық үлестіріліді [162].

Губернияның жастары да құлшына салық жинау, жылу жинауға кірісті. Қостанай қалалық комсомол жастар одағы да кезектен тыс жиналыс өткізіп, жылу жинау жөнінде шешім қабылдап, еріктілерден көмек жинап, ашкөмдерге тапсырған [163].

Жылу жинау акциясына Қостанай қаласының 69-ншы жаяу әскер дивизиясының әскерлері де белсене кірісті. 16 қарашада өткен жиналыстарында үш күндік азықтары мен айлықтарының 5 пайызын көмек ретінде беру жөнінде шешім қабылдады [164].

1921 ж. 22 қарашада губерниялық аштарға көмек комиссиясының жанынан қоғамдық тамақтандыру секциясы құрылып, оның төрағалығы губерниялық азық-түлік комиссариатының өкілі Ефремовке жүктелінді. Секция губерния көлемінде тамақтандыру орындарын ашты, қалада

аштарға ыстық тамақ беруді қолға алды, аш балаларды балалар үйлеріне орналастырып, тамақтандыру орындарында кезекшілік ұйымдастырды [165].

Ашыққан әлсіз адамдардың арасында жұкпалы ауру тез тарады. Бурабай қаласында медициналық көмек көрсетудің әлсіздігінен, дәрі-дәрмектің болмауынан тырысқактан өлгендердің қатары анықталды [166]. «Степная заря» газетінде қалада бірнеше күннің ішінде 20 түрлі аурулармен ауырғандығы, тырысқактың өршіп бара жатқандығы жөнінде хабарлама басылып [167], газет қала тұрғындарын жұкпалы ауруға қарсы абайлау шарасын жүзеге асыруға шақырды [168].

1922 ж. 4-11 қаңтарында Қостанай қаласында болған губерниялық азық-түлік кеңесінде Грозаның азық-түлік органдарының аштықпен күресудегі міндеттері жөнінде баяндамасы тыңдалып, азық-түлік қызметкерлерін аштық қатты жайлаған жерлерге аса назар аударуға шақырды.

Баяндама бойынша аштықтан өлімнің көбейіп бара жатқандығы, көктем шыға тұрғындар азық-түлік іздеп босып кететіндігі, қажетті тауарды жеткізуге транспорттың жоқтығы баса айтылды. Осы баяндама негізінде сөйлеген Кудакөв аштар комиссиясы аштыққа ұшырамаған губерниялардан тауар айырбастау арқылы астық әкелуде өте шабан сендігін айта келе, астықты губернияға үш емес бірнеше өкілдерді жіберу арқылы қызметтерін жандандыруға болатындығын ескертсе, ондан кейін сөйлеген Трофимов, Вороничев, Сукач және т.б. комиссия жұмысының кемшіліктерін атап, тез арада аштармен күресудегі белгіленген міндеттерді қолға алу қажеттігін көтерді.

Айтылған кемшіліктер мен ұсыныстар негізінде тез арада губернияда бар өнімді астыққа айырбастау ісін жүзеге асыру үшін астықты өңірлерге астық айырбастауға арнайы өкілдер жіберілетін болды. Балық пен аңшылық артельдері қолға алынып, АРА ұйымымен тығыз байланыс орнатылып, олардың әкелген азық-түліктерін бөліп, тарату жұмыстары жүргізілетін болды [169].

1922 жылы 6-9 наурызда М. Мұрзиннің төрағалығымен ашылған Қостанай губерниялық 2-ші кеңестік съезінде Аштар комиссиясының төрағасы А. Гроза баяндама жасап, аштардың қатарының ұлғайып

келе жатқандығынан губерниялық аштар комиссиясы өз күшімен оны ауыздықтауға дәрменсіз болып отырғандығын, 1 наурызға дейін губернияда 30000 адамның аштық тырнағына ілінгендігін, бұл 52 пайызын құрайтындығын, олардың 17 пайызы өлгендігін, аштықпен күрестің бірден бір жолы егін егіп, астық алу екендігін баса көрсетті [170]. Балалардың жағдайын жақсарту жөніндегі сайлау комиссиясының төрағасы Аверин Федоров уезінің халқының жағдайы басқа аудандарға қарағанда әлдеқайда жақсы екендігін айта келе, алайда уезде ашыққан 15 596 адамның тіркелгендігін, уездегі асханалардан 500 адам бірден тамактанатындығын, 33 балалар үйі мемлекеттің қарамағында екендігіне тоқталған. Ал Денисов уезінің өкілі 44 140 адамның 70 пайызы ашығып, жергілікті тұрғындар өз күштерімен ауыздықтай алмай отырғандығын атап өтті. Ол сондай-ақ балалар үйінде 400-дей баланың барлығын, олардың жағдайлары өте нашарлығын, өлім 50 пайызға жеткендігін, аң-құс демей, қолдарына түскендерді талғажау етіп отырғандығын ашына хабарлады. Ол сонымен бірге Қостанай (99167 адамның 30000), Урицк, Семиозерный (75 пайызы ашыққан), Адамов (50 000 адамның 25 000 ашыққан, өлім 15 пайыз), Торғай уездерінің де мүшкіл жағдайын, аштықтан өлушілер қатары көбейгендігін де атап өтті. Бұл уездегі 120 000 тұрғынының 56 000-ы ашығып, аудандағы бір асханадан бар-жоғы 200 адамды ғана тамақтандыра алды.

Съезд аштықпен күресуде ашыққандарға азық-түліктей көмек көрсетулі, санитарлық көмекті күшейту арқылы жұқпалы аурулардың алдын алу, егін компаниясына барлық жағдайды жасау, ол үшін қажетті күш көлігін, тұқымдық даярлау, өзара көмек беру қорын құру және т.б. іс-шараларды жүзеге асыруды жөнінде қарар қабылдады [171].

Дегенмен Қостанай уезінің осы съезде қабылдаған мәселелері бірден әрі толықтай орындалған жоқ. Оған әрине, ашыққан уездердің шалғайлығы, күш-көліктің жетіспеушілігі үлкен сылтау болды. Губерниялық ашкөм өз күшімен ауыздықтауға бар күшін салды. Өкінішке орай ішкі қордың жоқтығы қолбайлау болды. Десе де жергілікті партия қайраткерлерінің, өлке азаматтарының, зиялыларының бірнеше рет өтініш білдіруінің нәтижесінде Орталық Ашкөмнен губернияға 1922 жылдың қаңтарына

дейін 46 800 пұт азық-түлік жіберілсе, ал наурызында 40 000 пұт, барлығы 86 800 пұт азық-түлік берілді. Маусым айына дейін 50 020 пұт 19 ф. азық-түлік алынып, оның бәрі уездік ашкөмдерге бөлінген [137, 15-б.]. Алайда бұл алынған азық-түлікпен аштықты жою мүмкін емес-ті. Губерниялық ашкөмнің мәліметі бойынша 1922 ж. қараша айына дейін аштық пен жұқпалы аурудан 45 603 адам өліп, 24 215 шаруашылық жылқысыз қалды, 6140 шаруашылықта мүлдем мал қалмады, 4375 шаруашылық егін себуге шамалары жетпеді, 4045 адам үй-күйсіз қалса, 15 381 бала жетім және жартылай жетім атанды. Аштықтан қираған шаруашылықты қалпына келтіруге 5 миллион алтын ақшаның қажеттігі сезілді.

Аштық адам етін жеуге алып келді. 1922 ж. 14 наурыз бен 15 маусым аралығындағы Қостанай губерниялық атқару комитеті төралкасы есебінде мындаған аш адамдарды өлім күтіп тұрғандығын, адам жеу деректері жиі қайталанып жатқандығын бірнеше мысалдармен келтірді. Өкілдер ашыққан ер адамның өз баласын бауыздауға дайындалып жатқандығының үстінен түссе, бір отбасының өлген балаларын жеу барысына тап келген [172].

Ұлт зиялысы М. Дулатов «Қазақ календары» журналында ашаршылықтың зардабынан адамдардың арасында кісі етін жеу орын алғандығын түршіге хабарлады. «Туған анасы өмірінде маңдайына шертіп көрмеген аяулы баласын, өліп бара жатқан соң тірідей азық қылмады ма?» – деп келтіре отырып, мұндай деректердің жиі қайталанатындығын да атап өткен [173, 116-118-бб.].

Қостанай губерниясының Денисов уезіндегі Викторовский болысында адам етін жеу дерегі анықталды. Осы ауданның Құмдықөл болысында 1922 жылы 8 наурызда бейіт маңынан адамның дене мүшелері, яғни әйелдің басы, екі қолы және қаракесек еттері салынған қапты көтеріп бара жатқан әйел ұсталған. Татьяна Солонова деген әйел де бейіттен бірнеше рет өлген адамдарды қазып алып, екі аптадай азық еткен. Өлген анасын қазып алып, басын, қолдарын, жүрегін, бауырын пісіріп жеген. Осыған байланысты комиссия құрылып, акт жасалды. Жалпы Денисов ауданында өлген адам етімен қоректенген бірнеше фактілер тіркелген [174].

Қостанай губерниясының Адамов пен Семиозер аудандарында да осындай жантүршігерлік жағдайлар болған [137, 4-6.].

Губерниядағы ауыр жағдайға байланысты Ашкөм барлық уездердің болыстарына апта сайын алынған азық-түліктің кімдерге, қанша мөлшерде бөлінгені жөнінде мәлімет беруді талап етті. Тіпті 1922 жылдың 11 ақпанында арнайы шешім шығарды да. Салық салу барысының орындалу барысы мен жіберілген кемшіліктері жөнінде де ақпар сұрастырылды. Сондай бір жағдай Добрынский поселкесінде орын алғандығы жөнінде хабарлама түсіп, поселке тұрғындары малдарын жасырып қалғандығы анықталған. Милиция бөліміне оларды заң жүзінде жазалауды және тез арада оларды тұтқындап, бар малдарын тәркілеп алу тапсырылды. Мұның алдында 3 ақпанда болған Қостанай өлкелік аштарға көмек комиссиясы президиумының отырысында жасырынып қалған малдарды анықтау мен жасырған иелерді сотқа тарту мәселесі көтерілген болатын [175].

Қостанай губерниядағы ашыққан балалардың жағдайы туралы баяндама жасаған Ашкөм ОК-нің төрағасының орынбасары С. Сергеев те ашыққандардың саны кемігеннің орнына күннен-күнге өсіп келе жатқандығын атап өткен. Оның есебінше Торғай ауданында 1921 ж. 1 желтоқсанына дейін жалпы ашыққандар 30 000 болса, ал ашыққан қарттар мен мүгедектердің саны 10 000 жеткен [176].

«Ақжол» газеті «Елемесек өлеміз!!!» деген үндеу тақырыпты мақала жарияланып, онда Қазақстан азаматтарына Торғай уезіндегі жағдайға назар аудару жөнінде дабыл қақты. Онда біріншіден, Торғай уезінің темір-жолдан шалғайлығы, екіншіден, кәсіпшілігі мол қаладан өте шалғайда орналасқанды тұқым жоқтығынан егін егілмегендігі, үшіншіден, мал басының азайғандығы, төртіншіден, Торғай өлкесінің ашыққан өлке ретінде ресми жарияланбағандығы, бесіншіден, Торғайға жіберілген астық жетпей қолды болып кеткендігін ашына келтірілді [177].

Осы нөмірдегі келесі бір мақалада Торғайда 1921 жылдың қысында барлық мал жұтап, жердің шалғайлығынан әрі көліктің жоқтығынан уезге астық тасып алу мүмкіншілігі болмай отырғандығы айтылды. Орынборға астық жағдайын шешуге екі адам жіберіліп, Атбасардан 130 000 пұт астық алуға келісіп келді. «Елдің жүдеушілігін адам айтып тауыса алар

емес: аштық, жалаңаштық, ауру, өлім, шұбырған қатын, еркек, соңында шұбырған бала, көзінде жас... мал ұрлығы есепсіз, көз алдында тартып алуға тайынбайды», – деп келтіріле отырып, Торғай халқына көмек беретіндер, қол созатындар болса қабыл алатындығын білдіреді [178]. Шалқар, Ақтөбе, Ырғыз елдерінен Қазалыға азық алуға барушыларды милиция ұстап алып, азық-түліктерін бермей өздерін босқа қайырған. Газет милиционерлерге үкімет тарапынан «азық-түлікті шығармандар» деген бұйрық болған шығар, дегенмен бұл тек қазақтарға ғана арналған бұйрық екендігін айта отырып, барлық азық Ресей ашыққандарына кетіп жатқанына қынжылыс білдіреді. «Аз қой асып жеуіне алып бара жатқан қазақты ұстағаны іргелес Торғай губерниясының қазақтарын аштыққа, өлуге қиғандықтары, хүкіметтің шаруа жүзінде ұстаған жолын түсінбегендігі бұған тиісті адамдар көз салу керек», –деп келтірілді [179].

«Ақжол» газеті Қазалы уезіне қарай онымен қоныстас отырған Ырғыздан жаяу-жалпылап аштардың келе жатқандығын жөнінде ақпар жариялады. Сонымен бірге ұрлық-қарлық көбейіп кеткендігін, оның үстіне ел ішінде азық салығын жинауда өз пайдалары үшін мал жинап жүргендердің қатарынын аз еместігін, салық салғанда да мөлшерден көп алатындығын баса жазды. Мәселен, Шыбынды болысы І-нші ауыл қазағы Сермақан Аманжоловтың 7-8 сиыры (үшеуі бұзаулы), он шақты түйесі, отыз шақты тауығы бар еді. Осы малдары үшін азық-түлік жинаушы ауылдық атқару комитетінің бастығы азық салығына бір құнан өгізін, бір ту қойын, 12 қадақ жүнін алса, ал қалған үш бұзаулы сиырға Қамысты бастығы май алатын пунктке 12 қадақ сары май салған. Ал қалған малына желтоқсанның басында (1921 ж.) Шыбынды болыс атқару комитетінің бастығы Жаймағамбет Аманбай баласы қасына милиционерді алып «малдарыңның санын жасырып қалғансың, түрмеге қаматамыз» деп қорқытып, 300 мың сом ақша мен үш құлаштан астамырақ киізін алып кеткен [180].

1922 ж. 8 наурызында Қостанай губерниялық атқару комитетінің БОАК комиссиясы мен Қостанай губаткомы төралқасының қаулысы негізінде Қостанай губерниясынан сыртқа азық-түлік тасымалдауға тыйым

салған бұйрығы жарық көрді. Ендігі жерде бойынша Қостанай губерниясынан тыс жерлерге іссапарға баратындар өзімен белгілі бір мөлшерде ғана азық-түлік алып жүре алатын болды [181].

Көктем шығып, күннің жылынуына байланысты 1922 жылдың сәуірінде Қостанай губерниялық төтенше комиссиясының жұқпалы аурумен күресуге арналған міндетті қаулысы қабылданды. Сүзек, тырысқақ ауруларының көктем уақытында жайылмауының алдын алу барлық үй аулаларын, су құдықтарының маңайын, базарларды тазалауды қолға алу міндеттелінді. Тырысқақ ауруын алдын алу үшін сақтану жолдарын ұсынды. Барлық су ішетін құдықтардың айналасын тазалап, судың бетін арнай қақпақпен жабу әрі сол жерге су алатын шелек қою керектігі айтылды. Сонымен қатар барлық мекемелер, кәсіпорындарға ауызсуды қайнатып ішу үшін су қайнатқыштар мен самаурындар қолдану, адам көп жиналатын жерлерге су қайнатқыштар қою, базарларды жиі тазалау, әкпен әрлеп отыру, жылу түсуіне байланысты барлық тамақты жерге емес, үстелдің үстіне қойып сату, оның бетін ақ матамен жабық ұстау қажет деп тапты. Тобыл өзенінің маңындағы құдықтарды тазалап, арнайы қақпақпен жабу көзделінді. Көң немесе қи төгуге тыйым салынды. Құдығы барларға тазаламаған жағдайда айыппұл салынып, қатаң түрде жауапқа тартылатын болды. Бұл қаулының орындалуын қалалық милиция бақылауға тиіс болды. Аталған қаулыны орындамағандар жауапқа тартылатын болды [182]. Бұл қаулы біріншіден, суды ластатпауға тосқауыл болса, екіншіден, арнайы бақылаудың нәтижесінде ауызсудың лайлануына, үшіншіден, жұқпалы аурулардың тамақ арқылы таралуына жол бермеу болатын.

Губерния Ашкөмі уездердегі жағдайларды бақылауға, тексеруге өкілдерді жиі жіберіп отырды. Мысалы, 24 сәуірде А.З. Гроза Ашкөмнің өкілі ретінде Денисов пен Федоров уездеріне жағдайды анықтап, аштарға қажетті қаражатты сол өңірден қарастыру мәселесімен барып қайтты [183].

Егістік алқабында жұмыс үшін қажет етті. 20 мамырда Қостанай губерниялық әскери комитетінің бұйрығы бойынша қаладағы барлық қолда бар жылқылар мен түйлереді есепке алып, қожайындарымен бір-



ге әскери комитетке келуге тиістіленді. Бұйрықты орындамағандар заң жүзінде жауапқа тартылатын болды [184]. Торғай революциялық комитеті Қызылжынғылды болысындағы Көкембасев бандасын құрту барысында алған 9 түйе мен 2 жылқыны иелеріне қайтару талқыланған. Түйе мен жылқыларды балалар үйлері мен асханаларға егістік алқабында күшкөлік ретінде де пайдаланылды [185].

Губернияның басына түскен ауыр жағдайдан құтылудың жолы қолдағы бар мүмкіншіліктерді қолданып қалу екендігін халыққа түсіндірудің аса маңыздылығын жергілікті әкімшілік түсінді. Губерниялық атқару комитеті төрағасының орынбасары М. Сералин мен хатшысы Сұлтанбековтың қол қоюымен жарияланған «Шаруа жолдастар!» (Товарищи крестьяне!) деп аталатын үндеуде «Сіздер егін ектіңіздер және жаңа астықты жинап аласыздар. Сонда сіздер тоқ болып, келесі жылы да егін етуге мүмкіншіліктеріңіз болады» дей келе, мемлекет пен жұмысшы шаруалардың астықты қажетсініп отырғандығын, осы астықпен Қызыл Әскерді, ауруханалар, балалар үйін, теміржолдарды қамтамасыз етуді, ашыққандарды тамақтандыру керектігін айта: «Голод еще не пережит. Много еще осталось разоренных голодом крестьянских хозяйств. Для поправления государственного и крестьянского хозяйства советской власти нужен хлеб. Этот хлеб может дать вы, товарищи крестьяне!» деп оларға үміт артатындығын келтірді. Сонымен қатар үндеуде азық-түлік салығын уақытында төлеудің маңыздығы да атап өтілді [186].

Өзара көмек қолын созуда бір күндік жалақыларын ашкөмге бөлуге барлық мекемелер атсалысуға тырысты. Мәселен, 1922 ж. 5 сәуірдегі губерниялық милиция жиылысында 1 сәуірден 1 қарашаға дейінгі аралықта аштарға жылу ретінде өз араларынан берілетін жәрдем мөлшерін белгіледі. Бір күндік ұн мен ай сайынғы жалақыларының бір күнін аударатын болды. 1 мен 20 сәуір аралығында өткізілген жылу жинаудың арқасында 18 352639 сом ақша жиналып, аштар комиссиясына №87 төлеммен өткізіліпті [187].

А.З. Гроза Қостанай губерниясының атынан 1922 жылы 20 маусымда Самарада болатын ашыққан аудандардың жер жайына қатысты өткізілетін конференцияға жіберілді [188]. Шілде айында Қостанай губерниялық

ашкөмінің атынан жылу жинауға Семей губерниясына И.И. Клочков жіберіліп, оған көмек ретінде жиналған малды Семей губерниясынан айдап әкелуге рұқсат берілді. Иссапар барысында барлық мекемелер мен ұйымдарға және аштарға көмек комиссияларына Клочковқа оның жұмысына қолдан келгенше көмек көрсету сұралынды [189]. 7 қыркүйекте Ашкөмнің шешімімен Баенов Орманбай Семейден жиналынған жылу малдарын айдап әкелу үшін Акмола губерниясына жіберілді [190]. Губернияның тұрғындарынан жиналған жылу түрлі тұрмысқа қажетті заттар мен азық-түліктен еді. Мысалы, қолғап, ас пісіретін ыдыс, қант, түйме және т.б. Жылу жинаушылар толтырған қағаздарында бұл зат пен азықтың бағасын шығарып отырды [191].

Губерниядағы аштықты ауыздықтауға бар күшін жұмылдырса да ашыққандардың саны әлі де болса көп еді. Жергілікті тұрғындар мен басқа губерниялардан, Ресейден келген босқындардың қарасы толас-тамады. 1922 ж. шілдедегі мәлімет бойынша Қостанай губерниясында ашыққан 317 467 адам тіркелген. Оның 50 985-і балалар еді. Жұқпалы аурумен ауырған 97 адамның 14-і өлген. Губерния бойынша 1 157 адам ғана дәрігерлік амбулаторияға жүгінген. Солардың 422-і ғана толықтай емделді [137, 30-б.].

Азық-түлік тапшылығынан 1 шілдеге дейін губерниядағы 123 асханалардан арнайы рұқсатпен бар-жоғы 5 190 ғана тамақтандырылған. Тек маусым айынан Қостанай губерниясында АРА ұйымы келіп, Қостанай, Федоров, Бурабай аудандарына көмек көрсете бастады [192].

Өлім аузында жатқан аштарға губерниялық комиссияның өкілі М. Мұрзин Торғай азық-түлік комитетіне ескертпей 15 000 пұт нанды таратып жіберуге мәжбүр болды. Осыған байланысты 1922 ж. 23 шілдесінде болған Қостанай губерниялық атқару комитеті Алқа мәжілісінде оны жауапқа тарту жөнінде шешім қабылданды [192].

1922 ж. 4 тамызында Төтенше өкіл Земельдің қол қоюымен Қостанай губерниясында жұқпалуы аурумен күреске жұмылдыру жөнінде бұйрық жарық көріп, онда барлық кеңестік мекемелерге, ұйымдар мен кәсіпорындарға, базарларға жіберіліп, тырысқак ауруының пайда болуына байланысты үш күн ішінде ғимараттарында суды қайнатып ішетін

ыдыстар мен қолдарын тазалайтын арнайы ертінді кою, ғимарат ішінде тазалық сақтауды талап етілді. Базарлардың киімін таза ұстау және қайнатылмаған су мен квас сусынын, жемістерді сатуға тыйым салынды [194].

1922 ж. 2 қыркүйегінде болған Қостанай губерниялық 3-ші Кеңестер съезінде 1922, 1923 жылдары аштықпен күресудің жаңа әдісі пен тәсілдері қарастырылды. Қабылдаған қаулыда аштықпен күрестіруді жалғастырып, шаруаларға құрал-жабдық, несие беру арқылы өндіріске тарту, өндіріс қорын құру, ашкөм ОАК пен КОАК арқылы әлсіз шаруаларға шаруашылығын қалпына келтіру үшін Мемлекеттік банктен қаржылай ссуда беру, губерниялық ашкөмге Екіншілік орындарымен және Статистикалық бюромен губерниядағы қор және азық-түлікке қатысты жоспар жасау, болыстық қорлар құру қажеттігі, сонымен қатар АРА ұйымының қызметін өлкеде тоқтату мәселелері шешілді [195].

1922 жылдың 1 қыркүйегінде Қостанай губерниялық өзара көмек қоры жабылды. Бұл туралы 4 қыркүйекте қор төрағасы барлық жергілікті мекемелерге хабарлама жіберіп, қордың жабылғанына дейін көмек бергендерге алғысын білдірді [196].

Аштар комитеттерін жою қарсаңындағы оперативтік мәліметтер бойынша ашкөмге Орталықтан 1 043 000 сом, жергілікті тұрғындардан 2 481 019 сом 39 тиын ақша түскен, жалпы қорда 3 523 079 сом 39 тиын болған. Оның 3 324 303 сомы ұсталса, ал 333614 сом қарыз болған. 15 қазанында қорда 174 570 сом ақша қалған. Сонымен бірге Орталық пен жағдайлы губерниялардан 147325 пұт азық-түлік жиналған. Оның осы уақытқа дейін 9076 п. 1,1 ф., шығындалып, қорда 565 60 п. ¼ ф. қалған.

Губерния бойынша уездерге мынадай мөлшерде азық-түлік бөлінген:

1. Қостанай – 7199 п. 17 ф.
2. Боровой – 10793 п. 35 ф.
3. Семиозерный – 11716 п. 36 ф.
4. Денисов – 7504 п. 38 ф.
5. Урицк – 4226 п. 14 ф.

6. Федоров – 18078 п. 08 ф.

7. Адамов – 5317 п. 10 ф. [197].

Осы уақыт аралығында 2178 бала мен 3091 ересек, жалпы 5269 адам көшіріліп, аштықтың салдарын жою жолындағы күресте әлі де болса 59494 адам тамақтандыру қажеттігі айқындалды [198].

22 қыркүйекте өткен губашком Төралқасының мәжілісінде 15 қазанға дейін БОАК Аштар комиссиясының аштарға көмек комиссиясын тарту арқылы аштық салдарымен күресу комиссиясын құру жөніндегі радиограммасы бойынша Қостанай ашкомы аштарға көмек комиссиясын жойып, оның орнына аштық салдарымен күресу комиссиясын құру жөнінде қаулы қабылданды [199].

1922 жылдың күзінен Қостанай губерниясына Ақмола мен Семей губернияларынан жылудан түскен малдар әкеліне бастады. Қыркүйек айынан Семей губерниясынан жиналған малды қабылдап алуға ашкомның өкілдері Титов пен Баянов жіберілді [200]. 21 қазанда Ақмоладан бас 365 өгіз, 37 бас жылқы, 92 бас сиыр және 5 бас түйе жеткізілді [201].

Қостанай губерниясы бойынша 1923 жылдың орта кезінде 1920 жылмен салыстырғанда губерния бойынша жылқы саны 63 %-ке, түйе мен өгіздер 58 %-ке, ірі қара (сауын) малы 50 %-ке, қой мен ешкі 65 %-ке азайды, ал жазғы егіс көлемі 62 %-ке кеміді [108, 218-б.].

1922 жылдың 21 қарашадағы Қостанай РК(б)П және губерниялық атқару комитетінің органы «Степная заря» газетінің санында «Аштық әлі жойылған жоқ» (Голод еще не изжит) деген мақала басылып, онда губернияда аштық пен жұқпалы аурудан 45603 адам өліп, 24 215 шаруашылық жылқы күшінсіз, 6 140 шаруашылық малсыз, 4375 шаруашылық егінсіз, 4 045 үйсіз, 15 381 бала жесір қалғандығы айтылды.

1 қарашаға дейін Қостанай губерниясында ашыққандардың саны 61 994-ке жетті. Олардың 30 347-і қазақ та, 29 147-і орыс өкілдері еді. Газеттегі мақалада аштықтың әлі жойылмай тұрғандығы айтылып, керісінше үдеуі мүмкін деп тұжырымдап, әлі де көмек қолын созуды жалғастыра түсуге үндеді [202].

Қостанай мен Торғайды жайлаған аштық тек 1922 жылдың соңында ғана бәсеңсіді. 1923 жылдың басында Қостанай губерниялық Азық-түлік

комитетінің бұйрығы бойынша 23 қаңтарынан бастап губерниядағы аштықпен күрес жүргізудегі жауапты басшылық И.Н. Суровцевқа жүктелінді [203].

1923 жылы да аштықты ауыздықтауда губернияның кейбір уездерінде әлі де болса қиыншылықтар кездесті. ҚОАК жанындағы Аштарға көмек орталық комитетінің өкілі Ашмаринның мәлімдеуінше Можар ауданындағы тұрғындары тұқымның жоқтығынан егін сала алмаған, жұмыс малы оларға берілмеген, өзара көмек комитеті дұрыс жұмыс жүргізбеген, қазақ малшыларының малдары арасында ауру тараған, бар егіске шегіртке қаптаған. Осыған орай АКОК-ті көмек көрсетуді күшейтіп, егінді шегірткенің жеп қоюына жол бермеуге көңіл аудару керектігін көтерді. Әлі де болса губернияға назар аударып, көмекті жалғастыра түсуді өтіңді [204].

Губерниядағы ашаршылықтан құтқару әрі шаруашылықты қалпына келтіруде үкімет бар күшін салды. Өз мекендеріне қайтып оралған босқындардың барлығын салық түрінен босатып, жеңілдіктер берді. Ауылшаруашылығына қалпына келтіруді қолға алатын комитет құрды. Тұрғындарға медициналық көмек көрсетіліп, азық пен киім-кешектер, тұрмысқа қажетті заттар үлестірілді. Дегенмен қайғы-қасірет әкеліп, тұрғындарының тең жартысы қырылуына, басқа елдерге босып кетуіне алып келген бұл ашаршылықты ұмыту мүмкін емес еді.

### 3. Ақмола мен Семей губернияларындағы аштық

Аштықтың алғашқы кезеңінде Семей мен Ақмола губерниялары Батыс өңірге қарағанда қатты аштық тырнағына іліккен жоқ. Сол кездерде Семей губерниясына Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан және Қарқаралы уездері, ал Ақмолаға Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Петропавл уездері мен Омбы уезінің бір бөлігі қараған болатын [205, 252-6.].

Аштықтың алдында Семей губерниясының әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі Қызыл әскер ардагерлері мен мүтедектеріне, Азамат соғысында қаза тапқандардың отбасыларына, әлеуметтік тұрмыс-тіршілігі төмен жанұяларға көмек көрсетумен айналысқан еді. Губернияда 11 мүтедектер үйлері ашылып, онда 500-ге дейінгі мүтедектер орналастырылды. Семей қаласында мүтедектерге арналған етік, себет тігетін және т.б. шеберханалар жұмыс істеген.

Жаңа экономикалық саясаттың енгізілуі мен салғырттың салықпен алмастырылуы ендігі жерде әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің мемлекет тарапынан мұқтаждарға көмек көрсетуін шектеді. 1921 жылдың 14 мамырындағы ХКК-нің орнына Шаруалар өзара көмек комитеті құрылып, барлық орыс селолары мен қазақ болыстықтарында комитеттердің бөлімшелері ашылды [206].

1920 жылғы санақ мәліметіне сүйенсек, Семей губерниясында 1 049 128 адам болған. Осы жылы 2 539 571 бас мал болса, аштық басталған 1921 жылы бұл малдан 1 877 927 бас, 1922 жылы 1 785 023 бас мал қалды [207, 4,20-66.].

Семей мен Ақмола губерниялары да аштықтың алғашқы күнінен бастап, басқа губерниялардан босып келгендерге көмек қолын созды. Төтенше комиссияның 1921 жылғы 6 тамыздағы отырысында Семей мен Ақмолада аштарға көмек комиссиясын ашу турасында шешім қабылдап, оларға аштарға көмек қолын созу, губерниядағы барлық ұйымдарды көмек жұмыстарына жұмылдыру, аштар үшін жылу жинау мен оны ашыққандарға үлестіру міндеттері жүктелінді [208].

Ғалым Г.Ф. Дахшлейгердің жазуынша, осы екі губернияға республиканың азық-түлік аппараттарының негізгі күштері жіберіліп, жер-

гілікті партия мен кеңес ұйымдарымен бірлесе азық-түлік салығын жинастырып, ашыққандарға көмектесуге кіріскен. Қараша айында Семей губерниясында салық есебінен 1 млн. пұт астық, 11 мың пұт май, 2 млн. дана жұмыртқа жиналған. Ал 1922 жылдың маусымында губерниядан 3 млн. 168 мың пұт астық пен 17 мың пұт май жиналған екен. Ет жоспарын тапсыру үш есе артығымен орындалды. Ақмола губерниясынан 826 мың пұт астық, 7642 пұт май, 168 пұт ет жинақталып, Орталық ашкөмге жіберілді. Негізінде жиналған азық-түлік салығы республикаға ғана емес, ашығып жатқан Повольже, Башқұртстанның өнеркәсіптік орындарына жөнелтілді. Мәселен, 1922 жылы Семейден 225 вагон азық-түліктің 170-ін Москваға, ал қалғандары Саратов, Самара, Казанға жіберілген екен [209, 155-156-бб. ].

Ресейде басталған оба ауруы босқындардың келуінің нәтижесінде Семей облысына тарап, Алаш және Семей қалаларында күн сайын оба ауруынан олушілердің қатары көбейе түсті [210].

Республиканың ішкі губернияларынан ғана емес, көршілес республикалардан ашығып босқандар Ақмола мен Семей губерниясына қарай ағылды. Теміржол бойы, вокзал, халық көп жиналатын жерлер аш босқындарға толып кетті. Босқындардың көбеюі азық-түлік мәселесінде қиындықтар туғызды. Соның нәтижесінде жергілікті тұрғындардың азығы таусыла бастады [211].

Семей губерниялық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің баяндамасына сүйенсек, губернияда 11 аралас мүтедектерге арналған үйлер ашылған. Семей қаласындағы 500 мүгедегі бар 4 үйде етікші, себет жасаушы, ағаш өңдеуші, тігіншілік шеберханалары жұмыс істеп, ауыр жағдайға қарамастан табылған шикізатты қолдану барысында жақсы нәтиже шығарды.

1921 жылдың 14 мамырында ХКК-нің декреті бойынша губернияда шаруалардың өзара көмек комитетін құру қолға алынды. Әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі ашыққан босқындарға арнап екі асхана ашты. Желтоқсан айының екінші жартысында 388 түстік ас берілсе, қаңтар айында аштар 12707 түстікпен ауқаттанған [212].

Ашаршылыққа ұшырағандарға көмек көрсету комиссиясы Семейде 13 тамызда құрылып, ашыққан губернияларға көмек қолын созды [213]. Әсіресе босып келгендерді тіркеуге алып, орналастыру, тамақтандыру, жылы киіммен қамтамасыз етуге кірісті.

Негізінен Семей губерниясына босқындардың келу толқыны 1921 жылдың шілде айының аяғында басталған. 1922 жылдың 1 қаңтарына қарай анықталған мәлімет бойынша сырттан губернияға 9217 адам келген. Олардың 3072-і балалар. Санитарлық поезбен 4981 ашыққандар жеткен. Көрсетілген уақыт аралығындағы өлкеге келгендердің жалпы саны 14198 адам болды. Сонымен қатар өз аяқтарымен келген, есепке ілінбегендердің санын анықтау мүмкін болмаған. Басымы жұмысқа жарамсыздар-тын.

Семей қаласы босып келгендерді қабылдауға дайын емес еді. Оларды орналастыратын үйлер жетіспеді. Оның үстіне жылы киімдермен қамтамасыз етуге еш мүмкіншілік болмады. Дегенмен далада қалып, қатып қалмас үшін нашар жабдықталған ғимараттарға орналастырылды. Қалаға күніне келетін ашыққан босқындардың саны 40-50-дей болды. Семей мен Алаш қалаларында ашылған екі бірдей асхана күніне тек 500-дей аштарды тамақтандыра алды. Өкінішке орай, барлық жинақталған азық-түлік пен астық губерниядағы аштарға берілмей, Орынборға жөнелтілген екен. Оның үстіне губернияға қарасты уездерден келген босқындардан жұққан бөртпе сүзегі жайылып, медициналық көмектің болмауынан онымен толықтай күресуге дәрімен жетпеді [214]. Семей губерниясында құрылған ашкөм комиссиясы жылу жинаумен қатар ашығып, босып келген ересектер мен балаларды, сондай-ақ жергілікті халық арасында ашыққандарды қаладағы бос ғимараттарға орналастыру жұмыстарын да қолға алды [215].

Семей губерниялық Ашкөмі 1921 жылдың 18 тамызы мен 5 қараша аралығында губернияда жиналған азық-түлікпен ашыққан Башқұрт республикасына көмек қолын созды [216]. Семей қаласында бұған дейін 1921 жылдың желтоқсанында басқа өлкеден босып келген аштарға арналған екі асхана ашылып, онда күніне 200-дей адамды тамақтандырып отырды [217].



«Қызыл Қазақстан» журналының жазуынша, Семей губерниялық аштарға көмек комиссиясы станциялар мен қаланы өлген аштардан таза-лап, оларды жерлеп, босып келгендер аштарды біразын қаладағы уақыт-қабылдау үйлеріне, босқындарға арналған үйлерге орналастыруға тырысты. 3 желтоқсандағы есеп бойынша Семей қаласындағы аштардың саны 9682 адамға жеткен. Бұлардың үш есесі балалар еді. 10 желтоқсанға дейін губернияда жылу жинау барысында 276 138 115 сом ақша, 1 700 000 пұт астық, 1 722 пұт жеміс, 100 пұт ет, 341 бас сиыр, 5 229 ұсак мал жиналды [218].

1921 жылдың желтоқсанда Семей губерниясынан аштарға көмек көрсету Орталық комиссиясына өлкені ашыққандар санатына қосу жөнінде жеделхаг жіберіп, өтініш білдірді. Алайда Аштарға көмек көрсету Орталық комиссиясы губернияның әл-ауқаты басқа губерниялардан қарағанда жақсы деген шешім шығарып, ашыққан губерниялар санатына қоспайтындықтарын мәлімдеп, керісінше ашыққан бір адамды жағдайы жақсы он адам көмек қолын созып, жылу жинауға көмек көрсетсе деп қолға салды [219].

Аштық басталған кезде Семей губерниясының Қарқаралы мен Зайсан уездерінде аштық белгілері біліне бастаған. Бірақ бұған жергілікті үкімет мән бермей, керісінше Ресейден келген шаруалар үшін губернияда 336 ауылдық және 87 болыстық өзара көмек комитеттерін құрып, жергілікті тұрғындардан артық астық пен азық-түліктен көмек жинастырылып, орыс шаруаларына қолдан келгенше көмек берді. Ал қазақ тұрғындарының арасында қазақ инструкторларының жоқтығы сылтауратылып, мұндай комитеттер ұйымдастырылмады [207, 65-66, 79-80-бб.].

Ашкөм комиссиясының жұмысында алғашқы кездерде қателіктерге де орын берілді. Семей губерниясындағы Аштарға көмек комиссиясының жұмыс барысын тексеруге келген Орталық Аштарға көмек комиссиясының өкілі Ғаббас Тоғжанов мәлімдемелік баяндамасында үш ай болған уақытында Семей губерниялық аштарға көмек комиссиясының қателіктері мен қиыншылықтарын жіпке тізгендей көрсетіп берді. Оның біріншісі, қаражаттың жетіспеушілігі, екіншісі, аштарға көмек комиссиясының

бағаланбауы, үшіншісі, комиссия құрамында қазақ қызметкерлерінің болмауы, төртіншісі, он шақырымдық сызық мәселесінің, қазақтар мен орыстардың арасындағы өзара қатынасын қалпына келтіру, шабынды жерлерді пайдалану, милиция құрамын жақсарту барысының шешілмеуі болды [220]. Бірақ Семей Ашкөмі аштық жайлаған уақытта бар күшін аштықты ауыздықтауға жұмылдырды. Оның жұмысына губернияның барлық зиялылары, қайраткерлері белсене қатысты.

Аштық жайлаған кезде губерниялық камсыздандыру және Еңбекті сақтау комиссиялары ашыққан босқындар үшін екі асхана ашты. Асхананың жанынан нан пісіретін наубайханалар ашылып, желтоқсанның алғашқы жарты айында 388 адам тамақтанса, 1922 жылдың кантарында 12 707 адамға түстік ас берілді. Губерниялық камсыздандыру бөлімі мемлекет тарапынан жеткілікті ақшалай қаржы ала алмаса да, бар мүмкіншіліктерімен босқын аштарға көмек қолын созуға тырысты [221].

Өлкедегі аштықпен күресте губерния барынша өз күшіне жүгінуге мәжбүр болды. Ақылы түрде түрлі театрланған қойылым, концерт, кештер ұйымдастырды. Алайда Семей губерниялық ашкөм комиссиясының 1922 жылы 1 қаңтарда болған жиналысында осы іс-шарадан түскен ақша есепке алынбағандықтан қайта кетіп жатқандығы белгісіз екендігі айтылып, алдағы уақытта рұқсатынсыз мұндай іс-шараларды өткізуге тыйым салу жөнінде қаулы қабылданды. Түрлі жиыннан түскен ақша мен азық-түлік, киім-кешектер ашкөмге өткізілуі тиістіленді [222].

1922 жылы 9 қаңтарда Семей губерниялық аштарға көмек комиссиясының аштарға тұрақты түрде көмек көрсету жөніндегі нұсқауы жарық көріп, барлық уездік комиссияларға жіберілді. Онда ашыққандарға күнделікті берілетін азық-түлік нормасы белгіленді. Мәселен, аш адамға берілетін бір күндік құрғақ азық-түліктің құрамында бір фунт ұн немесе астық, 3 фунт түрлі тамақ (май, ет, шошқа еті, балық және т.б.) болды. Осы нұсқау негізінде аш адамдарды болыстар, село немесе ауылдар бөліп алып, тамақтандырса, дәулетті отбасылары да аштарды мүмкіндігінше ауқаттандыратын болды [223]. 1922 жылы 23 қаңтардағы Семей

губерниялық аштарға көмек комиссиясының шешімімен Орынбордағы Аштарға көмек комиссиясының өлкелік съезіне Егоров жіберілді [224].

1922 жылы Семей губерниясы ұлт зиялыларының бастамасымен ашыққан өңірлерге көмек көрсету, яғни ерікті түрде жылу жинау науқаны қолға алынды. Семей губерниялық ашкомның №14-ші жарлығында: «Халыққа келген үлкен апат. Аштық күн санап, сағат санап жаман ұлғайып барады. Сондықтан мемлекеттің кейбір жаны ашығандардың ықтиярлы жәрдемдерімен аштарға жәрдем қолын созайық...», – деп келтірілді [225]. Жылу малдай, азық-түлік, киім-кешектей жинастырыла басталды. Сонымен қатар губерниядан астықты басқа тауарға айырбастау алуға үкімет тарапынан рұқсат етілген болатын. Дегенмен бұл жағдайды алыпсатарлар, саудагерлер пайдаланып қалуға тырысты. Ақпан айында Қазақ Халкомының төрағасы М. Саматов Қазақ ОАК-нің төрағасы С. Меңдешев пен Орталық Ашқомға С. Сергеевке жіберілген жеделхатта Семей губерниясына түрлі ұйымдардың қаптап келіп, тауарларын астыққа айырбастап алып жатқандығы, ал губернияға бекітіліп берілген ашыққан губерниялар әлі өз өкілдерін жібермегендігін хабарлап, бұл мәселені тез арада қолға алуды, көлденең пайда табушыларға госқауып қоятындай заң қабылдауды өтінді [226].

Семей губерниясы сияқты Ақмола губерниясына ашыққан губерниялардан босқандар топ-топ болып келді. Губернияға Қазан губерниясынан 600 ашыққандар, Симбирсктен – 250 адам, Уфадан – 300-дей, Нижегородтан – 50 аштар, Самарадан – 500 адам, Вяткадан – 100 адам, Рязаннан – 250 адам, Воронежтен – 100 адам, Петроградтан – 100 адам, Саратовтан – 75 адам келген екен. Губернияға босып келушілердің қатары ұлғая түскендіктен комиссия олардың нақты санын шығара алмады. Сондықтан әрбір уезге өкілдер жіберіліп, босқындардан басқа жергілікті тұрғындардың арасында ашыққандардың санын да анықтауға кірісті.

Жергілікті халықтың өзінен салық төлеуге шамалары келмегендер анықталып, 1-ден 3-ке дейін малдары барлар салықтан босатылды [227].

Акмола губерниялық атқару комитетіне 1921 жылдың маусымынан ашыққан губерниялардың уәкілдері келіп, тауарларды нанға айырбастауға рұқсат беруді өтінген.

Губернияда аштарға көмек комиссиясы 1921 жылы қыркүйек айында құрылды. Оның құрамы үш адамнан тұрып, төрағалығын Казаков атқарды. Комиссия босып келгендерді ыстық тамақпен қамтамасыз ету үшін тамақтандыру пункттерін ашты [228]. Уездерде ашыққандар үшін екі апталық және үш апталық ерікті түрде жылу жинау жұмысын жүргізді. Ай сайын қызметкерлер мен жұмысшылардың айлығынан жәрдем алынып отырды. Сонымен қатар қойылымдар мен кештерден түскен ақша да аштардың есебіне жіберілді.

Бұдан кейін уездік комиссиялар құрылды. Негізінде Акмола губерниясына бес уезд қараған. Бұның ішінде Петропавл уезіне – 52 болыс, Көкшетауға – 82 болыс, Атбасарға – 44 болыс, Акмолада – 76 болыс, Шарлақта – 18 болыс қарады. Петропавл уезінде 14 болыстық, 54 ауылдық, Көкшетау уезінде 41 болыстық, 13 ауылдық, Акмола уезінде 30 болыстық және 60 ауылдық, Атбасарда 25 болыстық, 97 ауылдық, Шарлақта 17 болыстық, 94 ауылдық, барлығы 127 болыстық және 318 ауылдық өзара көмек комитеттері ашылып, жылу жинауға белсене кірісті.

Губерниялық ашкөмдердің ерікті түрде көмек беру апталықтары бастапқы кезде өте қарқынды жүргізіліп, қомақты қаржы, малдай, астықтай және азық-түліктей жылу жиналса, губернияға босқындардың келуінің көбеюінен, әрі салынатын салық мөлшерінің өсуінен, кей өңірде егістің шықпай қалуы тұрғылықты халықтың тұрмыс-тіршілігінің төмендеп кетуінен көмек саябырлап кетті [229]. Дегенмен уездерде ашкөмнің қолдауымен босқындармен жергілікті жерде аштыққа ұшырағандарға арналған асханалар, тамақтану пункттері ашылды. Мәселен, Петропавлда аштарды тамақтандыратын пункт 1921 жылдың қарашасында ашылып, күніне 100 адамды тамақтандырып отырды. Бұл пункттен бірінші кезекте ешқандай күнкөріс жағдайы жоқ жетім балалар, балалары бар жесірлер, еңбек және соғыс мүгедектері, сонынан басқа категориялы тұрғындар ауқаттандырылды [230].

Біршама уақыттан кейін Петропавл уезінде 4000 босқындарды тамақтандыратын 3 асхана ашылса, ал қазақтар үшін 300 адамдық,

Ақмолада 250 адамдық, Атбасарда 600 адамдық, барлығы 5150 адамдық асханалар жұмыс істеді.

1921 жылдың өзінде Ақмола губерниясының Петропавл уезінде – 150 000 адам, Көкшетау уезінде – 114 000 адам, Атбасарда – 110 000 адам, Ақмола уезінде – 66 397 адам, барлығы – 440 397 адам ашықты. Осы ашыққан уездердің жағдайын тексеруге, еріктілерден жылу жинауға губерниялық ашкөмнен өкілдер жіберілді. Мысалы, Петропавл уезіне Жакыпов, Яковлев, Махмұдов, Көкшетау уезіне Байгазин, Атбасарға Тоқубаев, Ақмола уезіне Текжанов, Черлановский уезіне Данияров жіберілді. Жакыпов еріктілерден 57 бас мал мен 70 пар тері жинап әкелді [231].

Уездік аштарға көмек комиссиясының өкілі Мардаровский Ақмола губерниясының бірнеше аудандарын аралап, ондағы халықтың әл-ауқатын тексерген. Оның мәлімдеуінше, Адамов уезіне қарасты Жетікөл болысында аштық басталғанда 5038 адамы бар 7 ауыл болып, малшаруашылығымен және жартылай егін салумен айналысқан екен.

Ал аштық тырнағына іліккен кезде бұл болыстықта бар 12 000 бас ірі қара малдан 1922 жылдың басында бар-жоғы 1000 ғана, 20 000 жылқыдан 2 500 бас, 13 000 койдан 2000 ғана, ал 400 бас түйеден 120 бас ғана қалды. Осылайша ірі қара мал 12 есеге, жылқы 8 есеге, қой 3 есеге, түйе 2 есеге азайған екен.

Оның есебінше, егіс өнімі 1921 жылы толықтай шықпай қалған. Астық азық-түліктің жетпеуінен болыс халқының 1675-і ашығып, олардың 250-і өлген. Ашыққандар ит, тышқан, көртышканды жеді. Өлген малдың сүйегін қайнатып, терісін талғажау етіпті.

Аудан мен орталыққа болыстағы аштық туралы бірнеше рет айтылса да үкіметтен де, қоғамдық ұйымдардан еш көмек болмаған. Ессесіне жергілікті байлар мен дәулеттілер аштарға көмек қолын созып, 500-дей аштарды тегін түрде тамақтандырған. Бұлардың арасында №1 ауылдан Беркінбай Жаксыбаев 65 адамды, Қожамұратов 12 адамды, №7 ауылдан Байтак Сентаев 60 адамды, №4 ауылдан Қондыбаев 150 адамды өз есебінен аукағтандырыпты [232]. Үкімет олардың жомарттылығын «халық арасында өз беделділіктерін арттыру үшін жасалған» деп тұжырымдағандығы

сөзсіз. Дегенмен байлар, аukatты адамдар әр кезеңдерде өз ауылылын адамдарын қиындыққа қалдырмағаны тарихтан белгілі.

Ақмола уездік аштарға көмек комиссиясы 1921 жылы 21 қыркүйегінде құрылып, оның құрамына уездік атқару комитетінің, уездік азық-түлік комитетінің, уездік халық ағарту бөлімінің, әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің өкілдері енген. Комиссия алқасы 3 адамнан тұрып, құрылған күнінен бастап бірнеше жиналыстар өткізіп, бірнеше төрағалар ауысты.

Аштық басталған 1921 жылы Ақмола уезінде астықтың әр десятинадан 25 пұттан алса, ал картоптың әр десятинасынан 100 пұт өнім алған. Қазақтар орыстарға қарағанда астық өнімін аз екті. Уездегі аштық жағдайына қарамастан тұрғындарға 4 категориямен салық салынды. Осы жылдың күз айында уезде 74 000 ашыққан екен. Олардың 6317 адамы өзге өңірден босып келгендер еді. Негізінде босып келгендердің санын бұдан да көп болған. Уезде босып жүрген ашыққан аурулар мен орыс шаруаларына арналған тамақтандыратын пункттер, асханалар ашылды [233].

1922 жылы ақпан айында аштықтан аман деген Ақмола губерниясында 472 000 адамның барлығы анықталған. Бұл тұрғындардың 50%-ті еді [234]. Бұл жайында Орынборда болған қырғыз (қазақ) облыстық екінші конференциясының 1922 ж. 21 ақпандағы мәжілісінде Ақмола облысынан Петропавловск (Қызылжар), Көкшетау мен Атбасар уездері ашығып жатқандығы баса айтылып, Ақмола губерниясында астық таусылғандықтан, алдағы егістікке 3 180 000 пұт тұқым керектігі де ескертілген.

Сөз сөйлеген Капин қазақтардың тұқым айырбастауға Ақмола губерниясынан түйе малдарын астыққа айырбастауға Түркістанға іссапарға бара жатқан қазақтарға Сырдария облысында жолда милиционерлер ұстап алып, астықтарын тартып алып, қоқаң-лоқы көрсеткендігін, осындай үлкен кедергілер үнемі болып отырғандығын баса айтқан [84, 64, 66-66.].

Ақмоладан келген өкілдер Ақмола губерниясының уездері ашығып жатқандықтан ашыққан губерниялар қатарына қосу жөнінде ұсыныс

тастайды. Бірақ конференция жұмысына қатысушылардың басымы Ақмола мен Семей губернияларының нақты жағдайын білмегендіктен Ақмола губерниясынан келген өкілдердің атынан сөйлесен Найманғожин губерния уезіндегі ауыр жағдайға тоқталып, сөз барысында аштық губернияларының жағдайын дәлелдеуге тырысса, Атбасар уезінің өкілі Понамаренко да қазақтардың малдарын салық үшін алып алғандығын, жылу жинауда «қамап тастаймын» деп қорқытып-үркітуден шаруаның бар малын тартып алу жиілегендігін, малын астыққа айырбастамақ болғандарға әкімшілік тарапынан күш көрсету орын алып отырғандығын қынжыла хабардар етті [235].

Конференция барысында Ақмола губерниясын ашыққан ауданға жатқызуды мәселесін Финогенов те көтеріп, 417 500 адамның ашығып отырғандығын, Ақмола мен Семей губернияларына жан-жақтан ашыққандар ағылып келуі, сонымен қатар ашыққан губернияларға өлкенің малдары мен астықтарын көмекке деп алынуымен, салық салудың ұлғаюы жергілікті халықты аштыққа ұрындырғандығын, Көкшетау мен Петропавл уездерінде шегірткенің толықтай егістікті жеп тастауынан тіске басар дән қалмағандығын келтіреді. Оның мәлімдеуінше, Атбасар уезінде аштан өлгендердің 15 пайызға өскен. Бүкіл уезде бір ғана фельдшерлік пункт көмек беруге дәрменсіз болғандықтан ауырған, босқандар да, аштар да медициналық көмек ала алмаған. Бағаналы уезіне жіберілген комиссия жергілікті халықтың ашығып отырғандығын растап, губерниялық атқару комитеті мен губерниялық азық-түлік кеңесінің шешімімен 6000 пұт астықты осы уезге беру жөнінде қаулы қабылдаған кезде, Пономаренко бұл шешімді жойғызып тастап, ендігі жерде уезд халқы өлім аузында тұрғандығын баяндаған [236].

Конференцияға қатысқандардың сөзін «Бостандық туы» газеті де растап берді. Газетке басылған мақаланың бірінде Ақмола губерниясындағы Қызылжар мен Көкшетау уездерінде ашыққандардың барлығы, оның үстіне бұл уездерге Ресейден босқындардың шұбырып келе жатқандығы айқын жазылды. «...өткен күздігүні құрылған губерниялық аштар комиссиясы күші сол алдымен Ресейден келген аштарға көмек көрсетуге жұмсаған шаһарларда сол аштарға арналып асханалар ашқан, жататын үй

әзірлеген, һәм басқалар», – дей келе, Қызылжар мен Көкшетау уездерінде аштан өлушілер қатары көбейіп бара жатқанына дабыл қағады.

Қызылжарда аштықтың үдей түсуі мен жұқпалы аурудың көбеюі елді зуре-сарсанға салды. Бұрын Қызылжардың көшелерінде қайыр тілеген орыс және ноғай тіленшілері жүрсе, енді олардың қатарына ашығып, алақанын жайған қазақтар қосылды. «...көше-көшеде басына далба-дұлба тұмақ киген, қора-қораны ақтап, нан сұрап шұбырып жүрген қазақтың қатын-балаларын ұшыратуға болады», – делінді ақпаратта [237].

Негізінен Қызылжар уезінде 1921 жылдың күзінде шөптің аздығынан малдар ашыға бастаған. Қырылып қалу қаупі төнген отбасылар ішін-ара малдарын сатып, немесе астыққа айырбастауға тырысты. Сәуір айының аяғынан бастап уезге қаптай жауған қар аралас жаңбырдан кейін көктайғақ басталып, көтерем малдар қырылып, халық азықсыз қалды. «Бостандық туы» газеті бұл жайтты «...мемлекет, «Аштарға жәрдем» комитеті білмей отыр, бұның бәрін болыстық атқару комитеттерінің салақтығынан», – деп жазды [238].

Қызылжар мен Көкшетаудағы аштықты «Ақ жол» газеті де дабыл қаға жазды. «Ақмола губерниясында аштық күннен-күн күшейіп барады. Әсіресе Қызылжар, Көкшетау уездерінде. Қатты арықтан өліп қалған өлімтікті жинап жеп жатқандары да жоқ емес», – деп келтіріледі [239].

1922 ж. наурызындағы Семейдегі қазақ зиялыларының бастамасы негізінде 25 сәуірінде Ақмола губерниялық тұқым бөлетін комиссияның жиыны болып, Семей губерниясынан берілетін тұқымды тезінен тасып, іске асыру үшін Семейге төтенше комиссия жіберу жөнінде шешім қабылдады. Комиссияның жіберілу себебін «теміржолдың һәм басқа байланыстың нашар болғандығынан, ерте келмекші тұқымдық бидайдың кешігіп жатқандығынан» деп түсіндірілді. Ақмола губерниялық тұқым бөлетін комиссияның тарағалығына Бирухавицкий, ал орынбасарлығына Казаков тағайындалды [240].

1922 жылдың 20 маусымында Ақмола губерниялық Аштарға көмек төтенше комиссиясының №10-шы міндетті қаулысы жарық көрді. Онда аштарға арналып өткізілетін түрлі іс-шаралар, қойылымдар, балдар, концерттер, маскарадтардан түскен қаржыны ашкөмге берілуі тиістіленді [241].



1922 жылдың 1 наурызына дейін Ақмола губерниясы Орталыққа, яғни Москваға 316 612 пұт ет, Повольжеге бір миллион пұт астық тұқымын жіберген [242, 326-б.]. 16 наурызда БОАК-тың Алкасы өз атынан және Повольже губерниясының атынан Сібірдің және Қазақ АКСР-ның жұмысшыларына аштарға көмек қолын созғандығы үшін алғыс білдірді [243, 158-б.].

Бұған кейінгі уақыттарда да Семей мен Ақмола губернияларының халқы өз жағдайларының ауырлығына қарамастан аштықпен күресте жұмыла кірісті. Қолындағы малдарын, азық-түліктерін өз еріктерімен беріп, мындаған аштардың, босқындардың өмірлерін аман алып қалды. Жергілікті тұрғындар арасында ерікті түрде көмек (жылу) жинау мен оларды ашыққан губернияларға жеткізуге кіріскен көпшілік азаматтар, ұлт зиялылары аштықты ауыздықтау барысы аяқталғаннан кейін, яғни 1926 жылы республикада Ф. Голощекиннің «жікшілдік», «ұлтшылдық» науқаны кезінде жалған желеумен істі болып, (жеке тарауда қарастырылады – С.С.) сотталды. Бұл науқаннан аман қалғандардың кейбіріне 1937-1938 жылдары «аштыққа аса көңіл бөлмеді, керісінше барынша кедергі жасалды» деген айып тағылды.

#### 4. Орал мен Бөкейдегі аштық

1921-1922 жылдардағы Батыс Қазақстанның Орал мен Бөкей губернияларында болған ашаршылық жергілікті халыққа аса ауыр тиді. Бұл өңірлерде аштық 1921 жылдың маусымынан қатты біліне бастады. Оның үстіне Орал губерниясында Серов, Катушков, Иванов, Обоимов басқарған бандиттік топтар әрекет етіп, халықтың қолындағы малдарын, астықтарын тартып алды. Бұл топтардың тонаушылық әрекеттері Оралда ғана емес, Калмыков, Гурьев уездерінде байқалды.

Аштық басталғанға дейін Орал губерниясы Темір, Гурьев, Ілбішін, Орал сияқты төрт уезден тұрды. 1920 жылы Темір уезінің территориясы Орынбор-Торғай губерниясына беріліп, Темір мен Адай уезі ретінде құрылды. 1921 жылы Темір уезінің бұрынғы бір бөлігі Ойыл уезі мен Електің бір ауданы (Покровский) Ақтөбе губерниясына кетті.

1916 жылдан 1920 жылға дейінгі аралықта (ол кезде құрамында Темір, Гурьев, Ілбішін, Орал уездері болған) Орал губерниясында барлығы 866 945 (455096-ерлер, 411850-әйелдер) адам болған. Алайда территориялық өзгерістерге орай, әрі Азамат соғысы мен аштықтың басталуынан халықтың саны кеміді. Құрамында Гурьев, Жымпиты, Елек, Қалымков, Орал уездері бар губернияда жалпы мәлімет бойынша, 1920 жылы 527 554 адам болса, аштықтың кесірінен 347 966-ға дейін азайды. Мал шаруашылығы, егіншілік пен балық шаруашылығы саласы да өзгеріске ұшырады. Аталған жылдары шаруашылық 106 624-нен (1920 ж.), 1922 жылға қарай 85423-ке қысқарып қалды [244, 4,7-9-бб.]. Малдың азаюына жем-шоптің жетіспеушілігі мен жұкпалы аурулардың таралуы тікелей себепші болды.

1921 жылдың 1 тамызынан бастап Орал губерниясы аштыққа ұрынған, халқының жағдайы аса ауыр аймаққа жатқызылды. Дегенмен Аштарға көмек төтенше комиссиясы астыққа қатысты нақты мәлімет түспейінше губерния халқынан салық алуды тоқтатпады [245].

Губкомиссия Оралда 8 тамызында құрылды [246]. 1921 жылы 4 қазанда ашкомның Төтенше комиссияның шешімімен Орал губерниясына 150 млн.сом ақша бөлінді [247]. Дегенмен аштық меңдеген өлкеге бұл қаражат тым аз еді.

18 қазанда облыстық комитеттің мүшесі Егоров келісімшарт бойынша Түркістаннан алынатын астықтан Орал губерниясына бөліп беруді сұрады. Ашкомның Төтенше комиссия оның бұл өтінішін орынды санап, губерниядағы тұрғындардың санына орай Орал экспедициясына айырбас жасау үшін керекті мөлшерде тауар бөлдіру турасында шешім қабылдады [248].

Қараша айының басынан Орал Губерниялық Аштарға көмек комиссиясы Топақ Темірғалиев, Ахмедияр Үсенбаев және Серіқхан Бекбатыровты өкіл ретінде Түркістан республикасына жіберу жөніндегі мандатқа қол қойылды [249]. Өкілдер тауар айырбастауда келісімшартқа отырып, алынатын тауардың мөлшерін анықтады.

1921 жылы 1 қарашада Қазақ ОАК-нің төрағасының орынбасары Ә. Жангелдиннің төрағалығымен өткен Ашкөмнің төтенше комис-

сиясының мәжілісінде М. Саматовтың баяндауынша, Орал облысында 36000 бала, 12000 ерексектер, Бөкейде 15000 бала мен 6000 ересек адамдар ашыққан. Орал губерниясындағы балаларға – 13500 пұт, ересектерге – 2250 пұт нан, балаларға – 5400 пұт, ересектерге – 600 пұт жарма, Бөкей губерниясындағы балаларға – 5625 пұт, ал ересектерге – 1125 пұт нан мен балаларға – 2250 пұт, ересектерге – 300 пұт жарма керектігі анықталып, ашыққан осы уездерді Ақмола мен Семей облыстарына бекітуді сұрады [250].

16 желтоқсанда Ашкөм орталық комитетінің президиумы отырысында ашығып жатқан Орал губерниясының Елек уезіне көмек қолын созу мәселесі талқыланды және тез арада босып жүрген балаларға көмек көрсету мәселесі қарастырылып, оларға ашкөмнен азық-түлік бөлігу, балалар үйіне орналастыруға шешім қабылданды. Сонымен қатар Орал губерниялық азық-түлік комиссариатына Елек уезінде етке салық салып, одан түскен салықты Елек уездік ашқомына беруді, Қазақ азық-түлік халқомына осы ауданға бір вагон астық бергізу жөнінде де қаулы қабылданды. Елек уезіне мануфактура мен қажетті заттар, он пұт керосин берілетін болды [251].

Ел арасында жәрдем жинау апталығын өткізу қолға алынып, нәтижесінде Оралдағы аштар комитетіне 11 күн ішіндегі жылу жинау барысында 2 434 45 сом, 123 қасық, 23 табак, 4 бөрік түскен [252].

1921 жылдың 1 қарашасынан келесі жылдың 1 қаңтарына дейін жіберілген 22 572 пұт азықтың халықтың қолына тек 9625-ы ғана тиген. Орал уезінің 61 пайыз тұрғындары өлекселерімен, тышқан, ит, тіпті адам етін жеуге мәжбүр болған [253, 193-б.].

1921 жылдың 21 желтоқсанындағы Ашкөмнің төтенше комиссиясына жіберілген мәліметіне сүйенсек, Орал губерниясында 476 832 адам, Бөкейде 20 000 адам аштық тырнағына ілікті [254].

Орал губерниясынан келген ақпаратта Жаңа Киделі поселкесінде адамдардың аштықтан құлап, ыңырсыған дауыстары құлақты жаратындығын айтқан [255].

Орал губерниясында аштыққандар тамақ іздеп Орал қаласына қарай басты. Жеуге келеді-ау дегендердің бәрін азық ретінде қолданды. Тіпті

иттін де, мысықтың да етінен басқа адам етін де жеу дерегі анықталды [256].

1921 жылы 1 қарашасында губернияда ашыққан 239 037 адам тіркелген. Оның 12037-сі Орал қаласынан, ал 38 000-і Орал уезінен, 90 000-і Елек уезінен, 33 000-ы Жымпитыдан, Калмыковтан 42 000-і, Гурьев уезінен 24 000-і ашықты. Бұл көрсеткіш 1922 жылы 1 қаңтарға дейін көбейген. Жалпы осы уақытта түскен мәліметтер бойынша бес уезд бен Орал қаласынан 378 816 адам аштық тырнағына іліккен екен. Оларды былайша бөліп көрсетуге болады: Орал қаласы – 19 738 адам, Орал уезі – 11 749 адам, Елек уезі – 90 000 адам, Жымпиты уезі – 72 498 адам, Калмыков уезі – 47 376 адам, Гурьев уезі – 47 376 адам.

Аштық өзімен ауруды да коса ала келді. 1921 жылы Орал қаласында 10 757 адам жұқпалы аурумен ауырып, оның 7015-і жазылса, ал 3743-сі өлген, 351 адам ем-дом қабылдаған. Орал уезінде 457-і ауырып, 376-і жазылса, 75-і қайтыс болған, ал 25 адам дәрігерлік ем қабылдау үстінде болған.

Денсаулық сақтау халкомының мәліметінше, 1921 жылдың 1 қарашасынан 1922 жылдың 1 шілдесі аралығында Орал губерниясында 5178 адам ауыруға шалдыққан. Көбіне ашыққандар бүйректің қабынуы, қанның азаюы, іш ауруы, арықтау, қайталама сүзек сияқты аурулармен ауырды. Өлім-жітім көбейді. Пайызбен есептесек, 1922 жылдың күзінде 23,31-ге жеткен. Ауруларды емдеуге дәрігерлік көмек пен дәрі-дәрмек жетіспеді. Оның үстіне үкімет тарапынан бөлінген қаражат та мардымсыз болды [244, 272-275, 279, 309-66.].

1921 жылдың соңында Орал губерниясында түрлі жұқпалы ауру жұқтырған 119 609 адам тіркелген екен. Олардың 113 956-і амбулаториялық, 5653-і стационарлық емдеуде болды. Келесі 1922 жылдың шілдесінен желтоқсанына дейін губернияда ауырғандардың саны жұқпалы аурулардың тез тарауына байланысты көбейе түсті. Мәселен, шілдеде ауырғандардың саны 23 417-ге жетсе, тамызда – 15 257 адам тіркелген, қыркүйек айында ауырғандардың саны 14 220-ға жеткен, қазанда 25 565-і ауырыпты, қарашада ауырған 23173 адам тіркелсе, желтоқсанда ауырған 17977-і адам емдеу алған [257].

1922 жылғы 14 қаңтарда Елек уездік ашкөмнің есебінде көшеде адамдардың жүруі мүмкін еместігін, адамға әсіресе, қонды адамдарға шабуыл жасалғандығын, аштар өліп бара жатқандарды жеп қою фактілері адам етін сату кездесіп отырғандығын келтіреді [258].

Орал қаласындағы губерниялық милиция басшысының №47-ші мәлідемесі бойынша, бұрын болмаған қылмыстар тіркелген. Күнделікті адамдардың жоғалып, сойылып желінуі жиілеген. Өлген әйелдің сан етін сылып алып, бәліш пісірген. Базарда адам етін сатушылар байқалған. Мүрделерді қазып алып, жеу әдетке айналған.

Орал губерниясындағы Краснополь уезінен де адам етін жегендердің барлығы жөнінде мәлімет түскен. Татишев болысында Анастасия Горбунова деген әйел 5 және 7 жастағы екі баласын сойып жеп қойған. Бейіттен екі мүрдені қазып әкеп оны да жеген [259]. Балаларды ұрлап әкетіп сойып жеген жантүршігерлік жағдайлар жиілеген.

Орал мен Елек уездеріндегі аштықтың қаншалықты қауіптілігін анықтауға осы өңірдегі бандиттік қозғалыстар кедергі келтірді. Осы уездерге жіберілген өкілдердің басымы солардың қолынан қаза тапты. Жіберілген азық-түлікті тартып алу жиі қайталанды [253, 193-б.].

1922 жылы 22 қаңтарда Елек уезіне қарасты Царевкин поселкесінде 14 жасар Ульяна Селядчикова аш болғандықтан Анастасия Сергеевамен бірге өлген адамдардың етін пісіріп жеген. Шишмин поселкесінің тұрғыны Сәбира Әділғазина 1922 жылы 27 қаңтарда аштықтан қайтыс болған ағасының оң қолын 2 ақпанда белгісіз біреулердің шауып әкеткенін әкімшілікке хабарлаған. Елек уезінде адамдарды, әсіресе балаларды сойып жеу де көптеп орын алды [260].

Губернияда аштықтың үдей түсуіне байланысты губерниялық ашкөм жергілікті халыққа үндеу жариялауға мәжбүр болды. Үндеуде егіс пен шөптің күйіп кетуі үлкен қауіп төндіріп тұрғандығын, губернияда тұратын он миллион халық мемлекет тарапынан көмек болмаса, барлық тұрғындар аштыққа толықтай ұрынып, егіншілік, малшаруашылық барысы ақсайтындығы ашық айтылды. Егістікке себетін тұқымның жоқтығы, мал азығының таусылуы мен өлкені бандиттік қаракшылық шабуылдар губерния жағдайын ауырлатып отырғандығын айтып, тұрғындарды бірігіп-

ші кезекте бандиттермен күрес жүргізуге шақырды. Екіншіден, тез арада аштарға көмек көрсететін қоғамдық өзара көмек комитетін құрып, іске кірісуді үндеді. Бұл мындаған адамдарды өлімнен құтқаратындығына сенім білдірді. Үндеуге комиссия төрағасы Чеботарев пен бірнеше мүшелері қол қойды [261].

Орал губерниясының ауыр жағдайы жайында Орынборда болған қырғыз (қазақ) облыстық екінші конференциясының 1922 ж. 21 ақпандағы мәжілісінде Лытов кей уездердің жойылып кету қаупі төніп тұрғандығын, Азамат соғысы тұсында егістік пен малдан жартылай айырылғандығын келтіреді. 1916 жылы губернияда 5 000 000 бас мал болса, 1921 жылы осы малдан 274 000 бас қана қалған. Сөз барысында ол губернияда адам өлімі де барлығын атап өтеді [262, 73-6.].

1922 жылы сәуірде болған БОАК-нің Аштарға көмек Орталық комитетінің пленумы өтіп, оған Қазақстанның өкілдері де қатынасты. Осы пленумда ашыққандарға көмек көрсетуді жеделдету қаралды. Негізінде 1921 жылдың күзі мен 1922 жылдың көктемінен РКФСР үкіметі Қазақстанға азық-түлік көмегін жібере бастаған болатын. Осы кезеңде Орал губерниясына көмек ретінде 512 мың пұт, ал Бөкей губерниясына 55,7 пұт азық жіберілді [263, 163-6.].

1922 жылы губернияда 34257,96 десятина қара бидай егіліп, оның 8657,9 десятинасына, яғни 25,2 пайызына ғана астық шықпай қалды, қалған 25600,0 десятина жерден 582452,0 пұт астық алынды. Бұл 22,7 пайыз болды.

Бидай 49134,34 дес. жерге егілсе, оның 20932,94-не, яғни 42,6 пайызына астық шықпай қалды. Ал қалған 28201,4 дес. жерден бар-жоғы 531019,75 пұт қана дәнді дақыл алынды [244, 41-42-бб.]. Бұл алынған өніммен губерния халқын толықтай қамтамасыз ету мүмкін емес еді.

Құжаттарға сүйенсек, астықтың шықпай қалуына құрғақшылық пен шегірткенің қаптауы тікелей әсер етті. Көктемдегі егістік кезінде губернияға жіберілген тұқымды жолда қарақшы топтар күш көрсетіп, тартып әкетті. Мысалы, Жымпиты мен Орал уездерінің шекарасында Жымпитыға Оралдан келе жатқан тұқымды бандиттік топ тартып алған. Сондай-ақ, Калымков уезінде жергілікті қарақшылық топ көктемдік

егістікке барынша кедергі жасап, күш-көліктерін тартып әкеткен. Үлкен кедергілерге қарамастан өлкеге 233 774 пұт тұқымдық астық тиелген 245 вагон жеткізіліліп, қалалық егіншілік комитетіне 17 407 пұт, Орал уезіне 121 944 пұт, Қалмыков уезіне 12 000 пұт, Жымпитыға 13 000 пұт, Елек уезіне 60 448 пұт, Бөкей губерниялық Жер Баскармасына 5 000 пұт, ал губерниялық колхоз, совхоздарға 1972 пұт бөлінді.

Көктемдік егістік басталар алдында губерниялық Жер Баскармасы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, аштықтан арыстудың бірден-бір жолы өз күшімен осы егіс жұмыстарын жүргізіп, астық егу екендігін түсіндірді. Арнайы түсіндірме қағаздарын таратты.

Ашыққан Бөкей ордасы 1921 тамыз айында астықтық тұқым мен азық-түлік алуға Төтенше ашкөмнің шешімімен РКФСР мен Украинаға бекітілді [264]. Алайда бұл аталған республикалардың өзінде аштық өршіп тұрған болатын. Сондықтан олардан көмек алу мүмкін емес-тің.

Негізі Адай уезіндегі аштықты жергілікті шенеуніктер жасырып қалуға тырысты. Жоғарыға жіберген мәліметінде «уезде ашаршылық тұрмақ оның нышаны да байқалмады» деп сендірді. Сонымен бірге уезде нақты қанша тұрғыны, малдары, егістік көлемі жөнінде мәлімет те бере алмады [265]. Елді аштық жайлап келе жатқанына қарамай өкілдер керісінше салық жинауға ауыл-ауылдарға шықты. Аштықтың алғашқы айларында Бөкей мен Адай және Орал өңірінде салық салу мөлшері БОАК мен ХКК-нің 1921 жылғы 11 ақпандағы жалпыазаматтық салық пен оны салу ережелері туралы декретіне орай белгіленді [266]. Шаруаның отбасын асырап отырған соңғы малы салық есебінде тартып алынды.

Бөкейдегі халықтың ашығуына өлкедегі егістің шықпай қалуы тікелей әсер етті. Губернияда 1916 жылы егіс көлемі 47 900 десятина болса, аштықтың екінші жылында, яғни 1922 жылы осы егістіктен 6 499 десятина ғана қалды [267]. Мал басы да кеміді. 1921 жылдың басында мал басының 1917 жылмен салыстырғанда 20 пайызы ғана қалды. Малдың жұтауы аштықты одан сайын ұлғайта түсті.

Бөкей губерниялық азық-түлік комитеті мемлекеттік монополияны сақтап қалуда жергілікті халыққа көп нәрсеге тыйым салды. Мәселен,

өзеннен балық аулау тек рұқсатпен ғана жүргізілді. Негізінде Каспий мен Еділден ауланған балықтар талайдың өмірін сақтап қалар еді.

Бөкей губерниясында ауырған 15 441 адам тіркелген. Адай уезінде де бастапқыда 3746 адам ауырғандығы белгілі болса, кейіннен де дәрігерлік көмекке жүгінгендер толастамады [268]. Бұлардан басқа тіркелмегендердің, дәрігерлік орындарға қаралмағандардың саны есепсіз болды.

Бөкейдегі аштарға көмек комиссиясы 1921 жылдың қыркүйегінде құрылды. Дегенмен қаражат пен материалдық көмектің жоқтығынан ашыққандарға кең ауқымда көмек бере алмады. Бар қаражатпен бастапқыда губерния бойынша 5 асхана, 3 тамақтандыру пункті, 7 балалар үйі, 3 жатақхана құрылса, шамалы уақыттан кейін тағы да 1 балалар үйі мен 3 тамақтандыру пунктін құруға шамалары келді. Ашыққандардың қатары 100 000-ға жетіп, тұрғындардың саны 400 000-нан 350 000-ға азайды.

Аштықты ауыздықтауға губерниядан 1922 жылдың қаңтары мен қыркүйегі аралығында Қазақ ОАК-і жанындағы Аштарға көмек комиссиясынан 538 694 435 624 ақша сұралған екен. Алайда бұл өтініштері аяқсыз қалды.

Ашыққан 100 000 адамға күніне 12 000 рубль тұратын 1 ф. нан, 5000 рубльге бағаланған  $\frac{1}{2}$  ф. ет, 2000 руб. кант берілген. Кейіннен әр адамға айына 25 000 рубльге шағындалған тамақ босатылып тұрды [269]. Үкімет тарапынан жіберілген көмек көп жағдайда аштарға үлестірілмей, қолды болып кеткен. Жергілікті ашқом өкілдері бас пайдасына қолданып, асханаларға, тамақтандыру пункттеріне аз мөлшерде ғана жіберіп, қоймаларда жасырып қалуға тырысты. Жоғарыдан жіберілген комиссия өкілдері қылмыстық деректердің жиі қайталанатындығын мәлімдемелерінде келтіріп отырды.

Орал мен Бөкей губернияларындағы аштықты ауыздықтау 1923 жылдың басына дейін созылды. Бұл өңірге шетелдік қайырымдылық ұйымдар, әсіресе АРА ұйымы көп көмегін тигізіп, мыңдаған адамдарды өлім аузынан алып қалды. Дегенмен Орал мен Бөкейдегі аштықтың зардабын халық жадында азапты жылдар болып қалатыны белгілі.



## 5. Балалардың ашығуы

1921-1922 жылдардағы аштықтан Қазақ республикасында ашыққан мен өлгендердің басымы – балалар. Аштыққа ұрынған Ақтөбе, Қостанай, Орал, Орынбор губерниялары мен Адай уезіндегі балалардың халі аса ауыр болып, азық іздеп қаңғығандардың саны көбейді. Ашаршылық жана басталған кездің өзінде аталған губерниялардағы балалардың ашығуы үдеп бара жатқандығы жөнінде түрлі ақпарлар әкімшілік орындарына үздіксіз жіберіліп жатты. Мәселен, Ақтөбе губерниялық денсаулық сақтау бөлімі меңгерушісінің атына Романов балалар үйінен түскен мәлімдемеде суықтан, аштықтан балалардың арасында өлімнің көбейіп отырғандығы, үш аптаның ішінде 108 бала аштықтан, жұқпалы аурудан әлсіреп өлгендігі келтірілді. Балаларға тек бір уақыт қана ыстық тамақ берілді. Асханаларда нанның жетіспеуі әрі құнарсыз болуы балалардың әлсіреуіне әрі жұқпалы ауруды тез қабылдауына алып келді. Оның үстіне жұқпалы аурудың меңдеуінен балалар үйінің тең жарты тәрбиеленушісі сүзек ауруына шалдығып, дәрі-дәрмектің жоқтығынан дәрігерлік көмек ала алмай керісінше балаларға жұту қаупі төнді [270]. Бұл тікелей жас ұрпақтың өмірлерімен қоштасуына себеп болды.

Орталық балалар комиссиясы 1921 жылдың I шілдесінен құрылғанымен де тек 16 шілдеден бастап қызметін бастады. Бірінші кезекте губерниялық және уездік балалардың өмірін жақсарту комиссиясын құруды қолға алды. Комиссия жұмысына комсомол жастар одағы тартылды. Сонымен қатар әйелдер бөлімін, кәсіподақ мүшелері комиссия жұмысына қатысуға шақырды.

Балалардың тұрмысын жақсартуда Қазақ ағарту халкомы арқылы губерниялық халық ағарту бөлімі балалар үйі мен бақшаларын жаппай, керісінше балаларды уақытша жайғастыра тұратын орындар, жалға балалар үйі ашып, үй-күйі жоқ балаларды қабылдау, оларды тіркеу арқылы тамақтандыруды қолға алды.

Комиссия Қазақ республикасындағы балалардың жағдайы жайлы БОАК-не арнаулы өкілдерін, жеделхаттар, баяндамалар жіберіп, көмек қолын созуды сұрады. Нәтижесінде 1921 жылдың қараша айында

55 000 азық алса, желтоқсан айында 15 320 азық алды. 1922 жылдың қаңтар, ақпан, наурыз-маусым айларында мемлекеттен 20 000-нан азық бөлінді.

1921 жылдың 4 қазан мен 25 желтоқсан аралығында Орынбор станциясында арнайы №10-шы поезд ұйымдастырылып, қанғыбас, аш балалар уақытша жайғастырырылып, тамақтандырылды. Мәселен, 4 қазан мен 1 желтоқсанда поездан 179 361 үлес тамақ берілсе, 1 желтоқсаннан 25-не дейін күнделікті нансыз 5000 түстік ауқат босатылды.

Ашкөм азық-түлік табу жағының түрлі жолдарын іздестірді. Балалар үшін Түркістан республикасынан нан сатып алуға арнайы өкілдер жіберіліп, нәтижесінде 7000 пұт нан мен күріш сатып алынып, губернияларға бөлініп берілді [271]. Өкінішке орай, бұл алынған азық түкке де жетпеді. Тамақ іздеп, қол жайып, босып кеткендерді тоқтату мүмкін болмады. 1921 жылдың 27 шілдесінде Қазақ Орталық атқару комитетінің төрағасынан Ақтөбе губерниялық комитетіне Ақтөбе станциясында қол жайып, қайыр тілеп ашыққан балалардың көбейіп кеткендігі жөнінде хат түсіп, бұған тез арада Орынбордағы Орталық комиссиямен хабарласу арқылы қандай да бір іс-шараларды қолға алу керектігі айтылды [272]. Осы жылдың тамызынан бастап ҚОАК-нің төрағасы С. Мендешев басқарған Аштыққа төтенше көмек комиссиясының (Компомгол) құрамына балалар комиссиясының бір өкілі енгізіліп, ол губерниялардағы ашығып, қанғып кеткен балаларды балалар үйіне орналастыру, әлсіреп жүре алмай қалғандарға дәрігерлік көмек көрсету, балалар үйіне жеткілікті мөлшерде азық-түлік бөлгізуді қадағалап отырды. Әрине, балаларға бірден көмек көрсетуге мүмкін болмады. Мәселен, дәрігерлік жәрдем беруге дәрі-дәрмектің жоқтығы қолбайлау болды.

Ауылды жерлерде ашыққан балалар ата-аналарының қоз алдында өмірлерімен қоштасып жатты. 1921 жылдың тамызында Ақтөбе губерниясында 60 000 бала ашығып, өлім аузында тұрды. Губерния бойынша бұл кезде бар-жоғы 71 балалар үйі болып, 3453 баланы ғана паналата алды. Олардың 48 пайызы ауру, 37 пайызы әлсіз, тек 15 пайызының денсаулығы жақсы болған. Ауру балалардың 30 пайызы дәрі-дәрмектің, уақытылы ем-домның болмауынан өлді [273].

1921 жылы 6 қыркүйекте Қазақ ОАК-нің балалардың өмірін жасқарту орталық комиссиясының жиналысында (Кенжин қатысқан) Қостанайдағы балалардың жағдайы жөнінде Попов баяндама жасап, осының негізінде қаулы қабылданды. Түркістан республикасынан нан сатып алуын жайы көтерілді. Губернияның аш балаларына арнап губерниялық одақ арқылы 7 000 000 ақшаға картоп пен басқа азық-түлік, қазақ азық-түлік халкомынан тері тауарларын айырбастау арқылы ет сатып алуға рұқсат сұрау көзделінді. Балалар апталығын өткізіп, театрлық қойылымдар қоюды қолға алатын болды [274].

5 қазанда БОАК және Ашкөм ОАК-і төрағасының орынбасары Смилович пен Ашкөм ОАК-нің ұйымдастыру баскармасы бөлімінің орынбасары Моргуновтың қол қоюымен БОАК-ті Ашкөм ОАК-нің пленумының ашыққан балалардың тұрмыстарын жақсарту мақсатында жағдайлары жақсы губернияларға көшіруді БОАК-нің комиссиясы шешімінсіз жүзеге асырмау жөніндегі бұйрығы жарық көрді [275, 181-182-бб.]. Бұл комиссия 15 қарашаға дейін ғана қызмет етіп, II-ші Бүкілқазақ съезінен кейін оның құрамы өзгеріске ұшырап, тұрақты өкілі ретінде орталық балалар комиссиясының өкілі ретінде балалардың өмірін жақсарту комитетінің төрағасы А. Кенжин енді [276].

КОАК-нің балалардың жағдайын жақсарту Орталық комиссиясының 22 қарашадағы отырысында Орынбор губерниялық балалар комиссиясының қызметі жайында Григорьевтің баяндамасы тыңдалып, Қазақ ОАК-нің Алкасынан Балалардың орталық комиссиясына қаржылай көмек сұрау жөнінде қаулы қабылданды. Балалар асханасына қажетті құрал алуға балалар үйі мен мектептерге отын тасуға 300 000 ақша сұралды [277]. Бірақ бұл ақша дер кезінде бөлініп берілмеді.

ҚКСР-дың орталық балалар комиссиясының мәліметінше, 1921 жылдың қарашасында қанғыбас балалардың саны 100 000 болса, ал желтоқсанда 128 873-ке жеткен, 1922 жылы I қаңтарда олардың саны 158 564-ке, ал I наурызда 408 022-ға дейін өсті [278]. Жұқпалы аурумен ауырған балалардың өлімі пайыз бойынша есептессек, Аналар мен балалар үйінде 1921 ж. желтоқсанында 50 пайыз болса, 1922 ж. 15 пайыз, ал жекеленген балалар үйінде 1921 ж. 20 пайыз да, 1922 ж. 5 пайызды

көрсетті. Бұған себеп, балалар үйінің қажетті тұрмыс жабдықтарымен қамтамасыз етілмеуі, азық-түліктің жоқтығы, әрі балаларды орналастыратын орнынның аздығы болды [279].

Жүргізілген тексеріс бойынша 1921 жылдың 1 желтоқсанында 128 000 бала, 31 желтоқсандағы мәліметке сүйенсек, 158 000 бала үй-күйсіз ашығып, қаңғып кеткен. Ал 1922 жылдың алғашқы бес айының ішіндегі қаңғыбас балалардың саны 333 043-ке жетті.

Қаңғыбас балалардың санының көбеюіне, әрі ашығуына орай оларды орналастыруда арнайы балалар қабылдайтын орындар, балалар үйлерін ашу қолға алынды. Мәселен, Орал губерниялық атқару комитеті көшедегі қаңғыбас балаларды балалар үйіне орналастыру жөнінде қаулы қабылдаса, Семей мен Ақмола губернияларының жауапты партия қызметкерлері қаңғыбас балаларды қамқорлығына алып, үйлеріне тұрғыза бастады. Дегенмен ашыққан губернияларда балалардың өлімі басым болды. Мәселен, Қостанай губерниясындағы азық-түліктің жетпеуінен, әрі дәрігерлік көмек алмағандықтан аурухананың өзінде балалардың өлімі 50%-ке жетті.

Барлық балалар үйі, жетімханалар, әлеуметтік қамсыздандыру үйлерінде және ауруханаларға нан жетіспеді. Ашылған тамақтандыру орындарында да наныз тамақ берілген күндер көбейді [280]. Ашкөмнен түскен азық-түлік пен киім-кешектің жеткіліксіз мөлшерде болуы балалар үйін таратуға мәжбүрледі. Жиі балалар үйлері аштар мен қарақшы топтың тарапынан тонаушылыққа ұшырап отырды [281].

Ақтөбе Губерниялық атқару комитетінің есебі бойынша 1921 ж. 1 қарашасына дейін 125 322 бала мен 44 733 оқушылардың 87 725-і тамаққа зәру болып, ішкерге тамақ таппай, босып кетті [282].

1921 жылы 5 қарашада Түркістан азық-түлік халық комиссариатына Ақтөбе губерниясы ашығып жатқан балаларға көмек сұрап, ашкөм өкілі С.И. Зибаровтың баратындығын жеделхатпен хабарлады. Сонымен қатар губерниядағы балалар үйіне құрғақ жемістен 24 пұт 30 ф., канттан 18 пұт, ұнтақ жарнадан 8 пұт 10 ф., күріштен 24 пұт 30 ф. жіберуді өтінген [283].

Аштық үдей түсуіне байланысты қайыр тілеп, дала мен қала кезіп кеткен балалардың қатары ай сайын көбейе берді. 1921 жылдың қарашасынан

1922 жылдың 1 наурызына дейін 1 116 542 адам губерниялар бойынша ашыққан. Губернияларда қанша баланың ашыққандығын төменгі кестеден көруге болады.

| № | губерниялар | қараша | желтоқсан | 1 қаңтар | 15 қаңтар | 1 ақпан | 1 наурыз |
|---|-------------|--------|-----------|----------|-----------|---------|----------|
| 1 | Орынбор     | 32 000 | 33 000    | 42 112   | 150 000   | 175 200 | 208837   |
| 2 | Орал        | 21 100 | 29 100    | 31 479   | 31 479    | 40 367  | 31 479   |
| 3 | Қостанай    | 12 344 | 22464     | 17 344   | 96 935    | 104 391 | 114 847  |
| 4 | Семей       | 5 316  | 5975      | 8 316    | 8 316     | 8 791   | 8316     |
| 5 | Ақмола      | 8 176  | 8670      | 12 170   | 12 170    | 19 308  | 12 000   |
| 6 | Бөкей       | 4 105  | 4 105     | 6 105    | 6 115     | 6 2 68  | 6 505    |
| 7 | Ақтөбе      | 14 959 | 23 159    | 22 959   | 28 959    | 28 589  | 22 959   |
| 8 | Адай        | 2 000  | 2 400     | 3 079    | 3079      | 3 129   | 3 079    |
|   | Барлығы     | 100000 | 128 873   | 148 564  | 331 043   | 386 043 | 408032   |

Осы балаларды жағдайлары жақсы губернияларға көшіру жөнінде арнайы нұқсау шыққаннан кейін күніне ашыққан балалар тиелген 4 поезд жөнелтіліп отырылды [284].

Ашыққандарға, әсіресе балалар үйінде тәрбиеленушілерге және қарттар үйіндегілерге азық-түлік беру мөлшері азық-түліктің жетіспеушілігінен күннен-күнге азайды. 1921 жылдың желтоқсанында Қостанайдағы балалар, қарттар үйлері мен ауруханаларға берілетін нан да қалмаған [285]. Баспасөз бетіне: «Қостанайда нан жоқ. Балалар үйлерінің халі өте нашар. Аштықтан балалар ауырып жатыр. Олар да көбейіп барады» деген хабар жарық көрген [286, 76-б.].

1921 жылдың 15 желтоқсаны мен 1922 жылдың 15 қаңтарына дейін Қостанай губерниясындағы барлық балалар үйіндегі 9994 баланың 50 пайызы аштықтан қан аздығы, асқазан ауруына және арықтауға шалдыққан [287].

1922 жылдың 1 қаңтарындағы мәліметке сүйенсек, республикадағы балалар үйлеріндегі тәрбиеленушілер саны бірнеше есе өскен. Республика бойынша 502 балалар үйі болып, онда 26 193 бала, 62 бала бақшасында 2978 бала, 16 балаларды уақытша жайғастыра тұратын орындарда 4171 бала тәрбиеленді.

1921 жылы Қазақстан бойынша 328 балалар үйі болып, онда 17 092 бала, 95 бала бақшасында 4459 бала тәрбиеленді. Орынбор губерниясындағы 121 балалар үйінде 5468 бала, 45 балалар бақшасында 1835 бала тәрбиеленсе, Ақтөбе губерниясындағы 19 балалар үйінде 2600 бала, 2 бала бақшасында 60 бала, Қостанай губерниясындағы 34 балалар үйінде 2446 бала, 12 бала бақшасында 620 бала, Орал губерниясындағы 77 балалар үйінде 2800 бала, Семей губерниясындағы 9 балалар үйінде 475 бала, Ақмоладағы 63 балалар үйінде 3140 бала, 26 бала бақшасында 1469 бала, Бөкейдегі 5 балалар үйінде 163 бала, 4 бала бақшасында 235 бала, Адай уезіндегі 6 бала бақшасында 240 бала тәрбиеленген. Дегенмен осы балалардың өзін үкімет толық қамтамасыз ете алмады. Кереует болмағандықтан еденге жатуға тура келді. Оның үстіне отынның жоктығынан бұл үйлер жылытылмады.

Ата-аналарынан айырылып жетім қалған, асыраушысы жоқ балалардың көбеюі қосымша балалар үйлерін, жетімханаларды ашуды талап етті. 1921 жылдың тамызынан 1922 жылдың қаңтарына дейін Семейде 13 балалар үйі, Алашта 6 балалар үйі ашылып, 4584 бала орналастырылды. Губернияның 6 уезінде 48 балалар үйі ашылып, оған 1990 баланы қабылдады. Мәселен, Өскемен уезінде 9 балалар үйіне 370 бала, Павлодардағы 19 балалар үйінде 625 бала, Қарқаралыдағы 2 балалар үйінде 90 бала, Зайсандағы 8 балалар үйінде 354 бала, Бұқтармалағы 8 балалар үйінде 451 балалар, Семей уезіндегі 2 балалар үйінде 100 бала паналаттырылды. Жалпы губерниядағы 61 балалар үйінде 6574 бала болған. Осы губерниядағы балалар үйін ұдайы түрде қадағалайтын қызметкер бекітілді. Губернияда ауру балалардың қатарының көбеюі 250 төсектік аурухана ашуға алып келді [288].

Семей губерниясында балалар үйлерімен қатар аш, қаңғыбас балаларға арналған тамақтану пункттері де ашылып, олар бір мезгіл ыстық тамақпен ауқаттандырылды. Жалпы губерния бойынша 48 балалар үйін 920 бала паналады. 2000 кісілік тамақ ішетін орын, 440 кісілік асхана мен бір балалар ауруханасы ашылып, қызмет көрсетті. Алайда комиссияның қорында қаражат жоктықтан, бұл орындарға елден жиналған жәрдем жұмсалды [289].

1922 жылдың 1 шілдесіндегі мәлімет бойынша Қазақстанда 431 балалар үйі болып, онда 36 332 бала тәрбиеленсе, 5 мүгедек балаларға арналған бақшада 195 бала, 40 балалар бақшасында 2014 бала, 7 балалар ошағында 132 бала, 22 балаларды уақытша жайғастыра тұратын орындарда 2542 бала, барлығын қосқанда 505 балаларға арналған мекемелерде 41 215 бала тәрбиеленіп, үкіметтің арнайы қамқорлығын алды [290].

Қаңғыбас балалардың көбесюіне байланысты оларды орналастыру үшін балаларға арналған мекемелер, үйлер мен балабақшалар ашылып, 1922 жылдың басында олардың саны 455-ке жетіп, оларға 60 000 бала орналастырылды [291].

1922 жылдың басында Аштарға көмек Орталық комиссиясы ҚКСР-на қаңғыбас балалар үшін 2 500 000 сом қаржы бөлген. Осы қаражат губерниялардағы аш балалардың санына қарай төмендегіше бөлінді: Орынбор губерниясына – 420 000 сом, Орал облысына – 385 000 сом, Ақтөбе губерниясына – 395 000 сом, Қостанай губерниясына – 190 000 сом, Ақмолаға – 280 000 сом, Семей губерниясына – 270 000 сом, Бөксейге – 200 000 сом, Адай уезіне – 130 000 сом, Елекке – 130 000 сом, Торғайға – 100 000 сом [292].

1922 жылдың 1 наурызына қарай балалар бақшасы 80-ге жетіп, оған 5 324 бала орналастырылса, 1 наурызда мектеп жасына дейінгі 45 бала үйіне 3 623 бала жайғастырылған. Осы кездегі мектеп жасындағыларға арналған 200 балалар үйіне 15 000 бала, жас мөлшеріне қарай 250 балалар үйіне 20 573 бала орналастырылды. Бұл балалардың 50 пайызы толықтай, 35 пайызы жартылай жетім болса, ал қалғандары әке-шешелері асырауға еш мүмкіншілігі жоқ, мұқтаждардың балалары еді [293].

Ақтөбе губернияда босқын балалардың саны арта түсті. Самара, Уфа, тіпті Сібірден босқан ашыққан балалардың қалай, қандай жолмен келгендері губерниялық атқару комитетін таңғалдырды. Аш, киімсіз, әлсіз көше бойын жағалап, қараусыз жүрген балаларды бірден қамқорлыққа алу мүмкін болмады. Дегенмен губерниялық аштарға көмек комиссиясы Аштарға төтенше көмек комиссиясынан бұл балаларды балалар үйіне орналастыруда 455 000 сом ақша бөліріп, оларға бір мезгіл болса да ыстық тамақ беруге тырысты [294].

Уездерде, болыстықтарда ашылған балалар үйінде, балаларды тамақтандыратын пункттерде азық-түлік жетіспеді. Кейбір балалар үйі ашылмай жатып, қайта жабылды. Ашылғандардың өздері азық-түліктің жоқтығынан жоспарланған молшерде балаларды қабылдай алмады. Оның үстіне сол мексменің қызметкерлеріне тұрақты жалақы төленбегендіктен, өз жұмыстарына салғырттықпен қарай бастады. Мұндай жағдай Темір уезіне қарасты Ембі болысында орын алған. 1922 жылдың қаңтарында болыстық комиссия тексерісі бойынша болыстықта аш 125 бала болғанымен де, оларға арналған асханада тек 80 баланы тамақтандыруға ғана шамалары келген. Оның өзіне азық-түлік уақытылы жеткізілімегендіктен жабылудың алдында тұрғандығы анықталған. Қызметкерлерге жалақы төленбегендіктен көпшілігі жұмыс істеуден бас тартып, болыстық ашкөм жұмысының толықтай ақсауына алып келген [295].

1922 жылғы 15 наурыздағы мәлімет бойынша Ақтөбе губерниясында балаларға арналған мекемелерді төмендегі кестеден көруге болады.

| № | Аудандар  | Балалар үйі | Ондағы бала саны | Асханалар саны | Тамақтанғандар | Ауруханалар | Ондағы балалар |
|---|-----------|-------------|------------------|----------------|----------------|-------------|----------------|
| 1 | Ақтөбе    | 10          | 1594             | 2              | 840            | 2           | 82             |
| 2 | Ақбұлақ   | 6           | 620              | -              | -              | -           | -              |
| 3 | Ойыл      | 9           | 540              | -              | -              | -           | -              |
| 4 | Темір     | 1           | 120              | -              | -              | -           | -              |
| 5 | Ырғыз     | 2           | 180              | -              | -              | -           | -              |
| 6 | Қарабұтақ | 1           | 154              | -              | -              | -           | -              |
| 7 | Шалқар    | 1           | 75               | -              | -              | -           | -              |
|   | Барлығы   | 30          | 3283             | 2              | 840            | 2           | 82             |

Ақтөбе губерниясында барлығы 30 балалар үйінде 3283 қана бала тәрбиеленді. Ақтөбе уезіндегі 10 балалар үйінде 1594 бала тәрбиеленсе, ал Ақбұлақ уезіндегі 6 балалар үйінде 620 орын болған, Ойылдағы 9 балалар үйінде 540 бала, Темірдегі 1 балалар үйінде 120 бала, ал Ырғыздағы 2-і балалар үйінде 180 бала, Қарабұтақтағы 1 балалар үйінде 154 бала және Шалқардағы 1 балалар үйінде бар-жоғы 75 бала ғана тәрбиеленіпті [296].



Орал губерниясында да ашығып қаңғыған балаларды орналастыратын балалар үйі жетіспеді. Ал бар балалар үйлердегі жағдай адам төзігісіз еді. Тәрбиеленушілердің үсті лас, жататын орны жоқ, ішерге тамақ болма; қалған күндер жиіледі. Осыған қарамастан, босқын балаларды еріксіз қабылдауға мәжбүр болды. Мәселен, Орал қаласындағы Свердлов атындағы балалар үйіне амалсыздан 2398 баланы қабылдаған. Олардың 777-сі аурудан, аштықтан өлген. Жалпы губерния бойынша ауырған 22213 баланың 2053-і жұқпалы аурумен ауырған [297, 269-б.].

Қостанай губерниясына келсек, бұл өңірдегі балалардың жағдайы тым ауыр болды. Әсіресе ауылды жерлердегі балалардың ашығуы мен өлуі етек жайды. Ауылды жерлерде ашыққан балалар ата-аналарының көзінше өліп жатқан. Оларды жер қойнауына жасыруға ата-аналарының шамасы мүлдем келмеді.

1921 жылдың тамызындағы есепке сүйенетін болсақ, губернияда 60 000-нан астам бала ашықса, ал бұл көрсеткіш 1922 ж. ақпанында 139 631-ге жеткен. Губернияда ата-анасынан айырылған панасыз балалардың да қатары өскен. Оларды арнайы балалар үйіне орналастыру мүмкін болмады. Себебі, ондағы балаларға лайықтанбаған, азық-түлік, киім-кешек тапшы әрі жылытылмаған еді. Сондықтан 1921 жылдың тамызында губерниядағы 71 балалар үйінде бар-жоғы 3453 бала паналаған. Олардың 48 пайызы ауру болса, 37 пайызы аштықтан жүре алмай қалған әлсіз болса керек. Балалардың тек 15 пайызының ғана денсаулығы жақсы болыпты. Жұқпалы аурумен келіп түскен балалардың 30 пайызы балалар үйіне келіп, жеткілікті медициналық көмек ала алмағандықтан әрі аштықтың өтіп кетуімен жан тапсырған [298].

Балалардың тұрмыстық жағдайын жақсарту жайындағы комиссия 1921 ж. 7 қыркүйекте үйсіз-күйсіз жүрген балаларға арнап асханалар мен балалар үйін ашу жөнінде губашкомға ұсыныс түсірді [299].

Губернияда аш балалардың көбеюіне байланысты қосымша балалар үйі ашылып, 1922 ж. ақпандағы есепте көрсетілгендей, олардың саны 135-ке дейін жеткен, яғни тағы да 64 балалар үйі ашылып, онда 139 531 баланы паналатты. Жұқпалы аурудың үдей түсуіне байланысты бұл балалар үйіндегі сәбилердің жағдайы да ауыр болды. Олардың 62 пайызы сүзек, іш ауруы, тырысқақ сияқты аурумен ауырса, әлсіздіктен 31 пайы-

зы жүре алмай қалды. Арасында тек 7 пайызы ғана сау балалар болған. Аштан өлген балалардың саны да 42 пайызға жеткен [300].

Балалар үйінде азық жоқтықтан қаңғыбас балаларды қабылдау тоқтатылды. Губернияның балалар үйінде тәрбиеленіп жатқан 9994 баланың 50 пайызы қаны азайып, жүдеп асқазан ауруына шалдыққан [142, 64-65- 66.].

Бұл мекемелер де оларды тамақтандыруға мүлдем қауқары жетпеді. Ыстық тамақ тек бірақ рет берілді. Оның өзі құнары жоқ, сылдыр суга быламық ретінде пісірілген ас болатын. Балалардың үстінде киер, аяғында ілер аяқ киімі болмай, балалар үйіне келген сол кір, лас, жыртқық киімдерімен жүруге мәжбүр болды. Оның үстіне санитарлық тазалық та жетіспеді.

Қостанай губерниядағы ашыққан балалардың жағдайы туралы баяндама жасаған Ашком ОК-нің төрағасының орынбасары С.Сергеев Торғай уезінде 1921 ж. 1 желтоқсанына дейін жалпы ашыққандардың саны 30 000, ал ашыққан қарттар мен мүгедектердің саны 10 000 екендігін қынжыла жеткізді [301].

Жағдайдың аурылауына байланысты Қостанай губаткомы губерниялардан көмек сұрай бастады. 1922 жылы 28 ақпанда Семей губерниясы Қостанайда ашыққан мыңнан аса баланы қабылдай алатындығы жөнінде қаулы қабылдап, осы губерниядан келген балаларды қамқорлығына алды [302].

Қостанай губерниясындағы Больше-Чураков балалар үйінде 1922 жылдың 1 наурызына дейін 200 баланың 48-і өлген. 500 бала бар 5 балалар үйінен қалған екі балалар үйінде тек 230 бала ғана тірі қалды [136, 3-6.].

Қостанайдағы балалар үйінің жағдайының аса ауырлығы «Степь» газетінің 4 шілдедегі санында жазылды. Мәселен №2 балалар үйіндегі кішкентай екі бөлмедегі суық еденге 204 бала сш жамыпғысыз жатқызылып, кір су ішіп, жуынуға су болмағандықтан Тобыл өзеніне барып шомылуға мәжбүр болған [303].

1922 ж. ақпанында 139 631 баланың ашыққандығы тіркелген. 1921 жылдың тамыз айында губерния бойынша болған 71 балалар үйін бар-

жоғы 3453 бала паналаса, оның 48 пайызы ауру, 37 пайызы әлсіз, тек 15 пайызының денсаулығы жақсы болып, ауру балалардың 30 пайызы өлген. Ал 1922 ж. ақпанындағы есеп бойынша 135 балалар үйіндегі 139 балааның 62 пайызы ауру, 31 пайызы әлсіз болса, тек 7 пайызы ғана сау балалар болған. Өлген балалардың пайызы 42-ге жеткен. Оның үстіне балалардың үстіне киетін киімдері жұтаң, ауыстыратын киімі болмады [304].

Қостанай губерниялық аштарға көмек комиссиясының 1921 ж. 7 желтоқсанда өткен мәжілісінде балалар үйінің ауыр жағдайы жөнінде губерниялық азық-түлік комиссары Васильев арнайы баяндама жасап, нанның жоқтығын, жеміс-жидекпен де қамтамасыз етілмей отырғандығын келтіріп, тез арада көмек берілмесе, балалардың өлімі көбейсе түсетіндігін ескертті [305]. 1922 ж. 5 наурызда Қостанай губерниялық атқару комитеті мен губерниялық ашком атына губерниялық халық ағарту бөлімінен түскен ақпарда да Қостанай губерниясына қарасты балалар үйінің жағдай қаржының жоқтығынан күннен күнге құлдырап бара жатқандығы айтылды. Тастанды балалардың қатары көбейген. Барлық губерния бойынша тіркелген 150 тастанды бала тіркелген. Азық-түліктің жоқтығына қарамаста бұл балалар балалар үйлеріне орналастырылды.

Кеш те болса 1922 жылдың күзінен бастап Қазақстандағы панасыз балаларға үкімет тарапынан 2 500 000 сом ақша бөлінді. Бұл ақшалар губерниялар мен Адай уезіне мына мөлшерде бөлінді: Орынбор губ. – 420 000 сом, Ақтөбе губ. – 395 000 сом, Қостанай губ. – 190 000 сом, Ақмола губ. – 280 000 сом, Семей губ. – 270 000 сом, Бөкейге – 200 000 сом. Адай уезіне – 130 000 сом, Елекке – 130 000 сом, Торғайға – 100 000 сом [306]. Алайда бұл қаражатпен барлық жағдайды қалпына келтіру мүмкін емес-тін. Көбіне бөлінген қаражат азық-түлікке жұмсалынды. Күздің тез түсуі мен күннің суықтығы балалар үйлерін жылытуды талап етті.

1922 жылы 5 желтоқсанда Москваға БОАК-не Балалардың Орталық комиссиясына жіберілген жеделхатта Қазақ республикасында отынның жоқтығынан балалар үйінің жылытылмай отырғандығы, Оралға әр губерниялардан ата-аналарына қайтару үшін 331 баланың әкелінгендігін, алайда оларды басымы қаңғыбас балалар екендігі айтылды [307].

Мәскеуге Орталық балалар комиссиясына және көшірмелері Аштықтан құтқару орталық комитетіне, эвакуация бөліміне жіберілген жеделхатта отын мен қаражаттың жоқтығынан Қазақ республикасындағы балалар үйінің жағдайының ауырлығы айтылды [308].

1923 жылдың басында Қостанай губерниялық комсомол жастар одағы губернияда аштықты ауыздықтауға үкімет тарапынан іс-шаралар жүзеге асырылғанымен де, ата-анасынан айырылып жетім қалған немесе қаңғып жүрген балалар мен жасөспірімдердің қырылып қалмауына барлық жағдай жасау қажеттігін көтерді. 11 сәуірде қабылдаған қарарында уезде қанша жұмыссыз жүрген әрі қараусыз қалған жасөспірімдердің жағдайларын анықтап жұмысқа тарту, оларды тез арада әлеуметтік сақтандыру қас-салары арқылы сақтандыруға кірісу, ал егер ондай орындар болмаса өзара көмек комитеті арқылы жүзеге асыру, ата-ана қарауынан айырылған жасөспірімдерді ауыл, селоларда кезіп, қаңғып кетпеуі үшін балалар үйіне, балалар бақшаларына орналастыру жолында барлық уездік комитеттер мен уездік халық ағарту комитеттерімен тығыз байланыс орнату қажеттігі айтылды. Бұл қаулының орындалу, орындалмау барысы жөніндегі ақпарат губерниялық комсомол жастар одағына жіберіліп отырылу міндеттелінді [309]. Осы міндеттерді жүзеге асыруда бар күш жұмылдырылды.

1923 жылдың басында ғана сәл де болса бала өлімі азайды. Десе де қиыншылықтар толықтай жойыла қоймады. Сөйтіп, 1921-1922 жылдардағы ашаршылықтың жүздеген мың бала құрбанына айналды. Қаншама балалардың мүрдесі далада көмсіз қалып, ит-құсқа жем болды. Жүздеген мың отбасының отыны тұтанбай қалды. Бір өкініштісі, өмірге келіп, оның қызығын көрмей, аштықтан қырылған балалар жайында үкімет ұзақ жылдар бұл қасіретті жылдарды ауызға алмады, керісінше жасырып қалуға тырысты.

## СӨЗ СОҢЫ

Ғасырлар қойнауында үнсіз қалып бара жатқан жұт пен ашаршылық – бұл үлкен қасірет. Қазақ жерін жайлаған нәубеттен қаншама адамның қырылып, оты түтенбей қалғандығын бәрі бірдей біле бермейді. Тарихта бұған шарасыз басын игендей.

Ұлт басына үйірілген зұлмат пен зобалаңның кесірін тәуелсіздігімізді алғаннан кейін ғана есімізге алуымыздың сырында үлкен мән жатыр. Бұл бір кездерде қазақтың жеріне көз алартып, байлығына қызыққан патша заманы мен қолының астындағы халықтарды қойдай иірген кеңестік жүйенің солақай саясатының салдары.

Қазақ халқы осы екі жүйенің құрбаны болып, жерінен, байлығынан, барынан айырылды. Орыс идеологиясы уысына қысып, бас көтертпеуге тырысты. Ұлт ретінде құрып кетуге сәл ғана қалдық. Қазақтың өніп-өсуіне кедергі жасалды. Үнін шығартпады. Бас көтерген азаматтарды, елін бостандық, теңдікке қарай жетелегендерді соттады, абақтыға жапты. Дүлей күшке қарсы тұруға дәрмен жетпеді.

XX ғасыр басында қазақ ағартушысы Ахмет Байтұрсынұлы Қазақ халқының 6 миллионға жеткенін қуана хабарлаған. Өкінішке орай, ақынның қуанышы, көбейін ұлтымыздың мерейін үстем етеміз деген арманы Бірінші дүниежүзілік соғысы, 1916 жылдағы қазақтардың қара жұмысқа алынуы мен ұлт-азаттық қозғалыс және Азамат соғысының салдарынан «әскери коммунизм» жылдарында туындаған астықтың шықпай қалуы, қуаңшылық, оның үстіне салықты салғыртпен алмастыру нәтижесінде шаруалардың қолындағы барлық астығымен қоса, қорда сақталып отырған тұқымдары да күшпен тартып алынуы тікелей әсерінен, 1916-1918 және 1921-1922 жылдардағы ашаршылықтан жүзеге аспай қалды. Осы зобалаң жылдары ғасыр басындағы алты миллионымыздың тең жартысынан айырылды.

Жұт пен ашаршылық қосарланып жүреді. Қолайсыз ауа райынан, нақтылай айтсақ, жазы жаңбырсыз, қысы қарсыз болуы немесе қыста керісінше жаңбыр жауып, көктайғаққа айналуы, бір сөзбен табиғаттың тосын сыйынан жұт пайда болып, халық жапа шекті. Егін күйіп кетіп,

мал қырылды. Өмір бойы мал өсірумен айналысқан қазақтың бар малын жұт алды. «Малға байлық, бір жұттық» демекші, мыңғырлаған малы бар, бір ауылды асырап отырған бай кедейге, кедей қайыршыға айналды. Жұттың артынан аштық қоса ілесті. Айрандай ұйып отырған ауылдың тоз-тозы шығып, дорба ұстап, қол жайған мүскінді көру күнделікті әдетке айналды.

Қазақстандағы ең ауыр ашаршылықтарға 1921-1922 жылдар аралығында аралығында болған ашаршылық жатады. Бұл жылдары ашаршылық Батыс өңірдегі губернияларды жайлап, жүз мыңдаған халық аштық құрбанына айналды, көршілес елдерге босып кетті. Бұл трагедия халық қасіретіне айналды. Әрине, ол жылдары ашаршылық тек бізде ғана болған жоқ. Ол Украинада, Солтүстік Кавказда, Еділ бойының кей жерлерінде халықты қырғынға ұшыратты. Бірақ солардың ішінде аз ғана қазақ халқының жартысына жуығы қырылып қалуы бұл қасіретті көлемі жағынан да, ізубеттен орны толмас зардап шеккен ұлт ретінде де XX ғасырдағы әлем тарихынан орын алған осындай апаттардың алдыңғы қатарына шығаралы.

Кейбір деректерге қарағанда, Орталық Қазақстанға төніп тұрған аштық апатын орталық басшылығы дер кезінде көріп, оған мән бере білмеді. Орталықтан келген азық-түлік жинаушы Ф.Э.Дзержинскийдің отрядтары Түркістан өлкесі, Ақмола, Семей губернияларындағы еңбекшілердің қолындағы астықты артық деген желеумен күштеп алып кеткен.

Қазақстандағы 1921-22 жылғы ашаршылықтың шығу шындығына келсек, ауа райы, құрғақшылық емес, большевиктер мен олардың партиясының біржақты саясаты кінәлі.

Бұл аштықтан қазақта тұтастай отбасы қырылғандар, отыны өшкен, шаңырағы ортасына түскендер қаншама? Ата-анасынан, бауыры, туысынан айырылмай қалғандар жоқ-ау... Бас амандығын сақтап, қаңғып, босып кеткендер өз мекеніне орала алды ма екен?! Бұл жауабы жоқ сұрақ. Аман қалғандары босып шет мемлекеттерге кетті.

Қазақстандағы ашаршылық ұлт зиялыларын бей-жай қалдырмады. Қазақстанда ашаршылыққа ұшыраған губернияларға көмек қолын созғандардың арасында ұлттың білімді, білікті, патша үкіметі тұсында

да, кеңестік жүйеде де үкімет қызметінде болған қазақ зиялылары болды. Бұлардың арасында оқу-ағарту, баспасөз саласында қызмет еткен бұрынғы Алашорда қозғалысының мүшелері де белсенділік танытты. Аштықтың нышаны білінген 1920 жылдың күзінен бастап олар дабыл қағып, алда келе жатқан нәубеттің алдын алу керектігін баспасөз арқылы жеткізді. Барлығы қолынан келгенше халықтың аман қалуын тілеп, жоғары үкімет орындарына, Орталық үкіметке хат жолдап, көмек сұрады. Өздері елді аралап, ашыққандарға арналған асханалар ашу, оларды азық-түлікпен қамтамасыз етуге бар күштерін жұмылдырды.

Ұлт қамын ойлаған қазақ зиялылары мен жекелеген аймақтардың көрсетілген көмектері арқасында бұл күндер де артта қалды. Мұндай қиын-қыстау заманда өз халқы мен бауырларына жәрдем көрсетуді өздерінің азаматтық борыштары деп білген зиялыларымыздың бұл әрекеттері өміршен мүддеге қызмет еткендігінің тағы бір көрінісі.

Қазақ жеріндегі аштықты ауыздықтауға көмек қолын созған шетелдік қайырымдылық ұйымдары. Кеңестік жүйенің сол кездердегі капиталистік елдерге деген ұстанған саясатына, көзқарасына қарамастан бұл ұйымдар КСРО құрамындағы ашыққан губерниялардағы мыңдаған халыққа азық-түліктей, киім-кешектей, дәрі-дәрмектей көмек бере аштық ажалынан аман алып қалды.

1921-1922 жылдардағы ашаршылық нәубеті 30-жылдары жалғасын тапты. Ел басына түскен небір зұлматтардың ішінде орны толмас өкініш, азалы да қаралы кезең, қасіретті апат ретінде 1931-1933 жылдардағы ашаршылық нәубеті бәрінен де асып түскені сөзсіз. Бұл жеке адамның, отбасының емес, бүкіл халық басына келген алапат апат.

1921-1922 жылдардағы аштықтың зардабы халық есінде мәңгі сақталатыны сөзсіз. Аштықтың тырнағына ілініп, құрбан болып кеткендердің атын анықтап, атауға мүмкін болмас. Дегенмен, осы кезеңдегі зұлмат пен зобалан жылдары құрбандықтың көп болғандығын келесі ұрпақ біліп, олардың рухына тағзым етуге тиіс.

Аштық тарих қойнауында қалып қойды. Дәмі ащы, жарасы жазылмайтын дертке айналды. Шет мемлекеттерге босып кеткен көпшілік қандастарымыз ұзақ уақыт бойы туған жеріне оралмай, еріксіз сол жақта тұрақтап қалуы осы ашаршылықтың ащы қасіретінен.

Уақыттың бір орында тұрмайтыны белгілі. Кешегі заман өтеді, кетеді. Бірақ, аштық нәубетінің зардабын өскелең ұрпақ ұмытпас. Тарих бетінен өшпес орын алар, өзскті өртер өкінішке толы сәттер болмаса екен деген тілек біздікі!



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

### Kіріспе

- 1 Қазақстан ұлттық энциклопедия. – Т.1. /Ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 719 б.
- 2 Мстиславский С. Голод // Большая советская энциклопедия (далее БСЭ). – Т.17. – М., 1930. – 618 с.
- 3 Коган А.Н. Антисоветские действия Американской администрации помощи (АРА) в Советской России в 1921-1922 гг. // Исторические записки. – 1949. – №29.
- 4 Падение империи революция и гражданская война в России. – Москва: Издательство «Социально-политическая Мысль», 2010. – 600 с.
- 5 Қазақстан Республикасы Президент Архиві (бұдан әрі ҚРПА). 139 -к., 1-т. 190-іс. 1-п.

### I-тарау. XIX ғ. - XX ғ. бас кезіндегі казак жеріндегі зұлматтар

- 1 Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. 4-т. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2003. – 719 б.
- 2 Кинаятұлы З. Жылаған жылдар шежіресі. – Алматы: «Мерей», 1995. – 298 б.
- 3 Иванов П.В. Джут 1927-1928 г. Сыр-Дарьинской губернии. – Б.г.
- 4 Балтабай. Общая картина 1916 г. в Уральской губернии. – Кызыл-Орда, 1926.
- 5 Шахматов В. Земельные отношения во Внутренней орде в начале XIX в. – Алма-Ата: Казахское государственное издательство, 1940. – 62 с.
- 6 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві (бұдан әрі ҚРОМА). 74-к., 3-т., 745-іс. 53-п.
- 7 Тимченко Г.А. Свидетели прошлого: путеводитель по архивам Семипалатинска. –Алма-Ата: Издание центрархива Каз. АССР, 1933. – 24 с.
- 8 Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. 2-басылымы (Көмекші оқу құралы). – Алматы: «Санат», 1995. – 224 б.
- 9 Баймурзин А. Из истории захвата царизмом Большой и Средней Орд. – Алма-Ата: Казахское государственное издательство, 1940. – Вып. 1. – С. 96-107.
- 10 ҚРОМА. 74-к., 3-т., 745-іс. 52 кайыр-п.
- 11 ҚРОМА. 25-к., 1-т., 3492-іс. 237-п.
- 12 ҚРОМА. 74-к., 3-т., 745-іс. 52 кайыр., 53-п.
- 13 ҚРОМА. 74-к., 3-т., 745-іс. 52 кайырм.-53-пп.; Иванов П.В. Джут 1927-1928 г. Сыр-Дарьинской губернии. Б.г. с. 146-147. <http://nblib.library.kz/>
- 14 Обзор Акмолинской области за 1904 г. – Омск, 1906. – 63 с.
- 15 ҚРОМА. 25-к., 1-т., 4189-іс. 10, 10 кайыр., 11-пп.
- 16 ҚРОМА. 25-к., 1-т., 4189-іс. 28 кайыр., 29, 30-пп.

- 17 КРОМА. 25-к., 1-т., 4189-іс. 44, 44 қайыр.-пп.
- 18 КРОМА. 25-к., 1-т., 4189-іс. 99-п.
- 19 КРОМА. 64-к., 1-т., 4810-іс. 5-п.
- 20 КР ОМА. 64-к. 1-т. 520-іс. 3, 5, 91-пп.
- 21 КРОМА. 64-к., 1-т., 564-іс. 46-48, 54-пп.
- 22 КРОМА. 25-к., 1-т., 3885-іс. 6-6 қайрым.-пп.
- 23 КРОМА. 25-к., 1-т., 3885-іс. 35-35 қайрым.-пп.
- 24 КРОМА. 25-к., 1-т., 3885-іс. 162-169, 171-172, 176-179-пп.
- 25 КРОМА. 25-к., 1-т., 3885-іс. 130-п.
- 26 КРОМА. 64-к., 1-т., 564-іс. 219-п.
- 27 Протокол // Семиналатинские областные ведомости. – 1893. – №3.
- 28 КРОМА. 64-к. 1-т. 564-іс. 186, 186 қайырма-п.
- 29 КРОМА. 320-к., 1-т., 613-іс. 47-49-пп.
- 30 КРОМА. 64-к. 1-т. 723-іс. 13, 14 қайырма, 15, 15 қайырма-пп.
- 31 Корреспонденция // Степной край. – 1895. – 28 мая. – №41.
- 32 КРОМА. 74-к., 3-т., 745-іс. 52-53 қайыр.-пп.
- 33 Ислам в Казахстане: паломничество (XIX – начало XX в.) // Сборник материалов. Состав. И руководитель проекта Г.Р. Мухтарова (Абдранмова). – Алматы: «Баспалар үйі», 2009. – 592 с.
- 34 КРОМА. 25-к. 1-т. 561-іс. 78-п.
- 35 Мадияр. Чума қандай ауру? Одан қалай сақтану керек. – Қызылорда, 1927. – 11 б.
- 36 КРОМА. 74-к., 3-т., 745-іс. 55-пп.
- 37 Обзор Семиреченской области за 1907 г. – Верный, 1908. с. 49-50; Обзор Семиреченской области за 1908 г. – Верный, 1908.
- 38 Обзор Семиреченской области за 1908 г. – Верный, 1908. – 93 с.
- 39 Уақиғалар // Айқап. – 1911. – №1.
- 40 Уақиғалар // Айқап. – 1911. – №6.
- 41 КРОМА. 25-к., 1-т., 4471-іс. 4-4 қайырма. -п.
- 42 КРОМА. 25-к., 1-т., 4471-іс. 22-п.
- 43 КРОМА. 25-к., 1-т., 4471-іс. 41-42, 56, 59, 123-пп.
- 44 КРОМА. 25-к., 1-т., 4471-іс. 371-372-пп.
- 45 КРОМА. 25-к., 1-т., 4471-іс. 417, 419, 420-пп.
- 46 КРОМА. 25-к., 1-т., 4471-іс. 376-п.
- 47 Уақиғалар // Айқап. – 1911. – №3.
- 48 Дулатов М. Жұт // Қазақ. – 1913. – 30 март. – №8.
- 49 Уақиғалар // Айқап. – 1911. – №7.
- 50 КРОМА. 64-к., 1-т., 2575-іс. 3-п.
- 51 Сатыбалдин Ф. Біздердің бұрынғы һәм қазіргі халіміз // Айқап. – 1911. – №10.

- 52 Уақиғалар // Айқап. – 1912. – №2.
- 53 Уақиғалар // Айқап. – 1912. – №3.
- 54 Семей хабарлары // Айқап. – 1912. – №4.
- 55 Сағитов Н. Семипалат облысы Өскемен уезіне қараған казактардың аштықтан зарлықтары. – Орынбор, 1912. – 15 б.
- 56 Зайсан // Қазак. – 1913. – 17 февраль. – №3.
- 57 От Верненского полицеймейстера // Семиреченские областные ведомости. – 1911. – 18 марта. – №57.
- 58 КРОМА. 74-к., 3-т., 745-іс. 52-п.
- 59 Қасаболатов Е. Шума // Қазак. – 1913. – 9 март. – №5.
- 60 Күсепғалиұлы Д. Шума // Қазак. – 1913. – 30 март. – №8.
- 61 КРОМА. 64-к., 1-т., 2674-іс. 19-п.
- 62 КРОМА. 64-к. 1-т. 2700-іс. 3-п.
- 63 КРОМА. 64-к. 1-т. 2700-іс. 4-п.
- 64 Мадияр. Ел күйзелді // Ақ жол. – 1921. – 9 апрель. – №45.
- 65 // Бірлік туы. 1918. 27 наурыз.
- 66 Аштық белгісі // Қазак. 1917. №248. 3 ноябрь.
- 67 Социалды Қазақстан. – 1930. – 26 сәуір, 6 мамыр; Рысқұлов Т.Р. Шығармаларының толық жинағы. Т.1. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. – 392 б.
- 68 Устинов В.М. Турар Рысқұлов. – Алматы, 1996. – 240 с.
- 69 Елеуов Б.Т. Установление и упрочение Советской власти в Казахстане – Алма-Ата, 1961. – 528 с.
- 70 Рысқұлов Т.Р. Шығармаларының толық жинағы. Т.2. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. – 368 б.
- 71 // Социалды Қазақстан. – 1930, – 6 мамыр.
- 72 Шоқай М. Избранные труды: В двух томах. Том первый / Сост. И автор предисловия К.Е. Есмагамбетов. – Алматы: «Арыс», 2016. Т. 1. – 432 с.
- 73 Победа Великой Октябрьской социалистической революции в Казахстане. – Алма-Ата, 1957. – 423 с.
- 74 Нурпеисов К. Становление Советов в Казахстане (март 1917 г. – июнь 1918 г.). – Алма-Ата: Наука, 1987. – 240 с.
- 75 Великая Октябрьская социалистическая революция в Казахстане. Летопись событий. – Алма-Ата, 1967. – 455 с.
- 76 Рысқұлов Т. Избранные труды. – А, 1984. – 260 с.
- 77 Қоныратбаев О.М. Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметінің күндерегі. – Тараз: ТарМПИ баспасы, 2014. – 216 б.
- 78 Қоныратбаев О. Тұрар Рысқұлов: Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 448 б.
- 79 Рысқұлов Т. Соб. Соч. В 3-х т. – Алматы: Казахстан, 1997. – Том 1. – 336 с.

- 80 Троцкий Л. На борьбу с голодом! (Речь, произведенная 9 июня 1918 г. на анродном собрании в Сокольниках). – Москва-Петроград, Книгоиздательство «Коммунист», 1918. – 64 с.
- 81 Яковенко Л.И. Продовольственная политика Коммунистической партии и ее осуществление в Туркестане (1918-1924 гг.). – Душанбе, 1974.

**II-тарау. 1921-1922 жж. Қазақстандағы ашаршылық  
және онымен күрес барысы**

- 1 Қозыбаев М.К. Тарих зердесі (Замана асуы). I-күтап. – Алматы: Ғылым, 1998. – 344 б.
- 2 ҚРОМА. 320-к., I-т., 33-іс. 8-8 қайырм.-пп.
- 3 Григорьев В.К. Разгром мелкобуржуазной контрреволюции в Казахстане (1920-1922 гг.). – Алма-Ата: «Казахстан», 1984. – 176 с.
- 4 Логачев В.А. «...В хлебном районе Западной Сибири»: от пролетарской революции к крестьянскому мятежу // Вестник Томского государственного университета. История. 2011. – 4 (16). – 19-28 с.
- 5 Күлетов Қ. Астық салығы // Ақ жол. – 1920. – 10 декабрь. – №2.
- 6 ҚРПА. 140-к., I-т., 23-іс. 2-3-пп.
- 7 ҚРПА. 140-к., I-т., 23-іс. 2-4-пп.
- 8 Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан 1917 ж. – мамыр 1920 ж. – Алматы: «Алаш», 2005. – Т. 2. – 496 б.
- 9 Наркомы Казахстана. 1920-1946 гг. Биографический справочник. – Алматы: Арыс, 2007. – 400 с.
- 10 Сүлейменова Ә. Аспандияр Кенжин: ғасырлар тоғысындағы тағдыр (1887-1938). – Алматы: «Елтаным» баспасы, 2012. – 240 б.
- 11 Образование Казахской АССР. Сборник документов и материалов. – Алма-Ата, 1957. – 368 с.
- 12 Нұрпейсов К. Қазақстандағы шаруалар советтері (1917-1929 жылдар). – Алматы: Ғылым, 1972. – 348 б.
- 13 Нусупбеков А. Объединение казахских земель в Казахской Советской Социалистической Республике. Алма-Ата, 1953. – 99 с.
- 14 ҚРОМА. 5-к., I-т., I-іс. 16-п.
- 15 Ағдарбеков А.Т. Проблемы национально-государственного строительства в Казахстане. – А., 1990. – 182 с.
- 16 Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві (ӨРОМА). 837-к. 15-т., 252-іс. 72-74- пп.
- 17 ҚРОМА. 30-к., I-т., 3-іс. 22-23, 24-пп.
- 18 ҚРОМА. 5-к., 5-т., 97-іс. 52-п.
- 19 История органов безопасности Казахстана. В 2-х кн. Кн. первая. – А., 2003.
- 20 ҚРПА. 140-к., I-т., 23-іс. 5-п.

- 21 Қазақ ССР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. т.4. – Алматы: Ғылым, 1981. – 676 б.
- 22 // Известия народного комиссариата по военным делам. – 1921. – 16 июня. – №84.
- 23 Социалистическое строительство в Казахстане в восстановительный период (1921-1925 гг.). – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1962. – 594 с.
- 24 V. X-ншы топ // Еңбекшіл қазақ. – 1923. – 11 январь. – №60.
- 25 Мұхтар. Егінге дайындалындар // Қазақ тілі. – 1921. – 18 ақпан.
- 26 ҚРОМА. 5-к., 2-т., 6-іс. 48-п.
- 27 Қазақстан Коммунистік партиясы съездерінің, конференцияларының және пленумдарының қарарлары мен шешімдері (1921-1927) / Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институты – КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының филиалы. – т.1. – Алматы: Қазақстан, 1987. – 418 б.
- 28 Есмағамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1994. – 240 б.
- 29 Бекхожин Х.Н., Козыбаев С.К., Матвиев С.С. Очерки истории журналистики. – Ч.1. – Алма-Ата: Қазақстан, 1988. – 192 с.
- 30 Сборник документов и материалов по истории СССР Советского периода (1917-1958 гг.). – М.: Изда-во Московского университета, 1966. – 625 с.
- 31 Дахшлейгер Г.Ф., Нурпейсов К. История крестьянства Советского Казахстана. – Т.1. – Алма-Ата: Наука, 1985. – 247 с
- 32 ҚРПА. 196-к., 1-т., 38-іс. 228-229-пп.
- 33 ҚРПА. 81-к., 1-т., 21-іс. 3-п.
- 34 ҚРПА. 140-к., 1-т., 121-іс. 6,7, 13,14-п.
- 35 Ақтөбе Облыстық Мемлекеттік Архиві (бұдан әрі АОМА). 69-к., 9-т. 107-іс. 1-п.
- 36 ҚРОМА. 320-к., 1-т., 33-іс. 11-п.
- 37 Мардаровский Н.И. Голод в Киргизии и борьба с недородами. Оренбург. 1922.
- 38 ҚРПА. 139-к., 1-т., 247-іс. 95-п.
- 39 Карр Э. История Советской России. Кн.1 и 2.Большевистская революция.1917-1923. Пер. с англ./ Предисл. Ненарокова А.П. – М.: Прогресс,1990. – 768 с.
- 40 Омарбеков Т. Ашаршылық ақиқаты //Ақиқат. – 1997. – №5.
- 41 Аристов И.Б. Құрғақшылық пен жұтқа қарсы (қазақ тіліне аударған Х. Болғанбайұлы). Б.г. 52 б.
- 42 Мұхтар. Егінге дайындалындар // Қазақ тілі. – 1921. – 18 ақпан.
- 43 Асылбек Ғ. Қазақ Республикасындағы аштықтың ауданы // Қызыл Қазақстан. – 1922. – № 4.

- 44 Сәкен. Аштардың рухтары // Қызыл Қазақстан. – 1922. – №7-8.
- 45 ҚРПА. 139-к., 1-т. 211-іс. 24 арт.-п.
- 46 ҚРПА. 139-к., 1-т., 190-іс. 1-п.
- 47 Просим освободить из тюремного заключения. – М.: Современный писатель, 1998. – 208 с.
- 48 Асылбек Ғ. Қазақ Республикасындағы аштықтың ауданы // Қызыл Қазақстан. – 1922. – № 4.
- 49 // Известия ЦИК Туркестанской Республики. – 1921. – 20 июля. – №158.
- 50 ҚРПА. 139-к., 1-т., 336-іс. 19-п.
- 51 КРОМА. 320-к., 1-т., 33-іс. 17-п.
- 52 КРОМА. 320-к., 1-т., 43-іс. 35-п.
- 53 Григорьев В.К., Джафаров Н.Р., Осипов В.П. Идеино-политическая работа партийных организаций Казахстана (1917-1925 гг.). – Алма-Ата, 1989. – 176 с.
- 54 КРОМА. 320-к., 1-т., 33-іс. 16-п.
- 55 КРОМА. 5-к., 2-т., 19-іс. 23-п.
- 56 КРОМА. 320-к., 1-т., 33-іс. 9 қайырым.-10-пп.
- 57 Накымжанұлы Ә. Шикізаттарды (тері һәм жүн) аштар пайдасына жұмсау керек // Қызыл Қазақстан. – 1922. – №4.
- 58 КРОМА. 320-к., 1-т., 33-іс. 12 қайырым.-п.
- 59 КРОМА. 320-к., 1-т., 19-іс. 15, 15 қайырма -пп.
- 60 Өлімнің ауруы // Аюкол. – 1921. – 18 декабрь. – №120.
- 61 Обадан сақтаныңыздар // Қазақ тілі. – 1921. – 28 июль.
- 62 Жұқпалы аурумен күрес // Аюкол. – 1921. – 28 декабрь. – №124.
- 63 КРОМА. 320-к., 1-т., 43-іс. 157-п.
- 64 КРОМА. 320-к., 1-т., 43-іс. 158-п.
- 65 КРОМА. 90-к., 1-т., 121-іс. 13-п.
- 66 ҚРПА. 139-к., 1-т., 247-іс. 89-91-пп.
- 67 КРОМА. 196-к., 1-т., 38-іс. 366-п.
- 68 Аштық һәм Қазақ Республикасының бір жылдық астық расходы // Қызыл Қазақстан. – 1922. – №4.
- 69 КРОМА. 320-к., 1-т., 33-іс. 19-19 қайырым.-пп.
- 70 Қазақ республикасында аштық ауданы // Қызыл Қазақстан. – 1922. – №7-8.
- 71 КРОМА. 320-к., 1-т., 33-іс. 18-п.
- 72 КРОМА. 320-к., 1-т., 33-іс. 19-п.
- 73 ҚРПА. 139-к., 1-т., 336-іс. 36 арт.-пп.
- 74 Қазақ Республикасында мал өсірудің осы күнгі жайы // Қазақ календары 1922 жыл. – 1923.
- 75 КРОМА. 320-к., 1-т., 49-іс. 4, 12, 17-пп.
- 76 ҚР ОММ. 320-к., 1-т., 25-іс. 19-19 қайырым.-20-п.

- 77 Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Әліппелер мен мақалалар жинағы. – Алматы, 2013. – Т. IV. – 384 б.
- 78 АООА. Р-3-к., 1-т., 5-іс. 44-44 арт.-п. КРОММ. 5-к., 2-т., 2-іс. 39-41-пп.; Социалистическое строительство в Казахстане в восстановительный период (1921-1925 гг.). – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1962. – 594 с. 183-185-бб.
- 79 АООА. Р-3-к., 1-т., 5-іс. 1-п.
- 80 АООА. Р-3-к., 1-т., 5-іс. 1-п.
- 81 ҚРОМА. 320-к., 1-т., 33-іс. 28-п.
- 82 Орынбор облыстық Мемлекеттік мұрағаты (бұдан былай ООММ.) 1 «Р»-к., 1-т., 269-іс. 23-п.
- 83 Правда. – 1921. – 21 июля.
- 84 ҚРОМА. 320-к., 1-т., 33-іс. 28-п.
- 85 КРПА. 139-к., 1-т., 247-іс. 93-94-пп.
- 86 АОМА. Р-3-к., 3-т. 27-іс. 17-п.
- 87 КРПА. 139-к., 1-т. 211-іс. 24-п.
- 88 ҚРОМА. 320-к., 1-т., 33-іс. 11-п.
- 89 ҚРОМА. 320-к., 1-т., 33-іс. 40,40 қайырм.-п.
- 90 Аштарды орналастыру // Ақжол. – 1921. – 26 октябрь. – №101.
- 91 Дахшлейгер Г.Ф. Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921-1929 гг.). – Алма-Ата: Наука, 1965. – 536 с.
- 92 Известия ЦИК Туркестанской Республики. – 1921. – 24 июля. – №161; – 22 июля. – №162.
- 93 ҚРОМА. 196-к., 1-т., 9-іс. 31-п.
- 94 ҚРОМА. 320-к., 1-т., 33-іс. 28 қайырм.-п.
- 95 Қостанай Облыстық Мемлекеттік Архиві (бұдан әрі ҚОМА). 538-к., 1-т., 14-іс. 41-п.
- 96 ҚРОМА. 320-к., 1-т., 33-іс. 73 қайырм.-74-пп.
- 97 ҚРОМА. 320-к., 1-т., 33-іс. 74-п.
- 98 КРПА. 139-к., 1-т. 211-іс. 25 арт.-п.
- 99 ҚРОМА. 320-к., 1-т., 29-іс. 9-п.
- 100 ҚРОМА. 320-к., 1-т., 19-іс. 4-п.
- 101 ҚРОМА. 320-к., 1-т., 19-іс. 5-п.
- 102 ҚРОМА. 320-к., 1-т., 19-іс. 5-6-пп.
- 103 ҚРОМА. 320-к., 1-т., 10-іс. 5-п.
- 104 ҚРОМА. 320-к., 1-т., 19-іс. 5-6-пп.
- 105 ҚРОМА. 320-к., 1-т., 19-іс. 7-п.
- 106 // Степная правда. 1921. – 13 августа. – №33 (177); ҚРОМА. 320-к., 1-т., 7-іс. 3-п.
- 107 ҚРОМА. 320-к., 1-т., 7-іс. 3-3 қайырм. -пп.

- 108 ҚРОМА.320-қ., 1-т., 7-іс. 29-29 қайырм.-пп.
- 109 ҚРОМА.320-қ., 1-т., 7-іс. 37-п.
- 110 ҚРОМА.320-қ., 1-т., 10-іс. 252-253, 265-пп.
- 111 ӨРОМА. 36-қ., 1-т. 33-іс. 3-п.
- 112 Социалистическое строительство в Казахстане в восстановленный период (1921-1925 гг.). Сборник документов и материалов. – Алма-Ата: Изда-во АН КазССР, 1962. – 594 с. 113 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 611-іс. 17-п.
- 114 ҚОМА. 670-қ., 1-т., 7-іс. 90-90 арт.-пп.
- 115 Отчет о деятельности Джетысуйского областного экономического совещания за 1921-1922 хозяйственный год. А., 1923. – 182 с.
- 116 Отчет Совета Труда и обороны КССР. Совету Труда и обороны РСФСР о деятельности с 1-го января по 1-ое октября. – Оренбург, 1921.
- 117 ҚРОМА. 320-қ., 1-т., 33-іс. 73 қайырм.-п.
- 118 Стенографический отчет II съезда Советов КАССР. – Оренбург, 1921. – 194 с.
- 119 ҚРОМА 5-қ., 2-т., 105-іс. 12-15-пп.
- 120 ҚРОМА. 320-қ., 1-т., 19-іс. 14-п.
- 121 ҚРОМА. 320-қ., 1-т., 19-іс. 15-п.
- 122 Трудящиеся Казахстана – В.И. Ленину. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1960.
- 123 ҚРОМА. 5-қ., 2-т., 27-іс. 91-п.
- 124 ҚРОМА. 320-қ., 1-т., 19-іс. 15-п.
- 125 ҚРОМА. 320-қ., 1-т., 19-іс. 20 қайырма -пп.
- 126 ҚРОМА. 320-қ., 1-т., 19-іс. 20 қайырма -пп.
- 127 ҚРОМА. 320-қ., 1-т., 20-іс. 103, 103арт.-пп.
- 128 ҚРОМА. 320-қ., 1-т., 33-іс. 33-п.
- 129 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 27-іс. 46-п.
- 130 ҚРОМА. 30-қ., 1-т., 53-іс. 150-151-пп.
- 131 ҚРОМА. 74-қ., 2-т., 248-іс. 14-п.
- 132 ҚРПА. 139-қ., 1-т., 340-іс. 15-17 қайыр.-пп.
- 133 ҚРОМА. 320-қ., 1-т., 19-іс. 33-п.
- 134 Казахстанская организация ВКП(б) в решениях ее конференций и пленумов. – Вып. I. –А. – М.,1931. – 150 с.
- 135 Түркістаннан аштарға жәрдем // Ақжол. – 1922. – 8 гынауар. – №127.
- 136 Ашыққандар үшін // Ақжол. – 1922. – 28 гынауар. – №136.
- 137 ҚРПА. 139-қ., 1-т. 211-іс. 25 арт.-п.
- 138 «Аштарға жәрдем» газетін сатып беруші... // Ақжол. – 1921. – 23 декабрь. – №122.
- 139 Ашыққандар үшін // Ақжол. – 1921. – 23 декабрь. – №122.
- 140 ҚРОМА. 320-қ., 1-т., 33-іс. 33 қайырм.-п.
- 141 ҚРОМА. 5-қ., 2-т., 59-іс. 29-п.



- 142 Қазақстанға жәрдем // Ақжол. – 1922. – 1 гинуар. – №126.
- 143 Бұхар жәрдемі // Ақжол. – 1922. – 12 гинуар. – №129.
- 144 ҚРОМА. 320-к., 1-т., 33-іс. 34-п.
- 145 Байділдин Ә. Қазақстан коммунист партиясының 2-ші жалпы жиналысы  
// Қызыл Қазақстан. – 1922. – № 4.
- 146 ҚРОМА. 320-к., 1-т. 28-іс. 13-п.
- 147 Вторая киргизская областная конференция РКП (б) 19-27 февраля 1922 г.  
Алма-Ата, КазкрайОГИЗ, 1936. – 124 с.
- 148 ҚРПА. 139-к., 1-т., 247-іс. 95-п.
- 149 ҚРПА. 139-к., 1-т., 247-іс. 119, 133-пп.
- 150 ҚРПА. 139-к., 1-т., 336-іс. 19-қайырм.-п.
- 151 Аш елдің зор міндеті – егін салу // Қызыл Қазақстан. – 1922. – №5.
- 152 ҚРОМА. 196-к., 1-т., 9-іс. 25 арт-п.
- 153 Қазақстанда аштық саны // Қазақ календары 1922 жыл. – 1923.
- 154 АОМА. Р-3-к., 1-т. 39- іс. 25-п.
- 155 АОМА. Р-3-к., 1-т. 39-іс. 62-п.
- 156 АОМА. Р-3-к., 1-т. 39-іс. 61 арт-п.
- 157 Аштарға жәрдем үшін салық // Қазақ тілі. – 1923. – 14 февраль. – №12.
- 158 АОМА. Р-3-к., 1-т. 609- іс. 2-п.
- 159 Семей губерниялық аштар комиссиясының жұмысы // Қызыл Қазақстан.  
– 1922. – №7-8.
- 160 ҚРОМА. 196-к., 1-т., 38-іс. 419-п.
- 161 Тұрғанбаев М. Октябрь төңкерісі һәм газет // Қазақ тілі. – 1921. – 7 ноябрь.  
– №149.
- 162 Қазақстанға жәрдем // Ақ жол. – 1922. – 1 гинуар. – №126.
- 163 ҚРОМА. 196-к., 1-т., 9-іс. 25 арт-п.
- 164 АОМА. 69-к., 9-т. 107-іс. 5-п.
- 165 АОМА. 69-к., 9-т. 107-іс. 6-п.
- 166 АОМА. 69-к., 9-т. 107-іс. 11-12-пп.
- 167 ҚОМА. 670-к., 1-т., 7-іс. 89-п.
- 168 ҚОМА. 670-к., 1-т. 10 -іс. 7-п.
- 169 ҚОМА. 670-к., 1-т., 10-іс. 7-7 арт.-пп.
- 170 ҚОМА. 670-к., 1-т., 10-іс. 8-8 арт.-пп.
- 171 ҚРПА. 139-к., 1-т. 211-іс. 26-п.
- 172 ҚРОМА. 320-к., 1-т. 28-іс. 6-7-тт.
- 173 ҚРОМА. 320-к., 1-т. 28-іс. 16-16 арт.-пп.
- 174 ҚРОМА. 320-к., 1-т. 28-іс. 32 арт.-п.
- 175 ҚОМА. 670-к., 1-т., 10-іс. 16 -п.
- 176 ҚРПА. 139-к., 1-т. 211-іс. 99, 99 арт.-пп.

177 ҚОМА. 670-қ., 1-т. 9 -іс. 117-п.

178 ҚРОМА.320-қ., 1-т., 10-іс. 1-п.

179 ҚРОМА.320-қ., 1-т., 30-іс. 4-п.

180 ҚОМА. 670-қ., 1-т. 3 -іс. 18-п.

### III-ТАРАУ. Қазақ жеріне жәрдем және ұлт зиялылары

1 Казахстанская организация ВКП(б) в решениях ее конференций и пленумов. Вып.1. –А.,– М., 1931. – 152 с.

2 Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920-1928 жж. – Алматы: «Елшежіре», 2007. – Т.3. – 1-кітап. – 304 б.

3 М.О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі. Алматы, 1997. – 768 б.

4 Айсарин А. Егінді жұмыстар // Бостандық туы. – 1922. – 20 май. – №12.

5 Сәкен. Аштардың рухы // Қызыл Қазақстан. – 1922. – №5. 17-б.

6 ҚРОМА. 196-қ., 1-т., 38-іс. 596-п.

7 Тұрғанбай М. Ашаршылық // Қазақ тілі. – 1921. – №137. 27 август.

8 Тұрғанбай М. Аштарға жәрдем бер, келесі күнінді естен шығарма! // Қазақ тілі. – 1921. – 27 октябрь. – №148.

9 Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға (М. Шокайдың дүниетанымы және қайраткерлік болымысы). – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 504 б.

10 Шокай М. Избранные труды: В двух томах. Том первый / Сост. И автор предисловия К.Е. Есмағамбетов. – Алматы: «Арыс», 2016. – Т.1. – 432 с.

11 Шын. Ашыққандардың қамы үшін // Ақжол. – 1921. – 21 июль. – №79.

12 Ашыққандар үшін // Ақжол. – 1921. – 23 декабрь. – №122.

13 Ашыққандарға сырттан жәрдем // Ақжол. – 1921. – 30 июль. – №82.

14 Ж. Ашыққан ел хәм Семей азаматтары // Бостандық туы. – 1922. – 12 май. – №10.

15 Басқармадан // Бостандық туы. – 1922. – 12 май. – №10.

16 Қазақ елінің назарына // Қазақ тілі. – 1923. – 5 май. – №35.

17 ҚРОМА.320-қ., 1-т., 8-іс. 44-44 қайырм. - пп.

18 ҚРОМА.320-қ., 1-т., 8-іс. 45-45 қайырм. - пп.

19 ҚРОМА.320-қ., 1-т., 8-іс. 54-54 қайырм. - пп.

20 ҚРОМА.320-қ., 1-т., 8-іс. 99 -п.

21 ҚРОМА.320-қ., 1-т., 8-іс. 134- 134 қайырм.-пп.

22 ҚРОМА. 1215-қ., 1-т. 2-іс. 107-п.

23 ҚРОМА. 1215-қ., 1-т. 12-іс. 77 қайырм.-78-пп.

24 ҚРОМА. 1215-қ., 1-т. 12-іс. 81 қайырм.-п.

25 Сәдуақасов С. Қостанай-Торғай // Қызыл Қазақстан. – 1922. – №7-8.

26 ҚРПА. 811-қ. 20-т., 638-іс. 92-96-пп.

27 ҚРПА. 811-қ. 20-т., 638-іс. 92-96-пп.

28 Айыпталу ісі// Еңбекші қазақ. – 1926. – №66, 67.

- 29 Үлгі аларлық іс // Қазақ тілі. – 1923. – 1 март. – №16.
- 30 Төтенше комиссия // Бостандық туы. – 1922. – 12 май. – №10.
- 31 Дулатов М. // Қазақ календары 1923 жыл. – 1922.
- 32 М. Ауэзов в воспоминаниях современников. А., 1972. – 358 с.
- 33 Ел хабарларында // Қазақ тілі. – 1921. – 26 февраль.
- 34 // Қазақ тілі. – 1923. – №35.
- 35 Шаймерден. Индет // Қазақ тілі. – 1923. – №45.
- 36 Шаймерден. Обадан сақтаныңдар // Қазақ тілі. – 1921. – 29 июль.
- 37 Токжігітов Ш. Ашаршылықты жоғалту керек // Қазақ тілі. – 1923. – №11 (281).
- 38 // Қазақ тілі. – 1923. – №12.
- 39 // Қазақ тілі. – 1923. – №15.
- 40 КРОМА. 30-к., 1-т., 352-іс. 33-33 қайыр. п.
- 41 КРОМА. 30-к., 1-т., 352-іс. 51, 56-пп.
- 42 КРОМА. 5-к., 5-т., 116 «а»-іс. 1-п.
- 43 Циркуляры и распоряжения // После голода. – 1923. – №2. – 181-182-66.
- 44 БСЭ. - М.: Издательство «Советская энциклопедия», 1969. – Т. 1. – 640 с.
- 45 Богомазов Н.И. «Продовольственный барьер против большевизма»: поставки Американской администрации помощи (АРА) в страны Прибалтики в марте-июле 1919 г. // Новейшая история России. – 2011. – №2.
- 47 Документы внешней политики СССР. – Т.4. – М.: Госиздательство Политической литературы, 1960. – 836 с.
- 48 Рубинштейн Н. Л. Борьба Советской России с голодом 1921 г. и капиталистические страны // Исторические записки. Вып. 22. М., 1947.
- 49 // Известия. – 1921. – 12 август. – №177 (1320).
- 50 Макаров В.Г., Христофоров В.С. Новые данные о деятельности Американской администрации помощи (АРА) в России. / Новая и новейшая история, №5, 2006.
- 51 // Известия. – 1921. – 6 сентября. – №197 (1340).
- 52 Коган А.Н. Антисоветские действия Американской администрации помощи (АРА) в Советской России в 1921-1922 гг. // Исторические записки. – 1949. – №29.
- 53 Карр Э. История Советской России. Кн. 1 и 2. Большевицкая революция. 1917-1923. Пер. с англ./ Предисл. Ненарокова А.П. – М.: Прогресс, 1990. – 768 с.
- 54 Внешняя политика СССР. – Москва, 1944. – Т. 2.
- 55 КРОМА. 320-к., 1-т., 53-іс. 136-п.
- 56 // Известия. 1921. 2 сентября.
- 57 Ибраев Г. АРА – очаг контрреволюции // <https://yvision.kz/post/783632>
- 58 Аштық ауданы һәм керекті жәрдем // Қызыл Қазақстан. – 1922. – №4.
- 59 Падение империи. Революция и Гражданская война в России. Москва: Издательство «Социально-политическая Мысль», 2010. – 600 с.

- 60 Хмелевская Ю. Ю. Миссия выполнима? Американская филантропия против первого советского голода (к 90-летию начала деятельности Американской администрации помощи на Урале, 1921-1923 годы) // Вестник Пермского университета. - 2011. - Выпуск 3 (17).
- 61 КРОМА. 320-к., 1-т., 33-ис. 75-п.
- 62 КРОМА. 320-к., 1-т., 20-ис. 84-п.
- 63 КРОМА. 320-к., 1-т., 20-ис. 94-п.
- 64 КРОМА. 320-к., 1-т., 20-ис. 86-п.
- 65 КРОМА. 320-к., 1-т., 33-ис. 75-п; ҚР ПМ. 139-к., 1-т., 472-ис. 9-п.
- 66 КРОМА. 320-к., 1-т., 53-ис. 4-п.
- 67 КРОМА. 1215-к., 1-т. 9-ис. 12 арт.-п.
- 68 ҚРПА. 139-к., 1-т. 211-ис. 12 -п.
- 69 КОМА. 620-к., 2-т., 82-ис. 55-п.
- 70 КРОМА. 1215-к., 1-т. 4-ис. 4-п.
- 71 КРОМА. 1215-к., 1-т. 4-ис. 22-п.
- 72 ҚРПА. 139-к., 1-т., 247-ис. 96,99-пп.
- 73 КРОМА. 320-к., 1-т., 33-ис. 75-п.
- 74 Шет мемлекеттердің аштарға жәрдемі // Бостандық туы. - 1922. - 12 май. - №10 (66).
- 75 КОМА. 72-к., 1-т. 8-ис. 158, 158 қайырм.-пп.
- 76 КРОМА. 320-к., 1-т., 53-ис. 163-п.
- 77 АОМА. Р-3-к., 1-т. 39-ис. 19-19 қайырм.-пп.
- 78 КРОМА. 320-к., 1-т., 33-ис. 75 қайырм.-п.
- 79 Итоги борьбы с голодом (Отчет Кустанайской Губернской Комиссии Помощи Голодающим о положении губернии и деятельности с начала голодной кампании по июль 1922 года). - Кустанай, 1922. - 35 с.
- 80 Кидей. Еше нужна помощь // Степная заря. - 1922. - 3 августа. - №75 (133).
- 81 КРОМА. 320-к., 1-т., 33-ис. 75 қайырм.-п.
- 82 ҚРПА. 139-к., 1-т., 472-ис. 7-п.
- 83 КРОМА. 196-к., 1-т., 38-ис. 56-п.
- 85 КРОМА. 320-к., 1-т., 33-ис. 76-п.
- 86 КРОМА. 320-к., 1-т., 33-ис. 76-п.
- 87 АРА-ның жәрдемі // Бостандық туы. - 1922. - 20 май. - №12.
- 88 Сборник документов и материалов по истории СССР Советского периода (1917-1958 гг.). - М.: Изда-во Московского университета, 1966. - 625 с.
- 89 ҚРПА. 139-к., 1-т. 211-ис. 27 -п.
- 90 ҚРПА. 139-к., 1-т. 211-ис. 53, 53 арт.-пп.
- 91 АОМА. Р-3-к., 1-т. 39-ис. 133-п.
- 92 КРОМА. 1215-к., 1-т. 33-ис. 3-п.

- 93 КРОМА. 1215-к., 1-т. 9-ис. 10-п.
- 94 Седой. Как помогают нам заграничные товарищи // За проднолог! – 1922. – 28 октября. – № 8.
- 95 КРОМА. 1215-к., 1-т. 4-ис. 6-п.
- 96 КР ОММ. 1215-к., 1-т. 4-ис. 36, 59 арт.-пп.
- 97 Капацин М. Комитеты взаимопомощи помогут восстановить наше хозяйство // Степь. – 1922. – 26 ноября. – №36.
- 98 КРОМА. 1215-к., 1-т. 33-ис. 48-п.
- 99 КРОМА. 1215-к., 1-т. 33-ис. 501-п.
- 100 КРОМА. 1215-к., 1-т. 33-ис. 65-п.
- 101 Латыпов Р.А. «Культурный шок» в международных отношениях: опыт работы АРА в Советской России в 1921-1923 гг. // Новый исторический вестник. – 2005. – №1.
- 102 Русинов А.А. Освещение прессой США деятельности Американской администрации помощи (АРА) в Советской России в 1921 – 1923 гг. Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Ярославль 2016.
- 103 АОМА. Р-3-к., 1-т. 603-ис. 177-п.
- 104 ООМА. Ф. Р-1. Оп. 1. Д. 276. Л. 35, 36.
- 105 АОМА. Р-3-к., 1-т. 625-ис. 50 қайырм.-пп.
- 106 <http://esod.spb.ru/history.html>
- 107 Рашковникий М. «Джойнт» — «под зонтиком» и без // Мигдаль: журнал. – Одесса, май 2005. – Вып. 58.
- 108 КРОМА. 1215-к., 1-т. 33-ис. 147,148-пп.
- 109 После голода. – 1923. – №3. 50-б.
- 110 Известия. – 1921. – 27 декабря. – №292 (1435).
- 111 <http://query.nytimes.com/gst/abstract.html>
- 112 КРПА. 139-к., 1-т., 211-ис. 27 арт.-пп.
- 113 КРПА. 139-к., 1-т., 336-ис. 35-п.
- 114 КРОМА. 1215-к., 1-т. 33-ис. 26-п.
- 115 Космачёва Т. С. Деятельность Европейских общественных организаций на южном Урале во время голода 1921–1922 годов // Вестник Челябинского государственного университета. – 2009. – № 12 (150). – История. – Вып. 31.
- 116 КРПА. 139-к., 1-т., 336-ис. 24 арт.-п.
- 117 КРОМА. 1215-к., 1-т. 33-ис. 144-п.
- 118 <http://ru.wikipedia.org/wiki/Квакеры>
- 119 КРПА. 139-к., 1-т., 336-ис. 24 арт.-п.
- 120 КРОМА. 1215-к., 1-т. 33-ис. 3-п.
- 121 КРОМА. 1215-к., 1-т. 33-ис. 516 қайыр.-п.

## IV-тарау. Губерниялардағы аштық

- 1 Актюбинское Губернское экономическое совещание. Отчет Совету Труда и Обороны на 1-е апреля 1922 года. – Актюбинск: Тип. ред. «Киргизская степь», 1922. – 59 с.
- 2 АОМА. Р-3-к., 1-т. 600-іс. 61-п.
- 3 ҚРОМА. 196-к., 1-т., 38-іс. 228-229-пп.
- 4 ҚРОМА. 81-к., 1-т., 21-іс. 3-п.
- 5 АОМА. Р-3-к., 1-т. 7-іс. 5-п.
- 6 АОМА. Р-3-к., 1-т. 600-іс. 61-п.
- 7 ҚРОМА. 196-к., 1-т., 38-іс. 56-п.
- 8 АОМА. Р-3-к., 1-т. 604-іс. 41-п.
- 9 АОМА. 69-к., 9-т. 49-іс. 1-п.
- 10 АОМА. 69-к., 9-т. 49-іс. 45-п.
- 11 Ақтөбе уйезі // Ақ жол. – 1921. – 3 апрель. – №43.
- 12 АОМА. Р-3-к., 1-т. 27-іс. 22-п.
- 13 АОМА. Р-3-к., 1-т. 5-іс. 17-п.
- 14 ҚРОМА. 320-к., 1-т., 29-іс. 9-п.
- 15 АОМА. Р-3-к., 1-т. 216-іс. 3-п.
- 16 АОМА. Р-3-к., 1-т. 16-іс. 7-п.; Ақтөбе ОМА. Р-3-к., 1-т. 217-іс. 6-п.
- 17 АОМА. Р-3-к., 1-т. 216-іс. 3-п.
- 18 АОМА. Р-3-к., 1-т. 5-іс. 1-п.
- 19 АОМА. Р-3-к., 1-т. 217-іс. 7-п.
- 20 АОМА. Р-3-к., 1-т. 16-іс. 15-п.
- 21 АОМА. Р-3-к., 1-т. 17-іс. 71-п.
- 22 АОМА. Р-3-к., 1-т. 216-іс. 1-1 арт.-пп.
- 23 ҚРОМА. 320-к., 1-т., 19-іс. 3-п.
- 24 ҚРОМА. 320-к., 1-т., 19-іс. 4-п.
- 25 ҚРОМА. 320-к., 1-т., 10-іс. 269-п.
- 26 ҚРОМА. 320-к., 1-т., 10-іс. 320-п.
- 27 АОМА. Р-3-к., 1-т. 601-іс. 7-п. Ақтөбе ОМА. Р-3-к., 1-т. 604-іс. 2 арт.-п.
- 28 ҚРОМА. 320-к., 1-т., 33-іс. 10-п.
- 29 АОМА. Р-3-к., 1-т. 611-іс. 1-2 -пп.
- 30 АОМА. Р-3-к., 1-т. 5-іс. 5-п.
- 31 АОМА. 69-к., 9-т. 109-іс. 19-п.
- 32 АОМА. Р-3-к., 1-т. 53-іс. 379-п.
- 33 АОМА. 69-к., 9-т. 107-іс. 43-44-пп.
- 34 АОМА. Р-3-к., 1-т. 18-іс. 9-10 арт.-пп.
- 35 Ырғызбай. Ырғыз уезі // Ақжол. – 1920. – 18 декабрь. – №4.

- 36 Кедей. Ырғыз үйезінің шаруашылық һәм саяси тұрмысының ағымы // Ақжол.  
– 1921. – 6 апрель. – №44.
- 37 Мадияр. Ел күйзелді // // Ақ жол. – 1921. – 9 апрель. – №45.
- 38 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 18-іс. 9-10 арт-пп.
- 39 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 18-іс. 10-10 арт-пп.
- 40 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 600-іс. 61-п.
- 41 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 588-іс. 85-п.
- 42 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 587-іс. 12-п.
- 43 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 615-іс. 16-п.
- 44 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 18-іс. 8-п.
- 45 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 602-іс. 1-п.
- 46 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 612-іс. 4-п.
- 47 ҚРОМА. 196-қ., 1-т., 38-іс. 56-п.
- 48 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 17-іс. 25-26-пп.
- 49 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 16-іс. 46-п.
- 50 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 16-іс. 46-п.
- 51 ҚРОМА. 320-қ., 1-т., 19-іс. 21 қайырма.-п.
- 52 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 601-іс. 1-п.
- 53 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 612-іс. 9-9 арт.-пп.
- 54 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 622-іс. 26.-п.
- 55 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 18-іс. 42-42 арт-пп.
- 56 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 1-іс. 1-п.
- 57 ҚРОМА. 320-қ., 1-т., 19-іс. 18-п.
- 58 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 601-іс. 11-п.
- 59 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 600-іс. 61-61 арт.-пп.
- 60 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 600-іс. 61-61 арт.-пп.
- 61 ҚРОМА. 320-қ., 1-т., 10-іс. 1, 4 -пп.
- 62 ҚРОМА. 320-қ., 1-т., 12-іс. 7-9 арт., 16-17, 32-пп.
- 63 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 600-іс. 78-арт п.
- 64 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 601-іс. 36-п.
- 65 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 602-іс. 1-п.
- 66 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 600-іс. 66-п.
- 67 АОМА. 69-қ., 9-т. 34-іс. 2-п.
- 68 АОМА. 69-қ., 9-т. 34-іс. 7-п.
- 69 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 13-іс. 36-п.
- 70 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 611-іс. 14-п.
- 71 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 612-іс. 24-п.
- 72 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 611-іс. 11-пп.
- 73 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 604-іс. 41-п.

- 74 АОМА. Р-3-к., 1-т. 604-іс. 27-п.
- 75 АОМА. Р-3-к., 1-т. 604-іс. 1-п.
- 76 АОМА. Р-3-к., 3-т. 602-іс. 1-п.
- 77 АОМА. Р-3-к., 1-т. 9-іс. 33-п.
- 78 АОМА. 69-к., 9-т. 34-іс. 33-п.
- 79 АОМА. 69-к., 9-т. 34-іс. 33-п.
- 80 ҚРОМА. 320-к., 1-т., 33-іс. 13 қайырм.-п.
- 81 АОМА. Р-3-к., 1-т. 604-іс. 28-п.
- 82 Смағұлова С. 1921-1922 жылдардағы ашаршылықтың қазақ мерзімді баспасөзінде көтерілуі // Отан тарихы. – 2006. – №3.
- 83 АОМА. Р-3-к., 3-т. 608-іс. 8-10 арт.-пп.
- 84 Вторая киргизская областная конференция РКП (б) 19-27 февраля 1922 г. – Алма-Ата, КазкрайОГИЗ, 1936. – 124 с.
- 85 АОМА. Р-3-к., 1-т. 604-іс. 45-п.
- 86 АОМА. Р-3-к., 1-т. 604-іс. 45-п.
- 87 // Стенная правда. – 1921. – 11 сентября. – №55.
- 88 Қазақстанда аштық саны // Қазақ календары 1922 жыл. – 1923.
- 89 АОМА. Р-3-к., 1-т. 3-іс. 191-п.
- 90 АОМА. Р-3-к., 1-т. 39-іс. 61 арт-62-п.
- 91 АОМА. Р-3-к., 1-т. 606-іс. 49-52-пп.
- 92 АОМА. Р-3-к., 1-т. 602-іс. 1-1 арт.-п.
- 93 АОМА. Р-3-к., 1-т. 9-іс. 419-п.
- 94 АОМА. Р-3-к., 1-т. 602-іс. 1-2-пп.
- 95 АОМА. Р-3-к., 1-т. 601-іс. 1-п.
- 96 АОМА. Р-3-к., 1-т. 606-іс. 36-п.
- 97 АОМА. Р-3-к., 1-т. 604-іс. 58-п.
- 98 АОМА. Р-3-к., 1-т. 613-іс. 92-92арт.-п.
- 99 АОМА. 69-к., 9-т. 109-іс. 37-37 –арт. пп.
- 100 АОМА. Р-3-к., 1-т. 603-іс. 12-12арт. -пп.
- 101 АОМА. Р-3-к., 1-т. 625-іс. 51-п.
- 102 ҚРОМА. 320-к., 1-т. 43-іс. 56-п.
- 103 ҚРОМА. 320-к., 1-т., 29-іс. 9-п.
- 104 ҚОМА. 72-к., 1-т., 23-іс. 9-п.
- 105 ҚРОМА. 196-к., 1-т., 38-іс. 228-229-пп.
- 106 ҚОМА. 72-к., 1-т., 23-іс. 12-п.
- 107 ҚОМА. 72-к., 1-т. 23-іс. 3-п.
- 108 Нұрпейісов К. Қазақстанның шаруалар советтері (1917-1929 жылдар). Алматы, 1972. – 348 б.
- 109 ҚОМА. 72-к., 1-т., 23-іс. 14-п.
- 110 Голод и скотоводство // Стенная заря. – 1922. – 3 августа. – №75 (133).



- 111 Қазақ Республикасында аштық ауданы // Қызыл Қазақстан. – 1922. – №7-8.
- 112 ҚРПА. 139-қ., 1-т. 111-іс. 15-п.
- 113 Ауыл. Торғай уезінің халі // Ақ жол. – 1923. – 30 октябрь. – №363.
- 114 Приказ о мерах борьбы с засухой // Известия народного комиссариата по военным делам. – 1921. – 9 июня. – №81.; Қост.ОММ. 538 -қ., 1-т. 14-іс. 3-п.
- 115 О срочных мерах по борьбе с засухой // Известия народного комиссариата по военным делам. 1921. 18 июня. №85; Қост.ОММ. 538 -қ., 1-т. 14-іс. 4-п.
- 116 Қостанай губерниясында аштық // Қызыл Қазақстан. –1922. – №4.
- 117 КРОМА. 40 - қ., 1- т., 287-іс. 2-п.
- 118 КРОМА.320-қ., 1-т., 33-іс. 14-п.
- 119 ҚОМА. 72 -қ., 1-т. 23-іс. 65-п.
- 120 ҚОМА. 72-қ., 1-т., 23-іс. 48-49-пп.
- 121 ҚОМА. 72 -қ., 1-т. 23-іс. 48 қайырм.-п.
- 122 ҚОМА. 72 -қ., 1-т. 14-іс. 22-п.
- 123 ҚОМА. 72-қ., 1-т., 13-іс. 31-п.
- 124 ҚОМА. 72-қ., 1-т., 23-іс. 2 арт.- 3-пп.
- 125 ҚОМА. 72-қ., 1-т., 13-іс. 46-п.
- 126 Доклад отдела Управления Кустанайского губисполкома Кустанайского за время с 1-го августа 1921 г. по 1-го марта 1922 г. 2-му кустанайскому Губернскому съезду Советов. Кустанай,1922.; Қостанай ОММ. 72-қ., 1-т., 25-іс. 5-п.
- 127 КРОМА. 196-қ., 1-т., 9-іс. 31-п.
- 128 ҚОМА. 670 -қ., 1-т. 7-іс. 90-п.
- 129 КРОМА. 320-қ., 1-т., 33-іс. 28 қайырм.-п.
- 130 ҚОМА. 72-қ., 1-т., 23-іс. 62-63-пп.
- 131 ҚОМА. 670 -қ., 1-т. 7-іс. 90-п.
- 132 ҚОМА. 107-қ., 1-т. 9-іс. 13-п.
- 133 ҚОМА. 670 -қ., 1-т. 7-іс. 90-90 қайыр.-пп.
- 134 Сәдуақасов С. Қостанай-Торғай // Қызыл Қазақстан. – 1922. – №5.
- 135 ҚОМА. 1063 -қ., 1-т. 40-іс. 1-п.
- 136 Итоги борьбы с голодом. (Отчет Кустанайской губернской комиссии Помощи голодающим о положении губернии и деятельности с начала голодной кампании по июль 1922 года). – Кустанай, 1922. – 35 с.
- 137 ҚОМА. 72-қ., 1-т., 8-іс. 2-п.
- 138 ҚОМА. 72-қ., 1-т. 8-іс. 87-88-пп.
- 139 КРОМА. 320-қ., 1-т., 33-іс. 13 қайырм.-п.
- 140 КРОМА. 320-қ., 1-т., 33-іс. 73 қайырм.-п.
- 141 КРОМА. 320-қ., 1-т., 19-іс. 15-п.

- 142 Отчет Губисполкома ко II губсъезду Советов. Кустанай, 1922.; Костанай ОММ. 72-к., 1-т., 23-іс. 65-п.
- 143 Сукач. К ликвидации последствий голода // Степная заря. – 1922. – 6 декабря. – №123 (181).
- 144 Голод и население нашей губернии // Степная заря. – 1922. – 3 августа. – №75 (133).
- 145 ҚОМА. 72-к., 1-т., 23-іс. 65-п.
- 146 ҚОМА. 72-к., 1-т., 7-іс. 10-п.
- 147 ҚОМА. 72-к., 1-т. 7-іс. 10-10 арт-пп.
- 148 ҚОМА. 72-к., 1-т., 47-іс. 1-п.
- 149 ҚОМА. 72-к., 1-т., 8-іс. 149-пп.
- 150 ҚОМА. 72-к., 1-т., 8-іс. 150-п.
- 151 ҚОМА. 72-к., 1-т., 8-іс. 146-148-пп.
- 152 ҚОМА. 72-к., 1-т., 8-іс. 150-п.
- 153 ҚОМА. 72-к., 1-т., 8-іс. 152-п.
- 154 ҚОМА. 72-к., 1-т. 28-іс. 6-7-п.
- 155 ҚОМА. 72-к., 1-т. 28-іс. 13-п.
- 156 ҚОМА. 72-к., 1-т. 35-іс. 114-п.
- 157 ҚОМА. 670-к., 1-т., 9-іс. 33-п.
- 158 Проднологтың барысы // Қызыл Қазақстан. – 1922. – №4.
- 159 Аштықпен күрес // Қызыл Қазақстан. – 1922. – №5.
- 160 ҚОМА. 670-к., 1-т., 6-іс. 15-п.
- 161 ҚОМА. 620-к., 2-т., 31-іс. 15-п.
- 162 Помощь пострадавшим от голода // Степная заря. – 1922. – 24 ноября. – №117.
- 163 ҚОМА. 107-к., 1-т. 9-іс. 1 арт.-2- пп.
- 164 Тоцев. Красноармеец на борьбу с голодом // Степная заря. – 1922. – 24 ноября. – №117.
- 165 ҚОМА. 670-к., 1-т., 9-іс. 36-43-пп.
- 166 Степь. 1922. 4 июля. №62 (120).
- 167 Вспышка холеры // Степная заря. – 1922. – 3 августа. – №75 (133).
- 168 Если боишься холеры, соблюдай осторожности меры // Степная заря. – 1922. – 3 августа. – №75 (133).
- 169 ҚОМА. 620-к., 2-т., 66-іс. 62-п.
- 170 ҚОМА. 72-к., 1-т., 26-іс. 40-42-пп.
- 171 ҚОМА. 72-к., 1-т., 40-іс. 9-13-пп.
- 172 ҚОМА. 72-к., 1-т., 25-іс. 37-п.
- 173 Мадияр. Жұт һәм онан сақтану шаралары // Қазақстан календары 1923 жыл. – 1922.

- 174 КОМА. 620-к., 2-т. 31-іс. 53, 55, 56-пп.  
175 КОМА. 670-к., 1-т., 4-іс. 1-п., ҚОМА. 670-к., 1-т., 4-іс. 2-п.  
176 КРОМА. 196-к., 1-т., 38-іс. 138-п.  
177 Ш-Н. Елемесек өлеміз!!!! Ақжол. – 1922. – 14 гинуар. – №130.  
178 Шалман. Кімге борыш? // Ақжол. – 1922. – 14 гинуар. – №130.  
179 Қазалы // Ақжол. – 1922. – 14 гинуар. – №130.  
180 Қазалы уезінің жағдайы // Ақжол. – 1922. – 14 гинуар. – №130.  
181 КОМА. 620-к., 2-т., 1-іс. 34-п.  
182 КОМА. 72-к., 1-т. 37 -іс. 10-п.  
183 КОМА. 670-к., 1-т. 2 -іс. 5-п.  
184 КОМА. 72-к., 1-т. 37 -іс. 14-14 қайрм. -пп.  
185 КОМА. 72-к., 1-т. 37 -іс. 65, 76-пп.  
186 Товарищи крестьяне! // Степная заря. – 1922. – 14 сентября. – №92 (150).  
187 КОМА. 670-к., 1-т., 6-іс. 23-п.  
188 КОМА. 670-к., 1-т. 2 -іс. 20-п.  
189 КОМА. 670-к., 1-т. 2 -іс. 28-п.  
190 КОМА. 670-к., 1-т. 2 -іс. 39-п.  
191 КОМА. 670-к., 1-т., 3-іс. 7-п.  
192 КРПМ. 139-к., 1-т., 336-іс. 37, 37 арт.-пп.  
193 КОМА. 72-к., 1-т. 45-іс. 54-п.  
194 КОМА. 670-к., 1-т., 3-іс. 18-п.  
195 КОМА. 72-к., 1-т., 41-іс. 46-51 арт.-пп.  
196 КОМА. 670-к., 1-т., 7-іс. 206-п.  
197 КОМА. 670-к., 1-т., 10-іс. 17-п.  
198 КОМА. 670-к., 1-т., 10-іс. 55-п.  
199 КОМА. 670-к., 1-т., 6-іс. 58 «а»-п.  
200 КОМА. 670-к., 1-т., 6-іс. 60-п.  
201 КОМА. 670-к., 1-т., 10-іс. 66 арт.-п.  
202 Н.С. Голод еще не изжит // Степная заря. – 1922. – 21 ноября. №117 (175).  
203 КОМА. 620-к., 2-т., 86-іс. 27-п.  
204 КОМА. 670-к., 1-т., 8-іс. 171-п.  
205 Образование Казахской АССР. Сборник документов и материалов. – А., 1957.  
206 КРОМА. 90-к., 1-т., 237-іс. 10-п.  
207 Отчет Семипалатинского Губернского экономического совещание за 1/1 - 1/X 1922 года. – Семипалатинск, 1923. С.4,20.  
208 КРОМА. 320-к., 1-т., 19-іс. 5-п.  
209 Дахшлейгер Г.Ф. Избранные труды. – Алматы: Изд-во «Елтаным», 2015. – 616 с.

- 210 Обадан сақтаныңдар // Қазақ тілі. – 1921. – 29 июль.
- 211 КРОМА. 320-қ., 1-т., 33-іс. 9 қайырм.-10-пп.
- 212 КРОМА. 90-қ., 1-т., 237-іс. 10-11-пп.
- 213 КРОМА. 196-қ., 1-т., 9-іс. 31-п.
- 214 КРОМА. 320-қ., 1-т., 8-іс. 55-55 қайырм.-пп.
- 215 КРОМА. 320-қ., 1-т., 8-іс. 55-п.
- 216 КРОМА. 320-қ., 1-т., 8-іс. 108 -п.
- 217 КРОМА. 320-қ., 1-т., 8-іс. 53-п.
- 218 Губерниялық аштар комиссиясының жұмысы // Қызыл Қазақстан. – 1922. – №4.
- 219 ҚРОМА. 320-қ., 1-т., 8-іс. 2-п.
- 220 ҚРОМА. 1215-қ., 1-т. 12-іс. 77-п.
- 221 ҚРОМА. 90-қ., 1-т., 237-іс. 10,10 қайырм., 11-пп.
- 222 ҚРОМА.320-қ., 1-т., 8-іс. 67-п.
- 223 ҚРОМА.320-қ., 1-т., 8-іс. 64-п.
- 224 ҚРОМА.320-қ., 1-т., 8-іс. 107 -п.
- 225 Семейдің губерниялық ... хаты // Ақжол. – 1922. – 2 июнь. – №183.
- 226 ҚРОМА.320-қ., 1-т., 8-іс. 127 -п.
- 227 ҚРОМА.320-қ., 1-т., 51-іс. 51-52-пп.
- 228 ҚРОМА.320-қ., 1-т., 51-іс. 51-52-пп.
- 229 ҚРОМА.1215-қ., 1-т., 21-іс. 9-п.
- 230 ҚРОМА.1215-қ., 1-т., 21-іс. 10-п.
- 231 ҚРПА. 139-қ., 1-т. 211-іс. 2-2 арт.-п.
- 232 ҚРПА. 139-қ., 1-т. 111-іс.15-п.
- 233 ҚРПА. 139-қ., 1-т. 111-іс.14,14 арт.- пп.
- 234 ҚРОМА. 320-қ., 1-т., 33-іс. 17 қайырм.-п.
- 235 ҚРПА. 139-қ., 1-т. 247-іс.115, 134-пп.
- 236 ҚРПА. 139-қ., 1-т. 247-іс. 136-п.
- 237 Қияков Ш. Ақмола губерниясында аштық // Бостандық туы. – 1922. – 21 сентябрь. – №35 (91).
- 238 Жәнібеков Ж. Ашаршылық енді // Бостандық туы. – 1922. – 1 май. – №9 (65).
- 239 Ақмола губерниясында аштықтың барысы // Ақжол. – 1922. – 23 июнь. – №184.
- 240 Төтенше комиссия // Бостандық туы. – 1922. – 12 май. – №10 (66).
- 241 ҚР ОМА. 320-қ., 1-т. 28-іс. 36 -п.
- 242 Бейсембаев С. Ленин и Казахстан. Изд. 2-е. – Алма-Ата, 1987. – 326 с.
- 243 СССР в период восстановления народного хозяйства 1921-1925 гг. – Москва. 1955. – 598 с.

- 244 Отчет Уральского губернского экономического совещания за период с 1-го октября 192 г. - 1 октября 1922 г. – Уральск: Тип. ПТУ (ГСНХ), 1923. – 325 с.
- 245 КРОМА. 320-к., 1-т., 29-ис. 9-п.; ҚР ОММ. 320-к., 1-т., 19-ис. 4-п.
- 246 КРОМА. 196-к., 1-т., 9-ис. 31-п.
- 247 КРОМА. 320-к., 1-т., 19-ис. 14-п.
- 248 КРОМА. 320-к., 1-т., 19-ис. 16-п.
- 249 КРОМА. 320-к., 1-т., 10-ис. 197, 199, 209-пп.
- 250 КРОМА. 320-к., 1-т., 19-ис. 20, 20 қайырм.-пп.
- 251 КРОМА. 320-к., 1-т., 19-ис. 33-п.
- 252 Аштыклен күрес // Қызыл Қазақстан. – 1922. – №5. 20-б.
- 253 Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашесцами. В 3 т. – Алматы: ОФ «Дегдар», 2016. Т.1. – 424 с.
- 254 КРОМА. 90-к., 1-т., 121-ис. 13-п.
- 255 КРПА. 1215 -к., 1-т. 4-ис. 184-п.
- 256 КРОМА. 5-к., 2-т., 18-ис. 116-п.
- 257 КРОМА. 5-к., 2-т., 59-ис. 77 қайыр-п.
- 258 КРОМА. 320-к., 1-т., 33-ис. 19 қайырм.-п.
- 259 КРОМА. 320-к., 1-т., 25-ис. 19-19 қайырм.-20-п.
- 260 КРПА. 1215 -к., 1-т. 4-ис. 184-185, 190-пп.
- 261 КРПА. 90 -к., 1-т. 237-ис. 20, 20 қайырм.-пп.
- 262 Вторая киргизская областная конференция РКП (б) 19-27 февраля 1922 г. Алма-Ата, КазкрайОГИЗ, 1936. – 124 с.
- 263 Дахшлейгер Г.Ф. Избранные труды. – Алматы: Изд-во «Елтаным», 2015. – 616 с.
- 265 КРОМА. 320-к., 1-т., 19-ис. 8-п.
- 266 КРОМА. 5-к., 2-т., 59-ис. 77 қайыр-п.
- 267 КРОМА. 320-к., 1-т. 28-ис. 14 арт-15-пп.
- 268 КРОМА. 320-к., 1-т. 43-ис. 32-п.
- 269 КРОМА. 320-к., 1-т., 43-ис. 157 қайырм.-158-пп.
- 270 АОМА. Р-3-к., 1-т. 600-ис. 64-пп.
- 271 КРОМА. 320-к., 1-т., 43-ис. 110-п.
- 272 АОМА. Р-3-к., 1-т. 27-ис. 10-п.
- 273 ҚОМА. 72-к., 1-т., 8-ис. 155-155 арт.-пп.
- 274 КРОМА. 320-к., 1-т., 20-ис. 16-16 арт.-пп.
- 275 Циркуляры и распоряжения // После голода. – 1923. – №2 .
- 276 КРОМА. 5-к., 2-т., 4-ис. 10-п.; ҚР ОММ. 320-к., 1-т., 33-ис. 33-п.
- 277 КРОМА. Р-5-к., 2-т. 27-ис. 145 -п.
- 278 КРОМА. 320-к., 1-т., 33-ис. 20-п.
- 279 АОМА. 69-к., 9-т. 109-ис. 37-37 –арт. пп.

- 280 ҚРОМА. 320-қ., 1-т., 33-іс. 12 қайырм., 13-пп.  
281 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 604-іс. 192-п.  
282 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 600-іс. 61-61 арт.-пп.  
283 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 21-іс. 16 -п.  
284 ҚРПА. 139-қ., 1-т. 211-іс. 26 арт.-п.  
285 ҚОМА. 72-қ., 1-т. 7-іс. 10-10 арт.-пп.  
286 Ішкі хабарлар: Қазақстандағы аштық жайы // Ақиқат. – 2001. – №6.  
287 ҚРОМА. 72 -қ., 1-т. 23-іс. 65-п.  
288 ҚРОМА. 320-қ., 1-т., 8-іс. 55-п.  
289 ҚРОМА. 320-қ., 1-т., 8-іс. 55-п.  
290 Губерниялық аштар комиссиясының жұмысы // Қызыл Қазақстан. – 1922. – №4.  
291 ҚРОМА. 320-қ., 1-т., 43-іс. 112-112 қайырм.-пп.  
292 ҚРПА. 139-қ., 1-т. 211-іс. 27-п.  
293 ҚРОМА. 1215-қ., 1-т., 16-іс. 1-п.  
294 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 604-іс. 48-п.  
295 АОМА. Р-3-қ., 1-т. 625-іс. 33- 33 арт.-п.  
296 ҚРПА. 139-қ., 1-т. 211-іс. 27-п.  
297 Отчет Уральского губернского экономического совещания за период с 1-го октября 1921 г. - 1 октября 1922 г. – Уральск: Тип. ПТУ (ГСНХ), 1923. – 325 с.  
298 ҚОМА. 72-қ., 1-т., 8-іс. 155-155 арт.-пп.  
299 ҚОМА. 620-қ., 2-т., 31-іс. 7-п.  
300 ҚОМА. 72-қ., 1-т., 8-іс. 155-155 арт.-пп.  
301 ҚРОМА. 196-қ., 1-т., 38-іс. 138-п.  
302 ҚРОМА. 320-қ., 1-т., 8-іс. 109-п.  
303 // Степь. 1922. 4 июля. №62 (120).  
304 ҚОМА. 72-қ., 1-т., 8-іс. 155-155 арт.-пп.  
305 ҚОМА. 620-қ., 2-т., 31-іс. 10-п.  
306 ҚРОМА. 1215-қ., 1-т. 16-іс. 1-п.  
307 ҚРОМА. 1215-қ., 1-т., 16-іс. 57-п.  
308 ҚРОМА. 1215-қ., 1-т. 16-іс. 57-п.  
309 ҚОМА. 107-қ., 1-т. 9-іс. 11-арт.-пп.

## Қысқартулар

АКСР – Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы

АРА – Америкалық көмек көрсету әкімшілігі

Ашкөм – Аштарға көмек

Ашкөм – Аштар комиссиясы

БК(б)П – Бүкілресейлік Коммунистік (большевиктік) партиясы

БОАК – Бүкілресейлік Орталық Атқару комитеті

болатком – болыстық атқару комитеті

губатком – губерниялық атқару комитеті

губком – губерниялық комитет

губкомиссия – губерниялық комиссия

ЖЭС – Жаңа экономикалық саясат

Компомгол – Комитет помощи голодающим

КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы

КСР – Кеңестік Социалистік Республикасы

ҚазКСР – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы

Қазрвком – Қазақ революциялық комитеті

ҚК(б)П – Қазақстан Коммунистік (большевиктік) партиясы

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві

ҚР ПА – Қазақстан Республикасы Президент архиві

КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы

ҚКСР – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы

ОАК – Орталық Атқару комитеті

обком – облыстық комитет

ОК – Орталық Комитет

ӨРОМА – Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві

РК(б)П – Ресей Коммунистік (большевиктік) партиясы

РКФСР – Ресей Кеңестің Федерациялық Социалистік Республикасы

Халком – Халық комитеті

ХКК – Халық комиссарлар кеңесі

ЧОН – части особого назначения

ИХК – Ішкі Істер Халық Комиссариаты

## МАЗМҰНЫ

|               |   |
|---------------|---|
| Алғы сөз..... | 3 |
| Кіріспе ..... | 6 |

### I-ТАРАУ. XIX ғ. – XX ғ. БАС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ ЗҰЛМАТТАР

|                                                             |    |
|-------------------------------------------------------------|----|
| 1. Қазақ даласын жайлаған жұттар (XIX ғ. – XX ғ. басы)..... | 11 |
| 2. 1916-1918 жж. Қазақстандағы ашаршылық .....              | 31 |

### II-ТАРАУ. 1921-1922 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫМЕН КҮРЕС

|                                                                     |    |
|---------------------------------------------------------------------|----|
| 1. XX ғ. 20 жж. ашаршылықтың алдындағы қоғамдық-саяси жағдай        | 46 |
| 2. Қазақстандағы 1921-1922 жж. аштық: себебі, барысы, салдары ..... | 63 |
| 3. Аштықты ауыздықтаудағы іс-шаралар барысы .....                   | 76 |

### III-ТАРАУ. ҚАЗАҚ ЖЕРІНЕ ЖӘРДЕМ ЖӘНЕ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫ

|                                                      |     |
|------------------------------------------------------|-----|
| 1. Аштықты ауыздықтаудағы ұлт зиялыларының рөлі..... | 108 |
| 2. Қазақстандағы шетелдік көмек ұйымдары .....       | 127 |

### IV-ТАРАУ. ГУБЕРНИЯЛАРДАҒЫ АШТЫҚ

|                                                  |     |
|--------------------------------------------------|-----|
| 1. Ақтөбе губерниясындағы ашаршылық.....         | 153 |
| 2. Қостанай өңіріндегі аштық.....                | 186 |
| 3. Ақмола мен Семей губернияларындағы аштық..... | 213 |
| 4. Орал мен Бөкейдегі аштық .....                | 224 |
| 5. Балалардың ашығуы .....                       | 232 |

|                                            |     |
|--------------------------------------------|-----|
| Сөз соңы.....                              | 244 |
| Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер..... | 248 |
| Қысқартулар.....                           | 270 |



СВЕТЛАНА СМАҒҰЛОВА

# АЩАРШЫЛЫҚ, ҚАСІРЕТІ

Редакторы Дәулет Қанатбекұлы  
Суретшісі Ринат Құрмашев  
Беттеген Ондасын Әшім

Бертеу, дизайн жұмыстары  
«Елтаным баспасында» жасалды.  
050052 Алматы қ-сы, Садовый бульвар к-сі, 1 үй.  
E-mail: eltanym@mail.ru.  
Тел.: +7 701 698 25 49  
+7 777 246 91 21

